



Номинация атауы: «Менің әдістемелік қоржыным»

**Тақырыбы: «Жазғы сауықтыру лагерін ұйымдастыру жолдары» оқу-
әдістемелік құралы**

**Авторы: Алканова Зауре Сабыржановна, педагогика ғылымдарының
магистрі, педагогика пәнінің оқытушысы**

**ШҚО, Семей қаласы «М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі»
КМҚК**



Мазмұны

Кіріспе

Модуль 1

Тақырып 1.1. «Жазғы практикаға дайындық» оқу практикасының мақсаты мен міндеттері

1.2. . «Жазғы практикаға дайындық» оқу практикасының мазмұны

Модуль 2. Балалар сауықтыру лагеріне сипаттама

Тақырып 2.1. Жазғы сауықтыру лагерінің түрлері, оларға сипаттама

Модуль 3. Жазғы сауықтыру лагерін ұйымдастыру

Тақырып 3.1. Жазғы сауықтыру лагерінің негізгі мақсаты мен міндеттері

Тақырып 3.2. Жазғы сауықтыру лагерінің негізгі принциптері

Тақырып 3.3. Лагерь заңдары

Тақырып 3.4. Лагерь ауысымының жоспар үлгілері

Тақырып 3.5. Жазғы сауықтыру лагеріндегі үйірме жұмыстары

Тақырып 3.6. Жазғы сауықтыру лагерінің негізгі жұмыс бағыттары

Тақырып 3.7. Лагерде ұйымдастыруға болатын ойын түрлері

Модуль 4.Тәлімгердің функционалдық қызметі мен міндеттері

Тақырып 4.1. Жазғы сауықтыру лагері тәлімгерінің кәсіптік құзіреттіліктері мен функционалдық қызметі

Қорытынды

Библиографиялық тізім

Глоссарий

Кіріспе

Оқу-әдістемелік құрал Қазақстан Республикасының педагогикалық колледждері даярлайтын педагогикалық мамандықтардың барлық түрлеріне арналып, «Жазғы практикаға дайындық» оқу практикасының үлгілік оқу бағдарламасы талаптарына сай жазылған.

«Жазғы практикаға дайындық» оқу практикасының **мақсаты:** болашақ педагог мамандарды балалар мен жасөспірімдердің жазғы демалысын ұйымдастыру, жаз кезіндегі балалар мен жасөспірімдермен тәрбие жұмысын жүргізуге дайындау.

Міндеттері:

- Балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын нығайтуына, шығармашылық еңбегіне, өздерінің қабілеттерінің іске асыруы үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ету;
- Балалардың демалысын тиімді ұйымдастыру және бос уақытын мазмұнды өткізу;
- Азаматтық сана-сезімін, жалпы мәдениетін, салауатты өмір салтының дағдыларын қалыптастыру;
- Ғылыми, техникалық, көркемдік шығармашылықта, спортта, туризм мен өлкетануда, басқа да таным әрекеттерінде білімін, біліктілігін кеңейту және тереңдету;
- Қоғамдық пайдалы іс-әрекетте дағдыларын практикалық түрде қолдану болып табылады.

Білім алушылардың «Жазғы практикаға даярлық» іс тәжірибесінен өтуі оқу-тәрбие үрдісінің теориялық пәндері бойынша өткен білім берудің Мемлекеттік стандарттарын орындаудың басты міндетті шарттарының бірі. «Жазғы практикаға дайындық» оқу практикасының бағалау өлшемдері «Жазғы сауықтыру лагері» іс тәжірибесінен 108 сағат көлемінде өтіп келгеннен кейін төмендегідей талаптарға сай жүзеге асырылады:

1. Колледжде «Жазғы практикаға дайындық» курсы 36 сағат көлеміндегі оқу жоспарын толығымен орындаған білім алушылар машықкер ретінде әр түрлі жазғы лагерлерде іс тәжірибеден өтуге жіберіледі.

2. «Жазғы сауықтыру лагері» іс тәжірибесіне шығар алдында білімалушы:

- а) іс тәжірибенің мақсат-міндеті, ұйымдастыру жолдары;
- ә) жұмыс бағдарламасын;
- б) жеке тапсырмаларды;
- в) аты-жөні, практика базасы толтырылған жолдамасы бар күнделікті толтыруы;
- г) іс тәжірибенің нұсқаулық семинарына қатысуы;
- ғ) техника қауіпсіздігі бойынша нұсқаулықтан өтуі міндетті.

3. Жеке тапсырмаларды іс тәжірибе бағдарламасы мен іс тәжірибе өтетін орынға орай колледжден тағайындалған іс тәжірибе жетекшісі құрады, тапсырмаға білімалушы, яғни іс тәжірибеден өтуші машықкер, колледждегі іс тәжірибе жетекшісі мен өндірістегі іс тәжірибе жетекшісі қол қояды.

4. Білімалушы-машықкер практика күнделігін толтырады. Онда атқарылған жұмыстар мен өткізілген іс-шаралар туралы жазбалар күнделікті жазылып, іс тәжірибе жетекшісі қолын қойып отырады. Күнделік іс тәжірибе қорытындысы бойынша есеп жазуға негіз болып табылады. Іс тәжірибе аяқталған соң машықкер міндетті түрде өндірістік мінездеме алуы керек.

5. Машықкер іс тәжірибе аяқталған уақытта іс тәжірибе бағдарламасы мен тапсырмаларына сай жазбаша есеп жазу жұмысын жүргізулері керек. Іс тәжірибе қорытындысы машықкердің күнделігі мен порфолиосы болмаса, қорғауға жіберілмейді.

6. Қанағаттанарлықсыз баға алған жағдайда немесе есебін өткізбегенде өндірістік технологиялық іс тәжірибені өз есебінен екінші рет өтеді, ал машықкер іс тәжірибеге дұрыс

қатыспай, өрескел тәртіп бұзушылық жасап, есебін қорғауға еш дайындықсыз келсе, қайталама курсқа қалдырылады немесе оқудан шығарылады.

7. Күнделікті жоғалтқан жағдайда іс тәжірибе бойынша баға қойылмайды.

8. Бақылау мен тексеру қорытындысы бес баллдық жүйемен бағаланады.

Әдістемелік құрал жазудағы басты мақсат – жазғы сауықтыру лагерінде тәрбие жұмысын ұйымдастырушы тәлімгерлерге әдістемелік көмек көрсету.

Әдістемелік құралды жазуда төмендегі міндеттерді шешу қарастырылады:

-Мектеп жанындағы лагерьдің жұмысын жаңа қырынан дамуына деген көзқарас қалыптастыру;

- Оқушылардың бос уақытының тиімді өтуіне жағдай жасау, қызығушылығын ояту;

-Салауатты өмір салтын насихаттай отырып демалысты жоспарлау;

-Қазіргі ақпараттық-коммуникативтік технологияларды пайдалану арқылы оқушы деңгейіне лайықталған танымдық шараларды дұрыс ұйымдастыру жолдарын ұсыну;

-Демалыс лагерінде өткізілетін іс-шаралардың оқушының тұлғалық және дене қуатының жетілуіне ықпал ететіндей етіп құруға үйрету.

Оқу-әдістемелік құрал 4 модульден тұрады. Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің үлгілік оқу бағдарламасына сай құрылған оқу құралында болашақ педагог мамандардың кәсіптік практикаға қажетті мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес базалық, кәсіби, арнайы құзіреттіліктерін қалыптастыру мәселесі қарастырылған. Оқу-әдістемелік құрал дәріс түрінде жазылып, студенттердің өз бетімен білім алуына мүмкіндік береді. Әдістемелік оқу құралында лагерь түрлері мен ерекшеліктері, сонымен қатар жазғы сауықтыру лагерінде жүргізілетін көпшілік іс-шаралар, сайыстар мен байқаулар, түрлі ойындар, тәлімгердің міндеті, жоспар үлгілері жинақталған.

Жаз - балалар үшін оқу үрдісінен тыс демалыс уақыты, жаңа күш-қуат жинайтын, қоршаған ортаны және ондағы барлық қызықты құбылыстарды тереңірек танытын, көңілді де шаттыққа толы сәт. Сондықтан жазғы демалыс кезінде мектеп оқушылары бос уақыттарын тиімді ұйымдастыруы үшін жазғы сауықтыру лагерлерінің маңызы зор.

«Жазғы сауықтыру лагерін ұйымдастыру» атты әдістемелік құрал тәлімгерлерге, тәрбиешілерге, болашақ педагог мамандарға, жалпы ұстаздар қауымына көмекші әдістемелік құрал ретінде қолдануға арналған.

«Жазғы практикаға дайындық» оқу практикасының тақырыптық жоспары

Тараулар мен тақырыптар	Сағат саны
1-тақырып: Жазғы сауықтыру лагерінің мақсаты мен міндеттері Қала сыртындағы демалыс орындарында және қала мектептерінің жанында ұйымдастырылатын жазғы сауықтыру лагерінің мақсаты мен міндеттерімен таныстыру.	2
2-тақырып: Тәлімгерге қойылатын талаптар Жазғы сауықтыру лагерінде қызмет атқаратын тәлімгердің талаптарымен таныстыру.	2
3-тақырып: Лагерьдегі қозғалмалы ойындар Жазғы сауықтыру лагерінде жүргізілетін қозғалмалы ойындармен таныстырып, өткізу ережелерін нақтылау. «Қазақстан картасы» ойыны.	2
4-тақырып: Тәрбие жұмыстары, оны ұйымдастыру жолдары Жазғы сауықтыру лагерінде жүргізілетін тәрбие жұмыстарының мазмұны, оны ұйымдастыру жолдары.	2
5-тақырып: Тәлімгердің білім алушыларды зерттеуі, танып білуі	2

Білім алушыларды зерттеу әдістемелері.	
6-тақырып: Ғаламдық оқыту жаттығулары Адамгершіліктің мәні, мағынасы. «Адам адамға».	2
7-тақырып: Жасақ жоспарының негізгі бағыттары Жазғы сауықтыру лагерінде жүргізілетін жасақ жоспарының негізгі бағыттары. Аты, ұраны, жасақ әні.	2
8-тақырып: Күн тәртібін тиімді жоспарлау жолдары Жазғы сауықтыру лагеріндегі күн тәртібін тиімді жоспарлау жолдары.	2
9-тақырып: Лагерьдегі әр күнді жоспарлау Жазғы сауықтыру лагерінде әр күннің тақырыптарына сай мақсат, міндеттері (денсаулық күні т,б,)	2
10-тақырып: Жасақ ұжымындағы мерекелер Жазғы сауықтыру лагеріндегі жасақ ұжымындағы мерекелерді ұйымдастыру жолдары.	2
11-тақырып: Ұжымдық шығамашылық істер Ұжымдық шығамашылық істердің мәні мен мазмұны.	2
12-тақырып: Үйірме түрлері және үйірме жұмысын жоспарлау Жазғы сауықтыру лагерінде жүргізілетін үйірме түрлері және үйірме жұмысын жоспарлау.	2
13-тақырып: Жасақ тәлімгерінің жеке білім алушылармен жұмысы Жазғы сауықтыру лагерінде жасақ тәлімгерінің жеке білім алушылармен жұмысы.	2
14-тақырып: Психологиялық тренингтер Психологиялық тренингтердің мақсаты мен міндеттері, мазмұны. «Сен маған, мен саған» тренинг жаттығулары.	2
15-тақырып: Білім алушыларды мінез құлық мәдениетіне тәрбиелеу Жазғы сауықтыру лагерінде білім алушыларды мінез құлық мәдениетіне тәрбиелеу ерекшеліктері.	2
16-тақырып: Жасақ жиыны Жазғы сауықтыру лагерінде жүргізілетін жасақ жиынының мақсат, міндеттері мен мазмұны.	2
17-тақырып: Сендіру әдістері мен формалары. Сендіру әдістері мен формаларын қолдану.	2
18-тақырып: Топтық және ұжымдық жұмыстарды ұйымдастыру жолдары. Жазғы сауықтыру лагерінде топтық және ұжымдық жұмыстарды ұйымдастыру жолдары.	2

«Жазғы практикаға дайындық» оқу практикасының мақсаты:

Болашақ мамандарды жазғы лагерь жұмысын ұйымдастырудың әдістемелік міндеттері және бағыттарымен таныстыру. Балалардың демалыс-сауықтыруын ұйымдастыруда педагогикалық тәжірибелерді оқып-үйрену, ЖСЛ тәрбие үрдісін ұйымдастыру мазмұны мен ерекшеліктерін, балалар және жеткіншектермен жұмыс формасы мен әдістерін меңгерту.

Осы мақсаттағы жұмыстарды жүзеге асыра отырып, төмендегі іскерлік, дағдыларыңызды қалыптастыру міндеттері тұр.

Оқу практикасы міндеттері:

- Балалардың жазғы және сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру жұмыстарының нормативті-құқықтық құжаттарымен танысу;

- Балалардың жас ерекшеліктері психологиясы және балалардың жас ерекшелігі физиологиясын оқып, білу;
- Балалардың денсаулығы мен өмірін қорғау жұмыстарын жоспарлай алу;
- Лагердегі балалардың өмір қызметін ұйымдастыру жұмыстарын жоспарлау;
- Ұжымдық шығармашылық істер әдістемесін меңгеру;
- Ойындардың педагогикалық мүмкіндіктерін пайдалану;
- Лагердегі балалардың өзін-өзі басқаруын ұйымдастыру ерекшеліктерін үйрену.

Іскерліктер:

- балалардың жазғы бос уақытын ұйымдастыру нұсқаулығы және құралдарының электронды ресурстық нұсқаларын пайдалану;
- Балалардың сауықтыру лагеріндегі өз әрекетін бақылау және өзіндік бақылау нәтижесін пайдалану;
- жазғы лагерь кезінде тәрбие жұмысын жоспарлау; (карантинге байланысты қашықтықтан ұйымдастыру жолдарын меңгеру)
- тәжірибеден өту күнделігін жүргізу.

Дағдылар:

- ұжымдық шығармашылық істердің сценарийлерін құру;
- әдістемелік жинақ қалыптастыру
- АКТ құралдарын еркін меңгеріп, пайдалана алу

Оқу практикасын аяқтағаннан кейін педагогикалық практиканы өткізесіздер. Өткізу барысына қойылатын талаптарды да білгендеріңіз жөн:

Сауықтыру лагеріндегі жазғы практика өндірістік педагогикалық практикада:

- сауықтыру лагеріндегі ұйымдастырушы-педагогикалық жұмысты;
- сауықтыру лагеріндегі күн тәртібін жүзеге асыруды;
- балалар мен жеткіншектердің танымдық қызығушылықтарын дамыту аясында ұжымдық шығармашылық қызметті ұйымдастыруды;
- адамгершілік тәрбие аясында ұжымдық шығармашылық қызметті ұйымдастыруды;
- эстетикалық тәрбие аясында ұжымдық шығармашылық қызметті ұйымдастыру;
- еңбек тәрбиесі аясында ұжымдық шығармашылық қызметті ұйымдастыру;
- ұжымдағы өзін басқаруды ұйымдастыру. Өзін-өзі басқару және тәрбие қызметіндегі өзін-өзі басқаруды;
- балалармен және жеткіншектермен жеке жұмысты;
- балалармен және жеткіншектермен ұжымдық жұмыс жүргізуді;
- педагогикалық рефлексия жасауды жүзеге асыра алуларыңыз қажет.

Сонымен қатар, мынадай іскерліктер мен дағдыларыңыздан кәсіби күзіреттіліктер қалыптасуы тиіс:

- сауықтыру лагерінің жағдайында тәрбие үрдісін ұйымдастыру;
- балармен және жеткіншектермен жасалатын жұмыстың түрлі формалары мен әдістерін пайдалану.

Жазғы сауықтыру лагерінің мақсаты мен міндеттері

Мақсаты:

Қала сыртындағы демалыс орындарында және мектептер жанында ұйымдастырылатын жазғы сауықтыру лагерінің мақсаты мен міндеттерімен таныстыру.

Жоспары:

1. Балалар лагері туралы түсінік
2. Балалардың жазғы сауықтыру лагерінің негізгі мақсаттары мен міндеттері
3. ЖСЛ негізгі принциптері
4. Балалардың ЖСЛ түрлері

Балалар лагерлері – бұл мектептен тыс қосымша білім беретін, яғни, балалардың денсаулығын жақсартуға, жақсы демалуға, ата-аналарынсыз 5 күннен 40 күнге дейінгі даму белсенділіктерін арттыруға жан – жақты жабдықталған, материалдық базалары бар арнайы даярланған орын.

Балалардың сауықтыру лагерінің негізгі мақсаттары:

- - балалар мен жасөспірімдердің демалысын тиімді пайдалануына және сауықтырылуы мен демалысы үшін қажетті жағдайлар жасау, жалпы мәдениетін, салауатты өмір салтының дағдыларын қалыптастыру;
- - балалардың денсаулығын нығайтуына, шығармашылық еңбегіне, өздерінің қабілеттерін іске асыруы үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ету.

Балалардың сауықтыру лагерінің негізгі міндеттері:

- 1) балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын нығайтуына, шығармашылық еңбегіне, өздерінің қабілеттерін іске асыруы үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ету;
- 2) олардың тиімді демалысын және бос уақытын мазмұнды ұйымдастыру;
- 3) азаматтық сана-сезімін, жалпы мәдениетін, салауатты өмір салтының дағдыларын қалыптастыру;
- 4) ғылыми, техникалық, көркемдік шығармашылықта, спортта, туризм мен өлкетануда, басқа да таным әрекеттерінде білімін, біліктілігін кеңейту және тереңдету;
- 5) қоғамдық пайдалы іс-әрекетте дағдыларын практикалық түрде қолдану.

Лагерьдің негізгі принциптері :

- Балалардың денсаулығы мен өмірінің қауіпсіздігін, құқығын сақтау
- Жеке қызығушылықтарын сақтап, жеке тұлға ретінде баланы дамыту
- Жеке басының қиыншылықтарын шешуге және өзге балалармен тіл табыса білуге үйрету
- Өзін-өзі басқару ұйымы мен педагогикалық басқару тәсілдерінің сәйкестігі
- Ұжымның өзіндік жұмыс жасау мүмкіндіктерінің құқығы болуы.

Балалардың жазғы сауықтыру лагері түрлері:

1. Жыл бойы жұмыс істейтін лагерь түрлері: тәуліктік: санаториялық, қала сыртындағы, далалық шатырлы
2. Каникул кезінде жұмыс істейтін:күндізгі: мектеп жанындағы, мектептен тыс, аула клубтарындағы лагерлер (отбасылық аула клубы мазмұнына : кездесулер, отбасылық мерекелер, саяхат)болып бөлінеді.
3. Профильді лагерь түрлері:экологиялық, туристік, этнографиялық, азаматтық және Отаншылдық, спорттық (мазмұнына: спорттық жарыс, спартакиада, эстафета, мерекелер), еңбек және демалыс (көгалдандыру, тазалау жұмыстарын жүргізу, қарияларға көмектесу)

Қала, ауыл сыртындағы лагерь - балалардың каникул кезінде жұмыс істеп, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің психологиялық қиыншылықтарының шешімін табуға жағдайлар жасауға арналған.

Мектеп жанындағы және аула клубтарындағы лагерлер- күндізгі сауықтыру лагері 6 мен 12 жас аралығындағы оқушылар үшін жазғы, күзгі, қысқы және көктемгі каникул кезінде ұйымдастырылады.

Балалардың лагерде болу мерзімі 15 күннен 20 күнге дейін. Күндізгі сауықтыру лагерін тамақпен және тамақсыз ұйымдастыруға болады.

Мектеп жанындағы кәсіптік лагерлер- демалушы балаларды белгілі бір кәсіпке баули отырып, жұмыс жүргізеді. Бұл лагерь спорт залмен, математика, информатика, ағылшын тілі, тарих кабинеттерімен, т.б. акт залмен, спорт алаңымен жабдықталады.

Спорттық лагерь - спорт мектептері жанынан құрылады. Салауатты өмір салтын қалыптастыру, дене шынықтыру бағытын ұстана отырып, спорттың әр саласына бейімді балалармен жұмыстар жүргізеді. Онда волейбол, баскетбол, футбол, суда жүзу, күрес, жүгіру, пионербол, шахмат, т.б. сияқты спорт түрлерінен жарыстар өткізіліп, балаларды жетістіктерге баулиды.

Дебаттық, пікірталас лагері-оқушыларды дебаттық сайыстарға, пікірталастарға үйретеді. Оқушыларды түрлі тақырыпта мәліметтер жинауға, ойын еркін жеткізуге, ситуациядан шыға білуге баулиды. Топтар арасында түрлі тақырыпта дебат ойындары, пікірталастар өткізіп, байқау – сайыстарға қатысуға, жетістікке жетуге көмектеседі.

Еңбекпен қамту лагерлері- бұл жазғы мезгілде көбіне жетім және жартылай жетім балаларды жұмыспен қамтамасыз етіп, еңбекақы төлеу арқылы жүзеге асырылады. Белгілі бір мекеме балалардың жас ерекшеліктеріне сай келетін жұмыс түрін, тиісті жалақысын алдын-ала бекітіп, ұсынады. Еңбекпен қамту 30, 60, 90 күнге созылуы мүмкін.

Далалық шатырлы лагерлер- оқушылар мен жастардың далалық шатырлы лагері мынадай болуы мүмкін: күнделікті және жылжымалы.

Оқушылардың күндізгі далалық шатырлық лагері ережеге сәйкес күзгі және қысқы каникул кезінде, ал жылжымалы далалық шатырлық лагері көктемгі және жазғы каникул кезінде ұйымдастырылады.

Бұл лагерь түрі өрттің, селдің қауіпсіздігі мен қоршаған ортаның эпидемиологиялық тазалығы және санитарлық-гигиеналық мөлшері сақталған, барлық жағдайда лагерь орналасқан аймақтың табиғи қауіпті апат аймағы т.б. болмауы ескеріледі.

Далалық шатырлы лагерь оқушылардың, туристік-өлкетану және экскурсиялық, денешынықтыру-сауықтыру қызметтерін, табиғатты қорғау және экологиялық жұмыстарын, балалар мен жасөспірімдердің бірлескен еңбегі мен демалысы үшін қажетті жағдай жасайды.

ЖСЛ оқушылардың өмірі мен денсаулығын сақтау:

- Лагерьдің барлық бөлмелері өрт сөндіру және қорғану құралдарымен қамтамасыз етілуі тиіс. **Лагерьде өрт жағдайында**, апаттық жағдайлар кезінде балаларды қауіпсіз жерлерге көшіру жоспарлары дайын болуы қажет. Қысқы мерзімде үсіктен сақтану шаралары қарастырылуы тиіс.
- Лагерь қызметкерлері оқушылардың өмірі мен денсаулығы қауіпсіздігіне қатысты нұсқауларды алатын арнаулы семинарлардан кейін, дәрігерлік тексеруден кейін ғана жұмысқа жіберіледі.

Педагог тәлімгер нені білуі тиіс?

- Ұжым мен балалардың рухани-адамгершілік білімдерінің болашағын көре білуі тиіс;
- Тәрбие әдістерінің вариативтілігін, бір жағынан **бала дамуының кешенділігі**, бір жағынан педагогикалық қызмет субъектісі ретінде педагогтың қызығушылығы, мүмкіндіктері, қабілеттілігі деңгейлерін білуі тиіс;
- Қолданылатын технологиялар арқылы балалармен тәрбиешілердің қарым-қатынас қорытындысын алдын-ала болжап, көре білу қабілеті;
- Рефлексия негізінде өз қызметінің талдай және түзете білу қабілетінің болуы тиіс.

Электронды ресурстар:

1. https://mangystau.edu.kz/uploads/docfiles/kitapsha_61c570aab70d7119ada75c447a0a1ca4.pdf

2. <https://edu.mcfr.kz/article/1162-qqq-14-m5-20-05-2014-jazy-mektep-lagern-yymdastyru>
3. <https://www.tarbie.kz/24759>
4. <https://kz.otyrar.kz/2019/07/balalardy%D2%A3-zhaz%D2%93y-demalysyn-%D2%B1jymdastyru/>
5. <http://www.myshared.ru/slide/1326772/>
6. <http://kzbydocs.com/docs/347/index-68590-2.html>
7. <https://infourok.ru/zhazi-sautiru-lagerin-yimdistiru-2919134.html> -

Тапсырма:

1. <http://kzbydocs.com/docs/347/index-68590-2.html> - Балалардың сауықтыру лагері қызметін ұйымдастыру тәртібі туралы Ережелермен танысу. Электронды көшіріп алу.
2. <https://infourok.ru/zhazi-sautiru-lagerin-yimdistiru-2919134.html> - мазмұнымен танысып, әдістемелік портфолио бастау.
3. Жазғы сауықтыру лагеріне шақыру жарнамасының презентациясын жасау. (анимациялық-мультимедиялық АКТ құралдарының көмегімен)

Тәлімгерге қойылатын талаптар

Мақсаты: Жазғы сауықтыру лагерінде қызмет атқаратын тәлімгерлік қызметтің талаптарымен таныстыру.

Тәлімгердің лауазымдық міндеттері

Жалпы ереже

Тәлімгер (вожатый) жұмысына кәсіптік педагогикалық білімі бар (педагогикалық жұмыс тәжірибесіне талап қойылмайды), жасы 18-ден асқан маманды лагерь басшысы тағайындайды.

Тәлімгер тікелей аға тәлімгерге және лагерь директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарына бағынады.

Тәлімгер өз жұмысында Қазақстан Республикасы Конституциясы мен заңдарын, Қазақстан Республикасы Президенті жарлықтарын, өкімет шешімдерін, білім беру басқармасының тәрбие ісіне қатысты бұйрықтарын, жұмысты қорғау мөлшері мен ережелерін, техника қауіпсіздігі және өртке қарсы шаралар ережелерін, лагерьдің Жарғысын және жекелей құжаттарды (оның ішінде Ішкі жұмыс реті ережесі, әкімшіліктің бұйрықтары мен үкімдері, берілген лауазымдық нұсқау) басшылыққа алады. Тәлімгер бала құқығы туралы Конвенцияны сақтайды.

Қызметі:

Тәлімгер жұмысының негізгі бағыттары:

- лагерьдегі балаларды қамқорлыққа алу және қадағалау;
- сеніп бекітілген топтарда еркін қызмет түрлерін ұйымдастыру.

Лауазымдық міндеттері:

Тәлімгер төмендегі лауазымдық міндеттерді орындайды:

- балалар мен жасөспірімдердің демалысын және бос уақытын мазмұнды ұйымдастыруға, шығармашылық еңбекпен айналысуына, өздерінің қабілеттерін іске асыруы үшін қажетті жағдайларды т.б. қамтамасыз ету;
- ұжымдық ойындар, мерекелер, жорықтар, т.б. ұйымдастыру;
- балалардың бос уақыттарындағы бастамаларын қолдау, мәдени-көпшілік шаралар ұйымдастыру;

- балалардың таңертеңгілік жаттығуға келуін және айналысуын дене тәрбиесі нұсқаушысымен бірлесе отырып ұйымдастырады;
- егер топтағы бала саны 8-ден артық болса, оқу процесі кезінде үйірме жетекшісіне (студия) көмектеседі;
- бекітілген жұмыс ретіне сәйкес балалардың тәртіпті мүлтіксіз сақтауын қамтамасыз етеді;
- мәдени-көпшілік, спорттық-сауықтыру және пайдалы еңбекпен айналысу шараларын ұйымдастырады және балалардың қатысуын қамтамасыз етеді;
- оқыту мен тәрбиелеудің әр түрлі әдіс-тәсілдерін, құралдарын қолданады;
- тәрбиеленушілердің өзін-өзі басқару жұмысын ұйымдастырады;
- балалардың қызығушылығы мен жеке қабілетін зерттейді;
- балалардың құқығы мен бостандығын сақтайды;
- бекітілген ретте құжаттар толтырып, есеп жұмысын жүргізеді;
- жасақ күнделігін жүргізу
- жүйелі түрде дәрігерлік тексеруден өтеді;
- лагерьде, тұрмыста тәртіптің этикалық өлшемдерін сақтайды;
- тәрбие жұмысының қауіп-қатерсіз өтуіне жағдай жасайды, еңбекті қорғау заңын, техника қауіпсіздігі, тазалық және өрт қаупін болдырмау ережелерін қатаң сақтайды, тәрбиеленушілерден оқ-қару, өрт шығарғыш, жарылғыш заттар немесе улы заттар, есірткі заты т.с.сазаматтық өмірде қолданыстан алынып тасталған тәрбие ісіне кері әсерін тигізетін заттар табылған жағдайда жедел басшылыққа хабар береді;
- лагерь әкімшілігін кез-келген тосын оқиға жағдайымен жедел хабардар етеді, дәрігер келгенге дейінгі алғашқы көмек шараларын жасайды;
- оқу-тәрбие жұмысын және сауықтыру шаралары қызметін жақсарту мақсатында ұсыныстар бере алады, сол сияқты тәрбие жұмысын ұйымдастыруда тәрбиеленуші организмiне кері әсер ететін, жұмыс қабілетін төмендететін жағдайларды басшылыққа мәлімдеп отырады.

Тәлімгердің құқығы:

- лагерьдің басқару жұмысына қатысуға;
- өз ісінің абыройы мен намысын қорғауға;
- өз жұмысына баға беретін құжаттармен, шағымдармен танысуына және керек жағдайда түсініктеме беруге;
- педагог этикасының кәсіптік мөлшерлері бұзылған жағдаймен байланысты тәртіп жөніндегі (қызметтік) тергеу жұмыстарында адвокат алуына немесе басқа өкіл алу арқылы өз қызығушылығын қорғауға құқылы;
- заңды түрде қаралған жағдайлардан бөлек тәртіп жөніндегі (қызметтік) тергеуді құпия сақтауға;
- әдістемелік құралдар мен оқулықтарды таңдауға, пайдалануға және тәрбие әдісін қалаған түрде ұйымдастыруға құқылы;

Жауапкершілігі:Қазақстан Республикасы Балалар құқығын қорғау туралы заңдарына сәйкес тәлімгер өзіне тапсырылған балалардың өмірі мен денсаулығының сақталуына, құқығы мен бостандығы бұзылуы жағдайларына жауап береді. Лагерь жарғысы мен ішкі тәртіп ережелерінің, басшы бұйрықтарының және жекелеген құқықтық құжаттардың, нұсқауда көрсетілген лауазымдық міндеттердің себеп-салдарсыз орындалмауына тәлімгер Еңбек заңнамасына сәйкес тәртіпке шақырылады.

Тәрбиеленушілерге қол жұмсау және психикалық күш көрсету, сол сияқты адамгершілікке жат қылықтары үшін тәлімгер Қазақстан Республикасы «Білім туралы» және Еңбек заңнамасына сәйкес қызметінен босатылады.

Тәлімгер өзінің лауазымдық қызметін атқаруда (атқармай) лагерге және тәрбие жұмысында тигізген шығындары үшін еңбек және азаматтық заңнамаларға сәйкес материалдық жауапкершілікті орындайды.

Жиналыстарға, басқа да әкімшілік жарғысымен бекітілген педагогикалық бас қосуларға себепсіз жағдайлармен келмей қалған тәлімгер Еңбек заңнамасына сәйкес тәртіптік жауапқа шақырылады.

Лауазымдық өзара қарым-қатынас

Тәлімгер:

- директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары ұсынысымен лагерь директоры бекіткен аптасына 40 сағатқа жоспарланған, белгіленген график бойынша өлшемсіз күн режимінде жұмыс атқарады;

- жалпы жоспарға сәйкес тәрбиешімен бірлесе отырып топта демалуға, екпінді қимылға, ойын түрінде ұйымдастырылған шаралар жоспарын жасайды. Жұмыс жоспарын шара өткізілерден кем дегенде екі күн бұрын аға тәлімгер бекітеді;

- лагерь ауысымы біткеннен кейін 2 күн аралығында аға тәлімгерге атқарған жұмыстар туралы жазбаша түрде 5 баспа табақтан аспайтын көлемде есеп береді;

- лагерь басшысы немесе оның орынбасарлары ұйымдастыру-әдістемелік, нормативтік-құқықтық құжаттармен таныстырады және тәлімгер танысқаны туралы тиісті құжатқа қол қояды;

- үйірме жетекшілерімен, тәрбиешілермен, психологтармен, дене тәрбиесі және суда жүзу нұсқаушыларымен, басқа тәлімгерлермен тығыз байланыста жұмыс істейді;

- әкімшілікпен және басқа педагог қызметкерлермен жүйелі түрде өз жұмысы деңгейінде ақпарат алмастырады.

Тәлімгердің қызмет принциптері

1. Педагогикалық кәсіби шеберлік принципі;
2. Баланы тұлға ретінде құрметтеу принципі;
3. Бірлесіп жұмыс атқару, бірге шығармашылықпен айналасу, ынтымақтастықта болу принципі.
4. Балалар интеллектін дамытуда дара ісіндегі бастамасын, шығармашылығын қолдау принципі;
5. Балалар ұйымының өзін-өзі басқару принципі;
6. Балалардың мектептегі тіршілік әрекетін ұйымдастыруда жалпы адами және ұлттық мәдени құндылықтардың үйлесу принципі;
7. Әрбір баламен жеке жұмыс жасау және ұжымның шығармашылықпен жұмыс атқару принципі;
8. Даулы мәселелерді дұрыс шешу, оң шешім қабылдау.
9. Лагерьге бейімделу аралығы.

Лагерьдегі жаңаша өмірге балалардың тез, қиындықсыз бейімделіп кетуі үшін мына іс-шараларды атқару қажет: Балаларды бір бірімен тез таныстырып, олармен бірге ойын-сауық өткізіп, тез танысып, білісіп кетуге жол ашу үшін топпен жұмыс жасау керек;

- Күн тәртібіне, санитарлық нормаларды сақтауға үйретіп, үнемі уақытында орындап отыруға дағдыландырып, «бірыңғай педагогикалық талаптар» қоюға болады;

- Олар өздерін емін-еркін сезініп, лагерьде бір мезгіл серпіліп, жеңілдеп, тынығып қалатындай жағдай жасау үшін бөлмелерін, жалпы мектепті әдемі безендіріп, әшекейлеп, үнемі көз тартатындай етіп жинақы ұстау керек;
 - Балаларды жас ерекшеліктеріне сай шағын топтарға бөліп, оларды «жасак», «жұлдызша» т.б. деп атауға болады;
 - Балаларға қабілетін ашуға, білімін көрсетуге, өз орнын табуға мүмкіндік беріп, осыдан кейін түрлі бағытта топ жұмыстарын бөліп беру керек: спорттық, интеллекті анықтау, көркем-қолданбалы, шығармашылық жұмыс;
 - Жақын болашақта оларды не күтіп тұрғандығы жөнінде болжам жасауға қалыптастыру, жұмыстың бағдарламасымен таныстырып, жұмыс жоспарын даярлауға қатыстыру керек.
- Тәрбие мазмұны ұйымдастырушының шеберлігімен ұштасқанда қандай шара болсын, демалушының ішкі жан-дүниесін жаңартып, рухани азық болып, сонында жарқын құбылыстарға жетекші болуы да мүмкін.

Лагерьдегі танысу күні: жаттығулар мен ойындар

Жоспар:

1. Лагерьдегі танысу күні.
2. Танысу күніне арналған қозғалмалы ойындар.

Лагерь- балалардың жаз мезгілінде уақыттарын тиімді пайдаланып әртүрлі бағыттағы мәдени- көпшілік іс-шараларды ұйымдастыруға театр, мұражай, көрме сияқты мәдениет ошақтарын көріп-білуге, лагерь аймағынан тыс жерлерге жорықтар ұйымдастыруға, табиғатта саяхаттауға, таза ауада әртүрлі ойындар ойнауға мүмкіндік беретін бірлестік.

Бірінші күн: «Сәлем, лагерь!» танысу эстафетасы.

Лагерге жиналған барлық балалар алаңға жиналады. Аға тәлімгер құттықтау сөз айтып, лагерьдегі демалыстарына сәттілік тілейді. Танысу эстафетасына арналған жолнұсқаушы парақ таратады. Әрбір станцияда бір мезетте екі топ болуы шарт. Жас ерекшеліктері сәйкес, жақын болуы ескеріледі. Топтар арасында жарыс ұйымдастырылады. Балалар бірін-бірі есімдерімен атаулары қадағаланады. Жеңімпаздардың жолнұсқаушы парақтарына станция аты және 2 ұпай беріледі, жеңілгендерге 1 ұпай.

Станцияда барлық жарыстарды ересектер: үйіпме жетекшілері, дене тәрбиесі жетекшісі, кітапханашы, мәдени ұйымдастырушы, тәлімгерлер, тәрбиешілер өткізеді. Топтар бір-біріне кедергі келтірмес үшін музыка дауысын тыңдауы тиіс. Музыка ойнағанда келесі станцияға ауысып отырады.

Станция бойынша маршрут аяқталғанда жолнұсқаушы парақты әр тәлімгерге тапсырады. Қорытындысын шығарып жеңімпаз топ анықталады. Жеңімпаздарға сыйлық-өз тапсырысы бойынша музыкамен биге қатысу.

Танысу эстафетасындағы станциялар.

1. «Әріп жазу». Топтарындағы балалардың есімдерінің басқы әріпті өздерімен жазасап жазу, яғни қатар-қатар тұрғанда әріп таңбасы көрінуі тиіс. Ретсіз дұрыс жазылмаған әріп есепке алынбайды. Ұйымшылдық пен шапшаңдық ескеріледі.
2. «Жаңа ертегі» Ертегілердің бірінен үзіндіні өзгертіп қойылым көрсету. Ол үшін топта келісіп алуға шамалы уақыт беріледі. Мазмұндылығы ескеріледі, әртістік қабілеті бар балалар анықталады.

3. «Мыстан кемпір сандығы» Қорапта ертегілер аты, заттар мен құбылыстар аты жазылған сөздер жазылған парақшалар болады. Балалар солардың арасынан мейлінше көп ертегінің аттарын табулары шарт 1 минут ішінде қанша ертегінің аттарын тапты соның санына байланысты ұпай жинайды. Сандықта төмендегідей сөздер болуы мүмкін: бауырсақ, и шалқан, қар, гүл, жеті лақ, қарындаш.

4. «Көрінбейтін хат». Жүргізуші балаларға криптограмма беріп, тастағы жазуды табыңдар деген тапсырма береді. Сурет атқа мініп тұрған батырдың суреті болуы тиіс. Батырдың құрал-жабдықтары мен ат-әбзелдерінен әріптер құралады. Мысалы: Айбалта-С, Садақ-О, қылыш- Л, шоқпар-Ғ, қалқан-А. Криптограмманың жауабы: солға жүрсең-атыңды жоғалтасың, оңға жүрсең- өзің өлесің, тура жүрсең-жол табасың».

5. «Белгісіз кейіпкер» шашыраған әріптерден топтарындағы балалардың есімдерін құрастыру қажет.

6. «Зеректер аялдамасы» Түрлі логикалық жұмбақтар беруге болады. Мысалы: қызықты логикалық жұмбақ: жердің ортасында не бар? Жауабы: Е әріпі.

Тәлімгер шоу «Біз бәріміз «Балалық шақтанбыз»

Лагерь алаңында салтанатты сап түзеу өткізіледі. Жүргізуші балаларды ынтымақтастыққа шақырған әнмен бастаға болады.

Танысу кезеңіне тәлімгерлер өздерін-өздері қызықты әрі көңілді таныстырады. таныстыру кезеңі аяқталған соң балалар арасынан жаз туралы өлеңдер оқуға болады.

Жүргізуші келесі кезеңде тәлімгерлерге арналған түрлі ойындар мен эрудициялық тапсырмалар ұйымдастырады. Оларға қызықты логикалық жұмбақтар шешу, жаңылтпаштар айтқызу, ертегілерден үзінді оқып атып таптыру тапсырмаларын беруге болады.

Спорттық байқау кезеңі. Секіртпемен секіру, допты нысанаға лақтыру.

Шығармашылық кезең. Жүргізуші конвертте бірнеше сөздер жазылған парақшалар таратады.

Тәлімгерлер өз ойларынан берілген сөздерді қатыстырып 1-2 шумақ өлең шығарулары тиіс.

«Біз бәріміз «Балалық шақтанбыз» кезеңінде тәлімгерлер барлық балаларды топтармен бөліп алып түрлі әндерді бірлесе орындайды.

Тәлімгерлер осылайша өздерін таныстыра отырып балалармен жақын танысады, қарым-қатынастары нығаяды.

2. Бірінші күні жазғы лагерьде тәрбиешілер мен вожатыйлар балаларды бір-бірімен таныстыруды ұйымдастыруы керек. Бұны ойын түрінде жасау оңайға соғады.

Кіші жастағы балаларға шеңберде өткізілетін ойындар өлеңмен немесе музыкамен сүйемелденеді. Жасөспірімдерге жаңа балалардың ұжымын біріктіру, балаларды бір-бірімен жақындату мүмкіндігі бар ойындар ұсынылады.

Кез-келген ойындарды қарапайым бастапқы танысудан бастау керек, оның барысында балалар есімдерін есте сақтап қалады. Танысудың арқасында балалар бір-бірінің мүдделері, қызығушылығы, мінез-құлықтары және т. б. туралы көбірек білуге мүмкіндік алады.

Әр жастағы балалар үшін лагерьде танысу үшін ойындар көп.

7-12 жастағы балаларға арналған лагерьде танысу ойыны

«Қар қиыршығы»

Бұл ойынды лагерьде балалардың танысуының классикалық нұсқасы деп санауға болады. Оның бірнеше түрі бар. Дәстүрлі түрде ол келесідей ойналады.

Барлық қатысушылар шеңбер бойынша тұрады немесе отырады. Жүргізуші өз атын атайды. Келесі ойыншы бірінші ойыншының атын айтады, содан кейін өзінікін айтады. Үшінші қатысушы бұрынғы екі баланы атын атайды, содан кейін өз атын айтады. Ойын жалғаса береді , ойынның ең бірінші ойыншысы, барлық қатысушының аттары бойынша кезектеп бәрін атайды.

Осы ойынның басқа нұсқасы бойынша ойыншылардың аты ғана емес, сонымен қатар өз қасиетін қосымша сипаттайды. Ойынның шарттары бойынша баланың қасиеті, аты

сияқты әріппен басталуы керек. Мысалы: Берік, батыл. Ойын сондай-ақ шеңбер бойында да өткізіледі, оның бірінші ойыншысы, ойын соңында барлық баланың аты мен қасиетін қайталайды.

«Дауыл!»

Оған көп адам ойнаған сайын, ол соғұрлым көңілді және динамикалық өтеді.

Ойыншылар шеңбер құрайды. Тәлімгер балалардың ортақ заттарын немесе қасиеттерін айтып орын ауыстыруларын сұрайды. Мысалы: көк жейде кигендер орын ауыстырсын. Бұл ойынның қызықты болуы тәлімгердің қиялына байланысты болады. Команда бойынша қатысушылар берілген шарттарды орындай отырып, орындармен ауыстырылады. Кім орын ауыстырып үлгермеді сол тәлімгердің орнына тұрады. Осылайша ойын жалғаса береді.

Амандасайық!

Бұл ойында балалар ересек адамның тапсырмасын орындай отырып, кімнің аты қалай екенін есте сақтап отыру қажет. Ойынның барлық қатысушылары шектеулі уақыт ішінде (мысалы, минут) бір бірінің қолдарын алысып, сәлемдесуі қажет.

Ерекше нұсқаулар: балалар басқа баламен қол алысқан кезде, олар адамға деген мейірбандық қарым-қатынасты көрсетіп, бір-бірінің көзіне қарап, өз аттарын айту керек. Балаларға басқа балалардың есімдерін ғана емес, сонымен қатар қанша адамдармен сәлемдесуге мүмкіндік туды соны естерінде сақтаулары керек. Ойын соңында тәрбиеші ең көп баламен танысқан баланы біліп, кәдесыйларымен марапаттай алады.

«Жануарлар»

Лагерьдегі балаларды таныстыруға арналған ойындардың бір түрі.

Қатысушылар кезек бойынша жалпы шеңбердің ортасына және мимика, қимылмен жұмбақ жануарды көрсетеді, оның атауындағы бірінші әріп ойыншының атауымен бірдей болуы тиіс. Қалған балалар жұмбақтағы жануар мен адамның атын айтады. Ойын барысында балалар барлық қатысушылардың аттарын табады.

«Сенеміз - сенбейміз»

Ойыншылар шеңбер бойынша тұрады немесе отырғызылады. Әрбір адам оның аты-жөнін айтады және өзі туралы үш фактіні хабарлайды: екі шындық, ал біреуі — ойластырылған. Тәрбиеші дауыс береді, оның қорытындысы бойынша балалар неге сенгенін, ал неге сенбегенін анықтайды. Содан кейін ойыншы ойластырылған фактіні айтады.

Маңызды! Осы ойын барысында ересектер балалардың бір-біріне мейірімділікпен қарап, ойласырылған сөзге өте эмоционалды жауап бермеуіне назар аудару керек.

«Кім екен?»

Әрбір бала бір парақ қағаз бен қарандаш алады. Бес минут ішінде балалар бір-бірімен танысып, есімдерін сұрап, қайда оқитындарын, нешінші сыныпты бітіргені, қызығушылықтарын білулері тиіс. Алған мәліметтерін параққа жазып алады. Көп мәлімет жинаған бала жеңімпаз атанады.

«Кім екенін тап»

Бұл ойынның көмегімен балалар бір бірімен әңгімелесу барлысында көп ақпарат алады.

Барлық қатысушылар парақтарға оларды сипаттайтын үш сөйлем жазады.

Мысалы:

мен шахмат ойнауды жақсы көремін;

менің егіз ағам бар;

өскенде дизайнер болғым келеді.

Парақтар тәлімгерге беріледі. Балалар парақтарды алып кезекпен оқи бастайды. Ал ойыншылар кезекпен сипаттама кімге тән екендігін табады. Ойын соңында ең көп дұрыс жауап берген баланы тандап, кімді таб оңай болғандығын сұрауға болады.

Пайдаланатын электронды ресурстар

https://pedsovet.su/metodika/6863_igry_na_znakomstvo_v_lagere

Ойындар

<https://www.youtube.com/watch?v=6yShSTkDRgY>

<https://www.youtube.com/watch?v=DuckqIO2T0M>

<https://www.youtube.com/watch?v=-WcrrdyG-BY>

<https://www.youtube.com/watch?v=OyfyVgLofkc>

Жазғы сауықтыру лагерінде жүргізілетін қозғалмалы ойындар

Жоспары:

1. Лагерде ұйымдастырылатын ойынның маңызы

2. Ойын түрлері

Лагерде балалардың қызығушылығын арттыру мақсатында заман талаптарына сай, әрі озық дәстүр рухында тәрбиелеу міндеттеліп отыр. Бұл міндеттерді абыроймен орындау үшін тәрбиешілер оқу-тәрбие жұмысына шығармашылықпен қарауы тиіс. Жас баланың өмірі, қоршаған ортаны танып, еңбекке қатынасуы, психологиялық ерекшеліктері ойын үстінде қалыптасады. Балалар ойын барысында өздерін еркін сезінеді, ізденімпаздық, тапқырлық әрекеті байқалады.

Түрлі психологиялық түсінікпен (сезіну, қабылдау, ойлау, зейін қою, ерік) сезім әрекетіне сүнгиді. Таным қабілеттері еркін демалып ойнау барысында дамытылады. Балалардың жазғы тынығу лагерлері әр түрлі болғанмен олардың мақсаты мен міндеттері бірдей: балаларды тынықтыру, қызықтыру, денсаулығын нығайту, білімін кеңейту, тәрбиелеу. Осы мақсат, міндеттерді орындау үшін түрлі жұмыстарды ұйымдастырады. Ол жұмыстардың негізі болып әрқашан түрлі ойындар қала береді.

Сондықтан төменде ойындарды жіктеп, балаларды қызықтырады-ау деген тақырыптарда бірнеше түрлерін беріп отырмын. Ойындардың негізгі мақсаты қысқаша беріліп отыр. Бұл ойындарды бұрыннан танымал ойындармен бірге пайдалана отырып, баланының ойы мен тәрбиесін жеке тұлға ретінде заманауи талаптарға сай ұштауға, одан әрі дамытуға қадам басамыз деп ойлаймын. Ойындарды жас ерекшелігіне қарай өзгертіп, икемдеуге оңай, әрі балалардың өздеріде өздігінше жүргізе алатындай жеңіл.

Ойын түрлері:

«Орамал тастамақ» ойыны

Ойнаушылар дөңгелене тұрады немесе отырады. Ойын бастаушы ортаға шығып, ескерту жасайды: «Сөзге сөз тауып айтпасаңдар, сөздің атасы өледі,-деген мақал бар. Сол сияқты біздің ойынымызда да тапқырлық қажет. Деп, ол ойын тәртібін түсіндіреді. Алдымен қолына орамал алып, оны өзі қалаған баланың алдына тастап, оған кез-келген сөз айтады.

Бастаушы: бала

Орамал алушы: бала – балдан тәтті.

Мағыналы сөйлем айтылса, ойын да қайталана береді. Мұнан соң әлгі балаға беріп жатып, басқа сөз айтылады.

Ойнаушы бала: мал

Орамал алушы: мал баққанға бітеді.

Ойын осылай жалғаса береді. Сөзді жалғастыра алмаған бала «жазасын» тартады.

«Шеңбер» ойыны

Балалар дөңгеленіп қол ұстасып жүріп өлең айтады. Бір бала ортада бетін жауып отырады.

Өзіміз құрған шеңберді,

Айнала қоршап жүреміз.

«Секір-секір» деген кім

Айтшы кімнің дауысы? – деген жолдарды дауысын өзгертіп бір бала айтады. Ортада отырған бала кімнің дауысы екенін тауып алу керек. Таба алмаса, айыпты өлең айтып немесе би билеп береді. Ойын осылай жалғаса береді.

«Сымсыз телефон» ойыны

Барлық оқушылар топ түзеп тұрады. Ойын не оңнан солға, не солдан оңға бір ыңғайда жүреді. Ойын басқарушы бірінші тұрған адамның құлағына сыбырлап бір сөз айтады. Ол адам естіген сөзін келесі адамға жеткізеді, осылайша соңғы адамға шейін жалғасады. Ойын басқарушы соңғы адамнан бастап әлгі айтылған сөзді сұрайды. Бастапқы айтылған сөз өзгеріп кетуі мүмкін. Сөзді қате естіп, өзгерткен адам айып өтейді. Айып өз өнерін көрсету арқылы өтеледі.

«Сақина салмақ» ойыны

Ойынға қатысушылар дөңгеленіп отырады. Ойын бастаушы қолындағы сақинаны отырғандардың барлығының алақанынан өткізіп, біреуіне білдірмей қалдырып кетеді. Содан соң «Бір, екі, үш, сақинам алға үш!» дегенде қолында сақинасы бар адам тез алға шығып үлгеруі тиіс. Ал отырғандар оны ұстап қалулары керек. Егер ұсталып қалса, ойыншы «айып төлейді». Ұсталмай шықса, ойын бастаушының рөлін атқарады.

«Мысық пен тышқан» ойыны

Бір топ бала жиналып қол ұстасып, шеңбер жасап тұрады. Ортаға екі баланы шығарады, бұл екеуінің бірі – тышқан, екіншісі – мысық болады. Мысық тышқанды қуып ұстап алуы керек. Тышқан қол ұстасып тұрған балалардың арасынан өту арқылы тышқаннан қашуы тиіс. Егер ұсталып қалса, тышқан «айыбын» өтейді.

«Өтеш» ойыны

Ойын далада, кең жерде өтеді. Ойыншылар санына шек қойылмайды. Ойыншылар жиналып болғаннан кейін үлкен шеңбер сызылады да, ортаға екі ойыншы шығады. Екеуі бір аяғын көтере, секіріп жүріп, бір-бірін итеріп шеңберден шығарып тастаулары керек. Бірақ екінші аяқтары жерге тимеуі тиіс. Ережені сақтай отырып, бірі екіншісін шеңберден итеріп шығарып тастаса, жеңімпаз атанады.

«Айдаһардың құйрығы»

Мақсаты: Балалардың дене қимылдарын жетілдіре отырып бірлесе қимылдауға, ауызбіршілікке жетелеу.

Ойынға қатысушылар бірінің артынан бірі тізбектеле белдерінен ұстап тұрады. Ең бірінші тұрған адам – «айдаһардың басы». Ең соңғысы - «құйрығы» болады.

Ойын кезінде көңілді музыка қойылады. «Айдаһардың басы» ең күрделі жолдармен жүре отырып өз «құйрығын» ұстап алуға тырысады. Оның мақсаты – ұстап алу, «құйрықтың» мақсаты – ұстатпау, қайткенде де қашып құтылу. Егер «құйрық» ұсталып қалса, ол - «бас» болады. Ойын өз жалғасын табады.

«Қызыл табан»

Мақсаты: Балаларды ұжыммен жұмыс жасауға, ұйымшылдыққа, шыдамдылыққа, әдептілікке үйрету.

Ойынның шарты түсіндіріледі. Осы лагердегі бір адамның табанына «қызыл табан» белгісі жапсырылған. Ол белгі кез-келген адамда болуы мүмкін. Қай топ сол адамды

бірінші тауып, әуелі әдепті сөздер көмегімен табанын көрсетуін сұрап, дәл тапса, солар ұтады.

«Көңілді маймылдар»

Мақсаты: Еркіндік бере отырып тыңдауға, тәртіптілікке шақыру арқылы шыдамдылыққа, ұжыммен бірге қимылдауға үйрету.

Жүргізуші- «Маймылдарың апасы»:

Біз – көңілді маймылдар,

Өте қатты шулаймыз,

Алақанды соғамыз,

Еденді де таптаймыз.

Ұртымызды үрлеп,

Әндетеміз гулеп.

Төбеге де секірдік,

Маңдайға саусақ келтірдік.

Құлағымыз – қалқан,

Құйрығымыз – салпаң.

Бірақ тәртіп – қатаң,

«Үш» дегенде апаң-

Бәрің тілді алыңдар,

Қозғалмай, қатып қалыңдар!

Ойынға қатысушылар тақпақты жүргізушімен бірге қайталап, әр түрлі қимылдар жасап, әбден еркінсиді. Бірақ «үш» деген сөзден кейін қозғалмай бір орында қатып қалады. Бірінші қозғалып қойғандар ең соңғы ойыншы қалғанша шетінен ойыннан шыға береді.

«Ұлттық қимыл – қозғалыс ойындары»

Қимыл - қозғалыс ойындары ұлттық ойындардың негізінде пайда болып қалыптасқан. Олардың спорттық ойындар сияқты ережесі болады. Бірақ қимыл қозғалыс ойындарының ережесі спорттық ойындарға қарағанда қарапайым әрі жеңіл болады. Және спорт құрал - жабдықтарын көп қажет етпейді. Төменде әрқандай ұлтардың қимыл - қозғалыс ойындарының үлгілері берілді.

«Өз орыныңды тап»

(Италиян халқының ойыны)

Ең алдымен санамақ арқылы ойын жүргізуші сайлап алынады. Ол шеңбер жасап тұрған ойыншылардың сыртында қолына орамал ұстап тұрады. Ойын ойын жүргізушінің шеңберді айнала жүруінен бастайды. Ол жүгіріп келе жатып орамалды бір ойыншының иығына іле кетеді. Иығына орамал ілінген ойыншы орамалды ала салып, ойын жүргізушіге қарама - қарсы бағытта шеңберді айнала жүгіреді. Осы кезде шеңберде тұрған ойыншылар оның босаған орнына жылжып тұра қояды. Ал қарама - қарсы жүгіріп келе жатқан екі ойыншының қайысы әлгі жабылып қалған орынды дәл тауып тұра қойса, сол жеңіске жетеді. Ойынды әрі қарай ұмтылған бала жалғастырады.

«Қаршыға мен үйректер»

(Саха халқының ойыны)

Алдымен санамақ арқылы қаршыға сайлап алынады. Қалған ойыншылар үйректер болып есептеліп, олар арақашықтығы 10 - 15 м болатын екі шеңбердің (көлдің) бірінің ортасында жүзіп жүреді.

Ойнауға белгі берілген кезде үйректер екінші көлге ұшып барып қонулары керек. Сол кезде оларды қаршыға бір - бірлеп қуып ұстауға тиіс. Ұсталған үйректер ойыннан шығып, ұсталмаған ойыншылар арасынан жаңа қаршыға сайланып, ойын әрі қарай жалғаса береді.

«Көтеріп кет»

(Қазақ халқының ойыны)

Ойыншылар екі - екіден арқаларын бір - біріне тақап жүрелеп отырып, қолдарын шынтақтан айқастырып ұстайды. Мұғалім: «1, 2, 3, ауылым менің жайлауға көш» дегенде, екеуі де алға қарай еңкейіп, бірін - бірі жерден көтеріп тұрып кетуге тырысады. Қарсыласын көтеріп кеткен ойыншы жеңген болып есетеледі.

«Ботақан»

(Қазақ халқының ойыны)

Ойыншылар өз орталарынан атан түйе мен мыстан кемпір сайлап алады. Қалғандары, яғни ботақандар атан түйенің артынан бір - бірінің белінен ұстап тізіліп тұрады. Мыстан кемпір «ұшқыш сыпыртқысымен» атан түйенің алдына «ұшып келіп»: «Керуен, қайдан келе жатырсың, қайдакетіп барасың?» деп, артындағы ботақандарының біреуін беріп кетуін сұрайды. Бірақ оған атан түйе келіспейді. Сонда мыстан кемпір жүгіріп жүріп керуеннің соңындағы ботақанды күшпен тартып алуға әрекеттенеді. Ал атан түйе мыстан кемпірді ең соңғы ботақанға жібермеуге тырысады. Ботақанды ұстап алса, мыстан кемпір оны үйіне апарып қойып келіп, енді келесі соңғы ботақанды ұстап алуға әрекет етеді. Осылай 2 - 3 - рет қайталанған соң, атан түйе мен мыстан кемпір басқадан сайланып, ойын әрі қарай жалғастырылады.

«Қаракұс пен балапандар»

(Орыс халқының ойыны)

Ойыншылар арасынан қаракұс және тауық сайлап алынады. Қалғандары балапандар болып есептеледі. Ойын алаңының бір шетінен қаракұстың ұясы сызылады.

Мұғалім «Қаракұс!» деп дауыстап белгі берісімен қаракұс тауықтың артында бір - бірінің белінен ұстап тізіліп тұрған балапандардың ең соңғысын ұстап алуға ұмтылады. Ал тауық екі қанатын (екі қолын) екі жаққа соза балапандарын қорғаштайды. Балапандар да қаракұсқа алдырмауға тырысады. Олар тек тізбекті бұзбауға тиіс.

Ұсталған балапандарды қаракұс ұясына алып кетеді. Екі – үш балапан ұсталған соң ойын жүргізушілер қайта сайланып, ойын қайта басталады. Бір тауықта 6 - 8 балапан болуға тиіс.

«Алтын дән»

(Беларус халқының ойыны)

Ойыншылар екі - екіден қол ұстасып шеңбер жасап тұрады. Ойын жүргізуші Бір жұпқа келіп, «Қайырлы күн!» - дейді. «Алтын дән», - деп жауап береді ойыншылар. «Оның бағасы қанша?» - дейді ойын жүргізуші. Ойыншылар «Тау - тау» қар мен көлдің суы» деген бетке екеуі карама - қарсы бағыт ұстап шеңберді айнала жүгіреді. Ойын бастаушы сол босаған орында тұрып қалады. Бірінші болып қайтып оралған ойыншы ойын бастаушымен жұп құрып, екіншісі ойынды әрі қарай жалғастырады.

Жеңіл атлетикаға арналған ойындар

«Қуғыншыдан құтқар»

(Жүгіруге арналған ойын)

Арнаулы сызғышпен қоршалған ойын алаңында балалар жүгіріп ойнап жүреді. Мұғалім белгі берісімен санамақ арқылы сайланған ойын жүргізушісі: «Мен қуғыншымын!» - деп, қолын жоғары көтереді де өзіне ең жақын жүрген ойыншыны қуа жөнеледі. Қашып келе жатқан бала мен қуғыншының арасын басқа бір ойыншы кесіп өтіп кетсе, қуғыншы алдын кескен екінші баланы қуады. Егер қуып жетсе, екеуі орын ауыстырып, жаңа қуғыншы ойынды әрі қарай жалғастырады.

Бастауыш сынып жасындағы балалар үшін қимыл-қозғалыс ойындар

Жалпы дамытатын элементтері бар жаттығулар

кіретін ойындар

«Орындарыңа тез барындар»

Ойынға қатысушылардың барлығы бір немесе екі колоннаға тұрады да, қолдарын алға қарай созып, алдарында тұрғандардың иықтарына қолдарын жеңіл - желпі тигізіп тұрады.

Ойынды баяндау.

Жетекші «Қашындар!» деген бұйрық бергенде, ойынға барлық қатысушылар жан-жаққа бытырай жүгіре жөнеледі. Ал, «Тез орындарыңа!» деген екінші бұйрық берілгенде, бәрі де жанағы тұрғандай тұра қалулары керек. Кім орынға соң келеді, сол жеңілген болып есептеледі. Ал, егерде екі колонна бойынша ойнаса, қай колонна бұрын қалса, сол жеңеді.

«Космонавтар»

Әзірлік.

Залдың немесе алаңның бұрыштары мен жан-жақтарына 5-8 үлкен дөңгелек ракета сызылады. Ракеталардың барлық саны ойынға қатысушылардың сандарынан 5-8-ге кем болуы қажет. Ойынға барлық қатысушылар залдың ортасындағы дөңгелекке тұрады.

Ойынды баяндау.

Ойынға қатысушылар бір-бірінің қолдарынан ұстап, мына сөздерді айтады: «Бізді үлкен ракеталар күтуде. Қайсысын қаласақ, сонымен ұшамыз. Ал, кешіккендерге орын жоқ!». Осыдан кейін бәрі де ракетадромға жүгіреді. Онда әркім ракетадан орын алады. Орыннан құр қалғандар ойын бастаушыға немесе дөңгелекке келеді. Кешіккендердің бәрі жиналып болғаннан кейін ойынды қайта бастайды. «Орындарына тез барындар» және «Космонавтар» ойынының ережелері.

1. Ойынды жетекшінің белгісінен кейін бастау керек.

2. Ойыншылар бірінші ойында «Тез орындарына» және екінші ойында «Кешіккендерге орын жоқ» деген жетекшінің сөзінен кейін жан-жаққа жүгіреді.

«Жапалақ»

Әзірлік.

Залдың немесе алаңның бұрышынан диаметрі 1-2 м. Дөңгелек сызылады, яғни ол «жапалақтың ұясы» болады. Дөңгелектің қасына отырғыш қойылады. Ойынға қатысушылардың ішінен жүргізуші «жапалақ», ал қалғандары «дала тышқаны» болып бөлінеді. Жапалақ ұясына орналасады, ал тышқандар залдан орын алады.

Ойынды баяндау.

Ойын жүргізуші «Күн» деп айтқанда, барлық «тышқандар» жүгіріп залдың ортасына шығады. Онда жүгіріп, ойнап жүреді. Ал жапалақ ұясында ұйықтап отырады. Жүргізуші «Түн» деп айтқанда, барлық тышқандар өздерінің орындарында жыбырламай үн-түнсіз тұра қалады. Ал, жапалақ болса, оянып жәндіктерді аулауға шығады. Қай тышқан жыбырласа, ол соны ұясына алып кетеді. Ойын жүргізуші «Күн» деп айтқанда жапалақ тышқан аулауды қойып, ұясына қайтады. Ұяға 3-5 тышқан ұсталса, олардан «жапалақ» сайланады. Осылайша бірнеше рет ойын қайталанады.

Ереже:

1. Жапалақ алаңға шыққан уақытта, тышқандарға жыбырлауға/қималдауға/ болмайды, ал қимылдаса, оны жапалаққа білдірмеуге тиіс.

2. Ұсталған тышқандар отырғыштарда отырады, ойынға қатыспайды, жаңадан жапалақ сайланғаннан кейін ғана ойнайды.

3. Ойын жүргізушіден. «Күн» деген хабар келгенде жапалақ ұясына оралуға тиіс.

«Мысық келе жатыр»

Жетекші - «мысық» өзінің үйінде, ал қалған «тышқандар» індерінде отырады. Ойын жүргізуші былай деп айтады:

«Ал, тышқандар, тышқандар,

Індеріңнен шығындар.

Тарғыл мысық ұйқыда,

Ойнап-билеп алыңдар».

Осыны естіген тышқандар індерінен жүгіре шығып, алаңның ортасына таман барып мынандай сөздермен ойнай жөнеледі:

«Ешқашан, ешқашан,

Қорықпаймыз мысықтан».

Жүргізуші «мысық келіп қалды» дегенде, бәрі де үн-түнсіз орындарында жыбырламай /қимылдамай/ тұрып қалулары қажет. Қайсысы жыбырласа, мысық оны «үйіне» алып кете береді. Ол «мысық кетті» деген хабар келгенше, аулай береді. Мысық белгі бойынша 2-3 рет үйінен шығады. Кейін қайтадан жаңа мысық сайланып, ойын жалғаса береді.

«Кім келді»

Өткен ойындағыдай бәрі тұрулары керек. Бір адам көзін байлайды немесе, ол көзін жұмады. Жүргізуші бір ойыншыға белгі береді. Ол көзі байлаулы оқушының иығынан ұстап бір дауыс береді, немесе оның есімін айтады. Мұны дауысын өзгертіп орындауды. Жүргізушінің хабары бойынша көзін ашып, кімнің келгенін табуы қажет. Осылай ойын жалғаса береді.

Ал ережесі «Кімнің даусы, біліп көр» ойынындай болады.

«Доп жерде»

Әзірлік.

Ойынға барлық қатысушылар дөңгелек бойымен тұрады. Оның ортасына екі ойыншы орналасады. Дөңгелектің бойында тұрғандар бір немесе екі тізелеріне отырады. Оларда бір волейбол добы болуы қажет. Ортадағы екі ойыншы - жүргізушілер, беттері мен допқа бұрылады.

Ойынды баяндау.

Ойын басқарушының белгісі бойынша ойынға қатысушылар екі жетекшінің аяқтарына тигізу үшін допты домалатады. Ал, олар допты тигізбеуге тырсысады. Егерде біреуінің аяғына доп тисе, ол жанағы ойыншының орнына тұрады. Кімде – кім жетекшінің орнында болмаса, сол жеңеді. Ал, ең бірінші жетекші болған ойыншы ұтылған болып есептелмейді.

Ереже.

1. Ойын белгі бойынша басталады.
2. Доп тиген жетекші, оған доп тигізген ойыншының орнымен ауысады.
3. Допты тізеден төмен ғана тигізу керек.

«Коллоналарда допты тигізу»

Әзірлік.

Ойынға қатысушылар бірнеше топқа, командаға бөлінеді. Олар бір-бірден тұрып, колонна құрады және параллель орналасады. Алдағы тұрғандардың қолдарында доп немесе тағы да басқа зат болулары қажет.

Ойынды баяндау.

Белгі бойынша алда тұрғандар допты кейінгі тұрғандарға бастарынан жоғары жалғастырады. Оларда кейінгі тұрғандарға осылай жалғастырады. Ең соңғысы допты алғаннан кейін, жүгіріп келіп, алдыңғы қатарға тұрады. Ойын осылай жалғаса береді. Қай команда ойынды бірінші болып аяқтаса, сол жеңіске жетеді.

Ереже.

1. Ойын белгі бойынша басталады.
2. Допты тек бастан жоғары қарай өткізу керек.
3. Допты түсіріп алған ойыншы, оны көтеріп, орнына келіп, ойынды жалғастыруға тиісті.

Жеткіншек жастағы балаларға арналған қимылды ойындар

Жалпы дамыту, жаттығу элементтері бар ойындар

«Топ, тік тұрындар!»

Әзірлік.

Ойыншылар бір қатарға сапқа тұрады.

Ойынды баяндау. Жетекші, топқа қарап команда береді. Ол «топ» деп айтқан кезде ғана оны балалар орындау қажет. Ал, қателескен болса, ол алға бір қадам аттайды да, ойынды жалғастыра береді. Ойынның соңында көп қателескен ойыншылар негізгі орынынан жылжып кетеді, ал барынша зейінділік көрсеткен ойыншылар өздерінің негізгі орынында тұрады.

Ереже.

1. Алдын-ала «топ» деген сөз бар команданы орындамаған ойыннан бір қадам алға шығады.
2. «Топ» деген сөзі жоң команданы орындаған ойыншы бір адым алға шығады.

«Допты басынан асыра, аяқтың арасынан және аралас түрде беру»

Әзірлік.

Ойыншылар 2-4 командаға бөлінеді. Әр команда бөлек-бөлек колонна болып тұрады және колоннада тұрған ойыншылардың өзара қашықтығы қол созым болу керек. Әр колоннаның бастаушысында бір доптан болады.

Ойынды баяндау.

Жетекшінің белгісі бойынша алда тұрған ойыншылар допты басынан асыра келесі ойыншыға береді. Осы түрде доп колоннаның соңында тұрған ойыншыға жетеді. Ал, соңғы ойыншы допты алып колоннаның оң жағынан айналып келіп бірінші боп тұрады да, допты басынан асырып келесі ойыншыға береді. Ойынды бастаған ойыншы өз орнына қайтып келгенше ойын жалғаса береді. Ол орнына қайтып келген соң допты жоғары көтеріп, өзінің командасында тік тұруға команда береді. Ойынды бірінші бітірген команда жеңген болып есептеледі.

Ережесі.

1. Допты тек өзінің көршісіне беруге болады. Допты бірнеше ойыншыдан асырып лақтыруға болмайды. Мұндай тәртіпсіздік үшін командаға айып пұл салынады.
2. Допты түсіріп алған ойыншы допты алып орнына келіп, келесі ойыншыға береді.
3. Соңғы ойыншы колоннаның алдыта келгенде, ойыншылар кішкене артқа жылжиды.
4. Айып ұпайлары жоқ және ойынды бірінші бітірген команда жеңімпаз атанады.

«Допты аяқ арасынан беру» түрі

Орынға тұрулары өткен ойындағыдай, тек ойыншылардың арасындағы арақашықтық 1,5 адым. Допты колоннаның басынан — аяғына дейін домалатады. Доп қай ойыншыдан шығып кетсе, сол барып алып келуі тиіс және орнына келіп әрі қарай домалатады.

«Допты басынан асыра және аяқ арасынан беру» түрі

Орынға тұрулары өткен ойындағыдай, допты басынан асыра беріп, сосын айналып тұрып аяқ арасынан допты домалатады. Ойын барысында ойыншылар орындарында тұрады. Допты 2-4 рет айналдырып береді, соңынан жеңімпазы анықталады.

«Допты басынан асыра, аяқтың арасынан және аралас түрде беру»

Әзірлік.

Ойыншылар шеңбер жасап тұрады. Әр ойыншының арақашықтығы бірімен-біріне қол созым және бірінші, екінші нөмірлерге есептеледі. Бірінші нөмірлер - бір команда, екінші нөмірлер - екінші команда құрайды. Қатар тұрған екі ойыншыны команда капитандары етіп тағайындап, қолдарына бір-бір доптан береді.

Ойынды баяндау.

Белгі бойынша капитандар допты дөңгелек бойымен, яғни біреуі оңға, екіншісі солға өздерінің ең жақын ойыншысына лақтырады. Команда капитанына жеткенше доп айнала

дөңгелек бойымен беріледі. Допты жылдам дөңгелек бойымен айналдырған команда жеңімпаз болады.

Ережесі:

1. Допты міндетті түрде өзіне ең жақын тұрған кісіге береді. Егер ойыншы оған бермесе, онда айып ұпай есептеледі.
2. Егер ауада доптар түйісіп қалып жатса, онда ойыншылар допты алып, өз орындарына келіп, ойынды әрі қарай жалғастыруға тиіс.
3. Дөңгелек бойымен допты тез және айып ұпайынсыз әкелген команда жеңімпаз атанады.

«Қораздар ұрысы»

Әзірлік.

Жерге /немесе еденге/ диаметрі 3-4 м. дөңгелек сызылады. Ойыншылар екі командаға бөлініп, дөңгелектің қасына екі қатар сапқа тұрады. Әр команданың капитандары тағайындалады.

Ойынды баяндау.

Команда капитандары бір-бір ойыншыны ортаға шығарады. Олар бір аяғымен ғана тұрып, екінші аяғын бүгіп, қолын артына ұстайды. Жетекшінің белгісі бойынша олар бір аяқпен секіре отырып, бірін-бірі итеріп шеңберден шығаруға тырысады. Жеңген адам өз командасына ұпай әкеледі де, ал ортаға келесі жұп шығады. Осы түрде онын жалғаса береді. Ойыншылары көп ұтқан команда жеңген болып есептеледі.

Ережесі:

1. Шеңберден шығып кеткен немесе екі аяғымен тұрған ойыншы жеңілген болып есептеледі.
2. Егер екі ойыншы да шеңберден шығып кетсе, онда жеңіс ешкімге де берілмейді. Ал олардың орнына екінші жұп шығады.
3. Белгі берілгенде ғана ойыншылар ойынды бастауы тиіс.
4. Ойын барысында ойыншылар қолдарын артқа ұстауы керек.

«Күн мен түн»

Әзірлік.

Алаңның ортасына біріне - бірі параллель екі сызық сызылады, олардың арақашықтығы 1-1,5 м. Ал, сол екі түзу сызықтың екі жағынан 10-20 м. қашықтықта «үйлер» сызықтары сызылады. Ойыншылар екі тең командаға бөлініп, орта сызықта қатар тұрып өздерінің «үйлеріне» беті жағымен тұрады. Бір команда «түн», бірі «күн» болады.

Ойынды баяндау.

Жетекші «күн» деп команда бергенде, «түн» командасының ойыншылары өз үйлеріне қашуы тиіс, ал «күн» командасы оларды ұстауға тырысады. Ұсталған ойыншылардың санын есептеп болған соң өз командасына жібереді. Белгіні оқыс түрде берген абзал. Осы түрде ойын жалғаса береді. Ал жетекші команда беруде екінші бір түрін қолдануы мүмкін. Мысалы бір дөңгелек нәрсені алып, оның бір жағы ақ, бір жағы кара болады.

Ақ жағы - «күн» деген команданы білдіреді, ал кара жағы - «түн» деген команданы білдіреді. Жетекші ойыншылардың көңілін бөлу үшін ойын барысында түрлі-түрлі жаттығулар жасауы мүмкін. Ойынды бірнеше рет ойнауға болады. Ойын соңынан қай команда көп ойыншы ұстайды, сол жеңімпаз болады.

Ереже:

1. Команда берілместен бұрын үйге қаиып кетуге болмайды.
2. Ойыншыларды тек үйдің сызығына жеткенше ұстау керек.
3. Ұсталған ойыншылар есепке кіргеннен кейін қайтадан ойнауға болады. Бұл ойынды 4 класс оқушыларына да өткізуге болады.

«Қарға мен қаршығалар» түрі

Сапқа тұруы өткен ойындағыдай, тек екі команданың аттары өзгереді. Бірі - «қарға», екіншісі - «қаршыға». Бұл ойында жетекші команданы асықпай буынға бөліп береді. Қарға /қаршыға/. Соңғы буыннан кейін аты айтылғанда ұстауға кіріседі.

Ойынның шарты «Күн» мен «Түн» ойындағыдай.

«Жалау үшін күрес»

Әзірлік.

Аланды ортасынан тең екіге бөледі. Оның қысқа жағына параллель, арақашықтығы 2 м. «ойындық» сызықтарға бөлінеді. Онда 10 жалау орналастырылады. Ойыншылар да екі командаға бөлінді де, осы алаңға еркін түрде орналасады.

Ойынды баяндау.

Жетекшінің белгісі бойынша екі команда ойыншылары қарсылас жағына шығып қалаларды басып алуға тырысады. Қалаларды басып алған соң оларды өз жағына алып кетеді. Ойыншылар алаңның өз жағында қарсыласына қол тигізеді. Осылай белгіленген ойыншы орнында тұрып қалады, ал қаланы орнына апарып қояды. Енді ол ойынға қосылу үшін командалас жолдастары оған қол тигізуге болады, сонда ол қайтадан ойынға кірісіп кетеді. Ойын белгілі уақыт аралығында өтеді. Қай команда көп қаланы басып алса, солар жеңген болып есептеледі.

Ережесі.

1. Қарсыластарына тек өз алаңында қол тигізуге болады.
2. Ойыншы қарсыласының тек бір қаласын ала алады.
3. Егер ойыншы ұсталып қалса, сол орнында тұрып көмек күтуі керек.

«Ұзындыққа секіруі бар эстафета»

Әзірлік.

Залдың бір жағынан сөре сызығы сызылады. Одан 6-8 м. қашықтықта екі сызықпен ені 1 м. жолақ сызылады, жолақтың арғы жағында 1-3 м. қашықтықта 3 дөңгелек сызылады. Әр дөңгелекке бір жалаудан қойылады. Ойыншылар үш командаға бөлініп, «П» әрпі тәрізді сан түзейді.

Ойынды баяндау.

Жетекшінің белгісі бойынша ойыншылар сөреден жүгіріп шығып, кедергі жолақтан секіріп өтіп, жалауларды жоғары көтеріп, қайтадан орнына қояды. Кім бұрын жалауды көтерсе, сол командаға ұпай әпереді. Осы түрде келесі ойыншылар ойнайды. Көп ұпай жинаған команда жеңімпаз болады. Осы ойынды басқа түрде жетекшінің белгісімен, үзбей ойнауға болады. Бұл түрде, бірінші ойыншы, жалауды алып, жылдам жүгіріп кедергі жолақтардан секіріп өтіп, жалауды өзінің екінші ойыншысына береді, ал екінші ойыншы жалауды алысымен жүгіріп, кедергі жолақтан секіріп өтіп, жалауды дөңгелектің ішіне қояды да, қайта жүгіріп келіп, үшінші ойыншының алақанына саусағын тигізеді. Осы түрде бір ойыншы жалауды дөңгелекке қойып, келесісі әкеледі. Команданың ойыншылары түгел қатынасып шыққанда ойын аяқталады. Ойынды бірінші бітірген және аз қателескен команда жеңімпаз болады.

Ережесі.

1. Сөреден тек белгі бойынша қозғалуға болады.
2. Бір ойыншы старттан кеткен соң, екінші ойыншы оның орнына келеді.
3. Ойыншы қайтып келіп өз орнына сапқа тұрады.

Тақырып: Жазғы сауықтыру лагерінде жүргізілетін тәрбие жұмыстарының мазмұны, оны ұйымдастыру жолдары

Жоспар:

1. Тәрбие жұмыстары, оны ұйымдастыру
2. Жазғы сауықтыру лагерінде жүргізілетін тәрбие жұмыстарының мазмұны

3. Жазғы сауықтыру лагерінде жүргізілетін тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру жолдары

Кіріспе

Жазғы демалыс – мектеп оқушыларының жалпы физиологиялық, сана – сезімдік, дүниетанымдық тұрғыда даму, жетілу кезеңі. Сондықтан жаз - балалардың шығармашылық әлеуетін дамытуға, олардың жеке басына тән байланыстарын жетілдіру, әлеуметтік және мәдени білім беру құндылықтарына араласу, әлеуметтік байланыстар жүйесіне қосылу, өз жоспарларын іс жүзіне асыру, жеке бас мүдделерін қанағаттандыру, ойын-сауық, бойында жиналып қалған шиеленістен арылу, жұмсалған күшінің орнын толтыру, денсаулығын нығайту кезеңі.

Жаз балаларға өзінің сан түрлі талантын ашып көрсетуге мүмкіндік береді. Бұл кезеңді жеке басының жақсы жақтарын ашып көрсетуге жағдай жасауға, балалар арасында рухани және эмоциялық құндылықтарын алмасуға, жеке басының мүдделерін жүзеге асыру үшін пайдалану керек.

1. Тәрбие жұмыстары, оны ұйымдастыру

Лагерьде ұйымдастырылатын тәрбие жұмысының мазмұны әрекет бағыттарының кең спектрін ұсынады және әрбір балаға еркін таңдау мен қызығушылық негізінде өзінің даралығын, әртүрлі істерде бірегейлігін ашып, көрсете білуге мүмкіндік жасайды.

Бізді қоршаған заттардың барлығы әдемі: табиғатта да, қоғамда да және адамдар арасындағы қарым-қатынаста да. Тек оны көре білу, сезіне білу, түсіне білу қажет. Осындай білік өскіні әрбір адамның бойында бар. Оларды дамыту – **эстетикалық тәрбиелеу**.

Сондықтан да эстетикалық тәрбие әрқашанда балалардың сауықтыру лагерінде педагогикалық әрекеттің маңызды бөлігі болып табылады.

Лагерде рухани-адамгершілік, эстетикалық тәрбие шеңберінде көп нәрсе жасауға болады. Бұл жерде бірнеше бағыттарда қарым-қатынас жасалады.

Шығармашылық әрекет- бұл адам белсенділігінің ерекше саласы, онда жеке адам өзінің рухани және дене күші көрінісінен ләззат алудан басқа мақсат көзделмейді.

Лагердегі шығармашылық әрекеттің негізгі міндеті – балалар мен жасөспірімдердің шығармашылығын дамыту болып табылады.

Сурет салу лагерде балалардың көркемдік қабілеттерін дамытуда үлкен мүмкіндіктер береді. Сурет сала отырып, балалар көркемдеу әрекетінің бірқатар дағдыларын меңгереді, көру жадын бекітеді, түстер мен қоршаған орта формаларын аңғарып, айыра білуге үйренеді. Өз суреттерінде олар өзінің әлемді қабылдауын, өз қиялын қағаз бетіне түсіреді.

Еңбек тәрбиесі балаларды әртүрлі қоғамдық пайдалы еңбектің педагогикалық ұйымдастырылған түрлеріне тарту үрдісі, оларға аздаған еңбек біліктерін, дағдыларын беру, еңбексүйгіштіктерін, басқа да адамгершілік сапаларын, еңбек мақсаты, процесі мен нәтижесіне эстетикалық көзқарасты қалыптастыру.

Тұрмыстық өзіне-өзі қызмет көрсету еңбегі балалардың жеке еңбек әрекеттері есебінен оның тұрмыстық қажеттіліктерін қанағаттандыруды қарастырады. Оған төсегін жинау, киімі мен аяқ киімін күтіп ұстау, өзі отырған ортаны таза ұқыпты ұстау кіреді. Балалардың лагердегі өзіне-өзі қызмет ету еңбегіне лагерь бойынша, асханадағы кезекшілік те жатады.

Тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру - бұл белсенді қарым-қатынас процесі, балалардың қарым-қатынас жасауға, зияткерлік және дене жағынан дамуына, мінез-құлқын қалыптастыруға деген қажеттіліктерін қанағаттандырады. Баланың лагерде болған кезеңінде бірыңғай өмір сүру процесі құрауыштарының бірі болып саналады. Оның негізі әртүрлі қоғамдық маңызды рөлдер мен жағдайларды еркін таңдап алудан тұрады, рухани-адамгершілік қарым-қатынас үшін жағдай жасалады, мінез-құлық

нормасы этикет, толеранттық ережелерін бекіту жүзеге асырылады. Бала еңбекте және оқуда жүзеге асыра алмаған өзінің дене және рухани қабілеттері мен бейімділіктерін бос уақытында ашып көрсетеді.

Концертке, спорт жарыстарына, қойылымдарға бару, қыдыруға, саяхатқа шығу да баланың көңіл көтеріне ықпал жасайды. Демалыс белгілі бір шамада балаларды күнделікті шаруаларынан босатады, оларға эмоциялық көңіл күймен өз сезімдерін ашып көрсету мүмкіндігін береді. Өздігінен білім алу балаларды мәдени құндылықтарға тәрбиелейді. Өздігінен білім алуға экскурсиялар, пікірталастар, іскерлік ойындар жатады.

Лагердегі **тәрбие жұмысының маңызды бағыты** - балаларды қызығушылығы бойынша шағын топтарға біріктіретін үйірмелік әрекет.

Лагердегі үйірмелерді ұйымдастыру вариативті сипатта болады, яғни әрбір ауысым кезеңінде мектеп мұғалімдерінің басшылығымен тұрақты үйірмелер жұмыс жасайды. Үйірмелерде жұмыс жасау балаларды бірлескен шығармашылық арқылы дамытады. Бұл кезде мінез-құлық нормасы мен этикет ережелерін бекіту, жана пәндермен және құбылыстармен танысу, табиғатқа қамқорлық жасау, еңбексүйгіштікке баулу жүзеге асырылады. Балалардың қызығушылығын неғұрлым пайдалы жүзеге асыруға жағдай жасалады.

Балалардың жазғы демалысын өз дәрежесінде ұйымдастыру үшін мынандай шаралар жүзеге асырылуы тиіс. Атап айтқанда, ең әуелі, балалар мен жасөспірімдердің жаз мезгіліндегі демалысын өткізу, денсаулығын түзеу, еңбекпен қамту мәселелерін үйлестіріп және қадағалап отыратын мемлекеттік органды анықтау; балалардың демалысын ұйымдастыруға әртүрлі діни конфессия өкілдерінің араласу жағдайлары да кезігіп жүргендіктен, қала сыртындағы лагерьлерді міндетті түрде лицензиялау мәселесін назарға алу; білікті кадрлар, оның ішінде психолог-педагогтық, физкультуралық-спорттық, медициналық мамандарды дайындау тәжірибесін жаңғырту, лагерь жағдайында балалармен жұмыс істейтін аға және топ жетекшілері жүйесін қалпына келтіру, ішкі туризм бойынша балалардың тарихи орындарға экскурсиялық жорықтарын, саяхаттарын ұйымдастыру шараларын реттеу. Осы жайттарды басшылыққа ала отырып, оқушылардың емдеу-сауықтыру тұрғысындағы демалысы мен жасөспірімдерді жазғы еңбек тоқсанына тарту жүйесін дамыту арқылы өскелең ұрпақтың денсаулығын жақсарту.

Балалар мен жасөспірімдердің жазғы демалысын ұйымдастыруды жетілдіруде тәрбие жұмысын ұйымдастыруды маңызы балалардың жалпы дүниетанымдық тұрғыда дамуы мен жетілуіне ықпал жасау. Сондықтан тәрбие жұмысын ұйымдастыруда тәлімгер баланың бос уақытын дұрыс пайдалануға бағыттау мен үйретуге назар аударған дұрыс. Бос уақыт дене және ақыл-ой қызметін тынықтыра тын, қарым - қуатты жетілдіретін іс-әрекетке жұмсалуды жөн. Әйтсе де тыныға жүріп, ойын барысында балалардың шынығу – шыңдалу мәселесімен қатар, түрлі бағыттағы іс-шараларға тарту арқылы тәрбиелеу маңызды.

2. Жазғы сауықтыру лагерінде жүргізілетін тәрбие жұмыстарының мазмұны

Лагерь кез келген балаға өзін көрсетуге, өзін-өзі сыйлау мен өзін-өзі көрсете білудің жоғары деңгейіне жақындау мүмкіндігін береді. Балалардың сауықтыру лагерлері балалар өз мүмкіндіктерін, бос уақытында жеке басына қажетті дене және әлеуметтік қажеттіліктерін жүзеге асыратын әлеуметтік ортаның бір бөлігі. Бір жағынан, жазғы лагерь-жасы, жынысы және даму деңгейі әр түрлі балалардың бос уақытын ұйымдастыру формасы, екінші жағынан-бұл сауықтыру, көркемдік, техникалық, әлеуметтік шығармашылықты дамыту кеңістігі.

Осыған орай, балалардың жазғы демалысын ұтымды пайдалану мақсатында, олармен **түрлі шаралар өткізуде** тәрбиешілер:

- балалардың жас ерекшелігін;
- психологиялық ерекшелігін;
- денсаулығын;
- ұлттық ерекшелігін;
- аймақтық ерекшелігін;
- діл (менталитеттік) ерекшелігін;
- жыныстық ерекшелігін;
- қабілет-мүмкіндігін, т.с.с. ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескеруі қажет.

Сонымен қатар, **өткізілетін шаралар нәтижесі** балаларға:

- өз денсаулығы мен өзінің өсіп-жетілуіне мән беруге;
- ойын әрекеті барысында ойлау әрекетінің де тиімді әдістерін меңгеруге;
- достық, жолдастық, сыйластық, өзара көмек т.б. сияқты адами қасиеттерді ұғынуға;
- туған жердің табиғатынның және экологиялық маңызына мән беруге;
- азаматтық-елжандылық сананы қалыптастыруға;
- ұлттық және мәдени, тұрмыстық салт-дәстүр, және т.б. ұғымдарды меңгеруге қалыптастыру – тәрбиеші-ұстаздың басты міндеті.

Қойылған міндеттерді жүзеге асыру үрдісінде оны орындау және түзетуді бақылау – жоспардың нақтылығы.

Нақты педагогикалық міндеттерді анықтау:

- лагерь орналасқан жердің, елдің даму перспективасы;
- қазіргі заманғы балалар қозғалысы мен ұйымдары қызыметінің негізгі бағыттары;
- лагерь жұмысының күнтізбелік және перспективалық жоспарынан;
- лагердің әлеуметтік кеңесінің ұсыныстары арқылы жолға қойылады;

Лагердің топ жұмыстары дегеніміз, бұл:

- ауысымда жүретін жалпы лагерлік жұмыстардың бағыттылығы, сипаты, ауысымдарының өзгешелігі;
- лагердің дәстүрлігі;
- лагердің профилдері (жас тілшілер, туристер, спортшылар т.б.);
- мұғалім-ұйымдастырушылардың жеке қызығушылықтары;
- тәрбие үрдісінің материалдық жағынан қамтамасыз етілуі;
- лагердің барлық бөлімшелерінің өзара іс-әрекеті.

Жазғы мектеп лагеріндегі тәрбиешілер жұмысты ұйымдастырудың төмендегіше ретін ескеруге міндетті:

- а) күнделікті жоспарды құру;
- ә) топтың күнделігін жүргізу;
- б) ұйқыдан тұрғанға дейінгі 15-20 минуттық тәрбиешілер лездемесіне қатысу.

Лагерде балалармен жүргізілетін жұмыс түрлері

Жазғы маусымдық лагерлерде балалармен жүргізілетін жұмыс алуан түрлі болуы мүмкін. Олар:

- Спорттық, ұлттық, танымдық және жергілікті ойындар;
- Алғырлық, зерделік, тілдік шоу-сайыстары;
- Ер балалар мен қыз балалар арасындағы әдеп, салт-дәстүрге байланысты сын-байқаулар;
- Ұлттық дәстүрлер мерекесі;
- Өнер байқаулары;
- Әдеби викториналар;
- Сурет көрмесі, плакаттар байқауы;
- Пікірталас, пікір-сайыстар, интерактивті тапсырмалар;
- Көңілді тапқырлар клубы (КВН);
- Сөздік сайыстар, саяхаттар;

- Поэзия кештері;
- Ән-күй кештері;
- Концерттік кештер;
- Би кештері, т.б.

Бағыттары: көркемдік шығармашылық, эстетикалық, білімдік.

Әрекет түрлері: еңбектік, дене шынықтыру-сауықтыру, бос уақытты өткізу, үйірмелік.

3. Жазғы сауықтыру лагерінде жүргізілетін тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру жолдары

Тәрбиелік іс-шараларды даярлау үлгісі (сценарий)

Лагерь кезінде әртүрлі тәрбиелік іс-шаралар өтеді. Солардың ішінде бір тәрбиелік іс-шара. Сценарийді төменде ұсынылған үлгі бойынша құруға болады:

- 1. Тақырып** (тақырып өзекті, қызықты және форма бойынша мазмұнын ашатындай болуы шарт).
- 2. Өткізу формасы** (әңгіме, пікірталас, диспут, кездесулер және т.б.).
- 3. Тәрбиелік іс-шаралардың мақсаты мен міндеттері** (тәрбие жұмысының кез келген формасы үшбірлікті мақсатты көздеуі қажет: танымдық, тәрбиелік және дамыту). Тәрбиелік іс-шараның мақсаты жұмыстың жалпы бағыты ретінде тұжырымдалады, ал міндеттер оқушылардың тұлғалық қасиеттері мен сыныптағы өзара қарым-қатынасын дамытуға бағытталады. Тәрбиелік іс-шаралардың тиімділігі қойылған мақсаттың жүзеге асырылуына, таңдалған іс-шара тақырыбының шығармашылықпен ұштасуына, ұжыммен қарым-қатынас іскерлігіне байланысты.
- 4. Өткізу орны мен уақыты.**
- 5. Сахнаны безендіру және жабдықтау** (жабдықтауда қолданылған құралдар таңдап алынған тақырыптың мазмұнына сәйкес болуы қажет).
- 6. Даярлық жұмысы** (даярлық, балалар іс-әрекетін ұйымдастыру тәсілдері, әдістері).
- 7. Іс-шараның барысы** (Сценарий: кіріспе бөлім, негізгі бөлім (немесе кезеңдер), қорытынды. Тәрбие жұмысының барысы тәрбие мазмұны мен әдістерін жан-жақты сипаттауды қамтиды).
- 8. Тәрбиелік іс-шараларға өзіндік талдау жасау** (іс шараларды даярлаудағы және өткізудегі кедергі, кемшіліктер, қиындықтар, балалардың пікірі және т.б.).
- 9. Қолданылған әдебиеттер.**

Бағалауға ұсынылған сценарийді бейнетаспалар, фотосуреттер, суреттер, сызбалар және т.б. көрнекі құралдар арқылы дәлелді сипаттап көрсету. Тәрбиелік іс-шаралар сценарийі альбом түрінде немесе А-4 форматында рәсімделеді.

Тәрбиелік іс-шара төмендегі көрсеткіштермен бағаланады:

1. негізгі идея;
2. тақырыптың жас ерекшелігіне сәйкестілігі;
3. іс-шараны өткізуге балалардың қызығушылығы мен белсенді араласуы;
4. ұйымдастыру;
5. шығармашылық тәсілі;
6. балаларды басқару іскерлігі;
7. тәрбиешінің балалармен, балалардың бір-бірімен қарым-қатынас мәдениеті;
8. залды (өтетін орын) безендіру эстетикасы;
9. қолданылған әдіс-тәсілдердің әртүрлілігі;
10. даярлық барысында балаларды қызықтыра алу іскерлігі.

Тапсырма:

Лагерь жағдайында іс шаралардың жоспарын құру.

1 маусым - Халықаралық балаларды қорғау күні.

4 маусым – Қазақстанның ұлттық рәміздер күні. , т.б.

Ресурстар:

Жазғы сауықтыру лагерін ұйымдастыру үлгілерін бағытқа алуға болады.

<https://infourok.ru/zhazi-sauitiru-lagerin-yimdastiru-2919134.html>

Тақырыбы: Лагерьдегі балалар психологиясын зерттеу, танып білу. Білім алушыларды зерттеу әдістемелері

Жоспары:

1. Лагерьдегі балалар психологиясы зерттеу, танып білу мақсаты мен міндеттері
2. Білім алушыларды зерттеуде қолданылатын диагностикалық әдістемелер
3. Балалар ұжымын зерттеу диагностикасы

1. Жазғы лагерьдің мақсаты – балалардың жазғы демалысын қызықты да мазмұнды ұйымдастыру. Осы негізде баланың танымын ашу, қызығушылығын арттыру, интеллектуалдық өрісін кеңейту, дағдысы мен тәрбиесін қалыптастыру, дарыны мен бейімін шыңдау міндеттері де көзделеді.

Бұл мақсаттарды жүзеге асыратын, лагерьде балалардың бос уақытын дұрыс өткізуге көмектесетін ең бірінші адам – тәлімгер - тәрбиеші. Ол балалардың денсаулығы мен өмірін қорғауға, лагерь өміріндегі шараларды әзірлеуге, тәртіп пен тазалықты сақтауға, олардың шығармашылық қабілетін дамытуға, өзара сыйлатық қарым-қатынасын орнатуға, топтағы жағымды психологиялық ахуал қалыптастыруға міндетті. Осы міндеттерді орындауда әрбір тәлімгер ең алдымен балалардың психологиялық ерекшеліктерін танып білуі қажет. Шағын уақыт ішінде баланың психологиялық ерекшеліктерін зерттеу оңай іс емес, ол ең алдымен тиімді әдіс-тәсілдерді қолдана білуді қажетсінеді.

Жазғы лагерь балалардың және жеткіншектердің өміріне, әлеуметтік, психикалық және рухани саулығына, олардың демалуы мен дамуына толық жауапкершілікпен қарайтын өзбеттілік педагогикалық жұмыс болып табылады.

Лагерь жағдайында балалар мен тәрбиешілер арасындағы өзара қатынастар мектептікінен ерекшеленеді: тәрбиеші күнделікті жұмысқа келмейді, ол балалармен тәулігіне 24 сағат бойы бірге. Лагерьде оған уақытша балалар ұжымын қалыптастырып, дамытуға көп жұмыс істеуге тура келеді. Бір-бірін аз таныған түрлі өмірлік тәжірибесі бар балалар мен жеткіншектердің қарым-қатынасы мен олармен жұмыс белгілі бір құндылықтар жүйесі бар, тұлғааралық қатынастар қалыптасқан балалар тобына айналуы қажет. Мектепте – сыныптағы балалардың жастары бірдей. Ал қазіргі лагерьлерде түрлі жастардағы топтар қалыптаса бастайды.

Лагерьдегі формальды емес іс-әрекеттердің формалары мен түрлерінің көптүрлілігі, әрбір тәрбиеленушінің өзін-өзі тануы мен өзін-өзі жетілдіруге қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Тәлімгерлер лагерьдің педагогикалық ұжымның мүшесіне айналады, оның өзге қызметкерлерімен, әкімшілігімен өзара қатынасқа түседі. Олар штаттық кестеге кіреді, еңбек тәртібін сақтайды, еңбекақы алады, тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығын қарастыратын іс-қағаздары мен заңнамалы құжаттарды басшылыққа алады.

Оқушылардың негізгі іс-әрекеті оқу болып табылатындықтан, оқу процесі кезінде баланың дене және психикалық күштері шығындалады. Жазғы демалыс баланың дене, психикалық күштерін шыңдайтын, рухани күшін байытатын, қуанышы мол, қызықты кезең. Сондықтан жазғы балалардың демалысын дұрыс ұйымдастыру өте маңызды мәселе. Қазір қоғамымызда лагерьдің көптеген түрлері балалардың бос уақытын тиімді

өткізуге, денсаулығын жақсартуға, дарындылығы мен шығармашылық қабілеттерін арттыруға қызмет етуде.

Лагерьдегі ауысымның логикасы бұрыннан анық: ұйымдастырушылық, негізгі және қорытынды кезең. Бұл үш кезеңдердің мазмұны да анықталған.

Алғашқы кезеңде тәлімгер тәрбиешімен бірге (немесе екінші тәлімгермен) міндетті түрде (3-4 күн ішінде) нәтижелі жұмыс пен өзінің топ өмірінің негізін жасау қажет: топ мүшелері бір-бірімен тез танысу үшін жағдай жасау (аттары бар ашықхат, арнайы танысу ойындары және т.б.); қызықты істер жөнінде ой жүгіртіп балалармен бірлесе отырып жұмыс жоспарын құрып, топтағы өзін-өзі басқаруды анықтап немесе ұйымдық істерді шешу қажеттігі туғанда балаларды қатыстыру, ***бейімделу кезеңінде психологиялық қолдау көрсету, әсіресе, бұл күндер – ауысымның алғашқы психологиялық дағдарысы: балалардың көпшілігіне бейімделу қажет.*** Жаңа адами және заттық қоршаған ортаға, өз-өздеріне қызмет көрсетуге, режимге, жаңа талаптарға бейімделу керек.

Балаларды танып білу мақсатында тәлімгер келесі ойындарды қолдана білуі керек:

-Танысу ойындары;

-Қарым-қатынасты жақсарту ойындары;

Танысу және қарым-қатынасты жақсарту ойындары ретінде: «Менің есімім», «Менің қимылым», «Ыстық микрофон» ойындарын ұсынуға болады.

«Менің есімім» ойынының тәртібі:

Балалар тәлімгермен бірге шеңбер құрады. Бірінші бала өзін былай деп таныстырады: «Менің есімім Айғаным, сіздер мені Айя деп атауларыңызды қалаймын!», келесі бала: «танысқанымға қуаныштымын Айя, менің есімім Ерке Наз, сіздер мені Ерке деп атауларыңызды қалаймын!», осылай ойын жалғаса береді. ***Балаларды өздеріне ұнайтын аттарымен атауы қарым-қатынасты жақсартта түседі.***

Келесі ойын: «Менің қимылым»

Балалар шеңберде тұрады, бірінші бала: «Менің есімім Айя, менің қимылым...» деп өзіне ұнайтын қызықты қимыл көрсетеді, мысалы бір би қимылы, немесе «ДЭБ» қимылы. Басқа балалар хормен: «Айя!»-деп қимылды қайталайды, ойын шеңбер бойынша жалғаса береді.

Бұл ойын жасқаншақтықты жоюға, әркімнің ерекше көрінуіне жағдай туғызады. (Тәлімгер қимылдар арқылы баланың бейімділігін байқап, өзіне мәлімет жинап тұрады, мысалы бір бала спортқа бейім, енді біреуі биге икемді, біреу өте ұялшақ, келесі біреуі керісінше өте өжет т.б. Ұйымдастырушылық қабілеті басым, лидерлік қабілеті бар балаларда бірден көзге түседі)

Келесі ойын: «Ыстық микрофон»

Тәлімгер микрофонды балаларға берерде, оның өте ыстық екенін ескертеді, сондықтан қысқа уақытта бала микрофонға өзі туралы тек негізгі, маңызды информацияны ғана айтуы керек. ***Осылайша тәлімгер балалар туралы қысқа әрі маңызды мәлімет алады.***

Тәлімгер балалардың есімдерін бірден есіне сақтап алуы абзал. Балаларды атымен атауы қарым - қатынасты жақсартта түседі. Атақты психолог Дейл Карнеги: «Адамның есімі –қандай тілде болмасын, ол үшін ең маңызды және тәтті үн»-деген екен.

Сонымен, шағын уақыт ішінде бірнеше маңызды іс атқара алдыңыз, балаларды ойын арқылы ***сергіттіңіз, таныстырып аттарын еске сақтауға мүмкіншілік жасадыңыз, қарым-қатынастарын жақсартта отырып, өзіңізге де балалар туралы мәлімет алдыңыз.***

Балалардың психологиясын зерттеу мақсатында бірнеше әдістемелер ұсынуға болады. Оларды тәлімгер лагерьде жұмыс жасайтын психологтың көмегімен ұйымдастыруына болады.

2. Білім алушылардың жеке қасиеттерін зерттеуде қолданылатын диагностикалық әдістемелер.

Балалардың қасиеттерін анықтау және дамыту тәрбиеші-тәлімгердің басты міндетінің бірі болып табылады. Лагерьдегі тәрбие жұмысының неғұрлым қызықты, тиімді тәсілдерін шығармашылықпен таңдап алу, оның нәтижелерін есептеп, бағалау, бала тұлғасының дара лығын ескеріп, жеке қарау үшін оларды жан- жақты зерттеу, жан дүниесіне үңілу қажет. Балалардың мінез-құлқы, тұлғалық қасиеттері әр түрлі екендігін есте ұстаған жөн. Баланы зерттеуде төмендегідей диагностикалық әдістемелер ұсынуға болады.

№1 Диагностика « Менің 10 – «МЕН»-ім»

Мақсаты: Баланың өз-өзіне есеп беруін, бақылауын анықтау.

Барысы: Балалар бір парақ бетке 10 рет « МЕН» деп жазулары керек және сол жазылғанның жанына өзінің бойындағы қасиеттерін жазулары керек.

(мысалы, МЕН – мейірімдімін.т.б.)

- | | |
|----------|-----------|
| 1. МЕН – | 6. МЕН – |
| 2. МЕН – | 7. МЕН – |
| 3. МЕН – | 8. МЕН – |
| 4. МЕН – | 9. МЕН – |
| 5. МЕН – | 10. МЕН – |

Нәтижесі: _____

№2 Диагностика. « Менің өмірімдегі есте қалған оқиғалар»

Мақсаты: Баланың адамгершілік ұғымының мәнін түсінуін анықтау және жан дүниесін тану.

Барысы: Балалар ес кіргеннен бастап өзінің есінде қалған ең ерекше деген өміріндегі оқиғаларды тізбектеп жазулары тиіс. Мына үлгі бойынша:

Жыл	Ерекше есте қалған оқиғалар

Нәтижесі: _____

№3 Диагностика « Блиц – сауал »

Балалар 1 минут ішінде төмендегідей үлгідегі сұрақтарға жауап берулері тиіс:

1. Сүйікті есімің
2. Сүйікті жыл мезгілі
3. Сүйікті түсің

4. Сүйікті кітабың
5. Сүйікті ағаш
6. Сүйікті гүлің
7. Сүйікті әнің
8. Сүйікті ән тобың
9. Сүйікті киімің
10. Сүйікті мерекен
11. Сүйікті музыкалық аспабың
12. Сүйікті әншің
13. Сүйікті аң
14. Сүйікті ісің
15. Сүйікті тамағың
16. Сүйікті айың
17. Сүйікті пәнің
18. Сүйікті бишің
19. Сүйікті мұғалімің
20. Сүйікті затың

Нәтижесі: _____

№4 Диагностика « Аяқталмаған тезис»

Балалар төмендегі сөйлемді аяқтауы керек. Оны түрлі дәлелдер арқылы да жазып аяқтауға болады.

1. Мен мынаны армандаймын,
2. Менің өмірімдегі басты нәрсе – ол
3. Маған мынадай жағдайларда жақсы,
4. Маған мынадай жағдайларда жаман,.....
5. Маған үлкендердің былай істегені ұнайды,
6. Маған үлкендердің былай істегені ұнамайды,.....
7. Мен бос уақытымда,.....
8. Менің өмірімдегі ең қуанышты жайт, ол
9. Өмірімдегі менің ең үлкен қателігім, ол.....
10. Кей кездерде мен мынадай істерді істегім келеді,.....

Нәтижесі: _____

№5 Диагностика « Өзін - өзі жарнамалау»

Мақсаты : Өз-өзіне баға беру дағдысын анықтау.


Барысы: Балаларға қандай да бір байқауға қатысу үшін газетке жарнама берулері тапсырылады. Ол жарнамада оқушы өзінің ішкі қасиеттерін жазуы керек. Жарнаманы шынайы түрде жазулары талап етіледі.

Нәтижесі:

№6 Диагностика. «Менің портретім»

Мақсаты: Балаланың өзін-өзі бағалауын анықтау.

Барысы: Бала өзінің портретін салуы керек. Ол үшін оқушы бір парақ бет алып оның ортасына өзінің автопортретін қояды, сосын оның айналасына өзінің портретін толықтыратын негізгі бойындағы қасиеттерін жазуы керек.



Нәтижесі:

№7 Диагностика «Толғам»

Мақсаты: Баланың адамгершілік т.б. құнда сапаларды өзінше түсінуін, бейнелеуін анықтау.

Барысы: Балаларға қандай да бір сөз, ұғым немесе құбылысқа байланысты өзіндік толғамды жазу тапсырылады. Балалар кем дегенде 10-15 сөз жазулары керек және ол сөздер берілген ұғыммен байланысты болуы тиіс.

(МЫСАЛЫ: **Қуаныш** – тарту- жақсы баға- ата-ана – мереке – мейрам – қайырымдылық – жақсылық – орындалған арман т.б.)

Нәтижесі: _____

№8 Диагностика « Аяқталмаған мәтін »

Балаларға аяқтауға сөйлемдер беріледі, оқушылар оны өз ой толғамдары бойынша аяқтаулары тиіс.

Өмір – ол

Дос деген, ол.....

Адам болу деген,.....

Ең жоғары қуаныш, ол.....

Ең үлкен сұмдық нәрсе, ол.....

Өмірдегі ең басты нәрсе, ол.....

Мен үшін адамға қуаныш сыйлау деген, ол.....

Нәтижесі: _____

3.Балалар ұжымындағы қарым-қатынастарды зерттеу әдістемелері.

Лагерь ауысымының қызықты ұйымдастырылып өтуі, көптеген факторларға байланысты, соның ішіндегі негізгілерінің бірі: ұжымдағы балалардың өзара қарым-қатынастары. Балалар қарым-қатынасы неғұрлым тату, ынтымақтастық, ұйымшылдық сипатта болса, лагерь өмірі соғұрлым қызықты да мазмұнды өтпек.

Өздеріңіз білетіндей, балалардың іс-әрекетін ұйымдастыру үшін, алдымен олардың қарым-қатынас ерекшеліктерін зерттеп білу, диагностикалау керек.

Осы мақсатта төмендегідей балалар ұжымын зерттеудегі диагностикалық әдістемелер ұсынуға болады.

№1 диагностикалық әдістеме «Мен тұратын үй »

Мақсаты: балалардың өзара достық қарым-қатынастарын анықтау.

Барысы: балалар бір парақ бетке көп қабатты үйге өзіне қымбат, жақын адамдарын әр қабат бойынша тұрғызып, аттарын жазуы керек.(олар: достары, ата-анасы, туыстары, сыныптастары)

Нәтижесі: _____

№2 диагностикалық әдістеме « Судағы шеңберлер »

Мақсаты : топтағы достық қарым-қатынастарын анықтау.


Барысы: Балаларға бірнеше шеңберлер салынған бір парақ қағаз беріледі. Олар осы шеңберлердің ішіне өзіне жақын лагерьдегі достарының атын біртіндеп жазуы тиіс. Әр шеңберге үш баланы ғана аты жазылуы керек.

Нәтижесі: _____

№3 диагностикалық әдістеме « Саты »

Максаты: балалардың өзара қарым-қатынастарын және адамгершілік байланыстарын анықтау.

Барысы: балалар өз тобының балаларын марапаттау сатысына орналастырулары керек. Бала әр сатыға таңдаған баланың атын, не үшін осы сатыға қойғанын да жазуы тиіс. Сондай-ақ әр бала сатының біреуіне өзін не үшін қоятынын жазуына болады.



Нәтижесі: _____

3. Балалар ұжымын зерттеу диагностикасы

I. **Алдын-ала танысу.** Алдын-ала танысу кейінен тәрбиені неғұрлым тиімді ұйымдастыруға, балалар ұжымын ынтымақтастырудың барынша ұтымды жолдарын табуға мүмкіндік береді.

Тәлімгер балалардың іс-қағаздарымен, медициналық анықтамаларымен танысады. Алғашқы аптаның ішінде-ақ балалардың жанұясы туралы мәлімет жинақтауына болады. Сауалнама беру арқылы балалардың өздерімен, жанұяларымен сырттай танысуға мүмкіндік алады.

II. **Бақылау.** Бақылау (байқау) – балалардың мінез-құлқын табиғи жағдайда сипаттайтын түрлі құбылыстар мен фактілерді ұйымдасқан түрде қабылдауды көздейді. Егер тәлімгер ұжымды, жеке баланы бақылай отырып, фактілерді жай ғана тізе бермей, ашылған құбылыстың түп тамыры мен себептерін ашуға, мұны талдап түсінуге ұмтылса, бала дамуының өзгерістерін қадағаласа, бақылау зерттеудің тиімді тәсіліне айналады.

III. **Табиғи эксперимент.** Эксперимент балалардың тәрбиелік дәрежесін, өмір мен қызметтің әртүрлі жағдайындағы өзара қатынасын, өзін қалай ұстайтынын, белсенділігін және мінезін, тағы басқа қасиеттерін анықтауға көмектеседі.

IV. Бала әрекетінің нәтижелерін талдау. Бұл тәсіл балалар туралы айтылған пікірге қарап емес, олардың лагерьдегі күнделікті іс-әрекеттері, қызмет нәтижелері (ойын, шығармашылық, қоғамдық пайдалы еңбек, үйірмелер және өзіне өзі қызмет етуге қатысуы, спорттық ойындарға қатысуы) бойынша түсінік алуға мүмкіндік береді.

V. Балаларды зерттеу жүйесіндегі әңгімелер. Егер әңгіме табиғи жағдайда өтіп, нақты жайды талдаумен байланысты болса, өте жақсы. Әңгіме мейлінше тиімді болуы үшін оның мақсатын, қойылатын сұрақтарды алдын ала ойластырған жөн. Тәжірибелі тәлімгер әңгімені қайдағы бір тергеу сипатында жүргізбейді. Жетекші сұрақтардың көмегімен балалардың ұжымдағы белгілі бір оқиғаға қалай қарайтынын, өзінің мінез-құлқын, жолдастарының әрекетін қалай бағалайтынын анықтайды.

VI. Балаларды зерттеу үрдісінде сауалнаманы қолдану. Сауалдама адамгершілік ұғымдар мен түсініктерді, айналадағы адамдарға деген қатынасты анықтауға, ынта мен бейімділікті зерттеуге көмектеседі. Ол, әсіресе түрлі моральдық қасиеттер туралы түсінігін анықтау үшін кеңінен қолданылады. Негізгі адамгершілік қасиеттерді түсінудегі елеулі алшақтықтарды және оның үстіне теріс, дәл емес жауаптарды анықтағаннан кейін, тәлімгер сауалдамадағы сұрақтардың мән мағынасы бойынша этикалық әңгіме өткізеді.

VII. Балалардың өзара жеке қатынасын зерттеуде социометриялық әдістерді қолдану: Бұл әдістер жанама сұрақтар қою жолымен өзара ұнатуды, жақтырмауды немесе бір-біріне деген немқұрайдылықты анықтауға, ұжымда кімнің беделі жоғары, ал кімнің беделі төмен екенін білуге мүмкіндік береді. Бұл әдіс балалар тобы ішіндегі қарым-қатынастардың сипатын анықтауға мүмкіндік береді. Неғұрлым сыйлы, беделді және белгілі балаларды анықтап, тәлімгер кейін лагерьдегі қызықты істерді ұйымдастыру кезінде, өзін-өзі басқару ұйымдарын сайлау барысында және оларға басқа жұмыстарда оларға сүйене алады.

Социометрия әдістемесі

(социометрия-тұлғааралық қатынастарды өлшейтін теория, оның авторы америкалық әлеуметтік психолог Дж.Морено.)

Мақсаты: Балалар арасындағы қарым-қатынасты зерттеу

Зерттеу барысы: балаларға сауалнама үлестіріледі:

1. Кіммен дос болғың келеді?
2. Кіммен бірге жорыққа шыққың келеді?
3. Кімді туған күніңе шақырғың келеді?

Балалардың жауаптарын алғаннан кейін төмендегідей кесте толтырылады:

№	Кім таңдайды?	Кімді таңдайды?								
		1	2	3	4	5	6	7	8	9
1										
2										
3										
Т.б										
.										
	Қанша рет таңдалды?									
	Өзара (бірін-бірі) қанша адам таңдады?									


Таңдау матрицасы

Таңдау матрицасындағы мағлұматтарды өңдеп болған соң, «Социограмма» жасалады

Социограмма

4 шеңберден тұрады:

- 1-дөңгелекке (орталыққа) ең көп таңдалынған оқушылар түседі (2 есе көп таңдалынғандар)
- 2- дөңгелекке орташа сан таңдалынғандар
- 3- дөңгелекке елеусіз балалар (орташа саннан төмен)
- 4- дөңгелекке оқшау қалған, шеттелген балалар (бір де бір рет таңдалынбаған)



Бұл зерттеу бойынша ең көп таңдалынған балаларды ұйымдастыру жұмыстарында басшылыққа алуға болады.

Көп таңдала қоймаған балаларды лагерьдегі қызықты жұмыстарға, ойындарға тартып, ашылуына, жасқаншақтықты жоюға мүмкіншілік жасау керек. Тәлімгер, әсіресе баланың оқшау, топтан тыс қалып қоймауына назар аударуы, әлеуметтену процесіне жағдай туғызуы қажет.

Балалардың демалысының қызықты өтуі, топ арасындағы бір-бірімен қарым-қатынасы, ұйымшылдығы және т.б. қасиеттері де әсер етеді. Оны анықтау үшін төмендегідей тәсілдерді қолдануға болады.

«Топтағы ахуал» - шағын зерттеу

Оқушыларға мағыналары қарама-қарсы сөздер жазылған бір-бір парақ қағаз үлестіріледі. Солар арқылы ұжымындағы ахуалды зерттеуге болады. Оқушылар «х» белгісін сол жаққа немесе оң жаққа жақын қойса, ұжымда сол белгі айқын көрініс береді. Оқушылар мына бланкіні толтырады:

	5	4	3	2	1	
1. Достық қалып, жылышырайлық						Араздық
2. Келісім						Келіспеушілік
3. Қанағаттылық						Қанағатсыздық
4. Құштарлық						Селқостық, немқұрайлылық
5. Жылылық						Салқындық
6. Ынтымақтастық						Алауыздық
7. Қызығушылық						Зерігушілік
8. Табыстылық, жемістілік						Табыссыздық, нәтижесіздік

Қорытындылау: Әрбір жұп сөздің орта бағасын есептеп шығару қажет. Алынған нәтижені график арқылы көрсету. Графиктің сол жағы неғұрлым басым болса, топтағы ахуал да, соғұрлым, қолайлы екендігін көрсетеді.

Тәлімгер балалардың психологиялық ерекшеліктерін неғұрлым жылдам анықтауы, балалармен ұйымдастырылатын жұмыстарды тиімді жоспарлап, өткізуіне, қалауы мен бейімділігін ескеруге толық мүмкіншілік береді. Әрине, барлық шаралардың табысты өтуі балалардың лагерь өміріне белсенді қатысуынан болады. Сондықтан тәлімгерлер әр баланың қызығушылығын анықтап, соларға сәйкес жұмыстарға тартуы маңызды.

Әдебиеттер:

1. Зерттеудің негізгі тәсілдері. <https://baribar.kz/student/4054/zertteudinh-negizgi-tasilderi/>

2. Бекмағамбетова М.Е Оқушылардың жеке тұлғасын зерттеу әдістемелері
<https://infourok.ru/oushildardi-zheke-tlasiin-zertteu-distemeleri-atti-tairipta-zhoba-259465.html>
3. Исабек К.М. Оқушының жеке тұлғалық ерекшеліктерін зерттеу
<http://artpsy.kz/o-ushyny-zheke-t-l-aly-erekshelikter/>
4. Исаева И.Ю. Досуговая педагогика https://libking.ru/books/pedagogy_book/660847-irina-isaeva-dosugovaya-pedagogika-uchebnoe-posobie.html

Тақырыбы: Жасақ жоспарының негізгі бағыттары

Жоспар:

1. Жазғы сауықтыру лагерінде жүргізілетін жұмыс жоспарының негізгі бағыттары
2. Балалардың жазғы демалыстарын ұйымдастыруда жасақ , топтарының аты, ұраны, әні .
3. Балалардың жазғы демалыстарын ұйымдастыруда жасақ , топтарының аты, ұраны, әнін таңдау және құрастыру талаптары мен маңызы.

1. Жазғы сауықтыру лагерінде жүргізілетін жұмыс жоспарының негізгі бағыттары

Күндізгі сауықтыру лагері жазғы каникул кезінде мынадай мақсатта құрылады:

- балалар мен жасөспірімдердің демалысын тиімді пайдалануына және сауықтырылуы мен демалысы үшін қажетті жағдайлар жасау, жалпы мәдениетін, салауатты өмір салтының дағдыларын қалыптастыру;
- балалардың денсаулығын нығайтуына, шығармашылық еңбегіне, өздерінің қабілеттерін іске асыруы үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ету.

Лагерьдің ұйымдастырушысы білім басқармалары, білім беру ұйымдары, жергілікті жердегі клубтар, балалар мен жастар ұйымдары, сол сияқты, жарғылық негізде балалардың демалысын ұйымдастыра алатын басқа да ұйымдар болуы мүмкін.

Жазғы сауықтыру лагерін ұйымдастыру және қызметінің негіздері

Лагерь жалпы білім беретін мектептердің, мектептен тыс ұйымдардың және балалар мен жасөспірімдердің тұратын жеріндегі басқа да білім беру ұйымдарының базасында құрылады. Лагерь бір немесе бірнеше білім беру ұйымдарының оқушыларынан жинақталады.

Балалар мен жасөспірімдердің лагерьде болу мерзімін және ауысым санын білім беру, денсаулық сақтау ұйымдары берген нұсқауларын, табиғи-климаттық жағдайларын ескере отырып, құрылтайшы анықтайды.

Лагерьде топтар, отрядтар, бағдарлы бірлестіктер құрылады, оларды толықтыру оқушылардың жас ерекшеліктеріне және ынта-ықыластарына, санитарлық-гигиеналық нормаларына, техника қауіпсіздігі ережелеріне, қаржы және кадрлар мүмкіндіктеріне сәйкес анықталады.

Жұмыс мазмұнын, түрін және әдісін балалар мен жасөспірімдердің ынта-ықыласын ескере отырып, демократиялық және адамгершілік, ұлттық және мәдени-тарихи дәстүрлерді дамыту негізінде педагогикалық ұжым анықтайды.

Жұмыс мазмұнын, түрін және әдісін таңдау барысында баланы дамытуға бағытталған (дұрыс тамақтану, медициналық қызмет көрсету, таза ауада болу, дене шынықтыру, сауықтыру, мәдени шараларды өткізу, экскурсиялар, жорықтар, ойындар ұйымдастыру, қызығушылықтары бойынша бірлестіктерде сабақтар өткізу: үйірмелерде, секцияларда, клубтарда, шығармашылық шеберханаларда) сауықтыру және білім беру қызметтеріне ерекше көңіл бөлу керек.

Өз қызметінің бағдарламасын, негізгі бағыттарын, күн тәртібін, өзін-өзін басқаруды ұйымдастыруды лагерьдің ұжымы дербес жасайды. Жалпы жиналыста лагерь

балалары мен қызметкерлерінің Кеңесі (басқару) немесе балалар мен қызметкерлердің өкілдігіне тең келетін өзін-өзі басқару ұйымы сайланады. Кеңес лагерь әкімшілігімен, ата-аналармен, өзге де заңды өкілдермен тығыз қарым-қатынаста қызмет атқарады.

Балалар мен жасөспірімдерді тамақтандыру лагерь ашылған ұйымның асханасында немесе аймақтық Мемсанэпедбақылау орталығының келісімі бойынша, шарт жасасу негізінде, жақын жерде орналасқан қоғамдық тамақтандыру орнында ұйымдастыры

Экскурсия және басқа шаралар өтетін жерге балалар мен жасөспірімдерден құралған топтарды жеткізу жұмысын екі педагог жүзеге асырады, тиісті көлік түріне қажетті барлық талаптар сақталады. Топтағы балалардың саны 30-дан асқан жағдайда әрбір 15 бала үшін 1 педагог саны артып отырады.

Лагерьде балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын және өмір қауіпсіздігін сақтау

Лагерьдің жетекшісі және қызметкерлері демалып жатқан балалардың денсаулығы мен өмір қауіпсіздігі үшін толық жауапты.

Лагерь қызметкерлері және балалар тәртіп сақтауға, ішкі тәртіп ережесін, күн тәртібін, оқу және тәрбие жұмыстарының жоспарын орындауға міндетті. Лагерьдің территориясынан лагерь қызметкерлері ере жүрмесе, шығуға рұқсат етілмейді.

Балалар мен жасөспірімдерге тексерілген суаттарда, су алабында шомылуға рұқсатты лагерь жетекшісі немесе дәрігер береді, топ болып шомылғанда бала саны 10 адамнан аспау керек және суда жүзу жөніндегі нұсқаулар аға тәрбиешінің және дәрігердің (мед.бикенің) қатысуымен өтеді.

Балаларды автокөлікпен тасымалдағанда, көліктің техникалық жағдайына, жүргізушінің дайындығына ерекше көңіл бөлінеді. Балаларды автокөліктің қандай түрімен тасымалдағанда да, жауапкершілік лагерьдің құрылтайшысына және жетекшісіне жүктеледі. Балаларды жүк автокөліктерімен тасымалдауға тиым салынады. Лагерьдің барлық ғимараттары өрт сөндіру және қорғану құралдарымен қамтамасыз етіледі. Лагерьде өрт шыққанда және апат болғанда балаларды эвакуациялау жоспары әзірленуі қажет.

Лагерьдің қызметкерлері жұмысқа арнайы семинардан, балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын және өмірін сақтау жөніндегі нұсқаудан өткен соң және медициналық рұқсат қағазын көрсеткен кезде ғана жіберіледі.

Жорықтар, экскурсиялар, экспедициялар Қазақстан Республикасының территориясына балалармен экскурсиялар, экспедициялар, туристік жорықтар ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқауға сәйкес ұйымдастырылады.

Жазғы сауықтыру лагерінде жүргізілетін жасақ жоспарының негізгі міндеттері:

-Балалар мен жасөспірімдердің демалысын тиімді пайдалануына және сауықтырылуы мен демалысы үшін қажетті жағдайлар жасау.

- Балалардың денсаулығын нығайтуына, шығармашылық еңбегіне, өздерінің қабілеттерін іске асыру үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ету

-Олардың тиімді демалысын және бос уақытын мазмұнды ұйымдастыру

-Азаматтық сана-сезімін, жалпы мәдениетін, салауатты өмір салтының дағдыларын ұйымдастыру.

-Ғылыми, техникалық, көркемдік шығармашылықта, спортта, туризм мен өлке тануда білімін, біліктілігін кеңейту, тереңдету.

2.Балалардың жазғы демалыстарын ұйымдастыруда жасақ топтарының аты, ұраны, әні олардың маңызы

Балалардың жазғы демалыстарын ұйымдастыруда жасақ топтарының аты, ұраны, әнін құрастыру лагердің дәстүрі деуге болады. Бұл дәстүрдің маңызы өте зор, ол балаларды ортақ мақсат-мүдде, ортақ маңызды іс-әрекеттер мен қызығушылықтардың қалыптасуына бағыттайды.

Балалардың жазғы демалыстарын ұйымдастыруда жасақ, топтарының аты, ұраны, әнін таңдау немесе құрастыруда тәлімгер балалардың:

- жас ерекшеліктерін;
- олардың қызығушылықтары мен бейімділіктерін;
- шығармашылық қабілет деңгейлерін;
- тәрбиелеуші ортаның заманауи талаптарын ескеруі қажет;

Бүгінгі таңда жазғы сауықтыру лагерлерінде төмендегідей жасақ аттары мен ұрандары көп қолданысқа

ие: "Күншуақ", "Балауса", "Балдәурен", "Тұлпар", "Айгөлек", "Дарын", "Қызғалдақ", "Мирас", "Талап", "Жұлдыздар" т.б.

3 Балалардың жазғы демалыстарын ұйымдастыруда жасақ, топтарының аты, ұраны, әнін таңдау және құрастыру талаптары мен маңызы

Балалардың жазғы демалыстарын ұйымдастыруда жасақ, топтарының аты, ұраны, әнін таңдау немесе құрастыруда тәлімгер балалардың:

- жас ерекшеліктерін;
- олардың қызығушылықтарымен бейімділіктерін;
- шығармашылық қабілет деңгейлерін;
- тәрбиелеуші ортаның заманауи талаптарын ескеруі қажет;

Сонымен қатар санамақтар (речевка, кричалка) құрастыруға болады.

Топтың бірігіп айтатын әні де болуы қажет, бүгінгі таңда балалар "хит" әндердің сазына салып сөздерін өзінше өзгертіп шырқағанды ұнататыны белгілі.

Сонымен қорыта айтқанда балалардың жазғы демалыстарын ұйымдастыруда жасақ, топтарының аты, ұраны, әнін таңдау және құрастыру өте маңызды.

Ең алдымен ол топ жасақтары мүшелерінің ұйымшылдыққа, шығармашылыққа, ортақ мүддеге бағытталуға көмектеседі

Өздік тапсырма:

топты бірнеше шағын шығармашылық топшаларға бөлеміз

I - Кіші мектеп жасындағы балаларға арналған топ аты, ұраны, санамағын құрастыр(7-8ж.)

II - Кіші мектеп жасындағы балаларға арналған топ аты, ұраны, санамағын құрастыр(9-10ж.)

III - орта буындағы жеткіншектерге арналған(11-12ж.),

IV - жоғарғы буындағы жеткіншектерге арналған(13-14ж.)

Электронды ресурс

• <https://kznews.kz/qazaqsha-referattar/qazaqsha-referat-zhazgy-demalys-lagerlerindegi-sporttyq-sauyqtyru-zhumystary-turaly-qazaqsha-referat/>
<https://www.tarbie.kz/24759>

Жазғы сауықтыру лагеріндегі күн тәртібін тиімді жоспарлау жолдары

Мақсаты: Білім алушыларға қала сыртындағы лагерьлерде және қала, ауыл мектептерінің жанында ұйымдастырылатын жазғы сауықтыру лагерінде күн тәртібін тиімді жоспарлаудың маңызы мен жолдарын түсіндіру.

Лагерь басшысының немесе мектеп жанындағы сауықтыру лагері болатын болса, онда мектеп басшысының бекітілген Ережелеріне сәйкес кәмететке толмаған топ балаларымен саяхат жасау, т.б. сол сияқты іс-шаралар, өрт қауіпсіздігін сақтау, еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігін сақтауға арналған іс-шаралар белгілі тәртіп ретімен атқарылады. Балалардың өсіп-жетілуі, шынығуы, денсаулықтарының мықты болып сауығуы көп жағдайда лагерь жұмысын ұйымдастыратын ересек адамдардың біліміне, іскерлігіне, жұмысқа даярлығына тікелей байланысты. Лагерь жоспары мен бағдарламаны іске асыруда тәжірибесі мол, іскер қызметкерлер мол еңбек сіңіруі керек. Тәрбиешілеріміз балалардың өмірі мен денсаулықтарына жауап береді, күн тәртібіне, санитарлық нормалардың, техника қауіпсіздігінің сақталуына, сауықтыру-тәрбиелеу жұмысын, балалардың бос уақытын дұрыс, пайдалы, мағыналы ұйымдастыруға жауапты. Сол сияқты өзін-өзі басқару ұйымдарының жұмысын, топтар жұмысын талдап, саралау жасайды. Арнаулы кадрлар (педагог-психолог, әлеуметтік педагог, мектеп дәрігері, кітапханашы, дене тәрбиесі мен музыка пән мұғалімдері) қызметтегі міндеттеріне байланысты арнайы педагогикалық жұмыс атқарады, өзін-өзі басқару ұйымдарының жұмысын ширатып, тәжірибесімен бөлісіп, қолдау көрсетіп, жұмысты алға апаруға, т.б. іс-шараларға қатыстырулары тиіс.

Ал осы істердің барлығы жүйелі құрастырылған лагерь ауысымының жоспары мен күн тәртібіне тікелей байланысты.

Егер адам ұйықтау, жұмыс істеу, тамақтану, демалу мерзімін күнделікті нақтылы бір уақыт белгілеп, сол сағатта тапжылмай қайталап отырса, оның өмірінде бұл дәстүрлі әдетке айналып кетеді. Соған орай ағзасы да бейімделеді.

Күндік режимді дұрыс ұйымдастыра білу баланың өмірге бейімділігін арттырып, жұмысқа қабілетін күшейтеді, денсаулығын жақсартуға әсер етеді. Психологтар бала күн тәртібін сақтаған жағдайда еш қиындықсыз жүйке жүйесінің қуатын ұйқыдан сергектікке, демалыстан кейін жұмыс істеуге, жұмыстан кейін әртүрлі ойындарға ауыстыра алатынын айтады.

Лагерьдегі күн тәртібі балалардың жас ерекшелігіне байланысты құрылады. Және дәрігерлер мен орта медициналық қызметкерлерге әрбір баланың денсаулығына және балалардың жазғы демалысының күн тәртібін дұрыс ұйымдастыруына үлкен жауапкершілік жүктеледі.

Сонымен, күн тәртібі дегеніміз – іс-әрекеттер мен міндеттерді, өз уақыттарында дұрыс ұйымдастыру.

Дұрыс ұйымдастырылған күн тәртібі – денсаулықты сақтаудың, міндеттер мен мақсатқа жетудің бірден бір кепілі болмақ.

Лагерьде төмендегі күн тәртібі бойынша жұмыс жүргізуге болады:

Тәлімгерлердің күнделікті міндеттері:

- ✓ Балалардың тәрбиесін өмір қауіпсіздігін ұйымдастыруды жоспарлайды.
- ✓ Балалардың өзін-өзі жақсы сезінуі үшін жағымды жағдайды ұйымдастыра отырып әр күндік жұмыстар жүргізеді.
- ✓ Демалу уақытына көмек көрсете отырып күн тәртібін орындауды ұйымдастырады.
- ✓ Мерекелік іс-шараға көмек көрсете отырып күн тәртібін орындауды ұйымдастырады.

**Жалпы орта білім беретін мектеп жанындағы жазғы сауықтыру
лагерінің күн тәртібі /үлгі/**

Уақыты	Іс шаралары	Жауаптылар
8.45-9.00	Қабылдау	Тәрбиешілер мен медицина қызметкері
9.00-9.15	Таңертенгі жаттығу	Дене шынықтыру мұғалімі
9.15-9.45	Таңғы ас	Тәрбиешілер
09.45-09.55	Жасақ сағаты	Аға тәлімгер, тәлімгерлер
09.55-10.00	Қауіпсіздік ережелерімен таныстыру	Аға тәлімгер
10.00-10.45	Психологиялық жұмыс	Педагог-психолог
10.45-11.45	Қозғалмалы ойындар	Дене шынықтыру мұғалімі
11.45-13.00	Тәрбиелік іс-шаралар	Аға тәлімгер, тәлімгерлер
13.00-13.45	Түскі ас	Тәрбиешілер
13.45-14.00	Гигиеналық тазалық	медицина қызметкері
14.00-16.00	Түскі ұйқы (7-10 жасқа дейінгі)	Тәрбиешілер
14.00-16.00	Үйірме жұмыстары	Аға тәлімгер, тәлімгерлер
16.00-16.30	Бесін ас	Тәрбиешілер
16.30-16.45	Тынығу, бүгінгі күннің нәтижесі	Аға тәлімгер, тәлімгерлер
16.45-17.00	Балаларды қайтару	Тәрбиешілер

Ескерту: кейбір мектеп жанындағы сауықтыру лагерьлері түскі, сағат 14.00-ге дейінгі уақытта жұмыс жасауы мүмкін. Яғни, мұндай лагерьлерде балалар түскі ас ішпейді және тынығу (ұйықтамайды) сағаты болмайды.

Қала сыртындағы лагерьлердің күн тәртібі
/11-16 жастағы балаларға үлгі/

№	Уақыты	Күн тәртібіндегі элементтер
1	7.45-8.00	Тұру
2	8.00-8.15	Таңғы жаттығу
3	8.15-8.30	Суға түсу, Күн тәртібімен танысу
4	8.30-9.30	Таңғы ас
5	10.00-12.20	Секциялар мен үйірмелерде айналысу, сауықтандыратын гигиеналық шаралар (ауа, күн ванналары, душ, шомылу) суда жүзуге түйрену
6	11.00-11.30	Екінші таңғы ас
7	13.00-14.00	Түскі ас
8	14.00-16.00	Түскі астан кейінгі күндізгі демалыс
9	16.00-16.30	Бесін тамағы
10	16.30-18.30	Үйірмелерде, спорт секцияларында айналысу
11	18.30-19.00	Бос уақыт, тыныш ойындар, жеке оқылым
12	19.00-20.00	Кешкі ас
13	20.00-21.00	Кештер, алаулар, топтық шаралар, линейка, диско-фiesta
14	21.30-21.45	Екінші кешкі ас
15	21.45-22.15	Кешкі алаулар, күн қорытындысын шығару, ұйқы алдындағы ертегі, гигиеналық процедура (кіші топтар үшін)

16	22.30	Ұйқы (кіші топтар үшін)
17	22.00-22.45	Кешкі алаулар, гитарамен ән айту, күн қорытындысын шығару, гигиеналық процедура (үлкен топтар үшін)
18	23.00	Ұйқы (үлкен топтар үшін)

Лагерьдегі атаулы күнді жоспарлау

Жазғы демалыс – мектеп оқушыларының жалпы физиологиялық, сана – сезімдік, дүниетанымдық тұрғыда даму, жетілу кезеңі. Бастауыш және орта буын сыныптарының балалары үшін бұл уақытқа тән – тұрпаттың табиғатпен ерекше үндестік тауып, дүниетаным аясы кеңітін, көзқарас қалыптасып, үйренуге ықыласы артатын жылдың тамаша мезгілі.

Жазғы лагерь балалардың және жеткіншектердің өміріне, әлеуметтік, психикалық және рухани саулығына, олардың демалуы мен дамуына толық жауапкершілікпен қарайтын өзбеттілік педагогикалық жұмыс болып табылады.

Осы негізде баланың танымын ашу, қызығушылығын арттыру, интеллектуалдық өрісін кеңейту, дағдысы мен тәрбиесін қалыптастыру, дарыны мен бейімін шыңдау бағытында жұмыстар ұйымдастырылады.

Жазғы сауықтыру лагерінің түбегейлі және ең басты мақсаты – жазғы демалыс кезінде балаларды сауықтандыру, сөйтіп, бала ағзасының түрлі ауруларға қарсы тұра алу мүмкіндігін нығайтып шынықтыру. Балалар денсаулықтарын жақсарту мақсатында шынығу процедуралары, спорт ойындарында, таңертеңгілік гимнастика жасау, жарыстар ұйымдастыру жоспарланады. Күн режимінде таңертеңгілік бой жазу жаттығуларына бастап, әртүрлі эстафеталық, спорттық ойындар, күннің ыстық күндері суда өткізілетін ойындар, тақырыптық күндер, «Жаңалықтар күні», «Нептун күні», «Денсаулық күні», «Қорқыныш күні», т.б. эстафеталық «Көңілді старттар» тәрізді өткізуге болады.

Лагердің ашылу салтанатының мақсаты: Жазғы демалыс лагеріне келген балаларды мектеп жанындағы демалыс лагерінің ашылу салтанатымен таныстыру.

Лагердің алғашқы күндерін ұйымдастыру. Лагердің алғашқы күндері – балалар үшін тартымдылығымен, ерекшелігімен есте қалуы тиіс. Лагердің ашылу салтанатын өткізу барысында алдын-ала дайындық шаралары ұйымдастырылуы тиіс. Олар:

- Балалармен танысу.
- Балаларды топқа бөлу.
- Топ атын, ұраны, әнімен әр топты таныстыру.
- Топ басшысын анықтау.
- Балалардың ән, жыр, биге қабілеттерін анықтау, өнерін ескеру.

Лагердің ашылу салтанатына қажетті құралдар:

– Жабдықтау. Көрнекіліктер: шарлар, түрлі түсті безендірулер, «Жаз-2020», немесе «Көңілді лагерь» сында жазылған плакаттар, гүлдер, жалаушалар т.б. Ескерту: оның бәрі эстетикалық талғамға сай болу керек.

- Музыкалық көркемдеу.
- Көңілді ахуал.
- Қатысушылар: балалар, жүргізушілер, тәлімгерлер, ата-аналар, лагерь әкімшілігі.

Лагердің ашылу салтанатында мынадай шаралар ұйымдастырылуы қажет:

1. Салтанатты кіріспе сөз. (тәлімгер)
2. Негізгі бөлім. (жүргізушілер бастамасымен)

- Лагерь туын әкелу. Лагерьдің ашылу салтанатын ашық деп жариялау.
 - Топтарды ортаға шақыру.(Атрибуттарымен: киімі, топ аты, ұраны, әнімен адымдап ортаға шығару, сапқа тұрғызу)
 - Ұйымдастырушы тәлімгердің лагерь басшысына лагерьдің салтанатты ашылу жиынына топтардың дайын екендігі жайлы мәлімдеме беруі. (рапорт)
 - Әр топтың дайындаған шашуларын тамашалау. (топ оқушыларының бәрінің қатысуымен бір ерекше музыкалық номер немесе қызықты қойылым көрсету)
 - Ұйымдастырушы тәлімгер сөзі.- жазғы лагерьдің көңілді ғана емес соншалықты қызықты болатынын айтып, біз түрлі әлемге саяхат жасаймыз дей келе, лагерьде алдағы уақытта өткізілетін шараларды кинолента немесе жарнама тәрізді шағын етіп көрсетіп өту. Олар: 1) тақырыптық күндер, 2) қызықты олимпиадалар, 3) спорт-сауықтыру шаралары, 4) байқаулар, 5) музыкалық қойылымдар, 6) жорықтар, саяхаттар 7) көңілді, қызықты шаралар т.б.
 - Ұйымдастырушы тәлімгер сөзі.- Ендеше, осындай қызықты күндер біздерді күтіп тұрғанын айтып, сол күндерді өткізуге дайындығымыз қандай екендігін көрсетейік дей келе, алдын-ала дайындалған музыкалық номерлер айтылады.
 - Таңқаларлық номерлер ойластыруға болады.
 - Лагерь басшысына сөз беру.
 - Лагерьді сапқа тұрғызу.
 - Лагерьдің ашылу салтанатын жабық деп жариялау.(музыка)
- Ескерту:** - жинақы, жүйелі, бірізді ұйымдастыруға үлкен мән берілу керек!

Лагерьдегі тақырыптық күндер

➤ **Ең.....Ең.....Ең..... күні. Мақсаты:** Жазғы демалаыс лагеріндегі оқушыларды ойынға қызықтыру, «Гиннес рекордтар кітабы» - мен және оның ішіндегі адамдардың жетістіктері жайлы таныстыру, оқушылардың өз бойындағы жетістіктері мен жеке қасиеттерін ашу.

➤ **«Нептун» күні. Мақсаты:** жазғы сауықтыру лагеріндегі оқушыларға «Су патшасы - Нептун» туралы мәлімет бере отырып, лагерьдегі дәстүрлі күндер мен мерекелердің маңызын түсіндіру.

Рәміздер күні. Мақсаты: жазғы сауықтыру лагеріндегі оқушыларға мемлекеттік белгілер - рәміздер жөніндегі білімдерін жан-жақты сарапқа салу, оларға мемлекеттік белгілердің аса маңызды екенін ұғындыру, оны ерекше құрметтеп, мақтан тұту керектігін ашып көрсету.

➤ **«Қорқынышты» күні. Мақсаты:** Жазғы сауықтыру лагеріндегі оқушыларға қорқыныш күнінің ерекшелігін және оны жай сезіне біліп қана қоймай, іс-әрекет арқылы көрсете білу, Қорқынышты оқиғалардан қорықпай, қорқыныштарын сейілту, әр түрлі бетперделер жасауын қадағалап үйрету.

➤ **«Ұлы жаңалықтар» күні. Мақсаты:** жазғы сауықтыру лагеріндегі оқушылардың жеке шығармашылық қасиеттерімен таныстыру, әр баланың өз өнерін көрсетуге мүмкіндік беру.

Лагерьде демалушылар **«Ұлы жаңалықтар күні»** өтетіндігін алдын- ала білуі тиіс. «Ұлы жаңалықтар күнін» өткізетін тәрбиешілер мен балалар қандай шығармашылық жұмыстар, тапсырмалар, сайыстар болатындығын ойластырып, басқа да балаларға өз пікірін білдіруге мүмкіндік береді. Әрбір баланың немесе ұжымның өздерінің авторлық жаңалықтарын көрсетуге құқықтары бар және де «Ұлы жаңалықтар күніне» әрбір топтан сұраныстар берілуі керек. Баланың ар-намысын қорлайтын сайыстар ұйымдастыруға болмайды. Барлық ұлы жаңалықтарды лагерьдің «Ұлы жаңалықтар» кітабына енгізу керек.

«Шығармашылық күннің» мақсаты – балалардың еркін іс-әрекетпен айналысу нәтижесінде жаңадан, бұрын сонды болмаған, өздеріне қызықты туындылар жасауы.

Шығармашылық шабыт кезінде балалардың ақыл-ой, сезім, күш қуаттары барынша жоғары деңгейде болып, ол рухани күшті сарқа жұмсап құрдастарына қызықты және пайдалы дүние ойлап тапқанына риза болады және құрдастарымен осы жұмыста қызығу, әуестену, ынта мен талпыну ерекше орын алады. Сондай жұмыстарды ұйымдастыруда тәлімгерлерге мынадай тақырыптағы іс шара ұсынылады.

«Еңбек» күні. Еңбек тәрбиесінің ең басты да, негізгі міндеттерінің бірі - жасөспірімдерді қоғамдық пайдалы, ауыл шаруашылығының жетістіктерін жете түсіну және оған өздері тікелей араласу, өндірісті білу, онымен жұмыс істеу тәжірибесін бойына сіңіріп отыру.

Лагерьде еңбекке тәрбиелеу - тәрбиенің жалпы жүйесінің құрамды бөлігі. Еңбекке тәрбиелеу, баулу және кәсіптік бағдар, оқушылардың қоғамдық пайдалы өнімді еңбекке тікелей қатысуы оқуға деген саналы көзқарасты тәрбиелеудің, азамат болып өсудің жеке адамды адамгершілік және зиялылық жағынан қалыптастырудың негізгі көзі болып табылады, осымен қатар мұны еңбек тәрбиесінің мақсаты деп түсінуіміз қажет.

Еңбек күнін ұйымдастыру

«Жапсырмалау» (мозайка) – (желім пайдаланылады) қандай да бір көрініске келтіріп, қағаз парақтарын, мақта қиықтарын, түрлі-түсті қағаздарды, құрғақ жапырақтарды желімдеу арқылы жыл мезгілдерінің әртүрлі заттардың көрінісін жасауға болады.

Жұмыстың реті:

Алдымен, өлшемдері мен пішімдері алуан түрлі, көптеген бөлшектерді қағаздан, матадан және құрғақ жапырақтан дайындадық.

Компазицияның негізгі түсі ретінде тұсқағазды, жұқа тақтайшаны, қабырм қағазды пайдалануға болады. Негізгі түсі. Оның нені білдіру керек екенін ойлаған жөн.

Отрядтағы балаларды бірнеше бөліктерге бөлеміз. Әр бөліктегі балалар қалауларына қарай, өздері таңдаған компазицияны келтіреді.

Ескерту: ең бастысы - ұжымдық еңбектің әр мүшесінің мүмкіндігінше жұмысқа төзімділікпен, жауапкершілікпен қарауларын қадағалау керек. Әрбір топ бір-бірінің жұмыс сапасын анықтайды. Балалар шығармашылығы тәлімгерлер тарапынан марапатталуы тиіс.

Ермексазбен жұмыс.

Жұмыстың реті:

1. Отряд оқушыларын әділетті түрде бөлу
2. Әрбір отряд мүшелеріне тиісінше ермексаз беру
3. Өз қалаулары бойынша таңдатып, яғни жасайтын мүсіндерін өздері таңдаулары керек
4. Жасалатын мүсінге байланысты балаларға тиісінше бағыт-бағдар беру
5. Жасалған мүсіндерге байланысты қатысқан топтарды марапаттау.

«Денсаулық» күні

Таңертеңгі 09.30 музыка қосылады

Сағат 10.00-да лагерь сапқа тұрады

Дене тәрбиесі мұғалімі: Лагерь! Түзел! Тік тұр! Аға тәлімгер! Лагерь «Денсаулық күнін» өткізуге дайын! Рапорт беруші – дене тәрбиесі мұғалімі – аты-жөні!

«Тыңда!» сигналы беріледі

ҚР әнұраны

Жүргізуші:

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың еліміздің халқына Жолдауында 2030 жылға дейін экономикалық - әлеуметтік биіктерге көтерілу үшін

рухани байлықтың, денсаулықтың қажеттігі шынында да, қазақ "Тазалық саулық негізі, саулық - байлық негізі" деп бекер айтпаса керек. Әсіресе жас ұрпақтың бойына тазалық пен сергектікті орнықтыру - біздің міндетіміз. Біздің бүгінгі салауатты өмір салтын қалыптастыру кешені бағдарламасы бойынша денсаулық күндері негізінде "Денсаулық – зор байлық!" атты ұранымен денсаулық Фестивалін ашуға рұқсат етіңіздер.

Жүргізуші: Сөз кезегі лагерь директорына беріледі (лагерь директорының сөзі)

Аға тәлімгер «Денсаулық күнінің» бағдарламасын жариялайды:

Кіші топтар - ұлттық ойындар

2-3 топтар - эстафеталық ойындар

1 топ- президенттік тест (ойындар мен эстафеталар өткізіледі)

Жүргізуші: «Денсаулық күнінің» қорытындысын шығарып, марапаттау лагерь жетекшісіне беріледі. (марапаттау)

Жүргізуші:

Құрметті ұстаздар мен оқушылар, салауатты өмір салтын қалаптастыру кешенді бағдарламасы бойынша денсаулық күндері негізінде "Денсаулық – зор байлық!" спорттық мерекемізді жабық деп жариалаймыз. Көңіл бөліп қатысқандарыңызға көп рахмет. Дендеріңіз сау болсын.

Денсаулық күні

«Денсаулық – зор байлық» (2-нұсқа)

Мақсаты: Балалардың денсаулығын, белсенділігін нығайту, ептіліктерін, шапшаңдықтарын, батылдықтарын, күштіліктерін байқау, спортқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, салауатты өмір салтын насихаттау.

Түрі: Эстафеталық жарыс

Өткізетін орны: спорт залы

Қажетті құралдары: Үлкен доптар, кедергілер, шелектер, кішкентай доптар.

Өтілу барысы:

- Ұйымдастыру бөлімі

Жүргізуші:

Шынықсаң шымыр боласың,

Сауығып айдай толасың.

Спортты серік ете біл,

Жақсы азамат боласың.

Жеңімпаз болу оңай ма,

Арман болған талайға

Болмасаң да ұқсап бақ,

Жарысқа түсіп қалайда.

Әуенмен спортшыларымызды қарсы алу.

«Әрқашан мықты, салауатты бол» спорттық сайысымызға хош келдіңіздер!

Көңілді жарысқа ортанғы топ балалары қатысады.

Жүргізуші:

Жарысқа қатысатындарды шақырамыз,

Әр таңды бақытпенен атырамыз.

Өнерді ой көгінде бақылаңыз,

Сайысқа қатысуға енді ортаға,

Жылдам да шапшаң,

Спортшыларымызды ортаға шақырамыз.

(әр топ сап түзеп, орындарына келіп тұрады)

1. «Жалын» тобы, Топ басшысы:

2. «Қыран» тобы, Топ басшысы:

Жүргізуші:

Таза ауа, спорт болсын дәріміз,
Еңбек етіп келгенінше әліміз.
«Алға» — деген бір – ақ мақсат ұстанып,
Сайысқа аттанайық бәріміз!
Ал балалар сайысқа қош келдіңіздер

Сайыс 5 кезеңнен тұрады:

1. «Кенгуру»
2. «Кім епті,кім мықты?»
3. «Хайуанаттарға су бер»
4. «Кім мерген?»
5. «Қырықаяқ»

Жүргізуші:

Құрметті сайыскерлер! Сіздерге сәт сапар!
Сайысымызды бастаймыз.

1 - тур: «Кенгуру»

Ойынның шарты: Топ мүшелері үлкен резеңке доптың үстіне отырып кедергі арасымен айнала секіре өтіп, кері айналып қайту.

Жүргізуші:

Ойнайық, ойнайық та ойлайық!
Қатардан артта қалып қоймайық,
Белсенді болайық ортада,
Уақытты тектен - тек жоймайық!
Олай болса, екінші турымызға өтеміз.

2-тур: «Кім епті,кім мықты»

Ойынның шарты: балалар матрастан домалап өтіп, белгіленген жерге барып кері қайту.

3 - тур: «Хайуанаттарға су бер»

Ойынның шарты: Топ мүшесі үлкен шелектердің қасына отырады, балалар кішкентай шелекпен топ мүшесінің шелегін сумен толтырады.

4 - тур: «Кім мерген?»

Ойынның шарты: Топ мүшелері кедергілер арасынан өтіп, белгіленген жерге жеткенде допты ыдысқа салу керек. екі екіден жұптасып, шығыршықтың ішіне кіріп, кедергілердің арасынан айнала өтіп, орындарына келу керек.

5 - тур: «Қырықаяқ»

Ойынның шарты: Балалар топ мүшесінің артына тіркесіп кедергілерді айналып, кері қайтып келеді.

Қорытынды бөлім: Жүргізуші:

Жарыс заңы ежелден -
Жеңімпазды анықтау.
Жеңімпаз болу шарты сол -
Еңбектену, жалықпау.
демекші, сайысымыздың барлық қатысушыларына «Алғыс хат» марапаттаймыз.

Жеңімпаздарды марапаттау.

Жүргізуші: Бүгінгі спорт жарысын,
Осымен аяқтаймыз!
Қатысқандарыңызға көп - көп рахмет!
Сау болыңыздар!

Тапсырмалар: Жазғы сауықтыру лагеріндегі тақырыптық күндердің жоспарын құрыңыздар

Жасақ ұжымындағы мерекелер

Жазғы лагерьдің мақсаты – балалардың жазғы демалыс лагерін ұйымдастыру. Осы негізде баланың танымын ашу, қызығушылығын арттыру, интеллектуалдық өрісін кеңейту, дағдысы мен тәрбиесін қалыптастыру, дарыны мен бейімін шыңдау. Жазғы лагерь балалардың және жеткіншектердің өміріне, әлеуметтік, психикалық және рухани саулығына, олардың демалуы мен дамуына толық жауапкершілікпен қарайтын өзбеттілік педагогикалық жұмыс болып табылады.

Жасақ ұжымындағы мерекелерді өткізудің мақсаты: жасақ ұжымындағы жүргізілетін дәстүрлі және дәстүрлі емес мерекелер және олардың түрлерімен таныстыру.

Міндеттері:

- Лагерь жағдайында жүргізілетін жекеленген тәрбиелік іс шаралардың түрлері мен олардың жоспарын құру әдістемесі туралы ғылыми-теориялық және практикалық білім негіздерімен қаруландыру.
- Білімалушыларды лагерь тәрбиеші, тәлімгері, вожатыйының бойында болуға тиістіқасиеттерді олардың бойларына сіңіру, коммуникативтік құзіреттілігі мен қайтарымды байланыстарды ұштастыру, өзгені тыңдай білу, сыйлау дағдыларына қалыптастыру.
- Педагогикалық, кәсіптік біліктілігін арттыруға бағыттай отырып, болашақ мамандықтарын игеруге саналы көзқарастарын тәрбиелеу.

Жазғы маусымдық лагерлерде балалармен жүргізілетін жұмыс алуан түрлі болуы мүмкін. Олар:

- Спорттық, ұлттық, танымдық және жергілікті ойындар;
- Алғырлық, зерделік, тілдік шоу-сайыстары;
- Ер балалар мен қыз балалар арасындағы әдеп, салт-дәстүрге байланысты сын-байқаулар;
- Ұлттық дәстүрлер мерекесі;
- Өнер байқаулары;
- Әдеби викториналар;
- Сурет көрмесі, плакаттар байқауы;
- Пікірталас, пікір-сайыстар, интерактивті тапсырмалар;
- Көңілді тапқырлар клубы (КВН);
- Сөздік сайыстар, саяхаттар;
- Поэзия кештері;
- Ән-күй кештері;
- Концерттік кештер;
- Би кештері

Жазғы демалыс лагерінде демалуға келген балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, өткізуге мүмкін іс-шаралар тақырыптары:

- «Менің елімнің нышандары» әңгіме;
- «Қазақстандық елжандылық-бұл...» пікірталастар,
- «Әнім сенсің, Туған жер!» ән-кеші;
- «Қазақстанның ұлы адамдары» шығарма;
- «Тілге құрмет-елге құрмет» КТК
- «Менің елім, менің ауылым» жобалар сайысы;
- «Лагерь аруы» қыздар арасындағы сайыстар;
- «Қандай көркем, туған өлкем» табиғат аясына саяхат;
- «Ұлтымның ұланымын» ер балалар сайысы;

- «Лагерь жетістіктері» баспасөзге мақала.
- «Лагерь кезіндегі қызықтар» атты бейнероликті көрсету, талдау.

Тапсырма: Әр білім алушы осы аталған іс шаралар тақырыбының ішінен кем дегенде 2 іс шараны таңдап соған жоспар құру.

Тәрбиелік іс-шараларды даярлау үлгісі (сценарий)

Лагерь кезінде әртүрлі тәрбиелік іс-шаралар өтеді. Оларды төменде ұсынылған құрылымдық үлгі бойынша құруға болады:

1. **Тақырып** (тақырып өзекті, қызықты және форма бойынша мазмұнын ашатындай болуы шарт).
2. **Өткізу формасы** (әңгіме, пікірталас, диспут, кездесулер және т.б.).
3. **Тәрбиелік іс-шаралардың мақсаты мен міндеттері** (тәрбие жұмысының кез келген формасы үшбірлікті мақсатты көздеуі қажет: танымдық, тәрбиелік және дамыту). Тәрбиелік іс-шараның *мақсаты* жұмыстың жалпы бағыты ретінде тұжырымдалады, ал *міндеттер* оқушылардың тұлғалық қасиеттері мен сыныптағы өзара қарым-қатынасын дамытуға бағытталады. Тәрбиелік іс-шаралардың тиімділігі қойылған мақсаттың жүзеге асырылуына, таңдалған іс-шара тақырыбының шығармашылықпен ұштасуына, ұжыммен қарым-қатынас іскерлігіне байланысты.
4. **Өткізу орны мен уақыты**
5. **Сахнаны безендіру және жабдықтау** (жабдықтауда қолданылған құралдар таңдап алынған тақырыптың мазмұнына сәйкес болуы қажет).
6. **Даярлық жұмысы** (даярлық, балалар іс-әрекетін ұйымдастыру тәсілдері, әдістері).
7. **Іс-шараның барысы** (*Сценарий*: кіріспе бөлім, негізгі бөлім (немесе кезеңдер), қорытынды. Тәрбие жұмысының барысы тәрбие мазмұны мен әдістерін жан-жақты сипаттауды қамтиды).
8. **Тәрбиелік іс-шараларға өзіндік талдау жасау** (іс шараларды даярлаудағы және өткізудегі кедергі, кемшіліктер, қиындықтар, балалардың пікірі және т.б.).
9. **Қолданылған әдебиеттер.**

Бағалауға ұсынылған сценарийді бейнетаспалар, фотосуреттер, суреттер, сызбалар және т.б. көрнекі құралдар арқылы дәлелді сипаттап көрсету. Тәрбиелік іс-шаралар сценарийі альбом түрінде немесе А-4 форматында (АКТ) рәсімделеді.

Тәрбиелік іс-шара төмендегі көрсеткіштермен бағаланады:

1. негізгі идея;
2. тақырыптың жас ерекшелігіне сәйкестілігі;
3. іс-шараны өткізуге балалардың қызығушылығы мен белсенді араласуы;
4. ұйымдастыру;
5. шығармашылық тәсілі;
6. балаларды басқару іскерлігі;
7. тәрбиешінің балалармен, балалардың бір-бірімен қарым-қатынас мәдениеті;
8. залды (өтетін орын) безендіру эстетикасы;
9. қолданылған әдіс-тәсілдердің әртүрлілігі;

даярлық барысында балаларды қызықтыра алу іскерлігі..

Жасак ұжымындағы мерекелердің бірі—туған күнді атап өту. Іс-шараның үлгісі
Жүргізуші:

Құрметті қонақтар! Бүгін бізде мереке, себебі біздің достарымыздың туған күндері!

Жүргізуші: Еркін күліп ойнаймыз,

Ертеңді де ойлаймыз.

Жолдастықты қадірлеп,

Туған күнді тойлаймыз.

Жүргізуші: Құттықтау мен сыйдың,
Иесі мынау гүлдің.

Айтыңдаршы,

Туған күні кімдердің?

Оқушылар: Алия, Карима, Сабина, Камила, Альдина, Айсұлтан, Аян, Жания, Азиза,
Арайлым, Эльнура деп хормен айтады. Аты аталған оқушылар орындарынан тұрып сыйлаған
гүлді алып өздеріне жеке жасап қойған орынға келіп отырады..

1 - оқушы: Ай секілді өзі де,

Сыңғыр - сыңғыр сөзі де.

Айтарымыз Алия қыз,

Еркесі ғой үйінің.

2 - оқушы: Билейді кейде айнала,

Көркіне ақылы сай ғана.

Карима біздің әдемі,

Сөйлейді өзі жай ғана.

3 - оқушы: Өзі сондай сүйкімді,

Бары жоғы байқалмас.

Арамызда Сабина,

Өзі баяу қыз тіпті.

4 - оқушы: Үндемей жүріп үлгеріп,

Бәрімізге жағатын.

Камила сондай ақылды,

Айтқызбай бәрін істейді.

5 - оқушы: Сабағын баяу оқиды,

Көңілге бәрін тоқиды.

Үндемей жүрген Альдина,

Нені ойлап толқиды.

6 - оқушы: Айсұлтан сондай ақылды,

Сабаққа да әр кезде.

Салмақтылық танытып,

Өте жақсы қарайды.

7 - оқушы: Көп ұлдардың ішінде,

Ширақ әрі шапшаңы,

Әйтеуір Аян жүреді,

Бәрінеде үлгеріп.

8 - оқушы: Енді біздің Жанияның,

Басына келер бақ не бір.

Аузын ашса көмейі,

Көрініп тұрған ақкөңіл.

9 – оқушы; Өзі сондай сүйкімді

Бары жоғы байқалмас.

Арамызда Азиза,

Өзі баяу қыз тіпті.

10 – оқушы; Арайлым сондай ақылды,

Сабаққа да әр кезде.

Салмақтылық танытып,

Өте жақсы қарайды.

11 – оқушы; Үндемей жүріп үлгеріп,

Бәрімізге жағатын,

Эльнура сондай ақылды,

Айтқызбай бәрін істейді.

жүргізуші: Балалар сендер бүгін туған күндерін. Неше жасқа толдыңдар?

Ендеше 8 рет аяқтарымен топырлатындар, қолдарымен 8 рет шапалақтандар.

жүргізуші: Бүгін 11 баланың туған күндері қонаққа келген балалар өз тілектеріңді мына плакатқа жазындар. Плакатты ілеміз бәріміз оқимыз. Енді барлығымыз бірге ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ! деп айтамыз.

Залға мыстан кемпір кіреді.

Мыстан: Мұнда балалардың туған күндері өтіп жатыр дейді, ал сендер мені неге шақырмадыңдар? Менде торт жегім келеді. Мені ешкім шақырмайды ал мен өзгердім ғой. Сендер мен сияқты мыстан болғыларың келе ме?

Ендеше келген қонақтар той иелерінің беттерін бояйды.

Жүргізуші: Ал балалар сендер нағыз мыстан болу үшін екі топқа бөлініп мыстан деген сөзді түймелер және сіріңке арқылы жазындар. 1, 2, 3 баста.

Мыстан: Балалар сендермен «Кім шапшаң» ойын ойнағым келіп тұр.

Ойынның шарты ыдыста су ішінде жүзім екі аяқтың ортасына сыпырғышпен жүгіріп келіп қолсыз жүзімді жеп қою.

Жүргізуші: Үйренеміз өнер біз

Шетімізден шеберміз

Тақпақ айтып ән шырқаймын

Биде билеп береміз

Сынып болып «Жорға» биін билеу.

Мыстан; сендер шарикпен ойнағанды ұнатасындар ма ендеше ойнайық

Екі топқа бөлініп 1) шарикты тегенеге лақтыру 2) шарикты бір саусақпен ұстау керек. 1, 2, 3 баста.

Мыстан: Келесі ойын біріңғай ұлдар екі топқа бөлініп бір жіп пен бір прищепканы жіпке іледі. 1, 2, 3 баста.

Залға күлдіргі кіреді.

Күлдіргі: Сәлеметсіңдер ме балалар. Туған күндерін құтты болсын! А сендер мұнда екенсіңдер ғой. Балалар мыстан сендерді ренжітті ме? Жарайсың мыстан

Енді менен сыйлықтарыңды алғыларың келсе, мына тапсырманы орындандар. (Киндер сюрприз ішінде әр балаға тапсырма)

Күлдіргі: Тамаша! Ендеше сендерге тағы бір тапсырма мен сандықтың ішіне сыйлықтарыңды салып сол сандықты тығып қойдым. Сандықты тауып алындар.

Күлдіргі: Сыйлықтарын ұнады ма?

Жүргізуші: Жайнасын өмірлерің әр күн сайын

Аспанда тұрсын мәңгі күн мен айың,

Келешек өміріңе бақыт тілеп

Туған күн мерекелеріңмен құттықтаймын!

Негізгі: (әдебиеттер)

1. Мектептен тыс ұйымдар қызметі туралы Ережеге (ҚР Үкметінің 2001 жылғы 22 маусымдағы № 849 қаулысымен бекітілген.

2. Балалардың сауықтыру лагерінің Жарғысы.

3.Безопасность в условиях летнего лагеря: Официальные документы Народного образования, №4-5., 2000г.

Қосымша: (әдебиеттер)

1. Вайндорф-Сысоева М.Е. Основы вожатского мастерства. Учебное пособие. М.:ЦГЛ,2005г.

2.Каникулы: игры, воспитание. М., Прсвещение.2008г.

3. Тетерский С.В., Фришман И.И. Детский оздоровительный лагерь: Воспитание, обучение, развитие: Практическое пособие. –М.:АРКТИ, 2007.

<https://infourok.ru/zhazi-sauitiru-lagerin-yimdistiru-2919134.html>
<http://bilimdiler.kz/bastaush/15299-kosh-bol-kyzykty-lager.html>

Тапсырма:

Төмендегі сауалдарға өз ойыңызды білдіре отырып жауап беру қажет

-Лагерь жағдайында іс шаралардың түрлері қандай?

-Жаз кезіндегі мерекелік күндерді атап өтіңіз?

-Тәрбиелік іс-шара қандай көрсеткіштермен бағаланады?

-Сценарийді қандай үлгімен құруға болады?

-Лагерь жағдайында іс шаралардың жоспарын құру кезінде нені ескеру керек?

Портфолионы толықтыру мақсатында әр білім алушы осы аталған іс- шаралар тақырыбының ішінен кем дегенде 2 іс шараны тандап соған жоспар құру.

Атаулы күндермен қатар, атаулы мерекелер:

1 маусым-Халықаралық балаларды қорғау күні.

4маусым-ҚР Мемлекеттік рәміздер күні

5 маусым-Дүние жүзілік қоршаған ортаны қорғау күні.

17 маусым- Дүниежүзілік ашаршылық пен құрғақшылыққа күрес.

26 маусым- Халықаралық есірткі пайдаланушылар мен таратушылар, сатушылармен күрес күні.

Ұжымдық тәрбиелік істер

1. “Ұжымдық тәрбиелік істер” туралы түсінік.

2. Ұжымдық тәрбиелік істердің мәні.

3. Ұжымдық тәрбиелік істердің формасы мен құрылымы.

<http://kzdocs.docdat.com/docs/index-51849.html?page=6>

1. Оқушылардың нақты тәрбие әрекетін ұйымдастыру нұсқасын, олардың үлкендермен өзара әрекеттестігін, нақтылы істің композициялық құрылымын, оның мазмұнын, атрибуттарын, әдістемесін, дайындық және өткізу технологиясын, педагогикалық талдауын анықтайды. “Тәрбие шарасы”. Топтық, *ұжымдық әрекет* ретінде ұйымдастырылған тәрбие жұмысының жеке бір актісі ретінде қарастырылады (Н.Е.Шуркова бойынша) “Тәрбиесі” *ұжымдық шығармашылық әрекеттің субъектісі тұрғысынан қарастырылады* – үлкендердің (мұғалімдер, ата-аналар жәй қатысушылар) және тәрбиеленушілердің (И.П.Иванова бойынша).

Қазіргі тәрбиені *ізгілендіру, мектепті демократияландыру, тұлғалық-бағыттаушылық көзқарас жағдайында* тәрбие процесінің тек мақсаттылығы, мәні мен мазмұны ғана өзгермейді, сонымен бірге тәрбиенің ұйымдастыру формасына тікелей қатысты, оның әдістемесі де өзгереді. Ол өзімен бірге дәстүрлі формаларды қайта қарау және қайта құруға, дәстүрлі емес формаларды *шығармашылықпен* іздестіруге ықпал етеді. Сондықтан оқушылардың оқудан тыс әрекеттері нақты мақсатты көздейді- белгілі бір нәрсеге қатысты нақтылы қарым-қатынасты дамыту: музыкаға, қылқалам, табиғат, кітап оқуға т.б. Осыған байланысты ұйымдастыру формасы таңдалады: тәрбие сағаты, пікірталас, оқырмандар конференциясы, лектория, саяхат, мектеп балы т.с.с. Содан кейін барып оқушылардың жас және дара ерекшелігіне, сынып жағдайына байланысты нақтылы тақырып атауы анықталады. Мысалы, “Адамға музыка не үшін қажет?”- пікірталас, “Оқуда менің жетістігімді кім анықтайды? ”- тәрбие сағаты, “Қоғамдағы өзгеріс, оған менің көзқарасым”- дөңгелек стол, “Батыл да, күшті, епті-лер”- спорттық ойын т.с.с. Тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру формасы қаншалықты әртүрлі болған сайын соншалықты мақсатқа жету және тәрбие міндеттерін

орындау жеңіл әрі жемісті болады.

Жеке топ және шығармашылық әрекет түрінде атқарылады. Соның ішінде ұжымдық жұмыстарды ұйымдастырудың нәтижелі формасына – жеке топ болып әрекет етуді жатқызамыз. Ол барлық балаларды ұжымдық істерге қатысуға, олардың жеке мүмкіншілігін, қажеттілігін ескеруге жағдай тудырады.

1. Ұжымдық шығармашылық

Шығармашылық іс-әрекет оқушылардың бейімін шығармашылық, қызығушылығын дамытуды, олардың шығармашылық күшін жетілдіруді көздейді. Шығармашылық әрекет *концерттік қойылым, көркемөнерпаздар байқауы, көркем-сөз оқу, қолөнер шеберлігі және сурет көрмесінің* байқауын ұйымдастыру **формасында** көрініс береді. Осындай әрекет барысында оқушылардың адамгершілік, әсерленушілік және ерік-жігер қасиеттерін тәрбиелеу міндеттері атқарылады.

Адамгершілік сала адамгершілік түсінікті және мінез-құлық нормасын меңгеруде *әңгіме, пікірталас, әңгіме, ойын* т.с.с. формалары арқылы қалыптасады.

2. Ұжымдық шығармашылық форма – оған қатысушы жақтардың *өзара бірлесіп іздену* жұмыстары негізінде жүзеге асады. Ол үшін:

-әрбір қатысушының қызығушылығы және қажеттілігі ескерілуі тиіс;

-жеке тұрғыдағы мақсат топтық және ұжымдық мақсатқа қарама-қайшы келмеуі тиіс;

-ұжымдық шығармашылық іс, жалпы ортақ істе әркімнің өзінің орнын таба білуіне мүмкіндік туғызуы тиіс.

Ұжымдық шығармашылық әрекет формасы басқалардан тәрбиелік міндеттерді қою және оқушылардың тәжірибе жинақтау сипатымен ерекшеленеді. Оның негізін ұжымының барлық мүшелерінің өзара бірлескен әрекеттері, ынтымақтастығы жағдайы құрайды. Мұндай жағдайда олар сы-ныптағы оқу-тәрбие жұмыстарына қатысты жоспар құруды, тәрбие шараларын дайындау және өткізуді бірлесе атқарады.

3. Тәрбие жұмысының әртүрлі формасын дайындау және өткізу барысында оның белгілі бір үлгісі жасалуы шарт. Ол тәрбие процесін сауатты және тиімді ұйымдастыруды қамтамасыз етеді. Оның элементтері мынан-дай болып келеді.

1. Мақсаты мен міндеттерін анықтау. Мақсат – педагогтардың ұйымдастыруымен арнайы белгіленген істің нәтижесінің болжамы. Мысалы, “Қайырымдылық акциясы”, “ғылыми апталық” т.с.с.

Мақсат – тәрбие жұмысының формасында нақтыланады, өйткені бір актімен тәрбиелік ықпалды қалыптастыруға болмайды. Яғни, тәрбиеші мақсатқа жетуде бірнеше міндеттерді белгілейді. Мысалы, “Адамға музыка не үшін керек ?” – тақырыбының мақсаты оқушылардың музыкалық мәдениетін дамытуды көздесе, оның міндеттеріне:

-оқушылардың музыкалық талғамы және қызығушылығын айқындау (сауалнама, әңгіме жүргізу, шығарма жаздыру, ұнтаспа тыңдату арқылы т.с.с).

-музыка жайында көзқарастарын және түсініктерін қалыптастыру (кеш өткізу, кездесу ұйымдастыру, театрға саяхат жасау, байқау ұйымдас-тыру);

-әр түрлі музыка жанрларына белгілі бір қатынастарын орнықтыру (мұ-ғалімнің сөзі, оқушылардың пікірі, әңгіме жүргізу, мәдени жорық, кездесу өткізу).

2.Тәрбие жұмысының формасын тандау, шараның тақырыбын анықтау. Мысалы, пресс-конференция, оқырмандар конференциясы, тақырыптық сағат, демалыс кеші, көңілділер мен тапқырлар клубы, пікірталас, кездесу, дөңгелек стол т.с.с.

3.Алдын ала дайындық жұмыстарын жүргізу: шараның мазмұнын, құралдарын анықтау, қонақтарды шақыру, тапсырмаларды бөлу, безендіру жұмыстары, хабарландыру, жоспарын құру, оқушыларды психологиялық тұрғыдан даярлау.

4.Тәрбие шарасын өткізу. Оның кезеңдері:

-шараның басталуы, психологиялық көңіл-күйді орнықтыру, әдеби-музыкалық, поэзиялық, драмалық безендіру, музыка ойнату;

-ұйымдастыру кезеңі: ұйымдастырушының сөзі, шараны ашу, мақсатын, барысын баяндау;
-негізгі бөлім: шараның міндеттері, жоспарына сай мазмұнының баяндалуы, оқушылардың шығармашылық әрекеттері,

-қорытынды бөлім: шараны қорытындылау, оқушылардың алған әсе-рін талқылау, шешім қабылдау, марапаттау, тапсырма беру т.с.с.

5. Педагогикалық талдау жұмысы: шараның өту нәтижесін және оқушы-лардың белсенділігін бағалау, алдағы уақытқа бағдар құру, қолданылған тәрбие құралдары, амал-тәсілдерінің нәтижелілігіне талдау жүргізу т.с.с. біз жоғарыда тәрбие жұмысын ұйымдастырудың әртүрлі формаларын келтірдік. Бірақта оларды тәртіпке салу мақсатында кейінгі кезде педагогикалық әдебиеттерде оқушылардың сабақтан тыс әрекеттерін ұйымдас-тыру формасының картотекасын құру ұсынылуда. Атап айтсақ:

-Таным әреетін ұйымдастыру: ауызша журнал, білім байқауы, викторина “Не? Қайда? Қашан?”, ғылыми-апталық, психологиялық практикум т.б.

-Құндылық-бағдарлық әрекет: қызықты кездесулер, түрлі бағыттағы конкурстар, шығармашылық кештер, тәрбие сағаттары, интеллек-туалдық шоу, дебаттар т.б

-Еңбек әрекеті: мектептегі кезекшілік, техникалық шығармашылық көрмесі, көгалдандыру жұмыстары, сембіліктер, сынып бөлмелерін жөндеу жұмыстары, мектеп учаскелеріндегі жұмыс.

-Қоғамдық пайдалы еңбек: дәрі-дәрмек шөптерін, қағаз, темір қалдықтарын жинау, қайырымдылық, ынтымақтастық акциясын ұйым-дастыру, балалар бақшасын және үйін қамқорлыққа алу т.с.с.

Көркемөнер - шығармашылық әрекет: жаңа жыл, күгі және көктемгі бал кеші, көркемөнернпаздар кеші, этикалық театр, әдеби-музыкалық композиция, авторлық өлең кеші, театр, мұражай, көрмелерге бару, пікірталас және т.б.

Дене шынықтыру – спорттық әрекет: денсаулық күні, туристік слет, туристік жорық, “Жүгірушілер күні”, “Көңілді старт”, “Кіші олимпиадалық ойындар”, ауызша журнал “Спорттық коллейдоскоп”, “Спорттық отшашу”, “Салауатты өмір салты” т.с.с.

Ерікті қарым-қатынас әрекеті: авторлық өлең кеші, табиғат аясында немесе қала бойынша саяхат, концерт, байқау “Алло, біз талантты іздейміз”, поэзия кеші, психологиялық тренинг Кейбір оқудан тыс тәрбие формалары бірнеше әрекетті өзіне қосуы мүмкін: фестиваль, жарыс, мектеп мейрамдары, кездесу кеші, ғылым апталығы т.б. Мұндай оқудан тыс әрекеттің әр түрлері ұжымдық ойлауды, ақылмен ойланып істелген жоспардың үлгісін құруды талап етеді.

Бұл халық ертегілерін оқудан, әдебиет үйірмесінде дидактикалық материалдарды жүйелі пайдалануда, атаулы күндерге арнап тақырыптық кештерді ұйымдастырудың, соған қатысты тапқакты жаттаудан, әнді үйренуден, қабырға газетін шығарудан және әр айда оқитын пікір алысатын көркем әдеби кітаптардың картотекасын алдын ала жасаудан, ол жайында сыныптың оқушылармен пікір алысудан ,қорытындысында, белгіленген істің нәтижесін шығарудан тұрады. Сонымен қатар, мұндай тәрбиелік үлкен маңызы бар жұмыстарды атқару барысында әр оқушыға өздері білетін мақал-мәтелді, жұмбақты, кейбір әндерді жазып алуына тапсырмалар беріледі. Ретіне қарай күй таспаға жазылған батырлар жырын, қазақ ертегілерін тыңдау, әр шығарма бойынша викториналар ұйымдастыру мен түрлі ойындарды ойнау да жүзеге асырылады. Бұлар сынып жетекшісінен ұқыптылықты, жүйелілікті, оқушының білімін, психологиялық ерекшелігін, кіммен араласатынын, әр оқушының өз уақытын қаншалықты тиімді пайдаланатынын алдын ала анықтап білуді де қажет етеді.

Осындай қызықты ұйымдастырылған тәрбие жұмыстарының әр түрлі формалары оқушылардың жауапкершілігін арттырады, эстетикалық талғамдарын күшейтеді, сергекетік сезімін, өзінің туған жеріне, өскен еліне, Отанға деген сүйіспеншілігінің артуына өз ықпалын тигізеді.

6. Жеке топтық жұмыс тұлғаның қажеттілігін және қызығушылығын жүзеге асыру барысында оның дамуына мүмкіншілік тудырып қана қоймайды, сонымен бірге қабілетін де шыңдап, басқа да топтардың өзара әрекеттесуі барысында жалпы сынып ұжымының дамуына ықпал етеді.

Дегенмен де психологиялық – педагогикалық зерттеулерде сыныпта ұжымдық шығармашылық әрекеттің басым болу қабілеттілігіне аса маңыз берілген. Ондағы себеп, ұжымдық әрекет балалардың өздеріне және басқа да адамдарға ізгілік қатынастарын дамытуда, мұғалімдерге оның жалпы бағытын ұстанып отыруына мүмкіндік береді деген пікірді алға тартады.

Ұжымдық шығармашылық істі ұйымдастыру негізінен 5 кезеңнен тұрады:

1.Дайындық жұмысы. Мұғалімдер сынып ұжымымен болашақта атқарылатын шығармашылық істің жоспарын алдын-ала белгілейді, оның нақты тәрбиелік міндеттерін анықтайды, балаларға оның әртүрлі жобасын талқылау ұсынылады, олардың пікір-лерімен санаса отыра, жоба нақтыланады, соның барысында әрбір оқушының оған белсенділік қатысын орнықтыратын тәсілдері қарастырылады.

2.Ұжымдық жоспарлау. Балалар бұл кезеңде өздері әрекет етеді. Яғни, олар қойылып отырған мәселеге сай оның шешімін ұжым болып немесе топ-топ болып бірлесе қарастырады. Шараның құрылымын белгіліп, нақты жоспарын құрады. Белсенді топ құрылып, жауапты адамдар тағайындалады. Басшысы сайланады.

3.Ұжымдық іс-қимыл. Ұйымдастыру тобы дайындық жұмыстары-ның жоспарын құрып, оны нақтылап, қажет болған жағдайда түзетулер енгізеді. Оны ұйымдастыру барысында жекелеген оқу-шыларға немесе топқа тапсырмалар бөлініп, олардың барысын қадағалап отырады. Сынып жетекшісі бұл кезеңде оқушылардың бастауларына қолдау көрсетіп, олардың шығармашылық пен ын-талы жұмыс ітеуіне себепкер болады. Кейбір жекелеген оқу-шының бастамасы мен белсенділігін басқаларға үлгі тұтып отырады.

4.Шараны өткізу. Бұл кезеңде жоспар нақты жүзеге асады. Оқушылар алдын-ала дайындық жұмыстары және белгіленген жоспар бойынша өздерінің ойларын ұжым болып атқарады. Сынып жетекшісі шараның өту барысында ынталы топқа қолдау көрсетіп, бағыт-бағдар беріп, жағымды көңіл-күй тудырып, кейбір кемшіліктер туындап отырса, оны бейресми түрінде түзетіп отырады.

5.Шараның нәтижесін қорытындылау. Шараны өткізіп болғаннан кейінгі кезекте, оның нәтижесін қорытындылап, жоспар бойынша қалай белгіленгенін, ал ол қалай атқарылады деген сұраққа ұжым болып жауап іздейді. Бұл жауапкершілігі мол кезең. Сондықтан, оған оқушылардың барлығы белсенді қатысуын ұйымдастыру сынып жетекшісі үшін маңызы ерекше. Мұндай жағдайда оқушы-ларды асықтырмай, олардың өзара талқылауына біраз уақыт және мүмкіндік берген жөн. Шараның жетістігі мен кемшілігі сарап-талып, болашақта оны болдырмаудың жолдары қарастырылады. Пікір алмасу барысында оқушылардың ұсыныстарын ескеру қажет. Сынып жетекшісі онда айтылған пікірлерді қорытындылап, кейбір ұнамдысын өзінің қойын дәптеріне жазып отырады.

Ұжымдық шығармашылық жұмыс өзінің ұйымдастыру формасы жағынан бірден-бір қолайлы әлеуметтік және педагогикалық құбылыс. Сондықтан да оны ұйымдастырудың жолдары да әртүрлі. Соған байланысты сынып жетекшісінің кейбір жағдайларды ескеріп отырғаны жөн:

- сынып жетекшісі ұжымның шығармашылық мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс;

- белгіленген шараға дайындық және оны өткізу барысында бұрын өткен шарамен байланысын, бірізділігін қамтамасыз ету;

- шараның мақсаттылығын қамтамасыз етуде, бұрмалаушылыққа жол бермеу;

- оқушылардың оқу-тәрбие процесінде алған білімдері мен тәжіри-бесін ескере отыра, жалпы педагогикалық тәжірибелерді басшы-лыққа алу;

- белгілі бір шараны белгілеп, оның дайындау және өткізу барысында, оқушыларға қамқоршы болуды үнемі естен шығармау;

-шараның нәтижесін қорытындылап, талдау барысында бірде-бір оқушының қалыс қалмауын қадағалау.

Ұжымдық шығармашылық әрекеттің қандай да бір формасын алмайық, оның нәтижелі болуы, мұғалімдер болсын, оқушылар болсын барынша ой фантазиясын, тапқырлығын, өзінше көзқарасын көрсету қажет. Сонда ғана ол олар үшін көңілді де қызық болады. Әрине, мұндай қатынас мұғалімдер үшін де әсерлі.

Электронды ресурс: <http://roo-mugalzhar.kz/index.php/kz/2014-04-21-15-29-53/9-sovremennye-vospitatelnye-tekhnologii-ikh-primenenie-v-rabote-klassnogo-rukovoditelya-i-vospitatelya>

Қосымша ақпарат

Тәрбие технологиясы – тәрбие мақсаттарына қол жеткізуге мүмкіндік беретін оқыту формаларының, әдістерінің, жолдарының, тәсілдерінің және тәрбие құралдарының жиынтығы. Бұл дамыту, оқыту және тәрбие процестеріне ықпал ететін тәсілдердің бірі.

Педагогикалық технологиялар түрлі негіздемелер бойынша ерекшеленуі мүмкін:

- туындау негізіне қарай (педагогикалық тәжірибе немесе ғылыми тұжырымдама бойынша);
- мақсаттары мен міндеттеріне қарай (білімді қалыптастыру, тұлғалық қасиеттерін тәрбиелеу, дербестігін дамыту);
- педагогикалық құралдардың мүмкіндігіне қарай (әсер етудің қандай құралы жақсы нәтиже береді);
- тәрбиешінің технологиялар көмегімен жүзеге асыратын қызметтеріне қарай (диагностикалық қызмет, даулы жағдаяттарды басқару қызметі);
- балаға деген көзқарасына қарай.

Сынып жетекшісі ретінде тәрбиеші өз жұмысында келесі тәрбие технологияларын қолдана алады:

- Диалогтық (сұхбат) технологиялар (пікірсайыстар, пікірталастар, дебаттар)
- «Коллаж» технологиясы
- Ұжымдық шығармашылық жұмыс
- Шоу-технологиялар
- Топтық проблемалық жұмыс (жобалар дайындау)
- Қарым-қатынас тренингі
- «Ақпарат айнасы» (қабырғаға ілетін хабарландырулар, стенд түрлері)
- Денсаулықсақтау технологиялары.
- Жағдаяттық технологиялар

1. Диалогтық технологиялар (пікірсайыс, пікірталас, дебат)

Дебат – зияткерлік жарыс, өз көзқарасын және пікірін белсенді түрде қорғауды дамыту біліктілігі.

Пікірталас – қандай да бір даулы мәселе мен проблемалардың шешімін табу мақсатында оларды талқылау.

Пікірсайыс (ғылыми айтыс) – ақиқатқа көз жеткізу мақсатында қандай да бір проблема бойынша екі көзқарасты зерделеу үшін қолданылатын ынтымақтастықтың формасы.

Жоғарыда аталған технологиялар негізінен жоғары сыныптарда қолданылады.

«Миға шабуыл»

Талқылау нәтижесінде проблемаларды шешу идеяларын көптеп жинау

Міндетті шарттары:

Сарапшының қорытындысы (жазады)

«Көкектің» қызметі (белгілеу)

Уақытты шектеу (10 – 15 минут)

«Дөңгелек стол» Бұл дебат өткізу формаларының бір түрі

«Қатынас хаты» (Оқушылардың жазба жұмыстары, олардың жағдайға, мәселеге көзқарасы. Жиі «жан айқайы», жаңа ғана болған оқиғаға әсері)

Аяқталмаған әңгіме

«Дүкендегі касса алдында ақшасын жоғалтып алған қыз жылап тұрды. Оған көмектескім келді, бірақ оған ақшам болмады. Мен ...»

Қарсыаргументтер

«Мен біреудің көшірмесі болғым келмейді, мен – дербес тұлғамын».

Ранжирование (таңдау)

(не жақсы, ал немене жаман)

2. «Коллаж» технологиясы

Табылған иллюстрациялар, цитаталар және қолда бар құралдардан плакаттар жасау арқылы тақырыпты немесе проблеманы зерделеуді болжайды.

Топтарда жүзеге асырылады.

Презентация (тұсаукесер) ескерілген.

3. Ұжымдық шығармашылық жұмыс технологиясы

Ұжымдық шығармашылық тәрбие технологиясын (басқаша атаулары:

жалпы қамқорлық педагогикасы, коммунарлық педагогика, ұжымдық шығармашылық жұмыстар әдісі) И.П.Иванов және оның серіктері әзірледі және енгізді.

Шығармашылық тәрбиені ұйымдастыру – бұл ұжымның барлық практикалық жұмыстар, қарым-қатынас, қатынас және барлық бастамаларды өздігімен ұйымдастыру тәсілдерін қамтитын белгілі бір өмір сүру әрекетін ұйымдастыруы.

Кез-келген тәрбие шарасында іс-әрекеттің психологиялық тұрғыдан қажет 4 кезеңі орындалады: **мақсатты жорамалдау, жоспарлау, мақсатты іске асыру, нәтижелерді талдау.**

Ұжымдық шығармашылық жұмыс – ҰШЖ – ұжымдық ізденіс, жоспарлау және қойған мақсатты шығармашылықпен іске асыру.

Ұжымдық – бұл бұл тәрбиешілер мен тәрбиеленушілердің жолдастық, тұлғааралық қатынасын білдіреді.

Шығармашылық – бұл істі белгілі бір үлгі бойынша емес, жаңаша, бұрынғыдан да жақсы жасауды білдіреді. «Бәрі шығармашыл, басқаша қажеті не?»

Жұмыс – бұл оның нәтижесі, ортақ пайда және қуаныш дегенді білдіреді. «Жұмыс, шара емес!»

Бұл – оң іс-әрекетке, белсенділікке, ұжымдық авторлыққа және жақсы көңіл-күйге негізделген, оқушыны оқыту мен тәрбиелеудің тиімді әдісі. Бағдарына қарамастан шығармашылық жұмысты сауатты іске асырудың сенімді нәтижесі болып не саналады? Бұл оқушылардың көрермендік емес, керісінше қандай да бір деңгейде ұжымдық авторлық сезім шамасында қоса жүретін іс-әрекеттестіктің оң белсенділігі.

ҰШЖ постулаттары:

- ұжымдық шығармашылық;
- ортақ жұмыс және оған ерікті түрде қатысу;
- іс-әрекет формаларын таңдау еркіндігі;
- ересектер мен балалардың ынтымақтастығы;
- шығармашыл дарынды көшбасшылардың ықпалымен ұжымды дамыту.

Ұжымдық жұмыс түрлері:

Еңбектік ҰШЖ (мысалы: «Еңбек десанты»)

Зияткерлік ҰШЖ (мысалы: «Брейн-ринг»)

Көркем ҰШЖ (мысалы: көркем-эстетикалық шығармашылық)

Спорттық ҰШЖ (мысалы: «Спартакиада»)

Экологиялық ҰШЖ (мысалы: табиғаттағы тіршілікке қамқорлық)

4. Шоу-технологиялар

Ойын шаралары қатысушыларды үш топқа бөлумен өткізіледі:
«Сахна», «Зал», «Жүргізуші».

Үш ерекшелігі:

қатысушыларды өнер көрсетушілер және көрермендер деп бөледі; сахна төрінде сайысады; ұйымдастырушылар дайындаған сценарий.

5. Топтық проблемалық жұмыс – бұл оқушылардың проблемалық жағдаяттағы мінез-құлқымен вербалды (сөз жүзінде) жұмыс.

Оның мақсаты – ұйымдастыру шешімдер дайындау, қабылдау, түсіндіру, талқылау. Олар белгілі бір жағдайларға орай дайындалады және қолданылады: мысалы, сыныптағы балалар арасында үнемі алауыздық туындайды, ал оны ұйымдастырушы өз жолдастарын және тіпті ересектерді айламен алдауға тырысады.

Тәрбиеші арнайы түрде «кезекті алауыздықты талдау жағдаяты» технологиясын түзеді:

- . Алауыздыққа қатысушылардың әрқайсысына болып жатқан оқиғаны сипаттауына мүмкіндік беретін сауал қояды.
- . «Зардап шеккен жақты» тәрбиеші оның ахуалын түсінетіндігінен хабардар етеді.
- . Араздасқан жақтарды даудың шығу себебі туралы ойлануға жетелеу;
- . Балалармен болған оқиғадан шығу жолдарын талқылайды.

- . **6. Қатынас тренингі** – топтық практикалық психология құралдарының көмегімен балаларда түрлі оң педагогикалық тәжірибе аспектілерінің тәжірибесін, қатынас тәжірибесін (өзара түсіністік тәжірибесін, қатынас тәжірибесін, мектептік проблемалық жағдаяттардағы мінез-құлық тәжірибесін) қалыптастыру мақсатындағы педагогикалық жұмыс формасы. Қатынас тренингтерінде мұнан басқа қандай да бір педагогикалық аспектілерді көруге болады ма? Әрине, иә. Түрлі балалар үшін түрлі себептерге байланысты қатынастың оң тәжірибесінен бөлек басқа да салдарлары болуы мүмкін: бір-бірімен қарым-қатынастың өзгеруі, педагогпен қарым-қатынастың өзгеруі, қандай да бір тұлғалық білім беруді дамыту немесе бекіту. Бірақ бұл – мақсат ретінде жоспарланған нәтижелер емес. Жаксы болған жағдайда бұл тәрбиенің ықтималды болжамдары.

7. «Ақпарат айнасы»

Көпшіліктік графикалық ақпаратқа белсенді қатынас тәжірибесі.

Психологиялық негіздер.

Назар (ықылас) аудару.

Ықыласты қолдау.

Ақпаратты түсіну.

Қатынас.

Ақпаратқа қатысты іс-әрекет.

Технологиялық тізбек

Алдағы ақпаратқа мақсат қою.

Ақпараттың пайда болуы.

Кері байланыстың ашылуы.

Ақпаратпен жұмыс.

- . **7. Денсаулық сақтау технологиялары** – бұл:

педагогтың салауатты өмір салты дағдыларын меңгерту ұмтылысына құрылған, оқыту мен тәрбиенің жүйелі тәсілдері;

балалардың сабақта және сабақтан тыс іс-әрекетінде қолайлы психологиялық ахуал тудыру; денсаулық қорғау және салауатты өмір салтын насихаттау.

Абзалы, оқушылардың психологиялық жайлылығы – маңызды аспектілердің бірі болып табылады. Бір жағынан, осылайша оқушылар шаршауының (қажуының) алдын алу міндеті шешімін табады, басқа жағынан – әрбір баланың шығармашылық мүмкіндіктерін ашу үшін қосымша ынта пайда болады.

9. Жағдаяттық технологиялар (жағдаятқа қарай қолданылады)

Сырт көзге қай педагогтің түсінігінде формалардың қайсысы «жаңа», ал қайсысы «ескі» екенін анықтау қиын. Оларды белгілі бір нақты жағдайдағы нәтижелілігі тұрғысынан қарастыру маңыздырақ.

Мұғалімдер мен тәрбиешілер өз қызметінде қандай технологияны қолданған күнде, олар оқушы пікіріне құлақ аспаса, олар не сезініп отырғанын білмесе бұл технологиялар сәттілік әкелмейді.

Француз ғалымы Легуве тәрбие ғылымына келесі анықтама берді: **«Тәрбие – бұл балаларымызға біздің-ақ өмір сүруге үйрететін ғылым».**

Мен бұл ойды былай жалғайын: алдағы өмірдің қатігез немесе қайырымды болуы балаларды қалай тәрбиелеуімізге байланысты.

Тапсырма: Ұжымдық-шығармашылық жұмыстардың 2 түріне жоспар дайындаңыз.

Үйірме жұмысын жоспарлау және жүргізу жолдары.

Үздіксіз оқу-тәрбие беру жүйесінде білім алушылардың Қазақстан Республикасының азаматтары және ұлттық рухты патриоттары ретінде қалыптасуы мен өзін-өздерін танытуларына, болашақ маман иесі болып, кәсіби, интеллектуалды және шығармашылыққа жетуіне оңтайлы жағдай жасау-бүгінгі педагогикалық жүйенің негізгі міндеті саналады. Осы міндетті жүзеге асыруда оқушылардың жазғы демалысын мазмұнды ұйымдастырудың да маңызы зор.

Жазғы демалыс уақытында баланың жыл бойындағы сабақ оқуынан шаршап қалғандығы білінеді, ол тынығып, күш жинап, денсаулығын нығайтып, шығармашылық жұмыс жасау қабілетін арттырады. Бұл шараларды балалардың күндіз келіп демалатын жазғы сауықтыру лагері іске асырады;

-Әлеуметтік тәжірибе жинақтауға баланының араласып, қатыстырылуы, бірге қызмет істеуі, шығармашылық жұмыспен бірге айналасуы;

-Жас ерекшеліктері әр түрлі топтармен қарым-қатынас жасау түрлерін дамыту;

-Балалардың демалысын дұрыс ұйымдастыру аясында табиғатты аялауға, қорғауға баулу;

-Шығармашылықпен жұмыс атқаратын балаларды анықтап, қабілетін дамыту, жеке жұмыс жасауға, бірлесіп жұмыс атқаруға баулу;

-Топпен жұмыс жасауға үйрету, балалардың жазғы сауықтыру лагерін басқаруға қатыстырылуы;

-Салауатты өмір сүруге бейімдеу;

Бірге жұмыс жасау барысында балалардың жас ерекшеліктері мен атқарылған жұмыстың сәйкес болу принципі:

Ересек адамдардың баламен біргежұмыс атқаруының тәрбиелік маңызы зор болмақ және қолдау көрсетілген балада шығармашылықпен жұмыс атқарамын деген сенім пайда болады.

Баланың дара қасиетін ашу шығармашылық принципі:

Шығармашылықпен жұмыс жасауы арқылы тұлға даралығының ашылуы – тұлғаны сипаттау мінездемесі, қолға алған жұмысын толық іске асыруы.

Балаларға қабілетін ашуға, білімін көрсетуге, өз орнын табуға мүмкіндік беріп, осыдан кейін түрлі бағытта топ жұмыстарын бөліп беру керек: (спорттық, интеллекті анықтау, көркем-қолданбалы, театр, шығармашылық жұмыст.б)

Дайындық жұмыстары және үйірмені ұйымдастыру.

Жазғы лагерь кезінде үйірме жұмысы 15 күнге жоспарланады. Міндетті түрде үйіменің мақсаты міндеті айқындалады.

Үйірме мүшелері топтар мен командаларға бөлінеді. Топтарға жетекшілер, ал

командаларға капитандар сайланады. Бұлар өздерінің топтары мен командаларындағы тәртіп, ұйымдастыру жұмыстарына және реттілікке жауап береді.

Үйірме оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеудегі орны ерекше себебі, ол интеллектуалдық, танымдық, эмоционалдық және моральдық компоненттерді біріктіреді. Белгілі педагог В.А.Сухомлинский тәрбие жұмысында оқушылардың жан дүниесін түсінуге ерекше назар аударып, оны басшылыққа алу керектігін баса ескертті.

Үйірме жұмыстары арқылы баланы жан-жақты тәрбиелеу: адамгершілік, ақыл-ой, эстетикалық, еңбек т.б. тәрбиелер баланың жеке басының жан-жақты үйлесімді дамуы баланың бойында адамгершілік қасиеттерін, эстетикалық сезім мен қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру жолымен жүзеге асырылады. Ерекшелігі, балалар орындайтын жаттығу уақытының тәртібінің дәлдігінен көрінеді, мұның өзі жалпыға бірдей қарқынды қимыл үйлесімін, саналықты, жинақылықты, ерік-жігер күшін, тәртіптілікті қалыптастырады.

Үйірмеде балалардың аталған қасиеттерді қайталануына және жетекшінің басшылығына қарай белсенділік көрсетуі біртіндеп күнделікті өмірге ауысады. Жетекші балалардың бойында олардың адамгершілік қасиетіне лайық барлық нормалардың қалыптасуын бақылайды. Ол қарапайым формада баланың өз қимыл-әрекеті мен жолдастарының әрекеттеріне қолайлы талдау жасауға, сын тұрғысында баға беруге үйретеді. Бұл орай мұғалімнің сөзі, балаларға ұсынылған тапсырманы тұжырымдаудың барынша айқындылығы, қимылды дұрыс орындағанын мақұлдауы, кемшілік жөнінде ескерту жасауы, ойынды жігерлі түрде бейнелеп әңгімелеп беруі маңызды рол атқарады.

Оқушының эстетикалық қабылдау қабілетін, талғамын, қоршаған өмірдің, сұлулықтың кейбір элементтерін қосу дамытуға бағытталған эстетикалық тәрбиемен тығыз байланысты.

Үйірме жоспары

№	Үйірме атауы	Үйірменің мақсаты	Жауаптылар	Өткізілетін күні
Шығармашылық бағыт				
1	Қолөнер үйірмесі «Шеберлер ортасы»	Қазақ ұсталары мен зергерлерінің мұраларын □ бүгінгі ұрпаққа үйірме арқылы насихаттау, теориялық білімдерін практикамен ұштастырып, алған білім, білік дағдыларын бақылап, шығармашылығын арттыру, қолөнер бұйымдарын ел назарына ұсыну.		
2	Жас оқымыстылар мектебі	Балалардың білім, білік дағдыларын қалыптастыру. Оқушылардың сыныптан тыс уақытта шығармашылық ізденістерін, өзіндік қабілеттерін және қоғамдық қарым-қатынасын қалыптастырып, өзіндік талдау, жинақтау, жұмыста шапшаңдық таныту, өз ойын әдеби тілмен өрнектей білуге машықтандыру.		
3	Ағылшын тілін үйренейік	Балаларға шетел тілін оқыту олардың танымдық және әлеуметтік белсенділігінің, өзіндік әрекет жасау қабілеттілігінің және өзіне деген сенімінің артуына ықпал ету		
4	«Қызықты бояулар» Жас	Эстетикалық сезімдерді тәрбиелеу, өнегелі		

	суретшілер мектебі	тәжірибесін байыту, адамгершілік сезімдерін тәрбиелеу, Қазақстан және басқа елдердегі халықтардың мәдениетін құрметтеу. Қиялын, өнер мен қоршаған әлемді қабылдау қабілетін, көркемдік іс-әрекетте бірлесіп жұмыс істеу шеберліктері мен дағдыларын дамыту. Халық шығармашылығына деген қызығушылығы мен сүйіспеншілігін тәрбиелеу. Аңғарымпаздығы мен көріп есте сақтау қабілетін дамыту. Қолдың моторикасын, икемділігін дамыту.		
5 6	«Театр» үйірмесі	Оқушыларға әдебиетті өнер табиғатына сай оқи білуге, мә – мағынасын терең түсінуге мүмкіндік туғызу, жеке тұлғаның эмоциялық мәдениетін қалыптастыру, актерлік шеберлігін қалыптастыру, дамыту.		
7	«Домбыра» үйірмесі	Домбыра аспабын ұлттық тәрбие құралы ретінде кеңінен қолдана отырып, аспапқа деген қызығушылығын арттырып, студентті домбырада ойнауға үйрету.		
8	«Хор» үйірмесі	Балалардың музыкалық қабілетін арттыру. Вокалды – хор техникасын меңгерту, шығарманы өз дәрежесінде көркем орындауға үйрету.		
Спорттық бағыт				
9	«Тоғызқұмалақ»	Балалардың тоғызқұмалақ ойынын үйрету. Тоғызқұмалақ ойыны арқылы студенттердің ұлттық ойындарға деген қызығушылығын арттыру және өз елін сүйуге тәрбиелеу. Тоғызқұмалақ ойыны арқылы балалардың ойлау қабілеттерін дамыту.		
10	Волейбол (ұлдар)	Ойын әдістерін үйрету. Дене, қол, аяқ қимылдарын икемдеу; Қимыл қозғалысын арттыру;		
	Волейбол (қыздар)	Әр түрлі жаттығуларды доппен жетілдіру; Дене тәрбиесі пәніне қызығушылығын арттыру.		
11	Баскетбол	Допты серіктесіне әр түрлі тәсілдермен беруді дамыту. Допты торға орнынан тастау әдістерін дамыту. Осы әдістерді қолданып, эстафеталық ойын өткізу.		
12	Шахмат секция	Шахмат сабағы арқылы шығармашыл,		

	сы	дарынды жеке тұлға жетілдіруге жағдай жасау.		
13	Жеңіл атлетика	Балаларға шапшандық, төзімділік дағдыларын қалыптастыру.		
14	Үстел теннисі	Оқушыларды ептілік, шапшандық деңгейін арттыру. Оқушыларға үстел теннисі ойыны туралы мағұламаттар беру, үйрету. Оқушыларға тез ойлау, есептеу, есте сақтау, шапшандық қабілетін дамыту.		
15	Футбол	Қимыл, қозғалыс кезінде допты қабылдау және беру дағдыларын үйрету; Табанның ішкі және сыртқы жағымен допты беру әдістерін жетілдіру;		
Қоғамдық бағыт				
	Экологиялық бағыт			
16	« Жас биолог	жастардың экологиялық көзқарасын, санасын, табиғатқа үлкен парасаттылық, жауапкершілік, қарым-қатынасын қалыптастыру. Осы тәрбие арқылы адамның мәдениеттілік сезімі, экологиялық санасы қалыптасады.		

« Жас биолог» үйірмесінің жоспары

1	Дәрілік өсімдіктер жайлы жалпы сипаттама	
2	Қазақстанда кездесетін емдік қасиеттері бар сімдіктер	
3	Қазақстанда мекен ететін өсімдіктер мен жануарлар	
4	Өсімдіктердің тыныс алуы және фотосинтез	
5	Мәдени өсімдіктер	
6	Қазақстанды мекендейтін құстар	
7	Құстардың құрылысы және тіршілік ерекшеліктері	
8	Қызыл кітап және оның ролі Қызыл кітап	
9	Қорықтар және олардың маңызы	
10	Адам іс-әрекетінің экологияға әсері	
11	Қызықты экология	
12	Тамыр жүйесі және түрлері	
	Табиғи саябақтар	
13	Экологиялық апаттар	
14	Адам экологиясы	
15	Өсімдік экологиясы	

«Театр әлемі» үйірмесі

Үйірме жоспары

Тақырып : Актер және сөз өнері. Сахналық кейіпкерді жасау үстінде жұмыс

Мақсат : Актерлік шеберлік элементтері арқылы көркем түрден жаңа түрге түсіруді үйрену .

Міндеттер :

Шығармашылық мобилизациялық дағдыны құрастыру

Актерлік шеберліктің элементтермен танысу.

Жеке қабілеттіліктерін дамыту.

Техникалық құралдар :

1.Музыкалық орталық.

2. Аудиокассеталар, дисктер.

Сабақ жоспары

1.Актерлік дәрісхана.

2. Тақырыпқа енгізу.

3.Актерлік шеберлік элементтері арқылы сахналық түр жасау

4. Жеке этюд.

5. Қорытындылау

6. Үй тапсырмасы

Сабақ барысы

1.Актерлық дәріханасы

Театрлық тәжім.

Пластикалық бой жазу.

Сөйлеу гимнастикасы.

2.Кіріспе

Балаларға сұрақтар :

Сахналық кейіпкер жасаумен сахналық ұжымда кім шұғылданады?

Қандай құралдардың көмегімен қызықты және айқын рөл жасауға болады?

3. Сахналық кейіп жасау үшін актерлік шеберлік элементтері.

1). Анықтамалармен танысу

МИМИКА - беттер бұлшық еттерінің айқын қозғалыстары- — қуаныш, қайғы, көңілі қайту, қанағаттандыру және т.б.

Мимикалар түрлері:

Айтылмаған (рефлекторлық) тұрмыстық мимика;

беттердің бұлшық еттерінің айқын қозғалыстармен актер кейіпкердің көңіл-күйін келтіріп беретін кез-келген (саналы) мимика. Ол кейіпкердің психологиялық мінездемесін анықтауда, сахналық кейіп жасауда актерге көмектеседі.

Мимиканы сөз сияқты жалған мәлімет беру эмоцияларын көрсету үшін, қолдана алады .

ЫМДАР және ПЛАСТИКА – денелердің әр түрлі бөліктерінің, қалыптардың және қозғалыстағы денелердің тілі.

Бет қимылы ымдары сияқты бастың, қолдың және аяқтардың ымдары

Жүріс

Денелер корпустарының әр түрлі бұрылысы.

2) Жаттығу жұмыстары.

1 Тапсырма.

Мимика : Солқылдатып бара жатқан, үздіксіз ауру.(Кәрі адамның бет — әжімдері, катпарланған көз, бұрмалаған ауызға тән сызықтар).

Ымдар : Кәрі адамдардың қолдары – бұжыр және көріксіз. Саусақтары дірілдеп тұрақты тірек іздейді

Пластикалары : Бас дірілдейді, тізелері бүгілген аяқтар, алға еңкейіңкі күдіс арқа, екі қол екі жақта.

ҚОРЫТЫНДЫ: Бұл элементтердің бәрі кәрі адамға тән.

3) Тапсырма.

Мимика : « Шошытатын қорқыныш » (көз және ауыз кең ашылған масканы көрсету керек).

Ым : Қолдар" қауіп-қатер" позициясында – (қол кернеулі, бірақ солқылдақ, шабуылға дайын).

Пластикалар : Корпус "күту" позициясында » (мойын алға созылған, иықтар көтерілген және аяқтар алшақ кең, секіруге дайын).

Шәкірттер үшін сұрақтар :

Пастикалық этюдтің салған суреттен қандай айырмашылығы бар? Сахналық кейіп жасау арқылы, актер сахнаға шықпас бұрын не істеу керек?

Кейіпкер жасау үшін қандай көркем құралдар қолдануға болады?

4) Видео бөліктерін көрсетуі – балалардың жеке жұмыстары.

5) Жаттығу тапсырма – Әрбір шәкірт жеке-жеке 3 негізгі оқиғалар бойынша жағдаят ойластырып, көруге тиісті.

6) Жеке пластикалық этюд көрсетуі.

Балаларға сұрақтар :

-Бүгінгі сабақ сізге кейбір актерлік айдаларды меңгеруге көмектесті ме?

- Этюд ойластыруда және рөлді сомдау үстіндегі жұмыста сізге не түсініксіз?

- Қандай этюд бүгін жасай алмадың, және неліктен ?

-Қандай этюд жақсы шықты және неліктен ?

7) Баға беру

Қанағаттанарлық (Қолды белге қою)

Жаксы (қолды басқа дейін көтеру)

Өте жаксы (қол бастан жоғары)

"Егер де" "Ұсынылған тосын жағдай"

"Егер де" элементі сахна заңдылықтарының ірге тасын қалайтын жетекші элементтердің бірі болып саналады. "Егер де" – творчествоны бастап беруші болса, "ұсынылған тосын жағдай" – дамытушы элемент. Оның болашақ актерлерді сахнаға дайындаудағы орны ерекше.

Елестету - өмірде бар және болатын, өзіміз білетін жағдайларды тудырса, қиял- өмірде жоқ әрі болмайтын, біз білмейтін, болып көрмеген нәрселерді тудырады. Қиял мен елестету актер үшін аса қажет, сабақтас элементтер. Елестету процесінің негізгі қоздырушы күші: кім?, қашан?, қайда?, неге?, не үшін? және қалай? сұрақтары.

Артистік батылдықтың тікелей дамуы мен қалыптасуы. (Үй жануарларының, жабайы аңдардың, жәндіктердің, өсімдіктердің, құстардың тіршілігін сондай-ақ 3-6 жас аралығындағы балалардың мінез-құлқын зерттеу).

Оқушыларға белгі бойынша қорқыныштан, қуаныштан айғайлап жіберу немесе қарқылдап күлу, еңіреп жылап жіберу, аттандап айқайлау, ит болып ұру, әтеш болып шақыру тапсырылады. Мұндай тапсырмалар түрі бірден орындауды талап етеді. Ұзақ дайындықты, ойланып тұруды қажет етпейді. Студент көп ойланып, ұзақ дайындалған сайын, берілген тапсырманы орындау, ақтау қиындай түседі. Ұсынылған жаттығулар түрін

К.С.Станиславский актердің ішкі акробатикасы деп атаған. Осы принцип бойынша, жан-жануарларды, аңдарды, жәндіктерді, өсімдіктерді, құстарды бейнелесе немесе 3-6 жас

аралығындағы балалардың іс-әрекетін, мінез-құлқын жасаса студенттер қиял көзі кеңіген болар еді.

Оқушыларға тапсырма «Егер де» мен «ұсынылған тосын жағдай»

1) Дискотека. Қарны ашқан мысық. Күшіктің дауысы, Жараланған күшік, ашуланған күшік, тауықтың дауысы, жүрісі.

2) Дискотека. Адасқан лақ. Сиырдың дауысы, анасын іздеген бұзау. маймылдың жүрісі, дауысы, тамақ жегені.

3) Этюд «ашыққан күшіктер»

ТАПСЫРМА: Қызығушылығыңа орай лагерде ұйымдастыратан үйірме жоспарын құрыңыз.

Жазғы сауықтыру лагерінде жасақ тәлімгерінің жеке білім алушылармен жұмысы.

Жазғы демалысты ұйымдастыру барысында білім алушыларға тәлімгердің ескертпесі, жалпы физиологиялық, сана – сезімдік, дүниетанымдық тұрғыда даму, жетілуге де көмектеседі. Табиғатпен ерекше үндестік тауып, дүниетаным аясы кеңейтетін, көзқарас қалыптасып, үйренуге ықыласы артатын жылдың тамаша мезгілі.

Жаз мезгіліндегі бұл уақыт білім алушылардың басқа мектеп балаларымен біріге отырып, үйреншікті тіршілік қарекетінен босап, өз қызығушылығымен айналысуына мүмкіндік береді. Сондықтан тәлімгер – білім алушылардың бос уақытын дұрыс пайдалануға бағыттауда орны ерекше. Бос уақыт дене және ақыл-ой қызметін тынықтыратын, қарым - қуатты жетілдіретін іс-әрекетке жұмсалуды жөн. Әйтсе де тыныға жүріп, ойын барысында балалардың шынығу – шыңдалу мәселесімен қатар, түрлі бағыттағы іс-шараларға тарту арқылы тәрбиелеу маңызды.

Лагерь жұмысын ұйымдастырудың мақсаты:

Тәлімгердің білім алушылардың жазғы демалысын тиімді пайдалануына және сауықтырылуы мен демалысы үшін қажетті жағдайлар жасау, мәдениетін, салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру.

Лагерьдің негізгі міндеттері:

Ойын, танымдық және еңбек әрекеттері арқылы балалардың дене және рухани әрекеттерінің арасындағы айырмашылықты азайту;

Білім алушыларда қарым-қатынас дағдысы мен толеранттылықты қалыптастыру;

Білім алушылар санасында адамгершілік және мәдени құндылықтарды бекіту;

Білім алушылардың салауаттылық өмір салты дағдыларын бекіту, денсаулығын нығайту;

Білім алушыларды шығармашылық әрекет түрлеріне тарту, шығармашылық ойлауды дамыту;

Білім алушылардың көшбасшылық және ұйымдастырушылық сапаларын дамыту, шығармашылық қабілеттерін, дербестігін және өнерлерін шыңдау;

Лагерь жұмысын жобалау мен өткізуде тәлімгер пайдаланылатын принциптер:

Өткізілетін шаралардың қауіпсіздігі;

Әр білім алушының тұлғалық ерекшеліктерін ескеру;

Білім алушының бос уақытты өткізу және шығармашылық әрекетте өз қабілеттерін көрсету мүмкіндігі;

Күтілетін нәтиже:

- ✚ Жазғы демалыстың, сауықтырылудың, білім алушылардың бос уақытын ұйымдастырудың пайдасын асыру;
- ✚ Білім алушылардың физикалық және психологиялық көрсеткіштерінің жақсаруы;
- ✚ Салауатты өмір салтын қалыптастыру, қоршаған ортамен, қоғаммен, және өзімен қарым - қатынасының дұрыс қалыптасуы;
- ✚ Білім алушылардың балалар мен жасөспірімдердің денсаулық жағдайына медико-физиологиялық, әлеуметтік, психологиялық бақылауды жандандыру;
- ✚ Білім алушылардың балалармен арасындағы достық қарым-қатынастың нығаюы;

Жасақ тәлімгерінің жеке білім алушылармен жұмыс атқаруы:

Қазіргі таңдағы еліміздегі және шет елдің ғалымдарының зерттеулері бойынша дамуында түрлі кемістігі бар балалардың саны жоғарылап өсуде. Соның ішінде сөйлеу тілі бұзылған балалардың саны жоғары деңгейде екені анықталды. Біздің басты мақсатымыз-осы балалардың мүмкіндіктерін анықтау, оқыту, тәрбиелеу, түзету жұмыстарын жүргізу.

Тәлімгер! Сіз бал күлкілі бала бағының бағбанысыз. Сондықтан да, балалық бағы мәңгі жасыл болу үшін жұмыс жасауға тиістісіз. Тал бойына тәлім тұнған тәлімгер озық ойлы, мәдениетті, ақылды, интеллектуалды бай, рухани дамыған тәуелсіз елдің ұланын тәрбиелеуі керек.

Сіз балалардың жетекшісі, тәрбиешісі, қызықты істердің ұйымдастырушысы ғана емессіз, олардың ересек досысыз! Өз жұмысыңызда балалардың белсенділігін, қызығушылығын оята алуыңыз керек. Балаларға өз жүрегіңіздің жылуын сыйлаңыз!

Балалардың жазғы демалыстағы өмірін қызықты, тартымды, есте қаларлықтай етіп өткізу – сіздің қолыңызда! Жас ұрпақтың танымдық-интеллектуалдық, шығармашылық және басқа да дүниетанымдық потенциалдарының жан-жақты дамуына ұйытқы болып, балалар әлеміндегі игі істерде балалармен бірге қолтаңба қалдыру - сіздің мұратыңыз болсын!

Жасақ тәлімгерінің лагердегі ерекше балалармен атқаратын жұмыс түрлері (Дарынды балалар, тіл мүкістігі бар балалар, қиын балалар)

Дарынды оқушылармен жұмыс

Дарындылықты анықтау:

Міндеттері:

Баланың жеке тұлғалық ерекшеліктерін дамыту, оны қоғамда өмір сүруге психологиялық тұрғыдан дайындау.

Балалардың кәсіби және жеке даралық қабілетін анықтай алуына психологиялық – педагогикалық көмек көрсету.

Негізгі принциптері:

Баламен жеке сыйластық және сенімді қарым-қатынас орнату.

Болжап отырған нәтиже:

Оқу бағдарламасына сай білімді терең меңгерген, жеке шығармашылық қабілеті дамыған, ұлттық сана сезімі жетілген және ішкі жан дүниесін тануға, өзін өзгелермен салыстыра алатын, іс-әрекетке талдау жасай алатын, жоспарлау мүмкіндігі қалаптасқан тұлға.

Дарындылық анықтамасы:

Іс-әрекеттің сәтті орындалуын қамтамасыз ететін қабілеттік істің өзара сәйкестік сапалығын айтады.

Іс-әрекеттің жағдайдағы ерекшелігі, кеңінен қамтылған адам мүмкіндігі.

Ақылдың потенциалы немесе интеллект. Оқуға, білімге жалпы танымдық мүмкіндіктер және қабілеті.

Баланың табиғаты арқылы дамыған қабілет.

Таланттылық және адамгершілігінің жоғары жетістіктерге жеткізетін іс-шаралар.

Дарынды баланың сипаттамасы:

Интеллектуалды сферасы.

Білімділік өрісі.

Ойлау қабілеті ерекшесі тұрақты, қызығуы мол, кейде бір іспен айналысса тоқтай аламайды, өз ойын ерте жеткізеді.

Дарындылық үш параметрмен анықталады:

- Танымдық жеке дамуы.

- Психологиялық жеке дамуы.

- Физикалық дамуы.

Дарынды оқушыларды таңдау барлығы назар аударатын ерекшеліктер:

Дарынды бала өзгеше және шапшаң ойлайды. Дарынды оқушылардың ішкі сезімі жағынан өзгешелігі: өте сезімтал, ықылас қойған нәрсесін, тақырыбын әр жерде негізгі мәселе етіп ұсынады.

Дарынды оқушылардың физикалық тұлғадан ерекшелігі: дамудағы шапшаңдылық, ақындарша сөйлеуі, жиі-жиі ойға берілуі, қиял-күйінің басым түсуі.

Әлеуметтік тұрғыдан ерекшелігі: адамгершілік сезімдерінің ерте дамып, жоғарғы моральдық қасиеттерге ие болуы.

Дарындылықты анықтағанда төмендегі факторларды ескеру керек:

Жас ерекшелігі

Тұлғалық ерекшелігі.

Экспериментатордың тұлғалық ерекшелігі.

Дарынды балалармен жүргізілетін жалпы жұмыс жоспары:

1. Дарынды баланы іздеп табу және іріктеу
2. Тереңдетілген бағдарлама бойынша (жеке, топтық, жұптап) оқыту
3. Дарынды балалармен жүйелі түрде қосымша сабақтар өткізу
4. Проблемалық оқыту әдістерін пайдалана отырып оқыту. Ізденіс жұмыстарын (реферат, баяндама, сөзжұмбақтар, ребус, шығарма жазу, өлең шығару, т.б.) өз бетінше ізденіп оқуды ұйымдастыру, дамыту. Шаталовтың әдіс-тәсілін пайдалана отырып оқыту
5. Мектепішілік және аудандық пәндік олимпиадаларға, конкурс-сайыстарға, ғылыми-практикалық конференцияларға қатыстыру
6. Жаңа педагогикалық технологиялар элементтерін пайдалана оқыту

Дарынды балалармен жұмыс жүргізудің мақсаты:

- баланың шығармашылық қабілетін және өз бетінше шығармашылық ізденісін дамыту;
- пәнге терең қызығушылығын арттыру;
- оқушының әсерлілік сезімін қалыптастыру;
- оқушының белсенділігін арттыру мақсатында даму деңгейін, танымдық белсенділігін арттыра оқыту;
- жалпы білім -білік дағдыларын дамыта оқыту;
- білімнің бағасын арттыру;

Дарынды балаларды анықтау мен олармен жұмыс ұйымдастыру

I. Дайындық жұмыстары (кімдер жұмыс істейді)

1. Лагерь әкімшілігі не бірлестік мүшелері дарынды балалармен жұмыс жасауға қабілетті, шебер мұғалімдерді анықтау.
2. Мұғалімдерді қажетті құжаттармен қамтамасыз ету, дайындықтан өткізу, пікір алмасу шараларын белгілеу.
3. Қабілетті оқушылармен жұмыс жүргізетін мұғалімдер тобына жетекшіні бекіту не тағайындау.
4. Оқушылар дарындылығын анықтау шараларын ұйымдастыру (жарыс, байқау, емтихан, олимпиада, т.с.с)
5. Дарынды оқушылармен жұмыс бұрышын жабдықтау (кабинетін)

Дарындылықты анықтағанда төмендегі факторларды ескеру керек:

Жас ерекшелігі

Тұлғалық ерекшелігі.

Экспериментатордың тұлғалық ерекшелігі.

Дарынды балалармен жұмыс істейтін мұғалімдерді іріктеудің негізгі принциптері

Ø Дарынды балаларды оқыту жүйесінде мұғалім негізгі фактор болып табылады.

Ø Дарынды балалармен жұмыс істейтін мұғалімдерге жоғары талаптар қойылады.

Ø Бастауыш сыныпта оқитын дарынды баламен кез келген мұғалім жұмыс істей алмайды.

Ø Дарынды балалармен жұмыс істейтін мұғалімнің өзіндік «жағымды» Мені болуы керек.

Тіл мүкістігі бар балалармен жұмыс

Логопедия - бұл сөйлеудің бұзылуы және оны арнаулы оқыту мен тәрбиелеу нәтижесінде анықтау, түзету және алдын алу әдістері туралы ғылым.

Логопедия неврология, невропсихология, нейролингвистика, психология, педагогика және т.б. ғылымдар негізінде жұмыс атқарады. Бұл ғылыми пәндер логопедияға сөйлеудің бұзылуының механизмдері мен құрылымдарын ғылыми түрде негіздеуге, сөйлеуді дамыту, түзету мен қайта қалпына келтірудің ғылыми әдістерін қолдануға мүмкіндік береді.

Логопедиялық жұмыстың мақсаты мен мазмұны баланың сөйлеу тілінің бұзылуының себептерін анықтап, сонымен қатар сақталған функцияларын орнына келтіру, дамыту мүмкіншіліктеріне негізделеді.

Сөйлеудің дұрыс қалыптасуы үшін мидың бүкіл құрылымдарының сақталып, мүлтіксіз қызмет атқаруы қажет. Сөйлеудегі ең маңызды элементтер - есту, көру, моторика жүйесі. Ауызекі сөйлеу перифериялық сөйлеу аппаратының негізгі үш бөлімінің - дем алу, дауыс және артикуляция, бұлшық еттерінің үйлесімді жұмыс атқаруы нәтижесінде іске асырылады.

Сөйлеу қызметінде негізгі рөлді мидың доминантты жарты шарында (оңақайларда сол жақ, солақайларда оң жақ жарты шар) орналасқан сөйлеу - есту және сөйлеу - қимыл

зоналары атқарады. Сөйлеу баланың психофизикалық жалпы дамуы процесінде қалыптасады.

Сөйлеудің бұзылуының себептерін бірнеше топқа бөледі:

- Биологиялық себептерге көбінесе баланың жатырда жатқан кезіндегі, толғақ кезіндегі (гипоксия, жарақаттар) және туылғаннан кейінгі алғашқы айлардағы (ми инфекциялары, жарақаттар, т.б.) патогендік факторлар жатады.

- Элеуметтік - психологиялық қауіпті факторлар бірінші кезекте психикалық депривациямен байланысты. Депривация дегеніміз - ұзақ уақыт аралығында және жеткілікті түрде субъектінің негізгі «өмірлік және психикалық қажеттіліктерінің қанағаттандырылуына кедергі келтіретін өмірлік ахуалдар нәтижесінде пайда болатын психикалық көңіл күй.

- Сөйлеу тіліндегі дыбыстардың айтылуына дұрыс қалыптаспаған тандай құрылысы да зиян тигізеді. Көбіне жас аналар нәрестеге емізік беруге құмар. Дұрысы, емізкке үйретпеген жөн. Себебі, емізкті жиі емгеннен сәбидің тандайы тереңдеп кетуі әбден мүмкін. Тандай тереңдесе, артикуляциялық қозғалысы нашарлайды. Соның салдарынан әріптер дұрыс дыбысталмайды.

- Ата-аналардың көпшілігі баласының тілі дұрыс шығып, шықпағанына, даму ерекшеліктеріне жете мән бермейді. Баланың былдырлап сөйлегеніне мәз болып, соны қызық көретіндер де жетерлік. Олар мұны еркелік деп түсінеді. Кейбір ата-аналар 3-4 жастағы баланың тілі түсініксіз болса, «мүлде сөйлей алмайтын жағдайда емес қой, мектепке барғанша, әйтеуір сөйлер» деп бейжай қарайды. Мұндай түсінік мүлде дұрыс емес. 1 жасар бала кем дегенде 10 сөз айтуға тиіс. 2 жаста сөздік қоры 300-ге жуықтайды.

Ал 3 жасар сәби күрделі сөйлем құрауға қабілетті болады. Сондықтан кез келген ата-ана бала 1 жасқа толысымен, онымен көбірек сөйлесуі керек. Онда да баланың былдырына еріп, соның «тілімен» емес, түсінікті тілде сөйлеуге үйретуі тиіс.

- Сақаулық еліктеуден де болуы мүмкін. Балаға сөйлеу тілі әлі дұрыс қалыптаспаған сәбидің қасында үнемі бірге ойнау зиян. Сонымен қатар баланың тілі мүкіс немесе өте жылдам сөйлейтін адамдардың қасында болуы да дұрыс емес.

- Баламен бір тілде ғана, ана тілінде сөйлесу керек. Бірде қазақша, бірде орысша сөйлеген сәби еркін сөйлеу қабілетінен айырылады. Әрі тілі мүкістенеді. Соның кесірінен, дыбысталуы ұқсас әріптерді ажырата алмайды. Мұндайда сәбиге жаңылтпаштар айтқызған дұрыс.

- Тілдің мүкістігі дыбыс шығарудағы сөйлеу мүшелері: тілдің, еріннің, төменгі жақ сүйектерінің нашар қимылдауларынан, тістің құрылысынан да болуы мүмкін. Тілдің қалыпты деңгейден нашар қимылдауы себебінен өте қысқа тіл асты желбезегі оның жоғары көтерілуіне мүмкіндік бермейді. Тілдің өте үлкендігінен, жөнді бұрыла алмауынан да, сөйлеу тілі бұзылады.

Сонымен қатар тістердің арасының алшақтығынан және ретсіздігінен сөйлегенде тілдің ұшы сыртқа шығып кетіп, сөздің анықтығы бұзылады. Стоматолог-дәрігерлер арнайы құрал қою арқылы тістерді және жақ сүйектерін реттейді. Сүйегі әлі қатаймаған 5-6 жасар балаға қойылған шинаның ықпалы өте күшті болады. Еріннің қалыңдығы, астыңғы еріннің салпып тұруы ерін және ерінтісті дыбыстарының анық айтылуына кедергі келтіреді.

- Психикалық, физикалық жарақаттану. Отбасындағы қолайсыз жағдайлар да баланың сөйлеуіне кері әсерін тигізбей қоймайды.

Сөйлеудің бұзылу түрлері:

Дислалия - дыбысты дауыстап айтудың бұзылуы. Дислалиялық дыбыстық бұзылулар артикулярлық аппарат құрылымының ақауларымен, сондай - ақ сөздік тәрбиенің ерекшеліктерімен түсіндіріледі.

Ринолалия - артикуляциялық аппарат құрылысының туа біткен анатомиялық дефектілерімен байланысты пайда болатын дыбыс шығарудың және дауыс тембрінің кемістіктері.

Дауыстың бұзылуы - Бұл дефект дауыс аппаратындағы патологиялық өзгерістер нәтижесінде пайда болады. Дауыс бұзылуының екі түрі бар:

- Дисфония яғни дауыстың ішінара бұзылуы (дауыстың жоғарылық деңгейі, күші, тембрі бұзылады);
- Афония – дауыстың мүлдем жойылып кетуі.

Дизартрия- сөйлеу аппаратының иннервациялық жетіспеушіліктерінен болатын дыбыс шығарудың және сөйлеудің мелодиялық және интонациялық тұрғыдан бұзылуы.

Тіл кемістігі бар балалардың ұсақ қол моторикасын дамытуда әртүрлі массаж қолданады. Оның негізгісі сылау, сипау, қысу, сілкілеу, қозғалту, дірілдету арқылы босаңсыту және қатайту массаждары. Сондай-ақ биологиялық активті нүктелерге әртүрлі вибро-массажер, зонд, дөңгелек, массаж доптар, спанжер және өз-өзіне массаж түрлері жасалады. Біз өз тәжірибемізде алақанға Су-Джок массажері мен саусақ буындарына сақиналары пайдаланамыз. Жалпы массаж жасауға қажетті ұсыныстар.

1) Массаж балаға қолайлы жағдайда мүмкіндігінше жақсы музыкалық сүйемелдеумен өткізілгені дұрыс.

2) Баланың терісі-күрғақ, таза болуы керек. Массаж жасаушының қолы таза, жылы, жарақатсыз болу тиіс.

3) Массаж ұзақтығы 10-12 процедур бір цикл, күн сайын немесе күн аралық. Алғашқы уақыты 2-3 минуттан басталады.

Логопедтің алдына қойған мақсатына байланысты логопедиялық сабақта да олардың аралығында да әр түрлі ойындар қолданылады. Бірінші жағдайда ойын дұрыс сөйлеу туралы білім алуға, оларға қажетті дағдылар мен білімдерді тәрбиелеуде ұжымға деген дұрыс қарым-қатынас қалыптастыруда көмектессе. Екінші жағдайда баланы іс-әрекеттің бірінші түрінен екінші түріне ауыстыруға, сондай-ақ демалуына, сабақ барысында алған білімін еш мәжбүрсіз бекітуге мүмкіндік береді.

Қиын балалардың жұмыс істеудің негізгі шарттары:

- 1) Әрбір қиын баланы жан – жақты зерттеп, мінез – құлықтарының бағыт – бағдарын айқындау, оның ішіндегі адамгершілік типтегі қасиетін іріктеп алу.
- 2) Әрбір оқушының адамгершілік сынды тәжірибелердің құра біліп, соның негізінде тәртіпті, айналасындағы өмірге көзқарасты, ұжымдық қарым – қатынас дағдыларын қалыптастыруды ұйымдастыру.
- 3) Әрбір жеке тұлғаның ерекшеліктері мен мүмкіндіктеріне және творчестволық талап – тілектеріне орай, қабілеті мен икемдерін дамыту, қоғам жұмыстарына қатыстыру.
- 4) Кейбір қиын оқушылардың оқу – тәрбие процесінде ұжымдық өмір қарым – қатынастарында ұсқынсыз ауытқушылықтар болса, деп кезінде қол үшін беріп, одан сақтандыру, оны туғызатын әрекеттерді жою.

Әңгімелеу оқу – тәрбие процесінде ең қажетті құралы. Оқушының жеке басына түскен жағдай, оны ортаға салуға болмайтындай болса, онда мұғалім тәжірибелі педагог баламен жеке сырласу арқылы көздерін жеткізеді.

Қиын балалармен тәрбие жұмыстарын жүргізу кезінде таланттар қойылуы қажет. Одан педагогикалық тәжірибелерге сүйене отырып, әрбір оның баланың бейім қабілетіне, мінез – құлқына сай онды шығармашылық қасиеттерін ұйымдастырып отыру қажет.

Тағы бір әдіс – қиын баланың бағдарын, мақсаты мен міндетін қайта құру. Бұл әдістің құндылық мәні – оқушы қателігін түсіну өзін - өзі тәрбиелеудің бағдарламасына көмек береді.

Жаз мезгіліндегі бұл уақыт балалардың негізгі сабақтан, үйреншікті тіршілік қарекетінен босап, өзін қызығушылығымен айналысуына мүмкіндік береді. Сондықтан ұстаз - тәрбиешілерге оқушының бос уақытын дұрыс пайдалануға бағыттаудың, үйретудің мәні зор.

Бос уақыт дене және ақыл-ой қызметін тынықтыратын, қарым - қуатты жетілдіретін іс-әрекетке жұмсалуды жөн.

Әйтсе де тыныға жүріп, ойын барысында балалардың шынығу – шыңдалу мәселесімен

қатар, түрлі бағыттағы іс-шараларға тарту арқылы тәрбиелеу маңызды.

Тапсырма:

1. Лагердегі ерекше балалармен атқарылатын ойын түрлерінің картотекасын жинақтаңыз

Лагердегі тренингті ұйымдастыру

Психологиялық тренингтер

Жоспары:

1. Психологиялық тренингтердің мақсаты мен міндеттері, мазмұны.
2. Тренинг жаттығуларын жоспарлау

Үлгілері:

«Топтағы бірлікті нығайту» тренингі

Мақсаты: Ойынның көмегі арқылы топтағы қарым-қатынасты жақсартып, бірлікті нығайту.

Танысу «Менің атым»

Топ шеңбер бойымен тізіліп отырады. Таныстыру өзі қалаған оқушыдан басталып, сағат тілімен ары қарай жалғасады.

Таныстыру шарты төмендегідей:

Оқушылар сүйікті мультфильмдері мен ертегілерінің кейіпкерлері болып бір-бірімен танысады (ойлануға уақыт беріледі). Және де тренинг аяқталғанша сол есімдерімен бір-бірлерін атаулары қажет. Егер де ұмытып қалған болса, қайтадан сұрап алу керек.

Қыздыру жаттығуы «Геометриялық фигура» ойыны

Белгілі бір уақытта барлық қатысушы топтар бірігіп геометриялық фигура жасаулары керек.

Тіктөртбұрыш – 12 секунд ішінде.

Текше – 10 секунд ішінде.

Үшбұрыш – 8 секунд ішінде.

Ромб – 6 секунд ішінде.

Шеңбер – 3 секунд ішінде.

Негізгі тренинг «Адам.Шатыр.Жер сілкінісі» ойыны

Топ үш-үштен топтасып бөлінеді. Бір адам артық қалуы керек. Егер қатысушы саны жетпесе тәлімгер қоса ойынға қатысуға болады.

Ойынның шарты: жүргізуші «Адамдар ауысамыз!» деген бұйрық берсе, шатыр астындағы адамдар жылдам-жылдам орындарын ауыстырады. Сол кезде артық тұрған адам өзіне паналайтын шатыр тауып алуы керек. Артық қалып қалған оқушы жүргізушінің келесі бұйрығын мұқият тыңдап тұруы қажет. Жүргізуші «Шатырлар ауысамыз!» деген бұйрық бергенде шатырлар ауысып, артық қалған оқушы жылдам біреуге шатыр болуға тырысады. Тағы да артық қалған оқушы жүргізушінің келесі бұйрығын тосады. Келесі бұйрық «Жер сілкінісі» дегенде шатырлар да, адамдар да ауысады. Осы кезде артық қалған адам өзіне орын табуға тырысады. Осылайша бірнеше қайталауға болады.

Қоштасу «Хат жазу» ойыны

Қажетті құралдар: ақ парақ, қалам (түрлі-түсті болса жақсы), скочь.

Барлығымыз ақ парақты алып, бір-біріміздің арқамызға жабыстырамыз. Жабыстырып болған соң қолымызға қалам алып, бір-бірімізге тілек жазуды бастаймыз. Бір жазған адамға бірнеше рет жазу рұқсат етілмейді. Хат жазу аяқталған соң жабыстырылған парақты алып, өз

орнымызға отырамыз.

Соңында бүгінгі өткен тренинг бойынша оқушылардың алған әсерлері мен сезімдері жайында талдау жасалады.

«Кел, танысайық!» тренингі.

«Танысу» ойыны

Мақсаты: Топта жұмыс жүргізу үшін жағымды ахуал орнату, қарым - қатынастың белсенді стилін және кері байланыс немесе алу тәсілдерін меңгеру;

- Алдымен танысайық, біз оны былай жасаймыз: дөңгелене отырып, сағат тілі бойынша, кезек - кезек әр қатысушы өз атын және өзінің нақты сүйікті ісін айтады. Екінші ойыншы өзі туралы айтпас бұрын алғашқы адамның сөзін қайталап айтуы керек. Содан кейін өзі туралы айтады. Ал үшінші адам бірінші, екінші адамның айтқанын қайталап, сонан соң өзі жайында хабарлайды. Ойын осылай жалғаса береді.

Талқылау:

1. Қай ойыншының есімі, сүйікті ісі сенің есінде жақсы сақталады?
2. Несімен жақсы сақталады деп ойлайсың?
3. Қай қатысушыны еске түсіру қиынға соқты?
4. Не үшін қиын болды деп ойлайсың?
5. Қатысушылардың сені есінде сақтай алмауы қалай әсер етті? Және т.б

2. «Туған күн» ойыны

Мақсаты: Оқушылар ортасында қарым - қатынастың кейбір жағымсыз формаларын көрсету, коммуникативті іскерліктерін қалыптастыру және т.б.

Ойынның алдында жүргізуші әр қайсысына билет береді. Онда өзін қалай ұстау керектігі жайында көрсетілген, яғни қатысушылар билетте жазылған рөлде ойнауы тиіс. Билет ойынның соңына дейін құпия сақталады, тек талқылау кезінде ғана кімге не істеу керектігін айтуға болады.

Билеттегі тапсырмалар:

1. Туған күн иесі - барлық қонақтарды әңгімеге тартуға тырысады.
2. Білгішсымақ - кез-келген әңгімеге араласуға тырысады.
3. Таласқыш - бәрімен ерегесіп, таласады.
4. Келісімге келтіруші - кикілжіңді басуға ұмтылады.
5. Бәріне және барлығына көңілі толмайтын адам.
6. Асаба - туған күн иесіне көмекші.
7. Қызық мінезді адам - кез-келген әңгімені басқа арнаға бұруға тырысады.
8. Әдепті адам тыйым салып отырады.

Ойыннан кейін талқылау жүргізіледі. Туған күн кикілжіңмен аяқталуы да мүмкін. Бірақ бұл талқылау үшін жақсы, жасөспірімдердің мінез - құлқын байқауға мүмкіндік береді.

3. «Мен сізге жазамын» ойыны

Қазір тапсырманың соңында әрқайсыларыңыз хат аласыздар, барлық ойыншылар түгел қатысуы қажет. Егер әуелі өз парағыңыздың оң жақ төменгі бұрышына өзіңіздің аты - жөніңізді жазып, оң жақта отырған көршіңізге бересіз. Көршіңіз өзінің қағазын өзінен кейінгі отырған ойыншыға береді. Қалғандары да сағат тілімен бір-біріне беріп отырады.

Көршіңіздің аты жазылған қолыңызда парақ бар. Оған бірнеше сөз арнаңыз. Не жазу керек? Ол адамға не айтқыңыз келеді, соның бәрін жазыңыз: жақсы сөз, тілек, мойындау, күмән; Бұл сурет те болуы мүмкін. Бірақ сіздің ойыңыз 1-2 фразадан тұруы керек. Сіздің жазғаныңызды басқа адам оқып қоймас үшін сіз парағыңыздың жоғарғы жағын бүктеңіз. Содан соң бұл парақ сол жақта отырған көршіңізге беріледі. Ал сізге басқа ойыншының парағы беріледі, сіз

сол параққа келесі бір адам туралы қысқа пікіріңізді жазасыз. Сіздің атыңыз бен фамилияңыз жазылған өз парағыңыз өзіңізге қайтып келгенше ойын осылай жалғаса береді. Бұл хат әр қатысушының бәрін айналып шығады және әркім бұрын айтқысы келіп жүргенін жазады. Ойын соңында әрқайсысы өздері жайлы жазылған парақты оқиды. Осы хаттың нәтижесінде барлық қатысушылар бір - біріне деген эмоциялы жақсы қасиеттермен алмасады.

Талқылау:

- 1.Басқа балалардың пікірін оқығанда қандай сезімде болдыңыз?
- 2.Қазіргі көңіл - күйіңіз қандай?

Тренинг тақырыбы: ДОСТЫҚ

Мақсаты: Оқушылардың арасында жағымды қарым-қатынас орнату, бір-бірін сыйлауға, адал дос болуға және қоршаған ортамен дос болуға үйрету, коммуникативті өрісті дамыту.

БАРЫСЫ:

I. Сәлемдесу.

II. Шаттық шеңбері.

- Балалар, бәріміз шаттық шеңберіне жиналайық. Енді бір-бірімізге бүгінгі күніміздің тамаша өтуіне арнап жақсы тілектер айтайық. *(Оқушылар бір-біріне бүгінгі күннің көңілді өтуіне арнаған тілектерін айтады.)*

Тренинг ережелерімен таныстыру.

Бір-бірін сыйлау.

Ұзақ уақыт сөйлемей.

Көңілді болу.

Танысу тренингі.

Өз есіміңізге сын есім қосып танысайық.

Әдепті -

Үлпілдеген -

Жағымды -

Мейірімді -

Нұрдай -

Оқымысты-

Жайдарлы -

Айбатты -

Жақсы -

Ғажайып -

Нұрлы -

III. «Кел, ойланайық, пікірлесейік»

Енді, балалар, мына өлеңді тыңдап көрелік.

Дос көп еді жүретін сыр ақтарып,
Жандарынан тұратын шуақ тамып.
Домбырамның үні де естіледі,
Достарымның сырлары сияқтанып.


Шын достықтың оттары жалындайды,
Дос қамалдар ешқашан алынбайды.
Дос көңілдер есепке бағынбайды,
Дос жүректер өсекке бағынбайды.

Достық дегенді қалай түсінесіңдер?

Шын досты қалай білуге болады?

«Досы көпті жау алмайды» деген сөзді түсіндіріңдер?

Достары көп болу үшін адам қандай болуы қажет?



V. «Достық. Бірлік» үйін салу.

Балалар, біздің адал достарымыз әлде де көп болу үшін үлкен үй салуымыз керек. Сол үлкен үйді бәріміз бірге салып көрейік.

Мақал-мәтелдер:

Досы жоқпен сырлас,
Досы көппен сыйлас.
Досың мың болса да – аз,
Дұшпаның біреу болса да – көп.
Досыңменен дос болғанға шаттан,
Дұшпаныңмен дос болғаннан сақтан.
Ақылсыз достан, ақылды дұшпан артық.
Дос басқа қарайды,
Дұшпан аяққа қарайды.

VI. Тыныштық сәті.

Балалар, орындарыңызға емін-еркін жайғаса отырыңыздар.

Енді көзімізді жұмып, әркім өзінің досы, оның жалқы қасиеттері туралы ойлаймыз. (2-3 секунд)

Балалар, достарымызды ойлап болсақ, көзімізді ашайық. Паракқа аты-жөнімізді жазып, ойлаған досымыздың есімін жазайық.

VII. Социометрия әдісі.

Мақсаты: Балалар ұжымдағы өзара қарым-қатынасты анықтау, топ ішінде психологиялық қолайлы жағдай орнату.

Нұсқау: Балалар, сіздерге қазір сұрақтар қойылады. Сол сұраққа осы өз кластастарыңнан үш есімді жазасыңдар.

Кіммен дос болғың келеді?

Лагерьде қай топта болғың келеді?

VIII. «Жүректен-жүрекке» жылы лебіз білдіру.

Балалар, шаттық шеңберіне келе қойыңыздар. Енді қасымыздағы адамға жүрегіміздегі жақсы жылы лебізді білдірейік.

IX. Қорытынды.

1. «Қоршаған ортамен қарым-қатынас» тесті

Адамдар тек қана бір-бірімен дос болып қана қоймайды, қоршаған ортамен де дос болады екен.

Қоршаған орта

Сұрақ

Достар-мен

Табиғат-пен

Құстар-мен

Кітап-пен

Жануарлар-мен

Көше-мен

1 Сіз кіммен доссыз?

2. Өміршеңдік ережесі.

Әр адамның ережесі - өз жүрек қалауымен жүру және батыл әрекет жасау. Сол сияқты иығыңды тіктеп, жарқын көңілмен іштей табысқа жетуге талаптанып, өміршеңдік ережелерін айтайық.

Жігер деген – Мен

Күш деген – Мен

Махаббат деген – Мен

Жасөспірімдік деген – Мен

Жастық шақ деген – Мен

Денсаулық деген – Мен

Адалдық деген – Мен

Жарқындылық деген – Мен

Бар ғажайып деген – Мен

Хормен: Бәрі маған байланысты,

Бәрі менің қолымда!

Лагерде мінез-құлық мәдениетіне тәрбиелеу

Жоспары:

1. Жазғы сауықтыру лагерінде білім алушыларды мінез-құлық мәдениетіне тәрбиелеу ерекшеліктері.

Адамның тұрақты психикалық ерекшеліктер жиынтығының бірі – **мінез-құлық**. Мінез-құлық бұл-тірі организмнің барлығына ортақ қасиет. Оның басты белгісі–тіршілік иесінің қимыл-қозғалысының түрлі деңгейдегі көріністерін береді. Адам бойындағы Мінез-құлықтың бастапқы көрінісі – **қылық**. Мұнда әр адамның өмірлік бет алысы, бағыт-бағдары, талғам-сенімі, көзқарасы, мақсат-мұраты көрініс береді. Адам өзін-өзі бақылау жасау арқылы мінезіндегі мінін түзеуге, жағымсыз әрекет пен қылықтардан өзін тыйып ұстауға мүмкіндік алады. Мінез-құлық адамның өзіне, айналасындағы басқа адамдарға қарым-қатынасынан, жүктелген істі қалай орындайтынынан көрінеді. Бұл оның бүкіл тыныс-тіршілігіне әсер етіп, сыртқы ортамен байланыс жасауын қамтамасыз етеді. Өз қажеттілігін қанағаттандыруда түзілген психикалық және физиологиялық үдерістер жиынтығын мінез-құлық деп атаймыз.

Адамның мінез-құлығын және жануарлардың мінез-құлығын зерттейтін ғылымды **этология** дейді. Адам өмірге келген сәттен бастап үлкен әлеуметтік ортаға тап болады. Оның осы ортада өзін нық, еркін сезінуі мен үйлесімді дамуы үшін көптеген факторлар қажет. Қазіргі көп мәдениетті қоғамда балаға сырттан әсер етуші жағдайлар оның жаңа қалыптасып келе жатқан тұлғасына ауқымды әсерін тигізеді. Ст.Холл «Бала толыққанды дамуы үшін өз

халқының сезімдері мен көзқарастарын басынан өткеруі қажет» деп санайды.

Адам бойына жақсы адамгершілік қасиеттерді сіңіру тәрбиеге, өскен ортасына байланысты деп түсінген халық: «Ұстазы жақсының — ұстамы жақсы», «Тәрбиесін тапса адам болар, оқуын тапса білім қонар» деп тәлім –тәрбие, оқу-білім мәселесіне үлкен көңіл бөлген.

Адамға деген құрмет сезімін тәрбиелей отырып, баланың өзіне деген құрмет туралы да ұмытпағаны жөн. Балалардың бойында берік адамгершілік негіздерін дамытып, оларды жаман ықпалдардан сақтай білсе- ата-аналардың нағыз бақыты осы. Баламен шын сөйлескенде, арада достық барда ғана өтімді болады. Достық баланың жеке басына деген құрмет, шыншылдық мұның бәрі ең жас кезден бастап ойдағыдай тәрбиелеу үшін қажет.

Ата-аналар балаларын тәрбиелей отырып, бала тәрбиелеуде, қоғам мен мемлекет алдында жауапты екенін, болашақ азаматтарын тәрбиелеп отырғандарын естен шығармауы тиіс. Жасөспірімдерде мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру мәселесіне аса көңіл қойып, онда мұғалім мен ата-атаның бірлескен еңбегі мінез-құлық дағдыларының дамуына әсер еткендігі жайында баса айтқан ғалымдар: Л.Керімов, Б.Айтмамбетова, А.Бейсенбаева, Р.Нұргалиева, С.Ұзақбаева, Ж.Қоянбаев, Қ.Жарықбаев, С.Қалиев, Н.Д.Хмель т.б. болды.

Адамгершілік тәрбиесінің құралдарының ең көп тараған формасы – этикалық әңгіме, пікірталас, дискуссия, кездесудер, оқырман конференциялары т.б. этикалық әңгімелерді адамгершіліктің кез-келген қағидасы бойынша жүргізуге болады. Оқушыларды жақсы мінез-құлыққа, адамгершілікке тәрбиелеу ісі, сыпайы ісі, жақсы әдеттері, қолдай отырып, оған қарама-қарсы жаман әдет, жат мінездерді әшкерелеу арқылы жүзеге асырылуы қажет. Адамдар арасындағы этикалық қарым-қатынас, жақсы мінез-құлық, үздіксіз тәрбиенің, өзгелердің үлгі өнегесі арқылы біртіндеп қалыптасатын қасиет. Адамгершілік тәрбиесінің құрамдас бөліктерінің бірі – мінез-құлық мәдениеті болғандықтан, жасөспірімдерден адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруда, осы мәселеге көңіл бөлінеді.

Қазіргі қоғамдары мінез-құлық мәдениетіне тәрбиелеудің әлеуметтік негіздері өткен ғасырдағы негіздерден принципті түрде өзгеше және олар адамның тілектестік, қайырымдылық, сезімталдық, әділеттік, жолдастық және ұжымшылдық сияқты адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға сүйенеді.

Мінез-құлық мәдениетін тәрбиелеумен жүргізілетін жұмыстардың мазмұны мен дәйектілігін ескере отырып, жүйелі жоспарлы түрде шұғылдану қажет. Мектеп оқушыларын адамгершілік мінез-құлыққа үйретуді оқта-текте қолға алу тұрақты нәтижелер бермейді.

Мінез-құлық мәдениетінде дағдылар мен әдеттердің орны үлкен. Бұл үнемі сананың бақылауын қажет қылмайтын автоматтанған іс-әрекеттер солардың арқасында адам көптеген қылықтарды тез де жеңіл орындайды. Көптеген мектеп оқушыларының мәдени мінез-құлық дағдылары мен әдеттерінің оған сәйкес ережелерді білуінен көп қалыс екенін, оларға жүргізілген бақылаулар көрсетіп отыр. Сондықтан оқушылармен жұмыста соларды қалыптастыруға ерекше назар аудару керек. Оған оқушылар жүйелі үйретумен қол жеткізеді. Бұл үшін мектеп өмірі оқушылардың дұрыс адамгершілік қатынастардың тәжірибесін үнемі жинап, дұрыс қылықтарын жетілдіруге жүйелі түрде жаттығуға мүмкіндігі мол болатындай етіп ұйымдастырылған болуға тиіс. Істелген қылықтың мазмұны әрдайым оның сыртқы көріну формасына сәйкес келуі тиіс. Оқушылармен жұмыс процесінде жоспарлы түрде мәдени мінез-құлықтың кейбір дағдылары үйретіліп отыратын арнаулы жаттығулар жүргізуге болады, ал орта және жоғары сыныптарда мұндай жаттығулар біршама сиреу қолданылады. Оқушылардың мәдени мінез-құлық дағдылары мен әдеттерін қалыптастыру және мінез-құлықтың адамгершілік нормалары мен ережелері туралы білімдерді игеру біртұтас процесс. Бұл жұмысқа жекелеген энтузиаст-мұғалімдерді ғана емес, бүкіл педагогикалық ұжымды жұмылдыру қажет. Жекелеген энтузиаст-мұғалімдердің бірлі-жарым әрекеттері көзге түсерлік нәтиже бермейді. Бұл түсінікті де, өйткені, олардың оқушылары мұндай ережелерді

орындамайтын басқа балалармен қарым-қатынас жасайды, ал олардың арасында сыпайылық, турашылдықтың қажеті де жоқ деген пікірлер жиі кездеседі.

Табысты тәрбиенің, оның ішінде мінез-құлық мәдениетінің де қажетті шарты барлық мұғалімдердің оқушыларға қоятын талаптарының бірлігінде, сыртқы түріне, тіліне, үзіліс кезіндегі мектеп асханасындары, көшедегі т.б. қоғамдық орындарындағы мінез-құлыққа қойылатын талаптар бірдей болуы керек, талаптар бірлігі отбасына да таралуы тиіс. Балалардың мектептегі мінез-құлқына қандай талаптар қойылатынын ата-аналардың білгені және осы бағытта үйде отбасында жұмыс жүргізгені жөн.

Жас ұрпақтың елінің азаматы болып, тұлға болып қалыптасуының түп тамыры тәрбиеден басталады. Еліміздің болашағы әрине, ол келешек ұрпақ екені сөзсіз. Ендеше бүгінгі таңда жас ұрпаққа дұрыс тәлім-тәрбие беру негізгі мәселелердің бірі болып отыр.

«Тәрбиеге әсер беретін нәрсе өскен орта, ата-ананың тәрбиесі. Соңғысы күшті болмаса, бара-бара адамды замандас, жолдастың азғыруы, не түрлі жаман мінезді жұқтыратыны белгілі...» дейді, Ж.Аймауытов. Халқымыз бала тәрбиесіне қашанда ерекше мән берген. Тәрбие ең бірінші отбасынан басталатыны белгілі. Бұл үлкен тәрбиенің бастауы. Алтын бесік – отбасы болса, алтын ұя – мектеп. Бұл екі ортаның да мақсат-мүддесі ортақ, міндеті бір. Сондықтан, ұстаздар мен ата-аналар арасындағы байланыс неғұрлым тығыз болса, оң нәтижеге қол жеткізуге болады. Тәрбиенің мазмұны оның мақсаттары мен міндеттері арқылы анықталады. Тәрбие жұмысының негізгі мақсаттарына жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты тәрбиелеу, тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру, балалар мен жастардың құқықтық санасын, оларда балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұру даярлығын қалыптастыру жатады. Сонымен қатар, тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпы адамзаттық құндылықтарымен, нормаларымен және дәстүрлерімен келісілген рухани-адамгершілік және этикалық ұстанымдарын, моральдық қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру маңызды.

Жаһандану дәуірінде үздіксіз білім беру, міндетті қажеттілік болып саналады, мұнда әрбір адам өмірінің барысында өзінің білімін жаңартуға, дағдаларын жетілдіруге мәжбүр болады. Дегенмен, ұлы ойшыл әл-Фараби «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі» деп айтып кеткендей, адамға ең алдымен дұрыс тәрбие берілуі керек деп ойлаймын.

Бірнеше ондаған жылдар бойы біздің елімізде тәрбие мәселесін отбасылықтан қоғамдыққа айналдыру саясаты жүргізілді, соның салдарынан білім беру ұйымдарында отбасылық тәрбиеге жоғарыдан қарау қатынасы қалыптасты. Қазіргі кезде баламен жұмыс істеудің жеке басқа бағдарланған үлгісіне көшуге байланысты отбасылық тәрбиенің қоғамдық тәрбиеден басымдығы мойындалады. Баланың жеке басы ең алдымен отбасында қалыптасатындықтан, білім беру мекемелеріндегі тәрбие жұмысы бұл факторды ескермейінше дұрыс құрылмайды.

Алайда ата-аналармен жұмыс ең алдымен педагогтер үшін қажет деген пікір де бар. Шындығында ата-аналармен жұмыстың қажеттігі ата-аналар тарапынан білім беру мекемелеріне қандай да бір көмек қажет болғандықтан емес, баланың жеке басын дамытуға қамқорлықтан туындап отыр. Бірыңғай тәрбиелік орта құрудың әрбір баланың мүмкіндігін барынша ашу үшін маңызы зор. Сондықтан да мектеп пен отбасының тәрбиелік әлеуетін кіріктіру, тең негізді қарым-қатынас жасау, яғни ата-аналар мен педагогтердің ешқайсысының бақылау жасау, көрсетіп беру құқықтары болмайтындай қарым-қатынас жасауы қажет. Ата-аналар балалармен қандай да бір шаралар өткізуде ассистент, көмекші рөлінде болуы, сарапшы рөлінде (егер педагог ата-ана жақсы білетін тақырып бойынша сабақ өткізуді жоспарлаған болса), кеңесші рөлінде, шараны ұйымдастырушылар рөлінде, т. б. болуы мүмкін.

Ата-аналар мен педагогтердің бірлескен әрекетінен педагогикалық процеске қатысушылар тек ұтады:

- ата-аналар балаларының өміріне белсене қатысады, бұдан қарым-қатынастарындағы түсіністік артып, жолға қойылады;

- педагогтер ата-аналармен жұмыс істеген кезде бала туралы көбірек біледі, бұдан тәрбие беру және оқытуда тиімді құралдарды таңдап алу мүмкіншілігі артады.

Ең бастысы бірыңғай тәрбие кеңістігінде болған бала өзін қолайлырақ, сенімдірек сезінеді, нәтижесінде оқуы жақсарады, үлкендермен және құрдастарымен түсініспеушілігі азаяды. Зерттеу қазіргі ата-аналардың мамандар көмегін қажетсінуі артып отырғанын көрсетеді. Дегенмен, ата-аналардың осындай білімді қажетсінуіне қарамастан, педагог бұрынғыша жұмыстың тек дәрістік формасын қолдана алмайды, өйткені:

- дәріс процесінде ересектер ақпараттың тек 15–20%-ын ғана (және де өздеріне тікелей қатысы барын) қабылдайды;

- олардың өмірлік тәжірибесі мен маманға деген сұранысы ескерілмегендіктен, оқыту уәждемесі айтарлықтай төмен;

- кей жағдайда дәріс формасында берілетін ақпаратты ата-аналар педагог тарапынан көрсетілген қысымдай қабылдайды.

Міне, сондықтан да қазіргі кезде ата-аналармен әрекеттестіктің интерактивті формасы көбірек қолданылады. Бұлар мүдделестер клубы, үйірмелер, отбасылық клубтар, пікірсайыс клубы, үйге бару, конференциялар, «дөңгелек үстелдер», семинарлар, тренингтер, спорттық жарыстар, КТК (КВН) және т. б. болуы мүмкін. ата-аналармен жұмыстың жазбаша түрлерін: қабырға газеттерін, мектеп жұмысы туралы бюллетендерді (күнделікті, ай сайын шығатын), баланың жетістіктері жайлы ата-аналарға хат жазу, ата-аналар үшін олардың қажеттіліктері мен мектеп жұмысы туралы пікірлерін білу үшін сауалнамалар, сұрақнамалар жүргізу. Соңғы кезде ата-аналар қоғамдастығының тәрбиелік әлеуеті деңгейін арттыру идеясы кеңінен таралып жүр. Әсіресе ата-аналарға арналған тренингтер, ата-аналар мен педагогтерге арналған бірлескен тренингтер өткізу жолға қойылған, олардың басты міндеті – ата-аналарға өз тәжірибелерін жүзеге асыруына көмектесу болып табылады. Ата-аналарға психологиялық-педагогикалық білім беру шараларын ұйымдастыруда (семинарлар, тренингтер, дәрістер, «дөңгелек үстелдер») біз психолог В. В. Мамаева жасап шығарған алгоритмді басшылыққа алуды ұсынамыз. Бұл алгоритм шараларды сауатты жоспарлауға және оның тиімділігін бақылауға көмектеседі. Кезеңдер Педагог-психологтың әрекеті Бір ай бұрын Тәрбиелеудің өзекті мәселелерін анықтау бойынша сауалнама жүргізу, сауалнама нәтижелерін мерзімді басылымдарда жариялау, балаларды диагностикалау, әртүрлі отбасылық оқиғаларға талдау жасау және тәрбиешілердің оларға сараптама жасауы, семинар тақырыбы бойынша проблема шешімін таба алмай жүрген отбасыларын кеңес алуға шақыру. Бір апта бұрын Жарнама ережелеріне сәйкес өткізілетін шара туралы хабарлау, шараны басқа да мамандармен бірлесіп өткізуді жоспарлау, кеңес берілетін ата-аналарды телефон арқылы қосымша хабарландыру, тақырып бойынша балалар әрекетінің өнімділігіне талдау жасау, таратпа материалды дайындау, тақырып бойынша кітап көрмесі. Бір күн бұрын Семинардың жалпы жоспарын жасау, ата-аналарды телефон арқылы қосымша хабарландыру, қажетті материалдарын даярлау, қосымша жарнама жасау. Бір сағат бұрын Өткізілетін орынды даярлау (отыратын жердің жайлы болуын қамтамасыз ету, этика нормаларын сақтау), психологты алда болатын кездесуге дайындау. Семинардың (тренинг / лекция / «дөңгелеу үстелдің») өткізілуі Бір сағаттан кейін Пікірлерді өңдеу, өзінше талдау жасау. Бір күннен кейін Айтылған пікірлерді пайдаланып фотогазет шығару, өткен тақырып бойынша көрнекілік ақпарат, «Сұрақтар жәшігі». Бір аптадан кейін Семинар тақырыбы бойынша дербес кеңестер беру, сұрақтарға жауап беру, баспасөз басылымындағы сауалдар бойынша ақпаратты өңдеу, өткен тақырып бойынша көрнекілік ақпаратты жаңарту. Бір айдан кейін Отбасылық жағдайдағы өзгерістер туралы қатысушылар сауалнамасы, педагог кадрларының отбасылық жағдайға бақылау

жасауы, балаларды қайтара диагностикалау, балалар әрекетінің өніміне талдау жасау. Мұндай шараларды ұйымдастыру мен өткізудің жаңа формалары, біздің ойымызша, жарқын, жеңіл және педагогикалық ұжымның барлық мүшелерін белсенді әрекетке жұмылдыратындай тартымды болғаны дұрыс. Дайындау әдістері мен тәсілдері, өткізу формалары мен технологиялары жағынан басқаша ата-аналармен жұмыстың үлгі тақырыбын ұсынамыз.

Ұсынылған тақырыптардың әрқайсысында жаңа жұмыс түрлерін жобалағанда пайдалы болуы мүмкін өз ерекшеліктері бар:

- Отбасы бала тәрбиесі мен дамуындағы әлеуметтік мәдени орта ретінде.
- Қазіргі жағдайдағы отбасының тәрбиелік мүмкіндіктерін арттыру жолдары.
- Балалар мен ата-аналар қатынастарын психологиялық-педагогикалық диагностикалау және түзету.
- Отбасылық тәрбиедегі гуманистік тәрбие парадигмасы және тұлғаға бағдарлану.
- Тұлғаны әлеуметтендіру және тәрбиелеу жүйесіндегі қазіргі заманғы отбасы.
- Балалармен жасөспірімдердің жағымсыз әдеттерінің алдын алу және жеңе білудегі отбасының рөлі.
- Отбасында баланы жыныстық ерекшелігін және әлеуметтік-жыныстық рөлдерін ескере отырып тәрбиелеу.
- Отбасында жағымсыз ақпаратқа тұрақты көзқарас қалыптастыру.
- Отбасылық тәрбиеде мәдени-этностық құндылықтарды пайдалану. Баланың ана тілін біліп өсуіне ата-аналардың әсері.
- Баланы көптілді, көпмәдениетті ортада тәрбиелеу.
- Әдебиет – отбасылық тәрбие көздерінің бірі.
- Балаларды бірыңғай ұлттық тестілеуге даярлаудағы ата-аналардың рөлі.

Дамуында ауытқушылығы бар баланы кешенді дамыту процесіндегі отбасының психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуі. Білім беру процесін жаңғырту барысында ата-аналармен жұмысты жетілдіру. Педагогикалық әрекеттестік – тәрбие процесінің тиімділігі үшін маңызды шарт. Оқушының жеке басын дамытудағы отбасы мен мектептің рөлі. Психолог пен педагогтің ата-аналармен әрекеттестігі. Зияткерлігінде ауытқушылығы бар балаларға арналған мектепке дейінгі мекемелер педагогтері мен ата-аналардың ынтымақтастығын ұйымдастыру. Зейіні мен интерактивті мінез-құлқында ауытқушылығы бар балаларды тәрбиелеуші отбасылармен түзетушілік-педагогикалық жұмыс жасау. Мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеуші отбасылармен психиканы түзету жұмыстарын жүргізу. Жанжалдан ынтымақтастыққа дейін. Жоспар жасаған кезде төмендегі тармақтарды қамтитын бірыңғай құрылым пайдаланылады:

- Тақырып.
- Тандалған тақырыпқа қысқаша түсінік беру.
- Мақсаты.
- Ұйымдастыру формасы, әдісі, құрал-жабдығы.
- Жүргізу барысында түсінік беру.
- Үлгі ұсыныстар жобасы.
- Қосымшалар: сызбалар, диагностикалар, сауалнамалар, кестелер, т. б.

Жазғы сауықтыру лагерінде жүргізілетін жасақ жиынының мақсат, міндеттері мен мазмұны

Жоспары:

1. Лагерь жасағы туралы түсінік, мақсаты мен міндеттері
2. Жасақтың жұмыс мазмұны

Балалардың жазғы сауықтыру лагерлері — балалар өз мүмкіндіктерін, бос уақытында жеке басына қажетті дене және әлеуметтік қажеттіліктерін жүзеге асыратын әлеуметтік ортаның бір бөлігі. Бір жағынан, жазғы лагерь-жасы, жынысы және даму деңгейі әр түрлі балалардың бос уақытын ұйымдастыру формасы, екінші жағынан-бұл сауықтыру, көркемдік, техникалық, әлеуметтік шығармашылықты дамыту кеңістігі. Жыл сайын оқушылар үшін күндізгі уақыттағы сауықтыру лагері жұмыс жасайды. Онда бастауыш сынып оқушылары, оның ішінде көп балалы және аз қамтамасыз етілген отбасы балаларын лагерьге тарту міндетті болып саналады.

1.Жасақ – ортақ мақсат пен қоғамдық іс-әрекет арқылы біріккен тұрақты бірлестік. Жақсы ұйымдасқан балалар ұжымының белгісі- жағымды қоғамдық пікір, жоғары жауапкершілік, өзара сенім. Ұйымшыл жасақ ғана саяси, адамгершілік, мәдени жағынан өседі, ұйымдастырушылық дағдыға ие болады. Жасақ жұмысында шығармашылық белсенділік, достық, жолдастық байланыс нығаяды. Сондықтан тату-тәтті, мақсатшыл жасақ тәрбиені ұйымдастырудың негізі болады.

Жасақ жұмысының мақсаты: Жазғы демалыс кезінде оқушылардың денсаулығын нығайту, құқық бұзушылы пен қылмыстың алдын алу және бос уақытын тиімді ұйымдастыру.

Жасақтың міндеттері:

➤ Балалар мен жасөспірімдердің демалысын тиімді пайдалануына және сауықтырылуы мен демалысы үшін қажетті жағдайлар жасау.

➤ Балалардың денсаулығын нығайтуына, шығармашылық еңбегіне, өздерінің қабілеттерін іске асыру үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ету

➤ Олардың тиімді демалысын және бос уақытын мазмұнды ұйымдастыру

➤ Азаматтық сана-сезімін, жалпы мәдениетін, салауатты өмір салтының дағдыларын ұйымдастыру.

➤ Ғылыми, техникалық, көркемдік шығармашылықта, спортта, туризм мен өлке тануда білімін, біліктілігін кеңейту, тереңдету

➤ Сауықтыру демалысын ұйымдастырумен қатар балалармен дамытушылық және тәрбиелік жұмыстарын өткізу

➤ Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту

➤ Тәртіп мәдениетін тәрбиелеу

➤ Оқушылардың қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру

➤ Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру

Жазғы сауықтыру іс –тәжірибесіне дайындық бойынша педагогикалық жасақтың жиыны. Жиынға: Директордың іс-тәжірибе жөніндегі орынбасары, аға тәлімгерлер, студенттер қатысады. 2020 жылдың мамыр айында «Жазғы сауықтыру іс – тәжірибесі бойынша педагогикалық жасақ жиыны» ұйымдастырылады. Дәстүрлі түрде, студенттерді жазғы педагогикалық практикаға дайындау бойынша педагогикалық жасақтың жиыны "қызықты КАНИКУЛ мектебі" форматында өтеді.

«Қызықты КАНИКУЛ мектебі» бойынша студенттерді жазғы сауықтыру іс – тәжірибесі шеңберінде педагогикалық қызмет құрылы бойынша оқытуды енгізуге, уақытша балалар мен педагогикалық ұжымдардың өмір сүру үлгісін жаңғыртуға; тәлімгерлердің, аниматорлардың, тәрбиешілердің неғұрлым маңызды жалпы мәдени және кәсіби құзыреттіліктерін өзектендіруге мүмкіндік береді.

Педагогикалық жасақтардың жиындары практикалық дағдылар мен машықтарды пысықтау үшін, сондай-ақ "студент-студент" бейресми қарым-қатынасты ұйымдастыру үшін (әр түрлі білім беру ұйымдарының, студенттер, тәжірибелі және бастаушы вожатыйлар); "педагог-студент", болашақ вожатыйдың жеке бейімділігі мен қабілеттерін анықтау және дамыту жұмыстарын ұйымдастырады.

Жиындардың әр күні лагерь ауысымының кезеңін бейнелейді, ал жиынға қатысушылардың жұмыс бағыттарын және қызықты каникул кезіндегі сабақтардың негізгі кезеңдерін анықтайды.

Жиындардың бірінші күні (ұйымдастыру), танысу, жоспарлау және перспективаларды анықтау күні. Жиындардың екінші күні (жұмыс, негізгі, әдістемелік), практикумдар мен тренингтерде белсенді оқу күні. Үшінші күн (қорытынды), студенттердің жазғы сауықтыру іс – тәжірибесіне дайындығының аралық қорытындыларын шығару күні.

Жиынды ұйымдастыру жоспары:

р/с	Жұмыс мазмұны	Өтілу мерзімі	Жауапты топтар және жетекшісі
	Ұйымдастыру бөлімі		
1	Лагерь ауысымының ашылу салтанаты . Топтардың саптық жүрісі.		Директордың іс-тәжірибе жөніндегі орынбасары аға тәлімгер
2	Лагерь туын енгізу. Лагерь ауысымын ашу.		
3	Мерекелік құттықтаулар.		
4	Таңғы жаттығу		
	Негізгі бөлім		
	«Адамгершілік» блогі		
1	«Сәлем, лагерь!» Танысу күнін ұйымдастыру		
2	Үнділер күні /День индейцев/		
	«Әдемілік әлемі» блогі		
1	Тәлімгер шоу		
2	Алло, мы ищем талантов!		
3	«Саз» әлемінде		
4	«Театр» әлемінде		
5	Гүлдер күні		
	«Спорт және туризм» блогі		
1	«Намыс дода» эстафетасы		
2	Туризм: «Жорыққа қалай жиналамыз?»		
3	Лагерь ойындары		
	Қорытынды бөлім		
1	«Қош бол, лагерь!» Лагерь ауысымының жабылу салтанаты		
2	Қорытынды сөз		
3	Қонақтарға сөз		
5	Лагерь ауысымын жабу. Лагерь туын шығару.		

2.Балалардың жазғы демалыстарын ұйымдастыруда жасак , топтарының аты, ұраны, әнін құрастыру лагердің дәстүрі деуге болады ,бұл дәстүрдің маңызы өте зор, ол балаларды ортақ мақсат-мүдде,ортақ маңызды іс-әректтер мен қызығушылықтардың қалыптасуына бағыттайды.

Балалардың жазғы демалыстарын ұйымдастыруда жасақ , топтарының аты, ұраны, әнін таңдау немесе құрастыруда тәлімгер балалардың:

- жас ерекшеліктерін;
- олардың қызығушылықтарымен бейімділіктерін;
- шығармашылық қабілет деңгейлерін;
- тәрбиелеуші ортаның заманауи талаптарын ескеруі қажет;

Сонымен қатар санамақтар (речевка, кричалка) құрастыруға болады.

Топтың бірігіп айтатын әні де болуы қажет, бүгінгі таңда балалар "хит " әндердің сазына салып сөздерін өзінше өзгертіп шырқағанды ұнататыны белгілі.

Сонымен ,қорыта айтқанда балалардың жазғы демалыстарын ұйымдастыруда жасақ , топтарының аты, ұраны, әнін таңдау және құрастыру өте маңызды.

Ең алдымен ол топ жасақтары мүшелерін ұйымшылдыққа, шығармашылыққа, ортақ мүддеге бағытталуға көмектеседі.

Лагерьдегі жаңаша өмірге балалардың тез, қиындықсыз бейімделіп кетуі үшін мына іс-шараларды атқару қажет: Балаларды бір бірімен тез таныстырып, олармен бірге ойын-сауық өткізіп, тез танысып, білісіп кетуге жол ашу үшін топпен жұмыс жасау керек;

- Күн тәртібіне, санитарлық нормаларды сақтауға үйретіп, үнемі уақытында орындап отыруға дағдыландырып, «бірыңғай педагогикалық талаптар» қоюға болады;

- Олар өздерін емін-еркін сезініп, лагерьде бір мезгіл серпіліп, жеңілдеп, тынығып қалатындай жағдай жасау үшін бөлмелерін, жалпы мектепті әдемі безендіріп, әшекейлеп, үнемі көз тартатындай етіп жинақы ұстау керек;

- Балаларды жас ерекшеліктеріне сай шағын топтарға бөліп, оларды "жұлдызша" т.б. деп атауға болады;

- Балаларға қабілетін ашуға, білімін көрсетуге, өз орнын табуға мүмкіндік беріп, осыдан кейін түрлі бағытта топ жұмыстарын бөліп беру керек: спорттық, интеллекті анықтау, көркем-қолданбалы, шығармашылық жұмыс;

- Жақын болашақта оларды не күтіп тұрғандығы жөнінде болжам жасауға қалыптастыру, жұмыстың бағдарламасымен таныстырып, жұмыс жоспарын даярлауға қатыстыру керек.

Балалардың жазғы сауықтыру лагерьіндегі жасақтағы ең маңыздысы ол жағымды және көңілді атмосфера.

Жасақтағы атмосфера кейбір жағдайларда тәртіпке қарағанда маңызды болып келеді. Жағымды және көңілді атмосфера қалыптастыра алсаңыз онда сіз жақсы қарым-қатынасқа қол жеткізе аласыз, жасақта бәрін ыңғайлы етесіз және жасақ мүшелерінің бәрі бәріне дайын болса тәртіп бұзушылық болмайды.

Бірлесе: бәріміз біріміз үшін, біріміз бәріміз үшін деген ұран бұл жасақтың басты міндеттерінің бірі. Тәлімгер жасақтағы топтың бойына осы рухты орнату керек. Бұл жерде командалық ойындар мен кеңес берушілердің жеке үлгісі көп көмектеседі. Бұл өз кезегінде сізді басқалардан ерекшелендіреді.

Айырмашылығы, өзіндік ерекшелігі.

Сіз басқалар сияқты болмаңыз, ол сізді басқалардан ерекшелейді

Егер сіздің жасағыңыз үнемі эстафетада бірінші болып тұрса, барлығын тез тазаласа, сахнада және футбол ойындарында алдыңғы орындарды болатын болса онда ол сіздің балаларыңызға да ұнайды.

Сіз қандай жағдай болмаса да соларға назар аударуыңыз керек.

Бірақ бұл әрдайым бола бермейді (олар ашылған жоқ, олар ұялып отыр) - бұл кеңесшінің қателігі!

Сіз жасақтың біршама ерекшелігін тауып алуыңыз керек және оны барлық адамдар мақтан тұтатындай етіп көтеру керек

Сіздің құрамыңыз - ең жақсы! Мұны қайталауға қорықпаңыз.

Кеңес берушілер де жақсы болуы керек

Шаралардағы атмосфера. Жақсы бірлесе ұйымдасқан жасақ қандай шараларда болмасын алдыңғы қатарда болады. (жасақтың аты, жасақ бұрышын құру, диско (шеңбер), зарядтау (көтеру), қоңырауды аяқтау және т.б.) жағдайларда. Жасақтағы негізгі қағида – балалардың мінез – құлқының және көңіл –күйлерінің себептерін түсінуге көмектесу және дер кезінде талқылау.

Топтық және ұжымдық жұмыстарды ұйымдастыру.

Жоспар:

1. Ұжымдық оқыту тәсілі.
2. Ұжымдық оқытудың мақсат міндеттері.
3. Топпен жұмыс жасауда оқытудың тиімділігі.

Қазіргі кезде қоғамның әлеуметтік-экономикалық өміріндегі түбірлі өзгерістерге байланысты білім жүйесінде және оқыту технологиясында өзгерістер болып жатыр.

Соның ішінде, ең бастысы, әлемдік білім кеңістігіне ену мақсатындағы алғашқы қадамдар жасалуда. Бүгінгі таңда мұғалімнің ең қасиетті міндеті – рухани бай, жан-жақты дамыған, жеке, дарынды тұлға тәрбиелеу. Әр мұғалімнің алдындағы сәулелі мұраты – өз пәнінен білім беріп қана қоймай, әр баланың "менін" ашу, сол "менді" шығармашылыққа жеткізіп, баланың өзіне деген сенімін туғызу. Кәсіби білікті мұғалім болу — заман талабы. Әрбір оқушы талантты. Әр оқушының өзіндік мүмкіндіктері бар. Сол мүмкіндіктерін ашуға қолайлы, жайлы ортаны ұйымдастыра білу, мұғалімнің міндеті. Оқытудың жаңа әдістері оқушыларды басқа қырынан танытуға, оқушыларды жан-жақты ашуға, әрқайсысының тұлғасын көре білуге, олардың мінез-құлықтарының ерекшеліктерін байқауға көмектеседі.


Адамша ойлау, ізденімпаздық – табиғаттың адамзатқа берген тамаша сыйы. Бұл қабілет барлық адам бойынан табылатыны сөзсіз, бірақ біреуге аз, біреуге көп дегендей.

Менің негізгі қолданатыным оқытудың ұжымдық технологиясы. Ұжымдық оқыту әдісі дегеніміз оқу үрдісін төрт түрлі ұйымдастыру түрлері, яғни, жекелей, жұптық, топтық, ұжымдық тәсілдер арқылы жүзеге асыру. Ұжымдық оқыту әдісі әр оқушының бір сәтте әрі оқушы, әрі мұғалім ретінде болатындай етіп оқу үрдісін белсендіре түседі. Оқу әрекетін ұйымдастыруда ұжымдық оқыту әдісі әр оқушының өз мүмкіндігін барынша қолдануға, ал мұғалімге әр балаға деңгейіне сай оқуына мүмкіндік туғызады. Мұндай оқыту түрі тек қана бірлесіп жұмыс істеу емес, сонымен қатар, жарысқа түсу, бәсекелесуді қарастырады (*"XXI ғасыр – білім мен ғылым бәсекесінің ғасыры" Н.Назарбаев*).

Ұжымдық іс-әрекет және оның құрылымы:

- Ұжымда бір мезгіл жұмыс жасау (ең қарапайым түрі);
- Жұптасып жұмыс жасау (2 оқушы);
- Топтасып жұмыс жасау, ең азы-3 оқушы, ең көбі-6-7 оқушы.
- Топаралық жұмыс, топаралық мақсат, міндет айқындалады.

Ұжымдық оқыту тәсілі



Мұнда жеке адамның басымдылығы жоқ, әркім өзінше мұғалім. Өзі екінші біреуді оқытушы және оқушыны оқушы ретінде сынау, қабілетіне қарай еңбек етуіне жағдай туғызу

мақсаты қойылған. Бұл үлкен жауапкершілікті керек етеді. Мұндағы ерекшелік – оқушы білімді саналы меңгереді, біреуге үйрету, біреуден үйрену арқылы логикалық ойлау, салыстыру, дәлелдеу т.б. дағдылары қалыптасады.

Ұжымдық оқытудың мақсаты:

Адамды жан-жақты тәрбиелеу



- оқушының рухани дүниесін байыту;
- оқырмандығын күшейту;
- ауызша, жазбаша тіл мәдениетін дамыту;
- ойлау, елестете алу қабілетін қалыптастыру;
- көзқарасын тереңдету;
- өзінше бағалап, пайымдай білуге дағдыландыру;
- ойын жеткізе, талдай білуге үйрету;
- танымдық оқу ауқымын кеңейту;
- шығармашылық ізденіске жол ашу.

Ұжымдық оқыту технологиясы оқушының жеке тұлға ретінде және ақыл-ой зердесін дамытуда үлкен рол атқарады.

Ұжымды оқытуда оқушы мынадай ролдер атқарады:



Әр оқушының еңбегі пайдалы болу керек. Өзінің ғана емес, өзгенің еңбегі де жауапкершілікпен қаралуы керек. Түсінген әр оқушы басқаға, серіктесіне меңгергенше түсіндіру. Өзі оқи отырып, өзгені оқытуға үйрену.

Сабақта негізгі білім көзі мұғалімнің сөзі мен оқулық болса, қазір **оқушының жеке**

ойы мен көзқарасы құнды болып отыр. Психологтар тұлғаның жетілуі үшін топтық жұмыстар қолайлы жағдай туғызатынын ашып көрсетеді. Педагогтар оқытуда топтық жұмыстардың атқаратын рөлін қарастырады. Олардың ойынша, топтық жұмыс оқыту процесін байыта түседі, оқу жұмыстарын нығайтып, сыныпта жылулық атмосферасы сезіледі. Оқушылар жұпта немесе топтарда жұмыс істегенде, олар «мұғалім-оқушы» түріндегі өзара іс — қимылға қарағанда, «оқушы — оқушы» қатынасына түсе отырып, негізделген дәлелдерді әзірлеуде және қадағаланатын оқиғаларды сипаттауда түрлі мүмкіндіктерге ие болады.

Топтарға арналған ережелерді құру: Ережелер топтардағы жұмыс жағдайында өте пайдалы болуы мүмкін.

Мысалы, мынадай ереже тізімі:

1.Бір-бірін мұқият тыңдау;

2.Сөйлеушінің сөзін бөлмеу;

3.Бір-бірінің пікірін құрметтеу;

4.Мен және менің пікірім;

5.«Токта» ережесі;

6.Ортақ пікірге келу;

7.Құпиялылық т.б.

Топтық жұмыста оқушыларға берілетін тапсырма бір сарынды емес, әр түрлі сипатта болуы керек. Талап бойынша топтық жұмыста жеке тапсырма, жұптық тапсырма, топтық тапсырмалар беріліп отырады.

Топпен жұмыс жасауда оқытудың тиімділігі:

- Топ ішінде ортақ проблеманы шешуде идея тастауы, өз пікірін дәлелдеуі, талқылауы, оқушылардың ортақ ойға келуі. Басқаша айтқанда, оқушылар бірге ойланады. Оқушылар зерттеушілік әңгімеге тартылғанда, өз ойларын дауыстап, айтады; болжамдар ұсынып, талқылайды. Талқылау кезінде олар «мүмкін», «егер», «бәлкім» деген сияқты сөздерді қолданып, өз идеясын дәлелдеу үшін «сондықтан» деген сөзді пайдаланып, топ тарапынан қолдау қажет болғанда «Солай емес пе?» деген сұраққа сүйенеді.

- Осындай сценарий бойынша оқушылар бір-бірін тыңдап, өз жауаптарын талдайды. Оқушылардың дәлелдері пікір алмасудың нәтижесі болып шығады. Балалар өз топтарын артта қалдырмау мақсатында жұмыла жұмыс жасайды және әркім жауапкершілікті сезінеді.

- Қалай оқу керектігін үйретудің идеялары осы диалог арқылы оқытумен тығыз байланысты. Яғни мұнда оқушылар өздігінен білім алуға жауапкершілігін түсінеді. Өзара әңгімелесу арқылы өзінің пікірі қалыптасады.

- Оқытудың маңызды бір бөлшегі – оқушылардың өзін-өзі бағалауы, өз жұбын бағалауы және өзара топ мүшелерін бағалауы. Мысалы, диалогтік оқыту әдістемесі негізінде жүргізілген алғашқы сабақтарымда оқушылар өздерін, жұбын, тобын бағалаған кезде жаймашуақ бағаласа, келесі сабақтарда балалар бағалау кезеңінде мұғалімнің кеңесі бойынша берілген критерийлерге жүгініп, толық мағыналы және әділ бағалады.

Пікір сұрау, талдау әдістемесі менің сабағымда кеңінен қолданылады. Бұл әдістеме кіріспе сабақта да, қорытынды сабақта да қолданылады. Мұндай сабаққа дайындалу үшін мұғалім ең алдымен, тақырыпты талқылауға арналған сұрақтар дайындайды. Жұмыс топтарының саны сұрақтар санына байланысты болады (әдетте 4-5 сұрақ). Сынып топтарға бөлінеді. Әр топ жұмыс алгоритмі мен сұрақ алады.

Мысалы мен философия сабағымда **«Сана- адам миы қызметінің жемісі,нәтижесі»**-атты тақырыпта оқушыларды 3-топқа бөліп, тақырыптың мазмұнына қарай 1-топқа «материалистер», 2-топқа «идеалистер», ал 3-топқа «дуалистер» деп ат қойдым.

«Материалистерге» сұрақ. ***Материалистердің санаға қатысты көзқарастары.***

«Идеалистерге» сұрақ. ***Идеалистердің санаға қатысты көзқарастары.***

«Дуалистерге» сұрақ. ***Қарама-қарсы пікірлердің негізінде ойды қорытындылау***

Осылайша топта ортақ талқылау өтеді. Сабақтың өн бойында мұғалім оқушыларға қызықтыратын мәселер жөнінде ақпарат бере алады. Сондай-ақ, оқушылардың жұпта, топта жұмыс істеу, талқылау, жүйелеу дағдылары қалыптасады.

Ұлы ағартушысы К.Д.Ушинский: «Балаға күштеп білім беруден гөрі, баланың білімге деген құштарлығын ояту ең маңызды мақсат», - деп өз замандастарына терең ой салған. Сондықтан қазіргі заманда оқушының білім алуға құштарлығын ояту үшін мұғалім көп ізденіп, сабақтың тиімді өтуіне жағдай жасауы тиіс. Білім сапасы оқушының білімге деген құштарлығы мен қызығушылығына тікелей байланысты. Заман талабына сай мұғалім «білім бұлағы» емес, «білім бұлағына жеткізуші» болуы тиіс. Оқушыларды жалықтырып алмай қызығушылықтарын арттыру мақсатында берілетін тапсырмалар бір сарында емес, әртүрлі сипатта болуы керек. Қызықтыру мақсатында оқушыларға тапсырмаларды конвертке салып тарату, ұяшықты таңдау немесе бейнероликтер көрсету және т.б. арқылы беруге болады. Мысалы, адамның санасы мен жануарлар психикасындағы айырмашылықтар төңірегінде *-жануарларда сана , ойлау бар ма?*-деген сұрақтар туындайды.

Презентация: <https://prezi.com/auqr3dnp4eck/presentation/>

Бейне жазба:

<https://www.youtube.com/watch?v=Gq6d7N1sHnY>

Модуль 2. Балалар сауықтыру лагеріне сипаттама

Лагерь - балалардың жаз мезгілінде уақыттарын тиімді пайдаланып, әртүрлі бағыттағы мәдени- көпшілік іс- шараларды ұйымдастыруға театр, мұражай, көрме сияқты мәдениет ошақтарын көріп - білуге, лагерь аймағынан тыс жерлерге жорықтар ұйымдастыруға, табиғатта саяхаттауға, таза ауада түрлі ойындар ойнауға мүмкіндік беретін бірлестік.

2.1.Жазғы сауықтыру лагерінің түрлері, оларға сипаттама

Мектеп жанындағы демалыс лагері

Мектеп және қосымша білім беру мекемесі базасында орналасады. Күндізгі уақытта ғана жұмыс істейді (таңертеңнен түске дейінгі мезгіл) Сол мезгіл арасында балалар түрлі үйірмелерге қатысады, мектеп алаңында көпшілік іс-шараларға қатысады, саяхатқа барады.

Санаториялық лагерь

Санаториялық лагерлер емханаға жақын мандағы мектеп немесе медициналық орталықтар базасында орналасады. Мұндай лагерде болудың басты шарты, негізгі бағыты - балаларды түрлі аурулардан емдеу және сауықтыру болып табылады. Санаториялық лагерьге қабылдау үшін емханадан баланың медициналық картасының көшірмесін және учаскелік дәрігерден немесе сала маманының анықтамасын әкелуі тиіс. Лагерь ауысымың басында дәрігер балаларды тексеріп, әрқайсысына жеке сауықтыру бағдарламасын құрады. Осындай мазмұнда жұмыс жасайтын лагерь түрі демалыспен қатар, емдеу-сауықтыру шараларын жүзеге асырады.

Еңбек лагері

12-17 жас аралығындағы жеткіншектерге арналған лагерь түрі. Түске дейінгі уақытта еңбек әрекеттері қарастырылады (тәулігіне 3 сағаттан артық емес), түстен кейін-бос уақыт (мәдени-ойын сауық шаралары). Кейде еңбек лагерлері ұйымдармен жазда істеуге қажетті жұмысқа келісімшартқа отырып жатады . Жұмыс қорытындысында балалар мадақтау еңбекақыларын алады. Одан кейін ойын-сауық шараларына қатысады.

Жексенбілік лагерь

Жұманың кешінен жексенбінің кешіне дейін ұйымдастырылады. Демалыс шаралары сенбінің екінші жарты күнінен жоспарланады. Лагерь көбінесе қаладан алыс емес маңда орналастырылады. Лагердің жұмыс мазмұны өз атында тұрғандай жексенбіге ғана құрылады. Демалыс, медициналық көмек, тамақтану, қызмет көрсету әдеттегі лагердегідей өтеді.

Оқытып-үйрету лагері

Оқытып-үйрету лагерінің (жазғы мектеп) үш түрі болады: мектеп бағдарламасын үлгермейтін оқушылар үшін, қосымша білім алғысы келетін балалар үшін (тілдер, тарихи, математикалық), және жоғары сыныптарға ЖОО оқуға мамандық таңдау үшін құрылған лагерлер. Мұнда күніне үш сабақ еркін кестеде қалауымен өткізіледі. Түстен кейінгі уақытта мәдени-сауықтыру шаралары ұйымдастырылады.

Спорттық лагерь

Негізгі жұмыс мазмұны — балалардың дене тәрбиесін дамыту. Спорттық лагерь екі топқа бөлінеді: нақты бір спорт түрімен айналысатын балаларға арналған (спорт мектептері оқушылары) және жалпы дамыту бағытында (жалпы орта білім беретін мектептердің балалары). Лагерге қабылдау барысында балаларды тек жасына қарап ғана емес, дене дайындығының деңгейі де ескеріледі.

Отбасылық лагерь

Отбасылық лагерь қала маңындағы мекемелер немесе арнайы демалыс орындары мекемелері базасында ұйымдастырылады. Онда ата-аналар балаларымен бірге демалуына арналған іс-шаралар ұйымдастырылады. Сондықтан отбасылық лагерь спорттық, емдік т.б болуы мүмкін. Отбасының қызығушылығы мен қалаулары бойынша бірнеше отбасы бірлесіп баруларына да болады.

Профильді лагерь

Мұндай лагерь балалардың нақты анықталған іс-әрекетіне қарай құрылады. Лагерь әртүрлі секциялар мен бол уақытты ұйымдастырушы ұйымдардың базасында ұйымдасырылады. (көркемдік, автомобиль, компьютерлік, әскери-патриоттық, фото, химиялық, экологиялық, т.б). Профильді лагерде балалар топтарға жастары бойынша емес, айналысатын қызығушылығы мен дайындық деңгейіне қарай бөлінеді. Оқу жылы барысында белгілі бір үйірмеге қатынасқан бала өз іскерлігін профильдік лагерде дамытуға мүмкіндік алады. Қала сыртындағы лагерлерде толықфункционалды лагерь ретінде де жұмыс жасай алады, яғни лагердегі бір топ ғана профильді болуы мүмкін. Профильді лагерь — шығармашыл дарынды немесе әлеуметтік белсенді балаларды сауықтыру әрекетінің түрі.

Іс-әрекетті ұйымдастыруына қарай лагерь түрлері:

- **Жыл бойына** — Жыл бойы үздіксіз жұмыс жасайтын
- **Мезгілдік** — Жыл мезгілдеріндегі каникулдар кезінде жұмыс жасайды

Модуль 3. Жазғы сауықтыру лагерін ұйымдастыру

3.1. Жазғы сауықтыру лагерінің негізгі мақсаты:

- балалар мен жасөспірімдердің демалысын тиімді пайдалануына және сауықтырылуы мен демалуы үшін қажетті жағдайлар жасау, жалпы мәдениетін, салауатты өмір салтының дағдыларын қалыптастыру;
- балалардың денсаулығын нығайтуына, шығармашылық еңбегіне, өздерінің қабілеттерін іске асыруы үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ету.
- балалардың барлық демалысын және мүмкіншілігін тиімді пайдалануын ұйымдастыру;
- балалардың денсаулығын нығайтуға ықпал жасау;

- балалардың шығармашылығын дамыту, спорттық және мәдени бағдарламаларын ұйымдастыру;

Жазғы сауықтыру лагерінің негізгі міндеттері:

- балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын нығайтуына, шығармашылық еңбегіне, өздерінің
- қабілеттерін іске асыруы үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ету;
- олардың тиімді демалысын және бос уақытын мазмұнды ұйымдастыру;
- азаматтық сана-сезімін, жалпы мәдениетін, салауатты өмір салтының дағдыларын
- қалыптастыру;
- ғылыми, техникалық, көркемдік шығармашылықта, спортта, туризм мен өлкетануда, басқа
- да таным әрекеттерінде білімін жетілдіру
- ұлтаралық, діни, адамгершілік тұрғыдан таза, азаматтық белсенділігін арттыру;
- әдептілігін қалыптастыру;
- Оқушылардың қызығушылығын арттыру мақсатында түрлі іс-шараларды жүзеге асыру. Әр демалушымен тығыз байланыс орнатып, уақытты көңілді өткізу. Жоспарлы түрде жұмыстардың жүйелі өтілуі мен оқушылардың жаппай қатысуына жағдай жасау.

3.2.Лагердің негізгі принциптері:

- балалардың денсаулығы мен өмірінің қауіпсіздігін, құқығын сақтау;
- жеке қызығушылықтарын сақтап, жеке тұлға ретінде баланы дамыту;
- жеке басының қиыншылықтарын шешуге және өзге балалармен тіл табыса білуге үйрету;
- өзін-өзі басқару ұйымы мен педагогикалық басқару тәсілдерінің сәйкестігі;
- - ұжымның өзіндік жұмыс жасау мүмкіндіктерінің құқығы болуы.

2.3. Лагерь заңдары: Лагердің алғашқы танысу күнінен бастап лагерьдің ішкі тәртібі мен ережесін сақтату үшін балаларға қызықты әрі жеңіл қабылдайтындай лагерь «заңын» бекітіп таныстыруға болады. Оны балалар ешқандай қарсылықсыз көңілді қабылдайды.

1. **«Нөл-нөл заңы»** — уақытқа құрметпен қарым-қатынас, лагердің барлық іс-шараларына кешікпей тура уақытында болуы. Тапсырмаларды орындауда регламент сақтау.
2. **Территория заңы**. Лагерь территориясынан шықпау, шығу қажеттілігі болса тәлімгерден рұқсат алу. Сондай-ақ территорияға басқа бөтендердің кірмеуін қадағалау.
3. **«Жасыл достар заңы»**. Негізгі мақсаты: лагерь территориясындағы жасыл желектердің қорғалуы. Гүлдер мен ағаштарды сындырмау, жұлмауды.
4. **«Бір-біріне мейірімді қарым-қатынас заңы»**. Бұл заң бойынша ересектер мен балдырғандардың достығы мен ынтымағы қалыптасады. Ұжым лагердің әрбір мүшесін қорлаудан, ренжітуден қорғайды.
5. **«Шеңбер заңы»**. Жалпы ән айту кезінде, лагермен қоштасар күні ескеріледі. Қатысушылар шеңбер бойына тұрып, бір-бірінің иығына қолдарын қойып, аздап тербеліп тұрып бірге ән айтады. Лагерден қайтар күні орындауға болады.
6. **«Ән заңы»**. Әнгі құрметпен қарау заңы: білсең-орында, білмесең — тыңдайсың. Ән айтқанда ешқашан сөйлесіп тұрмау, айғайламау.

Дәстүрлі «заңдарды» демалушылардың барлығы орындауы міндетті болып саналады.

Балалар демалыс лагерінде өзіндік ерекшеліктер және педагогикалық шарттары сақталады.

Жазғы сауықтыру лагерлері оқушының бос уақытын тиімді өткізуіне, жазғы демалыс кезеңінде де ғылым-білімнен, ұжымдық тәрбиеден қол үзбеуіне көмегін тигізеді.

Лагерге қабылдау талаптары:

Оқушылар лагерьге қабылдана алдында арнайы дәрігерлік тексерістен өткізілуі тиіс. Ата-аналардың өтініштері бойынша оқушылар жазғы демалыс лагерінде демалуға қабылданады.

3.4. Лагерь жұмысының жоспарын құру- тәлімгерден аса шығармашылық пен тәртіпті талап етеді. Сонымен қатар Қазақстан республикасының білім мен тәрбие беру жүйесіне қатысты нормативтік құжаттарды ұстана отырып, дұрыс жоспарлауы қажет.

Балалардың жазғы демалысын қызықты өткізу мақсатында әр күнге ерекше аттар қойылып, соған байланысты іс- шаралар ұйымдастырылады. Әрбір ауысым 15 немесе 12 күнге жоспарланады.

Лагерь ауысымының жоспар үлгілері

1-нұсқа

Өтілу мерзімі	Атаулы күндер
1-күн	«Сәлем, лагерь!» Танысу эстафетасы. Би кеші
2-күн	«Біз бәріміз «Балалық шақтанбыз» Тәлімгер- шоу
3-күн	«Лагердегі таңғажайыптар» Ауысымның мерекелік ашылуы
4-күн	«Балаусада» кімдер тұрады?» Ұжымдық шығармашылық шара
5-күн	«Жеті күлтешелі гүл» Ойындар бағдарламасы
6-күн	«Лагерь ханшайымдары» Қыздарға арналған сайыстар
7-күн	«Ақылбек пен Білгішбектің ойындары» Интеллектуалды ойындар мен сайыстар
8-күн	«Ғажайып батырлар» Ұлдарға арналған байқаулар
9-күн	«Лагерь спартакиадасы» Спорттық эстафеталар
10-күн	«Балаусалықтар подиумда» Түрлі материалдардан киім үлгілерін жасап кию сайысы
11-күн	«Аттракционға қонаққа» Байқаулар мен ойын бағдарламалары
12-күн	«Буратино» театрындағы кастинг» Актерлық шеберлік байқауы
13-күн	«Алдар көсе мен қожанасыр келе жатыр» Комикс-шоу
14-күн	«Музыкалық қобдиша» Музыкалық шығармашылық

	сайыстар
15-күн	«Кездескенше, лагерь» Лагерь ауысымының жабылуы

Лагерь ауысымының жоспар үлгілері
2-нұсқа

№	Өтетін іс-шаралар	Уақыты	Жауапты
1	1.Балаларды қабылдау. Лагерьмен таныстыру, топқа бөлу. Топтың әнін, ұранын жаттату. 2. Лагерьдің ашылу салтанатына дайындық		Лагерь бастығы, аға тәлімгер, музыка пәні мұғ. Тәлімгерлер Тәрбиешілер
2	1. Тәлімгерлер концерті		Лагерь басшысы, аға тәлімгер, тәрбиешілер Дене шын. пәні мұғ.
3	1. «Ұлан» балаларды сауықтыру лагерінің ашылу салтанаты. 2. «Таланттарды іздейміз» концерттік бағдарлама		Лагерь бастығы, аға тәлімгер, тәрбиеші, музыка пәні мұғ. Дене шынық. пәні мұғ. Тәрбиешілер, музыка пәні мұғ.
4	1. Спорттық ойындар 2. «Бақытты балалық шақ» асфальтқа сурет салу		Лагерь басшысы, аға тәлімгер, дене шынықтыру пәні мұғалімі,суда жүзуді үйрететін мұғалім. медбике,тәрбиешілер
5	1. Спорттық ойындар, тоғызқұмалақ, асық ойындарынан сайыстар. 2.«Мен елімді сүйемін» патриоттық әндер сайысы		Тәрбиешілер, тәлімгерлер, музыка мұғалімі,тәрбиешілер
6	1. «Дастан» кинотеатрына бару 2. «Жаз аруы-20...» сайысы		Лагерь бастығы, аға тәлімгер,тәрбиеші,дене шынықтыру пәні мұғалімі,мед. бике музыка пәні мұғалімі.
7	1. Жағажайдағы демалыс. «Су патшасы қонақта» 2. Пионерболдан сайыс		Лагерь бастығы, аға тәлімгер,тәрбиеші,дене шынықтыру пәні мұғалімі,мед. бике музыка пәні мұғалімі.
8	1. Өлкетану мұражайына бару 2. «Жайдарман» КВН		Лагерь бастығы, аға тәлімгер,тәрбиеші,дене шынықтыру пәні мұғалімі,мед. бике музыка пәні мұғалімі.

9	1. «Ертегілер елінде» топтық сайыс	Лагерь бастығы, аға тәлімгер, тәрбиеші, дене шынықтыру пәні мұғалімі, мед. бике музыка пәні мұғалімі.
10	1. Ұлттық ойындар. 2. «Жігіт сұлтаны-20..» сайысы	Лагерь бастығы, аға тәлімгер, тәрбиеші, дене шынықтыру пәні мұғалімі, мед. бике музыка пәні мұғалімі.
11	1.«Қош бол, лагерь» суреттер мен эсселер байқауы Жабылу салтанатына дайындық	Лагерь бастығы, аға тәлімгер, тәрбиеші, дене шынықтыру пәні мұғалімі, мед. бике сурет пәні мұғалімі.
12	1. Лагерьдің жабылу салтанаты.	Лагерь бастығы, аға тәлімгер, тәрбиеші, дене шынықтыру пәні мұғалімі

Мектеп жанындағы лагердің күн тәртібі

Уақыты	Өткізілетін шаралар
8.00-8.20	Медицина қызметкерлердің бақылауымен балаларды қабылдау
8.20-8.40	Таңертеңгі жаттығу
8.40-8.50	Су процедурасы
8.50-9.00	Лездеме жиыны
9.00-9.30	Таңертеңгі тамақтану
9.30-9.50	Еңбек десанты
9.50-12.10	Қоғамдық пайдалы еңбек, мәдени көпшілік және спорттық шаралар
12.10-12.30	Су процедурасы
12.30-13.15	Түскі тамақтану
13.15-13.30	Ұйқыға дайындық
13.30-15.30	Күндізгі демалыс, таза ауадағы ойындар
15.30-16.00	Жеңіл ас
16.00	Үйге қайтару

3.5. Лагердегі үйірмелер

Жазғы сауықтыру лагерінде балалардың қабілеті мен қызығушылығына қарай үйірме жұмыстарын да ұйымдастыруға болады. Олар балалардың оқу жылы барысында қатысып жүрген үйірмелерінің жалғасы іспеттес болады.

Лагерде ұйымдастыруға болатын үйірмелер:

- 1 «Табиғат және шығармашылық» (табиғи материалдардан бұйымдар)
2. «Шахмат» үйірмесі
3. Би үйірмесі
4. Тоғызқұмалақ үйірмесі
5. Сикырлы қағаз» үйірмесі (Қағаздан түрлі бұйымдар)

6. Құммен сурет салу үйірмесі

Құммен сурет салу – өте қызықты, сонымен қатар пайдалы өнер. Сурет салудың басқа да түрлері секілді аталмыш өнер адамның әсіресе балалардың дұрыс жетілуіне, саусақтарының епті болуына әсер етіп, зейінін арттырады.

Сонымен қатар, адамның жүйке жүйесін тыныштандыруға пайдасы зор. Жалпы әйнек бетіне сурет салуда құмнан өзге жарма, кофе, тұз сияқты басқа да ұсақ заттарды қолдануға болады.

Лагерге алғаш келген күні балалар бір-бірімен танысып, достасуы үшін арнайы мақсатты шаралар ұйымдастырылуы тиіс. Танысу үшін жоспарлар мен ойындар түрлерін тиімді таңдаған жөн.

3.6. Жазғы сауықтыру лагері өз қызметіне мына бағыттағы іс- шараларды атқарды:

- Дене тәрбиесі;
- Эстетикалық тәрбие;
- Азаматтық- патриоттық және ұлттық тәрбие;
- Рухани адамгершілік тәрбие
- Экологиялық тәрбие

3.7. Лагерде ұйымдастыруға болатын ойын түрлері

Бала ойын үстінде өз мүмкіншілігін сезінумен қатар айналасындағы адамдармен қарым-қатынасқа түсіп, олардың әрекетіне көңіл аударады, қимылдың ішкі мазмұнын түсінеді. Балалардың қиялын, ойлауын, сөйлеуін дамыту үшін түрлі ережелермен ойнайтын ойындардың да үлкен дидактикалық мәні бар. Сондықтан ұстаздар бұл ойындарды белгілі талапқа сай ұйымдастырып отырулары қажет.

Ойын арқылы балалардың достық сезімі оянып, бір – біріне қамқорлығы, ұжымдық бірлігі нығая түседі. Жалпы ойын түрлерін тиімді пайдалануда баланы жан-жақты дамытуда көптеген септігі тиері анық.

1. Танысу күні ойнатылатын ойындар

«Кім екен? ойыны»

Әрбір бала бір парақ қағаз бен қарындаш алады. Бес минут ішінде балалар бір-бірімен танысып, есімдерін сұрап, қайда оқитындарын, нешінші сыныпты бітіргенін, қызығушылықтарын білулері тиіс. Алған мәліметтерін параққа жазып алады. Көп мәлімет жинаған бала жеңімпаз атанады.

«Кел танысайық» ойыны

Әрбір ойыншы жүрекшелер пішініндегі жетондарға өз аттарын жазып, жүргізушінің қорапшасына салады. Жүргізуші қораптағы жетондарды араластырып-араластырып қайта екінші рет жүріп өтеді. Сол кезде балалар жетонның кез-келгенін алып дауыстап оқиды. Кімнің есімі екенін есіне түсіріп, жетонды иесіне апарады.

«Есімдер әліпбиі» ойыны

Тәлімгер өз есімін атайды және балаларға да өз есімдерін айтуды қалайды. Дауыстап айтып болған соң алфавит ретімен тұруларын өтінеді. «Біздің топта А әрпінен басталатын неше бала, Б әрпінен басталатын неше бала бар екен» деп жалғастыра береді.

«Карусель» ойыны

Балалар шеңбер бойымен тұрып өздеріне ұнайтын және бәріне таныс әннің бір шумағын әндете айтып қол ұстаса айналып жүреді. Ән шумағы біте сала қолдарын үзіп басқа баламен жұп құрап тұра қалады. Жұптағы балалар бір біріне өз есімдерін айтып, қайта

шеңбер бойына келіп тұрады. Ойында жұп құра алмаған бала өз есімін айтып, шеңбердегі балаларға тапсырма орындатуына болады.

«Мен өз есімімді әнмен айтамын»

Тәлімгер балаларға өз есімдері сияқты сөзі бар әннің шумағын айтуды ұсынады. Өлең де оқуына болады. Мысалы: Әлия-ару қызы сен халқымың, Әлия-батыр қызы сен халқымның...

«Бос орынды тап»

Балалар шеңбер бойымен тұрады. Жүргізуші шеңбер бойымен жүгіріп келіп, бір баланың иығынан қағады да қарама-қарсы жүгіріп барып екеуі кездесіп қол алысып бір-біріне есімдерін атап, ары қарай жүгіреді. Кім бос орынға бірінші жетсе сол жеңімпаз. Ал жете алмаған бала жүргізуші болады.

II. Қимыл қозғалыс ойындары

«Өз үйінді тап»

Ойыншылар 3-4 кішкентай аласа ұзынша орындықтарда отырады. Барлық балаларда әдемі үлкен ойыншықтар: бірінші тұрған ұзынша орындықта қуыршақ, екіншісінде -ит, үшіншісінде-мысық, төртіншісінде-аю, қоян. Тәрбиешінің «Серуенге шығамыз» деген нұсқауымен барлық балалар орындарынан тұрып тәрбиешінің соңынан жүреді.

Серуен барысында балалар түрлі қозғалыс қимылын орындайды (секіреді, жүгіреді, жүреді). Тәрбиешінің «Жаңбыр жауа бастады» деген нұсқауымен балалар өз үйлеріне қарай жүгіреді. Ойынды қайталау барысында, тәрбиеші балаларға білдірмей ойыншықтардың орынын ауыстырып қояды. Балалар өз үйлерін тез, адаспай табуы керек.

«Жүгіріп қағып ал»

Балалар ойын алаңында еркін тұрады. Тәрбиеші үлкен әдемі доппен балаларға қарама-қарсы тұрады. (қашықтығы 1,5-2м) Тәрбиеші « Бір лақтырамын, екі лақтырамын, үш лақтырамын, кім жүйрік қағып алсын!» -деп допты лақтырады да өзі қағып алып: «Қаға алмадыңдар қайта жүгіріңдер» дейді. Балалар өз орындарына қайта барып тұрады. Ойын жалғасады. Ойын кезінде балалардың қағып алуына мүмкіндік жасап, қойып жүреді. Қалған балалар соңына еріп жүреді.

«Аукцион»

Жүргізуші: Балалар қазір мен сендермен аукцион ұйымдастырамын. Аукцион бір нәрсені сату арқылы ұйымдастырылады. Біздің аукционымызда зат ретінде халық даналықтары сатылады. Ол халық даналықтарын сол туралы кім көбірек білсе, сол сатып алады. Бізде қазір сатылатын заттар ретінде мақал – мәтелдер алынады. Әр тақырыпқа байланысты мақал – мәтелдер. Сол мақал – мәтелдерді кім көбірек айтса, ол соған және бір атаққа ие болады.

- Туған жер, отан туралы.
- Оқу – білім, өнер туралы.
- Еңбек туралы.
- Достық туралы.
- Адамгершілік және жақсы – жаман мінез туралы.

Осы мақал – мәтелдерді тапқан оқушыларға тапқыр, алғыр, білгір, жылдам, жүйрік оқушы деген атақтар беріледі. Сонымен балалар біз аукцион арқылы халық даналықтарының бір түрі – мақал – мәтелдерді қаншалықты білетінімізді көрсеттік. Осылай халық даналықтарын құрметтеп, сақтау үшін өз үлесімізді қосып жүрейік.

«Кептерді қуып жет»

Мақсаты: Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Балаларды ұжымда ойнай алуға тәрбиелеу.

Ойынның шарты: Ойынды 15-20 бала ойнайды. Жерге шеңбер сызылады. Ортаға тәрбиеші таңдаған бала-мысық тұрады, ал қалған балалар шеңберді айнала кептерлер болып тұрады, мысық «ұйықтайды». Кептерлер шеңберді айналып жүріп, дөңдерді шоқиды, мысық оянып кептерлерді қуады. Қай кептерді ұстап алса, сол бала айыппұл ретінде өлең – тақпақ айтады.

«Жапалақтар»

Мақсаты: Балалардың ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру.

Ойынның шарты: Балалар екі топқа бөлінеді. Жапалақтар күндіз ұйықтайды, ал түнде керісінше оянады. Тышқандар күндіз жапалақтар ұйықтағанда үйлеріне жету керек. Жүргізуші «түн болды» дегенде жапалақтар үйіне жете алмаған «тышқандарды» қуады. «Тышқандар» қырағы шапшаң болуы тиіс. Жүргізуші күн мен түнді ойламаған жерде ауыстырып айта қоюы ойынды қызықты ете түседі.

«Жырадағы қасқыр»

Мақсаты: Ептілікке, шапшаңдыққа баулу.

Ойынның шарты: Ұзындығы 20-30 метр ойын алаңының тең ортасынан арасы 2-3 метр екі параллель сызық (жыра) жүргізіледі.

Ойыншылар арасынан 1-2 «қасқыр» сайланады. Қасқыр жыраның ортасына барып тұрады. Қалған ойыншылар- қояндар алаңның бір шетінде бір қатар болып тұрады. Жүргізушінің белгісінен кейін қояндар қос аяқтап секіре жөнеледі. Жыраға жақындағанда екпіндете жүгіріп, ортасына түсіп кетпей, одан бір аяқпен секіріп өту керек. Ал қасқыр ол кезде қояндарды ұстап алуға әрекет жасайды. Ұсталғандары ойыннан шығып, екінші шетке барып тұрады. Ойынның соңында ұсталмай қалған екі ойыншы жеңіске жеткен болып саналады. Келесі ойынды солар бастайды.

«Құстар мен мысық»

Мақсаты: Ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу.

Ойынның шарты: Балалар құстар болып ұшып жүреді. Бір бала мысық болады. Мысық ұйықтап жатады. Құстар мысықтың жанына келеді. Мысық оянып құстарды қуады. Музыка әуенімен де сүйемелдеуге болады.

« Қояндар»

Мақсаты: Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу.

Ойынның шарты: Барлық балалар қояндар болып , шеңбер жасап тұрады. Өздерінің әндерін айтып, қояндарша секіріп, билеп жүреді.

Ақ қоян-ау, ақ қоян

Орныңнан тұршы,

Шашыңды тарашы.

Бетінді жушы

Осы кезде бір сыбдыр естіліп, қояндар қашып тығыла бастайды. Тыныштық болғанда ойнап, секіреді. Тығыла алмай көрініп қалған бала ән айтып, өлең оқиды.

«Қоймадағы тышқандар»

Мақсаты: Ұжымда ойнауға тәрбиелеу.

Ойынның шарты: Алаңның ортасына 8-10 см ара қашықтықта екі бірдей сызық сызылады. Алаңның шеттерінде 1-2 адым қашықтықта мысықтың үйі сызылады. Ойыншылар мысықты таңдап алады. Қалғандары тышқандар болады. Тышқандар қоймадағы дәндерді жинауға келе жатады. Ал мысық осы кезде оларды ұстауға тырысады. Ұстап алған тышқанды “мысық” үйіне апарады.

«Кім көп таспа жинайды?»

Мақсаты: Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру.

Ойынның шарты: Балалар шашылып қалған таспаларды арнайы ыдысқа жинайды. Таспаны ең көп жинаған бала жеңіске жетеді.

“Көңілді қошақандар”

Мақсаты: Балалардың ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру.

Ептілікке, шапшаңдыққа, баулу, белсенділіктерін арттыру.

Ойынның шарты: Алаңда ұзын сызық сызылады. Бұл сызық -көпір. Көпірдің арғы жағында қошақандардың үйі болады. Қошақандар әуенмен билеп жүреді, әуен тоқтағанда жарыса отырып, көпірден өтіп үйлеріне тез жетулері керек. Жете алмаған бала ән айтып өз өнерін көрсетеді.

«Тауықтар мен балапандар»

Мақсаты: Балаларды адалдыққа, мейірімділікке, сыйластыққа тәрбиелеу.

Ойынның шарты : Балалардың жартысы тауықтар, ал қалғандары балапандар болады. Балапандары аулада серуендеп, ойнап жүреді де, аналарынан тығылып қалады. Аналары балапандарын іздейді.

II. Спорттық құралдармен ойналатын эстафеталық ойындар

“Белгіні тыңда”

Мақсаты: балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу.

Ойынның шарты: балалар сызық бойында тұрады. Тәрбиеші жалаушамен алға деген белгі бергенде балалар мәреге жету керек, жете алмаған бала өз өнерін көрсетеді.

«Лақтырып қағып ал, қағып алып лақтыр»

Мақсаты: Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру.

Ойынның шарты: Балаларды шеңберге тұрғызып, допты лақтырып, қағып алуы керектігін айтамыз. Допты түсіріп алған немесе дұрыс лақтырмаған бала шеңбер ортасына отырады, басқа балаға лақтырылған допты ұстап алса, қайта шеңбер бойына тұрады.

«Қаппен секіру»

Мақсаты: Балалардың қимыл қозғалыстарын арттыру. Ойынды жарыса ойнау арқылы жылдамдыққа баулу. Кезектесіп ойнау арқылы бір –біріне деген құрметке ,сыйластыққа тәрбиелеу.

Ойынның шарты: Балалар ойынды кезектесіп 3 баладан ойнайды. 3 балаға бір –бірден қап таратылады, ал олардан 20-30 метрдей қашықтықта доптар тұрады. Балалар секіріп, сол доптарға жетуі тиіс. Ең бірінші болып жеткен бала жеңімпаз атанады. Осылай қалған балалар да ойнайды.

«Кеглиді соқ»

Мақсаты: Балалардың спорттық ойынға деген қызығушылығын арттыру. Ойынды жарыса ойнау арқылы жылдамдыққа баулу. Спорттық ойындарды белсене ойнауға тәрбиелеу.

Ойынның шарты: Балалар ойынды кезектесіп ойнайды. Балалардан 20-30 метрдей қашықтықта кеглилер тізіліп қойылады, ал балаларға кішкене доптар таратылады. Доппен кеглиді соғып, құлатулары керек. Кеглиді көбірек құлатқан баланы жеңімпаз дейді.

«Кім алысқа»

Мақсаты: Жүгіру арқылы балалардың аяқ бұлшықеттерін дамытып, жетілдіру.

Ойынның шарты: Балалар ойынды ұлдар мен қыздар болып ойнайды. Ең алдымен ұлдар арасында, содан қыздар арасында жүгіріп, мәреге жетулері керек. Белгіленген мәреге жеткен ұл мен қызды мадақтау. Содан екі жеңімпазды жарыстыра жүгірту, мәреге ең бірінші болып жеркен баланы жеңімпаз ретінде таниды.

«Нысанаға тигіз»

Мақсаты: Балалардың нысананы дәл көздеу, мергендік қасиеттерін жетілдіріп, жақсарту. Есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту.

Ойынның шарты: Қабырғаға дөңгелек түріндегі сурет ілінеді, әр шеңберіне ұпай жазылады. Тәрбиешінің нұсқауы, белгісі бойынша балалар үшкір таяқшаларды сол суретте белгіленген нысанаға тигізулері қажет. Көп ұпай жинаған бала немесе топ жеңімпаз атанады.

“Өз жұбыңды тап”

Мақсаты: Балаларды жұптық ойын арқылы ынтымақтастыққа тәрбиелеу, салауатты өмір салтына тәрбиелеу.

Ойынның шарты: Ойыншылар екі баладан жұп құрап, қолдарына доп ұстап 6-8 метр жерден бір-біріне қарама-қарсы тұрады. Тәрбиеші ойнауға белгі берісімен, әр жұп доптарын бір-біріне қарай домалатып тигізуге тырысады. Доптары бір-біріне тиген ойыншылар ұпай жинайды. Ойынның соңында қай жұптың ұпайы көп болса, сол жұп жеңіске жетеді.

«Құлатып алмай апар»

Мақсаты : Балалардың дене қимыл қозғалыстарын дамытып,тепе –теңдікті, дәлдікті сақтай білуге үйрету.

Ойынның шарты : Екі топқа бөлінедіӘр балаға спорттық бұрыштағы құм салынып тігілген кішкене жастықшалар таратылады. Балалар оларды басына қойып, түсірместен , себетке апарып салады. Себетке жеткізбей, жастықшаны түсіріп алған бала айыппұл ретінде өлең не тақпақ айтады.

«Қақпа»

Мақсаты: Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру.

Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру, балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу.

Ойынның шарты: Балалар қол ұстасып шеңбер жасап, “қақпа” құрады. Ортаға санамақ арқылы бір бала «қасқыр» болып сайланады.

Қасқыр түссе қақпанға,

Ұстамаса болар ма?

Қасқырға қақпан құрайық

Қасқырды ұстап алайық.

“Қасқырды ұстап алайық” деген кезде қақпаны жабады, қолды төмен түсіреді, ортадағы бала қақпаннан шығуға тырысады.

«Сыйлықтар»

Мақсаты: Балалардың ойынға деген құштарлықтарын дамыту, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру.

Ептілікке, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Затты сипатына қарай тани алуға тәрбиелеу.

Ойынның шарты: Ең алдымен балаларға көрсетілмей қоржын ішіне әр түрлі заттар салынады. Содан ортадан баланың туған күні деп бір бала тағайындалады. Балалар кезекпен келіп, көздерін жұмып, қолдарымен сипап сезу арқылы қоржындағы қандай зат екенін табады. Егер де дұрыс тапса, онда туған күн иесіне сыйлайды, ал дұрыс таппаса, онда туған күн иесіне өз өнерін көрсетеді.

«Секіріп –бұрыл »

Мақсаты: Балалардың батылдық сезімдерін ояту. Кедергілерден өтуге үйрету, тәуекел ете білуге тәрбиелеу.

Ойынның шарты: Балаларға алдына ала кубиктерден, құрсаулардан әр түрлі кедергілер қойылады. Балалар сол кедергілерден секіре жүріп өтеді. Кедергілерді орнынан қозғалтпай, дұрыс секіріп өткен балалар жеңіске жетеді.

«Шарлар мен бағаналар»

Мақсаты: Балаларды жұптасып не топпен ойнауға үйрету.

Ойынның шарты: Балалар жұп не топ болып бөлінеді де, шарлармен бір –біріне кеуделерімен қысып мәреге дейін жетулері тиіс. Жұптасып шарды құлатпаған ойыншылар жеңімпаз атанады.

«Кешікпе»

Мақсаты: Балалардың дене қимыл қозғалыстарын дамытып, тепе –теңдікті, дәлдікті сақтай білуге үйрету. Арқаларын түзу ұстап, дұрыс жүруге дағдыландырып, тәрбиелеу.

Ойынның шарты: Балалар екі колоннаға бөлініп тұрады. Ортаға суға толы шелек, балалардан 10-20 метрдей қашықтықта бос ыдыстар тұрады, ал ойын бастаушы балаларға стақандар таратылады. Сол стақандарға шелектен су алып, төгіп шашпай бос ыдысқа құюлары қажет. Бірінші бала құйып, орнына келген соң екінші, содан осылай шелектегі барлық су біткенше апарып құяды. Қай топ ыдысында көп мөлшерде су болса, сол топ жеңіске жетеді.

«Қиын өткел»

Мақсаты: Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру.

Ойынның шарты: Ойыншылар екі топқа бөлінеді. Балаларға ұзын труба сияқты туннель жасалынады. Қаптың түбін қиып, бір-біріне жалғап жасауға болады. Балалар кезекпен содан еңбектеп өтіп жарысады.

«Ақ бұлақ» ойыны

Мақсаты: Балалардың қимыл-қозғалыс қабілетін дамытып, оларды ұйымшыл болуға тәрбиелеу

Ойынның шарты: Балалар бәрі бір бағытқа қарап, екі сапқа бөлініп қатар тұрған әрбір екеуі қол ұстасып, қолдарын жоғары көтеріп тұрады. Мұғалім екі саптың арасынан еңкейіп өтіп бара жатып, бір ойыншының қолынан ұстап алып кетіп, саптың соңына барып тұрады. Жұпсыз қалған бала мұғалімнің істегенін қайталайды. Ойын осылайша жалғаса береді.

«Ақ сандық, көк сандық»

Мақсаты: екі екіден тұрып, бір-бірімен күштерін салыстыруға үйрету

Ойынның шарты: Ойыншылар санау арқылы екі екіден бөлініп, ойын алаңында шашырап тұрады.

Мұғалімнің белгісінен кейін, олар бір-біріне теріс қарап тұрып, қарсыласын көтеріп алса, сол қарсыласын арқасына ұстап тұрып, сұрақ сұрай бастайды:

«Аты-жөнің кім?», «Не көрдің, не білдің?», «Қандай кітап оқыдың?» «Қандай тақпақ білесің?» «Менің жұмбағымды шеше аласың ба?» деген сияқты бірнеше сұрақ беріп, оларға жауап алуы қажет. Жауап алған соң барып ол арқасындағы баланы жерге түсіреді.

«Көрші»

Мақсаты: қимыл-қозғалысын басқалармен үйлестіруге үйрету.

Шарты: Ойыншылар арасынан санамақ арқылы бір ойыншыны бастаушы етіп сайлайды. Қалған балалар екі-екіден тізбектеле сап түзеп жүріп, екі ойын алаңының ортасына келіп тоқтайды. Саптың алдында ойын бастаушы тұрады. Одан 8-10 метр жерден сызық сызылады.

Тәлімгердің белгісінен кейін тізбектің соңына тұрған екі ойыншы тізбектің екі жағымен ойын бастаушыға қарай жүреді. Сызыққа жақындап қалғанда олар ойын бастаушының қолына түспеуге және сызықтан әрі асқанда екеуі қолдарынан ұстап алуға тырысады.

Егер қол ұстасып үлгерсе, онда олар тізбектің алдына келіп тұрады.

Ал егер ойын бастаушы олардың біреуін сызыққа жетпей ұситап алса, онда ойын бастаушы мен ұсталып қалған ойыншы қол ұстасып, тізбектің алдына барып тұрады. Жұпсыз қалған ойыншы ойынды әрі қарай жалғастырады. Ойын бірнеше рет ойналғаннан кейін, топтағы ең жүйрік, айлакер жұптың аты аталып, оларға «жеңімпаз» деген атақ беріледі.

III. Қазақтың ұлттық ойындары

Қазақтың ұлттық ойындары бес түрге бөлінеді. Олар: аңға байланысты, малға байланысты, түрлі заттармен ойналатын, зеректікті, ептілікті және икемділікті қажет ететін, соңғы кезде қалыптасқан ойындар. Бұл ойындардың көбісінің ежелден қалыптасқан арнайы өлеңдері де бар. Өлеңдер ойынның эстетикалық әсерін арттырып, балалардың өлең-жырға деген ыстық ықыласын оятып, көңілін көтереді, дүниетанымын арттырып, еңбекке баулиды, ал қимыл-қозғалыс ширықтырып, шынықтырады.

«Асық ату» ойыны

Мақсаты: Тапқырлыққа үйрету, дененің жұмысы реттеледі, көз мөлшері, кеністікті бағдарлауға үйретеді.

Шарты: Ойынға бірнеше бала қатысады. Әрбір ойыншылар кезекпен қолдағы асықтарды сырмақ үстіне, жерге шашады. Арнайы белгілеген асықпан (сақамен) қалған асықтарды шертіп атады. Басты шарты -тізілген асықтарды ғана атады. Басқа асықтарға тигізбей атып алынған асық, ұпай ретінде олжаланады. Ойын осылай жалғаса береді

«Аударыспақ»

Балалар жүркұрап тұрады. Бір-біріне теріс қарап арқаларымен тұрып қолдарын айкастырады. Ойын көгал үстінде немесе арнайы жұмсақ жерде ұйымдастырылуы шарт. Жүргізуші белгісімен балалар бі-бірін аударып құлатуға әрекет жасайды. Бірінші болып көтере аударған бала жеңімпаз атанады. Ең соңында жеңімпаздар аударыспақ жасайды.

«Күш сынаспақ»

Бұл ойын стол үстінде екі баланың білек сынасуымен орындалады. 2 бала шынтактарын столға тірек қол бастарын айкастырады. Кім білекті столға жықса сол бала жеңіске жетеді. Ағаш аттың үстінде аттың басын ұстап тұрып 2-ші қашан білектен тартысып сынасуға да болады. Бірақ баланың қауіпсіздігі қатаң бақыланады.

«Тауық күрес»

Балалар екі топқа бөлінеді. Осы екі топтан екі бала шығып, кәдімгідей күреседі. Оның ең қызығыда, басқаша күрестен айырмасы да –тек жалғыз аяғымен ақсаңдай жүріп, иықтарын қағып күресуінде. Бұл күрес балалардың нық басып, орнықты жүруін жетілдіреді. Күрестің 1 аяғын тізесін бүгіп, мата белбеуін байлап тастайды. Қайсысы сүрініп жығылса, сол ұтылады.

«Арқан тарту»

Бұл екі топқа бөлінген балалармен немесе екі баламен ойналады. Арқанның екі жағынан екі бала немесе екі топқа бөлінген балалар тартысады. Қай топ арқанды өз жағына тартып алып келсе, сол топ жеңіске жетеді. Екі бала тартысқанда қай бала өзіне қарай арқанды тартып екіші баланы құлатса, құламаған бала жеңіске жетеді.

«Көтермек»

Ортаға екі ойыншы бала шығады. Бір-біріне арқаларын беріп тұрады. Белгі бойынша кім біріні бірін- бірі арқада көтеріп алса, сол бала жеңіске жетеді. Жеңіске жеткен бала ойында қала береді де басқа балалармен бірге күш сынасады.

«Орамал тастамақ»

Балалар шеңбер жасап тұрады. Бастаушы (тәрбиеші) балаларды айнала жүріп бір баланың артына орамал тастап кетеді. Артына орамалды тастағанын сезген бала менің артымда деп жауап береді. Артына орамалдың тасталғанын сезбесе ол өлең, тақпақ айтып немесе билеп беруі керек. Балалар шеңбер бойында көздерін жұмып тұруы керек. Ойын осылай жалғаса береді.

«Қыз қуу»

Балалар арасынан бір ер бала, бір қызды (ағаш атпен) қуады. Бала қызға жетіп қолынан ұстаса ол жеңіске жеткені. Кейде қызды 2 бала да қуады қай бала бұрын жетіп қыз қолын ұстаса сол бала жеңіске жетеді.

«Түйілген орамал»

Ойын жүргізуші ойынды өзі бастайды. Ең алдымен балаларды айналасына жинап алады да «1,2,3» - деп дауыстайды. Осы кезде балалар жан-жаққа бытырай қашады. Ал ойын жүргізушісі қолында түйілген орамалы бар баланы қуалайды. Ол орамалды басқа

біреуге лақтырады қағып алған бала қаша жөнеледі. Осылайша ойын жүргізіледі, түйулі орамалды алғанша қуалай береді. Ұсталған ойыншы көпшілік ұйғарымымен ортада тұрып өнер көрсетеді. Одан кейін ойын жүргізуші ауыстырылады. Ойын ойнап болған соң балалар шеңбер жасап тұралы.

«Соқыр теке»

Балалар дөңгелене тұрады. Бір баланың көзі байланып қойылады.

Балалар: Бота, бұзау, козы, лақ

Қайда кеткен құлыншақ

Соқыртеке бақ-бақ

Мені ізден тап-тап

Деп тақпақтайды.

Содан кейін Соқыртеке (баланың көзі байлаулы) баларды қуалайды немесе балалар оның жанына келіп түртіп қашады. Соқыр теке ұстап алған баланың көзі байланады да ол «соқыр теке» ролін атқарады. Ойын осылайын жалғаса береді.

«Әуе таяқ»

Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топта 5-тен 10 –ға дейін ойыншы болады. Екі топқа екі таяқша (жұмсақ) беріледі, жерге түзу сызық сызылады. Ойыншының біреуі ортаға шығады да бір алақанына зат жасырып, екінші қолының жұдырығын бірдей жұмады. Екінші ойыншы зат жасырылған қолды тапса, ойынды бастаушы сол болады. Сөйтіп қолындағы таяғын жоғары лақтырады. Осы кезде қасындағы таяғын лақтырады да, қасындағы баланың таяғын қағып түсіруі шарт. Таяқты қағып түсірген бала өз тобына ұпай әкеледі.

«Арқан түю»

Балалар шеңбер жасап тұрады. Қолында арқаны бар жүргізуші топ арасынан шығады да: -ойын басталды –деп дауыстайды. Сонан соң арқанның түйілмеген басын ұстан шеңбер бойымен айналады, арқанды балалардың аяқтарының астынан жібереді. Балалар арқан үстімен секіріп тұрады. Кімде-кімнің аяғына арқан ілініп, секіре алмай қалса ол бала ойынды тоқтатып өнер көрсетеді, тақпақ, өлең айтады немесе билеп береді. Ойын осылай жалғаса береді.

ІҮ.Шығармашылық танымдық ойындар

Лагердің жауын-шашынды күндері бөлме ішінде отырып орындайтын тапсырмалар балаларды жалықтырып алмайтындай ән, бимен, ойындармен алмастырылап отырылуы тиіс.

1. «Кім тауып оқи алады?»

1. Тапсырмада дөңгелекке бір мақал жазылады. Оны сағат тілінің бағыты бойынша екі әріптен қалдыра отырып оқысаң, табасың. Берілген тапсырманы дұрыс шеше алсаңыз мақал-мәтел шығады» деп (Жауабы: Оқу – білім азығы)

«Қай әріпті жоғалттым?» ойыны.

Ойынның мақсаты: оқушылар дауысты, дауыссыз жуан, жіңішке дыбыс түрлерін ажыратуға дағдыланады.

Ойынның ережесі: Сөз ішінде бір әріп қалдырылып кеткен бірнеше парақшалар жасалынады. Жоғалған әріптер парақшаларын жасағанда сөздердің басында, ортасында немесе соңынан әріптер қалдырылады.

Ойынның тиімділігі: Оқушы сөздерді дұрыс құруға, қатесіз жазуға, сөз мағынасын ажырата білуге қалыптасады.

«Сөзді тап» ойыны

Ойынның мақсаты: Оқушыларға дауыссыз дыбыстардың өзіндік ерекшеліктерін ұғындыру, олардың тілге қызығушылығын ояту, шығармашылық қабілетін жетілдіру.

Ойынның ережесі: Көлденеңі бес, тігінен сегіз қатар тор көз кесте тақтаға ілінеді. Кестедегі тор көздеріне алғашқы және соңғы дыбыстарын бірдей әріптер жазылады. Оқушылар осы әріптерден оқыса да, оңынан оқыса да бірдей сөздер ойлап табады.

(Жауабы: қызық, қазық, қалақ, қырық, кесек, кезек, кебек,)

«Қадам бас» ойыны.

Ойынның мақсаты: Оқушылар баспалдақ күйінде берілген тор көздегі сөздерді дұрыс табуы қажет. Тор көздің санына қарай табылған сөз толық мағыналы болуы шарт.

Ойынның кезеңдері: Ойынның алғашқы кезеңінде мұғалім оқушыларға ойын ережесін түсіндіріп, У дыбысының өзіндік белгілерін атауды тапсырады. Келесі кезеңде оқушылар тапсырманы орындайды.

Ойын: «Не өзгерді?»

Мақсаты: есте сақтау қабілетін дамыту.

Психолог балаларға үлкендігі бірдей бірнеше жұмсақ ойыншықтарды көрсетеді. Балалар олардың атын атайды. Содан соң психолог балалардан көздерін жұмуын өтінеді де, ойыншықтардың біреуін алып тастайды.

Балалар көзін ашып, қандай ойыншық жоқ екендігін айтады. Ойын 3-4 рет қайталанады.

Ойын: «Суреттерді құрастыр»

Мақсаты: ойлау қабілетін дамыту.

Психолог балаларға 3-4 бөлікке бөлінген суретті береді. Балалар үлгінің көмегінсіз суретті құрастырады.

Ойын: «Кім тығылды?»

Мақсаты: көзбен қабылдауын дамыту.

Тәлімгер балаларға жануарлар бейнеленген суреттерді көрсетіп, суретте қандай жануар жасырынғанын сұрайды.

Балалар алдымен атын атап, содан соң суретті бояйды.

Ойын : «Не артық?»

Мақсаты: суреттерді салыстыру арқылы ойлау қабілетін дамыту.

Тәлімгер балаларға үш қатар суреттері бар бетшелерді ұсынады. Әр қатардағы бейнеленген заттарды сипатына қарай мұқият қарап, басқаларынан өзгеше біреуін табуын өтінеді. Осылайша әр қатардағы заттардан бала артығын табады.

Ойын: «Не жетіспейді?»

Мақсаты: көзбен қабылдау және ойлау қабілетін дамыту.

Психолог балаларға бірнеше заттардың суреті бар бетшелерді ұсынады. Суретті мұқият қарап, әр заттың жетіспейтін бөлшегін табуын сұрайды.

Баланың тулғалық танымын дамытуға арналған ойындар

Ойынның негізгі міндеттері:

- көру, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту;
- үлгіге қарап жұмыс жасауға үйрету;
- қысқа мерзімдік және ұзақ уақыт есте сақтауын дамыту;
- графикалық дағдыларын қалыптастыру;

-заттардың арасындағы қарапайым қисындық байланыстарын, заңдылықтарды табуды үйрету;

-үлкендердің, құрбыларының әрекетімен санаса отырып әрекет етуге үйрету.

Ойын: «Жұбын тап»

Мақсаты: заттардың арасындағы байланысын таба білуге үйрету

Балаларға бірнеше заттың бейнесі бар суреттерді береді. Оларды мұқият қарап, екі-екіден жұптастырып қарындашпен сызып көрсетуін өтінеді.

Ойын: «Есінде сақта»

Мақсаты: есте сақтау қабілетін дамыту

Балаларға пішін бейнеленген карточканы ұсынып, мұқият қарап алуын сұрайды. Балалар оны есінде сақтап, содан соң суретін салады.

Ойын: «Бір сөзбен ата»

Мақсаты: ойлау қабілетін дамыту

Балаларға әртүрлі суреттері бар карточка ұсынады. Балалар әр қатардағы заттарды бір сөзбен атауы қажет

Лагердегі атаулы күндердің жоспар - үлгілері

Бірінші күн: «Сәлем, лагерь!» танысу эстафетасы

Лагерге жиналған барлық балалар алаңға жиналады. Аға тәлімгер құттықтау сөз айтып, лагердегі демалыстарына сәттілік тілейді. Танысу эстафетасына арналған жолнұсқаушы парақ таратады. . Әрбір станцияда бір мезетте екі топ болуы шарт. Жас ерекшелектері сәйкес , жақын болуы ескеріледі. Топтар арасында жарыс ұйымдастырылады. Балалар бірін-бірі есімдерімен атаулары қадағаланады. Жеңімпаздардың жолнұсқаушы парақтарына станция аты және 2 ұпай беріледі, жеңілгендерге 1 ұпай.

Станцияда барлық жарыстарды ересектер: үйірме жетекшілері, дене тәрбиесі жетекшісі, кітапханашы, мәдени ұйымдастырушы, тәлімгерлер, тәрбиешілер өткізеді. Топтар бір-біріне кедергі келтірмес үшін музыка дауысын тыңдауы тиіс. Музыка ойнағанда келесі станцияға ауысып отырады.

Станциялар бойынша маршрут аяқталғанда жолнұсқаушы парақты аға тәлімгерге тапсырады. Қорытындысын шығарып жеңімпаз топ анықталады. Жеңімпаздарға сыйлық – өз тапсырысы бойынша музыкамен биге қатысу.

Танысу эстафетасындағы станциялар

1. **«Әріп жазу».** Топтарындағы балалардың есімдерінің бастапқы әрпін өздерімен жасап жазу, яғни қатар-қатар тұрғанда әріп таңбасы көрінуі тиіс. Ретсіз, дұрыс жазылмаған әріп есепке алынбайды. Ұйымшылдық пен шапшаңдық ескеріледі.
2. **«Жаңа ертегі»** Ертегілердің бірінен үзіндіні өзгертіп қойылым көрсету. Ол үшін топта келісіп алуға шамалы уақыт беріледі. Мазмұндылығы ескеріледі, әртістік қабілеті бар балалар анықталады.
3. **«Мыстан кемпір сандығы»** Қорапта ертегілер аты, заттар мен құбылыстар аты жазылған сөздер жазылған парақшалар болады. Балалар солардың арасынан мейлінше көп ертегінің аттарын табулары шарт. 1 минут ішінде қанша ертегінің аттарын тапты соның санына байланысты ұпай жинайды. Сандықта төмендегідей сөздер болуы мүмкін: Бауырсақ, шалқан, қар, гүл, жеті лақ, қарындаш..
4. **«Көрінбейтін хат»** Жүргізуші балаларға криптограмма беріп, тастағы жазуды табыңдар деген тапсырма береді. Сурет атқа мініп тұрған батырдың суреті болуы тиіс. Батырдың құрал-жабдықтары мен ат әбзелдерінен әріптер құралады.

Мысалы: Айбалта-С, Садақ-О, қылыш-Л, шоқпар-Ғ, қалқан-А. Криптограмманың жауабы: Солға жүрсең-атыңды жоғалтасың, оңға жүрсең-өзің өлесің, тура жүрсең-жол табасың»

5. **«Белгісіз кейіпкер»** Шашыраған әріптерден топтарындағы балалардың есімдерін құрастыру қажет.
6. **«Зеректер аялдамасы»** Түрлі логикалық жұмбақтар беруге болады. Мысалы: қызықты логикалық жұмбақ: **Жердің** ортасында не бар? Жауабы: Е әрпі.

Тәлімгер- шоу «Біз бәріміз «Балалық шақтанбыз»

Лагерь алаңында салтанатты сап түзеу өткізіледі. Жүргізуші балаларды ынтымақтастыққа шақырған әнмен бастауға болады. Мысалы:

«Біз өмірдің гүліміз»

Зеңгір көктен,

Нұрын төккен

Ортақ біздің күніміз.

Жайнап өскен,

Жайдары өскен,

Біз өмірдің гүліміз.

Бал достыққа,

Жолдастыққа

Шақырады әніміз.

Тыныштықта,

Нұр құшақта

Бақыттымыз бәріміз.

Музыка ырғағымен барлық тәлімгерлер алаңға немесе сахнаға шығады.

Танысу кезеңіне тәлімгерлер өздерін-өздері қызықты әрі көңілді таныстырады.

Таныстыру кезеңі аяқталған соң балалар арасынан жаз туралы өлеңдер оқуға болады.

Жүргізуші келесі кезеңде тәлімгерлерге арналған түрлі ойындар мен *эрудициялық тапсырмалар* ұйымдастырады. Оларға қызықты логикалық жұмбақтар шешу, жаңылтпаштар айтқызу, ертегілерден үзінді оқып атын таптыру тапсырмаларын беруге болады.

Спорттық байқау кезеңі. Секіртпемен секіру, допты нысанаға лақтыру.

Шығармашылық кезең. Жүргізуші конвертте бірнеше сөздер жазылған парақшалар таратады.

Тәлімгерлер өз ойларынан берілген сөздерді қатыстырып 1-2 шумақ өлең шығарулары тиіс.

«Біз бәріміз «Балалық шақтанбыз» кезеңінде тәлімгерлер барлық балаларды топтармен бөліп алып түрлі әндерді бірлесе орындайды.

Тәлімгерлер осылайша өздерін таныстыра отырып балалармен жақын танысады, қарым-қатынастары нығаяды.

Лагерьдің ашылу салтанаты

Мақсаты: Жазғы демалыс лагеріне келген балаларды мектеп жанындағы демалыс лагерімен таныстыру.

Іс-шараның түрі: саптық ашық жиын

Қажетті құралдар:

-жабдықталуы, көрнекіліктер;

-шарлар;

-түрлі-түсті безендірулер;

- «Жаз-2016» немесе көңілді лагерьсынды жазылған плакаттар, гүлдер жалаушалар.

Қатысушылар: балалар, жүргізушілер, ата-аналар, лагерь әкімшілігі.

Өтілу барысы

I. Ұйымдастыру

1.Топтарды сапқа тұрғызу

2.Салтанатты кіріспе сөз (аға тәлімгер сөзі)

3.Музыкалық сүйемелдеу жүріп жатады.

II. Негізгі бөлім

1 -жүргізуші:

Қайырлы күн! Қадірменді ұстаздар, бүлдіршін балалар, ата-аналар «ЖАЗҒЫ ЛАГЕРЬ-2016» демалыс лагерінің ашылу салтанатына қош келдіңіздер!

2 -жүргізуші:

Қазақстан Тәуелсіз ел екенбіз.

Жоғалмасын ешқашан берекеміз

Шын ниетпен сендерді құттықтаймыз

Құтты болсын,бүлдіршін мерекеніз

4.Топшаларды ортаға шақыру (әр топ өз киімін топ аты,ұраны,әнімен адымдап ортаға кезектесіп шығып сапқа тұрады.)

Аға тәлімгер:

Жиын! Сап түзе! Тік тұр! Жазғы сауықтыру лагерінің ашылу салтанатына орай Қазақстан Республикасының мемлекеттік Туы енгізілсін.

Рапорт

Аға тәлімгер: «ЖАЗҒЫ ЛАГЕРЬ-201...» сақтандыру лагерінің ашылу салтанатына

_____мектептің лагерь жасақтары дайын . Рапорт беруші:_____

Рапорт қабылданды.

1 -жүргізуші

Арманы бір үні бір

Аға ардақты, іні бір

Бақыт туын көтерген

Балалардың күні бұл

Бала бағы бар елдің.

Гүлмен келсін келер күн

Балалардың күлкісі

Көркі, сәні әлемнің

Лагердің ашу рәсімі мектеп директоры

_____сөз беріледі.

5.Лагерь басшысының салтанатты құттықтау сөзі.

6.Тәлімгер _____ апайдың балаларға кеңестерін тыңдаймыз

1-ші тәлімгер апай: Суда жүрудегі қауіпсіздік шаралары

2-ші тәлімгер апай :Техникалық қауіпсіздік шаралары.

2 -жүргізуші

Мереке бүгін, береке бүгін

Қуанып, шалқып тасыған

От боп жүр жастар,
Шоқ боп жүр жастар,
Көңіл жоқ шешек атпаған –дей келе

_____ орындауында _____ әнін қарсы
алыңыздар!

1 -жүргізуші:

Қымбатты лагерьде демалуы балалар. Сендерді лагерьдің қызметкерлерімен таныстыруға
рұқсат етіңдер!

Қаталдықты, аямай-ақ беріпті _____ деген басшы
апай асығыңдар келіңдер.

Тәлімгер апайларды көріңдер

_____ тәлімгерлер келіңдер.

2 -жүргізуші:

Сендердің тәрбиеші ұстаздарың:

_____ Тәлімгердің серігі

« _____ » көрігі

_____ « _____ » мүшесі.

1 -жүргізуші:

Іш ауырса, тіс ауырса

Емдеп дәрі беретін

Ақ халатты _____

Медбике апай ол біздің

2 -жүргізуші:

Спорт-көркі өмірдің

Спорт-досың серігін

Жаттықсаң шымыр боласың

Шынығып өсіп толарсың

Үнемі бізге айтатын

_____ апай ол біздің

1 -жүргізуші:

Ұстаз-ана ән айтып, би билеткен

Ұстаз-ана, бар білімге үйреткен

Ұстаздарды екінші ана деп біліңдер

Өркез сені жақсылыққа сүйреген-дегендей ұстаздарға қошемет көрсетіп қояйық.

Би « _____ » _____ тобы.

2 -жүргізуші:

Біз бақытты баламыз

Оттай лаулап жанамыз

« _____ » төрінде

Шырқап әнге саламыз

Ән: _____

III. Қорытынды бөлім

1 -жүргізуші:

Аспан тұрса күлімдеп

Айын биік орнатып.

Акса бұлақ гүрілдеп

Балаларға сол бақыт!

Аға тәлімгер:

-Лагерь түзел! Тік тұр! Лагерь туы әкетілсін!

2 -жүргізуші:

«ЖАЗҒЫ ЛАГЕРЬ-2016» демалыс лагерінің ашылу салтанатына келгендеріңізге көп-көп рахмет, көк аспанда байрағымыз желбіреп, амаңдықта кездескенше сау болыңыздар!

«Нептун күні»

Мақсаты: Балаларға су тіршілік көзі екенін үйрету. Сумен ойнайтын ойындардың ережесін сақтай отырып, балалардың қимыл - қозғалысын, икемділігін, шапшаңдығын арттыру. Достыққа және ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Нептун киім үлгісі, су құятын ыдыстар, сүзгі, су тапаншасы, сабынды көпіршіктер, шелектер, жасанды бассейн.

Жүргізуші: Күн күлімдеп жел ойнайды,

Толқындар көңілді шулайды

Нептунға қонақтар асыға келеді

Балалар мен қыздардың топтары.

Жүргізуші: Балалар бүгін қандай күн?

Балалар: Нептун күні.

Жүргізуші: Сендер Нептунның кім екенін білесіңдер ме?

Балалар: Ол су патшасы.

Жүргізуші: Олай болса Нептунды шақырайық.

Бәрі: Нептун су патшасы

Нептун: Сәлеметсіздер ме балалар, құлағыма жетті, бұл мереке менің құрметіме арналған екен. Мен Нептун –су патшасы, мерекелеріңе келіп тұрмын.

Жүргізуші: Көл патшасы, сіздің құрметіңізге балалар тақпақтар айтып береді.

1 – бала : Су тіршілік негізі

Онсыз өмір сүрмейсің

Гигиена егізі –

Су деп және білгейсің.

2 –бала : Жер шары дәу әлем

Қоршалған ауамен

Ауасыз тұншығар

Өмір сүріп тамаша

Қуанайық балаша

3- оқушы : Үйде ванна, душ болса,

Салқын сумен құйынған

Ыстық сумен шомылсаң,

Салқын сумен шайынғын.

НЕПТУН: Жарайсыңдар, балалар. Мен сумен ойындар ойнағанды жақсы көремін. Олай болса ойындарыңызды тамашалап, сендермен бірге ойнайын.

Жүргізуші: Бүгінгі ойынымызға «Жұлдызша» тобы және «Ақ тиін» тобы балалары қатысады.

1 - ОЙЫН: «Су тасушылар». Балалар бос құмырамен мәреге барады. Құмырасын суға толтырып, келесі балаға шелегін береді. Келесі бала суды мәредегі ыдысқа төгеді.

2 - ОЙЫН «: Кім жылдам» Қолында сүзгі ыдыстардан суда тіршілік ететін жануар, құстардың суреттерін өз жәшігін тасиды.

3 - ОЙЫН: «Сукұйғыштар». Қолындағы қасықпен мәредегі банканы суға толтырады.

4 – ОЙЫН: «Мергендер». Екі топ су тапаншасынан бір - біріне су шашады.

5 - ОЙЫН: «Суда жүзушілер». Жасанды бассейнде әр топтан 2 баладан суда жүзеді.

Жүргізуші: Нептун сізге балаларымыздың ойындары ұнады ма?

НЕПТУН: Әрине ұнады. Өте тамаша, қызықты сумен ойындар ойнадыңдар. Менің де сендерге сыйлығым бар. Міне сендерге сабынды көпіршіктер әкелдім. Сендер сабынды көпіршіктерді үрлеп көңілді көпіршіктерді тамашалаңдар.

Балалар: Рахмет, Нептун – су патшасы.

Балаларды мақтау, алғыс білдіру.

«Ұлы жаңалықтар күні»

Мақсаты: Әрбір баланың жеке шығармашылық және табиғи қасиетін көрсету

Міндеті: Әр балаға өз өнерін көрсетуге мүмкіндік беру және балалардың шығармашылық қасиеттерін мақтап. атап өту.

Көрнекіліктер: шар, су, обруч, скакалка, картоп, орындық, мақтау қағаздары

Ұйымдастыру кезеңі:Лагерьде демалушылар «Ұлы жаңалықтар күні» өтетіндігін алдын- ала білуі тиіс. «Ұлы жаңалықтар күнін» өткізетін тәрбиешілер мен балалар қандай шығармашылық жұмыстар. тапсырмалар. сайыстар болатындығын ойластырып, басқа да балаларға өз пікірін білдіруге мүмкіндік береді. Әрбір баланың немесе ұжымның өздерінің авторлық жаңалықтарын көрсетуге құқықтары бар және де «Ұлы жаңалықтар күніне» әрбір топтан сұраныстар берілуі керек. Баланың ар-намысын қорлайтын сайыстар ұйымдастыруға болмайды. Барлық ұлы жаңалықтарды лагерьдің «Ұлы жаңалықтар» кітабына енгізу керек.

Жүру барысы;

- Сәлеметсіңдер ме, балалар! Бүгінгі күніміз Ұлы жаңалықтар күніне арналады. Бұл күні сіздерді қызықты ұлы жаңалықтар күтіп тұр. Барлығымыз өзіміздің шарт бойынша жеке ерекшеліктерімізді көрсете отырып, «Ұлылар» атағына ие болайық. Әрбір сайысқа 5-6 баладан кезектесіп шығып отыруы тиіс. Енді Ұлылар атағына ие боламын дейтін бірінші сайыс бойынша 5-6 бала ортаға шықсын. Ал енді сіздерді «Ұлы жаңалықтар күнінің» шарттарымен таныстырып өтейік:

1. **Ең тапқыр адам**, яғни шарды үрлеп, байлап, 1 минут ішінде жармай, одан ине өткізу;
2. **Ең секіргіш адам**, яғни бір скакалканы 1 минут ішінде үзбей алдыға, артқа х-теп секіру;
3. **Ең тойымсыз адам**, яғни 1 минут ішінде алдарыңызда тұрған картоптың қабын аршып, мейілінше көп жеу;
4. **Ең ойшыл адам**, яғни 30 секунд ішінде 1 әріптен басталатын мейілінше тез, көп сөз айту;
5. **Ең жеткізгіш адам**, яғни 30 секунд ішінде алдарыңызда тұрған қағазды алып, сонда жазылып тұрған затты немесе нәрсені балаларға мимика арқылы жеткізу;
А) иероглифтер (әріптер)
Ә) қар
Б) дәрі – дәрмек
В) желдеткіш
Г) түлкі
Д) көпір
6. **Ең су патшасына лайықты адам**, яғни мына алдымызда тұрған 1,5 литр суды 30 секунд ішінде ішу;
7. **Ең қабілетті адам**, яғни алдарыңызда тұрған обручты шенбер жасай отырып айналдыру;

8. **Ең көңілді, тапқыш адам**, яғни 1 минут ішінде жиналған қауымды өзінің іс-әрекеті немесе сөз арқылы күлдіру қажет;

9. **Ең мимикалы адам**, яғни сайысқа қатысушылар орындыққа отырып жүргізушінің бағытымен ең бірінші аяқты, одан кейін қолды, одан кейін аяқты, иықты, мойынды, ауызды, көзді, қасты, ең соңында барлық дене мүшесін қозғалту керек;

10. **Ең жүйірік адам**, яғни бала обручтың ішінде аяқпен отырып 1 минут ішінде бір шеттен екінші шетке дейін тез жету.

Сонымен «Ұлы жаңалықтар күнінде» өз бойындағы ерекше өнерлерімен дүйім жұртты таң қалдырған «Ұлылар» атағына ие болған балаларды қошеметпен ортаға шақырайық;

1. «Ең секіргіш адам»
2. «Ең тапқыр адам»
- 3 «Ең тойымсыз адам.»
4. «Ең ойшыл адам»
5. «Ең жеткізгіш адам»
6. «Ең су патшасына лайықты адам»
7. «Ең қабілетті адам»
8. «Ең көңілді, тапқыш адам»
9. «Ең мимикалы адам»
10. «Ең жүйірік адам»

Лагерьдегі шығармашылық күн

"Өнерлі өрге жүзер"

Мақсаты: Балалардың қиялын және шығармашылық қабілеттерін дамыту, баланың өзіндік шығармашылығын қалыптастыруға мүмкіндік жасау.

Міндеттері:

1. Шығармашылыққа деген балалардың қызығушылығын тудыру.
2. Балалардың өздерінің шығармашылық қабілеттерін көрермендер алдында көрсетуге мүмкіндік беру.

Көрнекіліктері:

1. Әр топ тапсырмалары жазылған парақтар
2. "Бишілер" номинациясына байланысты керекті құрал -жабдықтар.
3. "Жазушылар", "Суретшілер", "Ақындар" номинациялары үшін қағаз, қалам, сурет салуға арналған қағаз, қарындаш, бояу қарындаштар, гуашь, қылқалам.
4. "Модельдер" номинациясына арналған газет, жабыстырғыш. қап.

I. Таңертеңгілік тізілісте "Шығармашылық күні" екенін хабарлап, оның 6 номинация бойынша өтетіні айтылады.

Олар

- **Бишілер**
- **Жазушылар**
- **Суретшілер**
- **Ақындар**
- **Модельдер**
- **Әртістер**

Әр топқа тапсырма-парақтар таратылады.

II. Белгіленген уақытта балалар акт залына жиналады. Номинациялар аталады және әр топ өз "ғажаптарын" көрсетеді.

1 топ

1. "Бишілер" номинациясына киім ілгішпен билейтін би ойлап табу

2. "Жазушылар" номинациясына "Велосипедпен қыдыратын қарға" туралы әңгіме жазындар.
3. "Суретшілер" номинациясына жазатын қоянның суретін салу
4. "Ақындар" номинациясына "Лагерь тағамы" атты өлең шығару
5. "Модельдер" номинациясына газет пен жапсырғыштан киім ойлап тауып, ат қою.

2 топ

1. "Бишілер" номинациясына орындықпен билейтін би ойлап табу
2. "Жазушылар" номинациясына "Холодильникте өмір сүрген ит" туралы әңгіме жазу
3. "Суретшілер" номинациясына қиялындағы құйрығы жоқ түлкінің суретін салу
4. "Ақындар" номинациясына "Лагерь тәрбиешілері" атты өлең шығару
5. "Модельдер" номинациясына газет пен жапсырғыштан киім ойлап тауып, ат қою.

3 топ

1. "Бишілер" номинациясына сумкамен билейтін би ойлап табу
2. "Жазушылар" номинациясына "Сынған тарақ тістері" туралы әңгіме жазу
3. "Суретшілер" номинациясына шашы ұзын балықтың суретін салу
4. "Ақындар" номинациясына "Лагерь ойындары" атты өлең шығару
5. "Модельдер" номинациясына газет пен жапсырғыштан киім ойлап тауып, ат қою.

Әділ қазылар бағалайды және әр номинация бойынша топтарға дипломдар тапсырады.

"Өртістер" номинациясы бойынша барлық балалар өз қалаулары бойынша қатысады.

Қорытынды баға шығару

Ертегілер күні

Мақсаты: Балаларға шын көңілден шаттық көңіл - күй сыйлап, мереке атауларымен таныстыру. Балаларды қорғау күні қалай аталып өтілетінін өз көздерімен таныстыру. Мерекеге жақсы көңіл - күй керек екенін балаларға ұғындыру.

1 - жүргізуші: Сәлеметсіздер ме, құрметті қонақтар, ата - аналар, сүйкімді балақайлар! 1 - маусым балаларды қорғау күні құтты болсын. Барлығыңызға ашық аспан, бейбіт өмір, сәбилерге бақытты балалық шақ, әрқашан сыңғырлаған күлкі тілейміз.

2 - жүргізуші: Сарысай ауылында дүбірлі той,

Балаларды қорғау күні, біліп қой.

Алақай - ау, алақай!

Той тойлайық балақай.

Қызарғанша алақан,

Қол соғайық балақай.

1 - жүргізуші: Ендеше әдептен аспайық, әдепсіз болмайық, ертегілер әлеміне саяхатқа барайық. Балалардың сүйікті ертегілерінің бірі - «Қызыл телпек» ертегісін тамашалаңыздар

Автор: - Ерте, ерте, ертеде орман патшалығында Қызыл телпек өмір сүріпті. Ол анасымен бірге тұрыпты. Бір күні анасы.

Анасы: - Қызым, мен әжеңе арнап тоқаш пісірдім, сол тоқашты апарып бер. Жолда жүргенде сақ бол. (Қызыл телпек тоқашты алып кетеді.) Осылайша Қызыл телпек әжесіне асығып жолға шықты. Алдымен екі жол шықты бірі ну орман және екінші жол ұзақ жол.

Алтын балық: - Көмектесіңдер, көмектесіңдер! (Қызыл телпек құтқарады) - Рахмет. Егерде сен қиын жағдайға тап болсаң, мына сиқырлы сөздерді айтсаң мен көмекке келемін. (Абрака, дабрака) Осылайша Қызыл телпек алтын балықты құтқарып жіберіп, сиқырлы таяқшаны алады.

Қарақшылар: - Қызыл телпек қайда бара жатырсың? Біз сені жібермейміз. Қызыл телпек сиқырлы сөздерді айтады. Сиқырлы сөздерді айтып қарақшылардан құтылады. Қызыл телпектің көңілін көтеру үшін біздің бүлдіршіндер би билеп береді.

Би: «Қарақшылар»

Қызыл телпек пен бауырсақ байқаусызда түйісіп қалады.

Қызыл телпек: - Бауырсақ қайдан келесің?

Бауырсақ: - Атам мен әжемнен қашып келемін. Мен саған өлең айтып берейінші. Жарай ма. (Бауырсақ ән айтады)

Ән: «Не деу керек?

Ұзақ жол жүрген Қызыл телпек адасып қалады. Не істерін білмей жылай бастайды. Осы кезде музыканың дыбысы естиді. Бременский музыканты (ит, бала, есек, әтеш мысық) Әншілер Қызыл телпекті Тасбұлақтың сайына жеткізіп тастайды.

Автор: «Әуенді сайыс» балалармен бірге жаттығу жасау. Клоундар шығады. Өз өнерлерін көрсетеді. Клоундармен бірге шармен балаларды алып шығып, билеу.

Балалармен ойын: «Қане, билейік»

Би: «Қуыршақтар» .

Қызыл телпек клоундардың өнеріне тәнті болып, қайта жолға шығады. Қоян Қызыл телпектің қасынан жүгіріп өтіп кетеді.

Қасқыр: - Қызыл телпек сен қайда асығып бара жатырсың?

Қызыл телпек: - Мен әжеме тоқаш апара жатырмын.

Қасқыр: - Әжең қай жақта тұрады?

Қызыл телпек: Орманның арғы жағында тұрады. Осылайша қасқыр айласын асырмақшы болып, әжесінің үйіне бет алады. Қасқыр әжесінің есігін қағады. **Әже:** - Кім бұл?

Қасқыр: - Мен ғой әже Қызыл телпек немерең. Мен сізге тоқаш алып келдім. **Әже:** - Есіктегі жіпті өзіңе қарай тартсаң есік ашылады .

Автор: Есікті ашып әжені жұтып қояды. Қасқыр әженің орнына жатып алады да, Қызыл телпекті күтеді. Қызыл телпек есікті қағады. – Әже мен ғой Қызыл телпек немерең, мен сізге тоқаш әкелдім.

Қасқыр: - Есіктегі жіпті өзіңе қарай тартсаң, есік ашылады. Қызыл телпек үйіне кіреді.

Әжесінің жанына барып :- Әже көзің неге үлкен?

Қасқыр: - Сені жақсылап көру үшін .

Қызыл телпек: - Құлағың неге үлкен?

Қасқыр: - Сенің сөздеріңді есту үшін .

Қызыл телпек: - Тістерің неге үлкен?

Қасқыр: - Сені жеу үшін Қызыл телпекті қасқыр «жұтып қояды». Ормандағы аңшы қатты дауысты естіп қалады да, әжейдің үйіне келіп, қасқырды көріп атып салады. Қасқырдың іші жарылып, әжей мен Қызыл телпек шығады. Қызыл телпек тоқашты әжесіне береді, әжесі қатты қуанады.

Кейіпкерлер ортаға шығады.

Балалар қиялын дамыту үшін топтарға өз қиялдарынан ертегі құрастырып сахналау тапсырылады.

Лагерь ханзадасы мен ханшайымы

Мақсаты: Халықтық тәрбиенің асыл қазынасы ұлттық мәдениетті, имандылық, ізгілік, әдептілік қасиеттерді қалыптастыру, өнерлі, білімді оқушыларды анықтау.

Барысы:

Құрметті тәрбиешілер мен демалушылар бүгінгі «Лагерьдің ханзадасы мен ханшайымы» атты байқауға қош келдіңіздер!

Ендеше ханзада мен ханшайымдарды ортаға шақырайық:

1. Шүкірбаев Ернұр, Исабай Ләйлә - « Балдырған» тобы

2. Тағанбаев Ерасыл, Жарылғасқызы Айжан - «Жас қыран» тобы
3. Жаңбырбаев Думан, Базарбаева Альбина - «Шағала» тобы
4. Ерғалиев Бағжан, Жеңісбекова Назира - «Достық» тобы

Жүргізуші:

Қайсысы әнші, кім биші

Талабына қарайық

Кімдер зерек, кім жылдам

Таланттарын табайық - өнер сүйер қауым бүгінгі байқау шарты 5 турдан тұрады.

1. «Сәлем - сөздің анасы» (таныстыру)
2. «Жүйрік болсаң тауып көр» (білімділік сайысы)
3. «Өнерлі өрге жүзер» (өз өнерін көрсету)
4. «Сұлулықтың сыры» (сән үлгісі)
5. Үй тапсырмасы

Жүргізуші:

Қазылар орнықтырар әділдікті

Кімдердің жауаптары кәміл шықты

Білім мен тапқырлықтың сайысында

Жеңіске жетер дейміз нағыз мықты - бүгінгі байқауға төрелікке ететін әділ қазы мүшелерімен таныс болайық:

1. Аға тәлімгер:
2. Ұйымдастырушы педагог :
3. Лагерь психологі :

Жүргізуші:

Сайыскерлер келіп жетті танысуға

Бойындағы бар дарынды дарытуға

Тайсалмастан сахнаға келіп жетті

Әдеппенен, ізетпенен, танысуға - олай болса,

1 турымыз «Сәлем сөздің анасы» таныстыру сайысын бастаймыз.(өздерін таныстырады)

Жүргізуші: «Сәлем сөздің анасы» атты бөлімі бойынша әділқазы алқасынан сайыскерлеріміздің бағасын сұраймыз.

Ал сайыскерлер сұраққа қалайсыздар

Сіздер өтер әлі де талай сын бар

Тапқырлықпен тауып айт қысылмай - ақ

Жауап берсеңдер сұраққа жарайсыңдар

(сұрақтар қойылып, жауап алынады).

«Жүйрік болсаң тауып көр» атты бөлімі бойынша әділқазы алқасынан сайыскерлеріміздің бағасын сұраймыз.

Жүргізуші:

Өнер қуып әрбірі өтер дейміз,

Бір басына өнері жетер дейміз

Сайысқа келген ханзадалармен, ханшайымдар,

Өз өнерін ортаға көрсетсін дейміз.

(өз өнерлерін көрсетеді)

(Сайыскерлер келесі турға дайындалғанша)

Ән : «Ертегілер»

«Өнерлі өрге жүзер» атты бөлімі бойынша әділқазы алқасынан сайыскерлеріміздің бағасын сұраймыз.

(Сайыскерлер келесі турға дайындалғанша)

Би : «Қара жорға»

Жүргізуші:

Көйлек киіп әдемі,

Тамсандырам елімді

Түрлі - түсті сән көйлек

Көз тартады не керек - деп келесі «Сұлулықтық сыры» сән үлгісі бойынша келесі 4 турымызды бастаймыз. Бұл кезеңде балалар сәндік киімді газеттен, пакеттерден, т.б. материалдардан жасап киеді.

«Сұлулықтық сыры» атты бөлімі бойынша әділқазы алқасынан сайыскерлеріміздің бағасын сұраймыз.

Жүргізуші:

Келесі соңғы 5 турымыз үй тапсырмасы ханзада мен ханшайымдардың өздері дайындап келген заттарын көрсету, таныстыру.

«Үй тапсырмасы» атты бөлімі бойынша әділқазы алқасынан сайыскерлеріміздің бағасын сұраймыз.

Қорытынды бөлім: Әділқазы алқасына сөз кезегін беру (марапаттау).

Жүргізуші:

Бойларыңда от бар екенін байқадым

Көздеріңде шоқ бар екенін байқадым

Әрқашанда осы шақты өшірмей

Жалындатып шарықтандар әрдайым.

Осымен бүгінгі «Ланерь ханзадасы мен ханшайымы» атты байқау өз мәресіне жетті.

Спорттық сайыс-дода.

Лагердегі денсаулық күні

«Намыс дода»

Сайыстың мақсаты: Салауатты өмір салтын қалыптастыру, оқушылардың денсаулығын нығайту, спортқа деген қызығушылығын арттыру, топтық сайысқа, жылдамдыққа, икемділікке, күштілікке, төзімділікке баулу.

Керекті спорттық құрал - жабдықтар: доп, секіргіш, тығыз доп, барьер, шеңбер, арқан, қап т. б.

Сайыс түрін хабарлау: 9 кезеңнен тұрады

Қазылар орнықтырар әділдікті,

Кімдердің таныстыруы кәміл шықты.

Спорт пен жылдамдықтың сайысында,

Жеңіске жетер дейміз нағыз мықты.

(Әділ қазылар алқасымен таныстыру)

I - кезең. Құрамалардың таныстыруы.

Қайталама жүгіріс (жүкпен). Бұйрық бойынша жүкпен жүгіріп отырып белгіленген жерге жетіп қайтып отыру.

II - кезең. Допты алып жүгіру.

Әрбір құрама топтары бойынша допты еденге соғып, алып жүреді, белгіленген жерге жетіп, қайта допты алып келіп келесі топ мүшесіне береді.

III - кезең. Секіртпемен жүгіру.

Белгіленген жерден айналып, секіріп келіп екінші топ мүшесіне береді. Осылайша бәрі секіріп болғанша жалғастырады.

Алғашқы 3 сайыс қорытындысы, әділ - қазылар алқасында; хабарлау.

Шағын би көрінісі (қыздар тобы).

IV - кезең. Кенгуру.

Допты аяқтың қылтасына қысып алып, екі аяқпен алдыға секіріп, белгіленген жерді

айнала, қайтарда допты қолға ұстап жүгіру.

V - кезең. Кедергілерден өтіп жүгіру.

Кедергіден жүгіріп өтіп, алға қарай сатыда домалап тұрып, жердегі шеңберді үстіден кигізіп жерге қою, қайтарда тура жүгіріп бару.

VI - кезең. Жұптасып шеңбермен жүгіру.

Әрбір топ мүшелері екіден (жұптасып) шеңбер ішінде адымдап жанымен жүгіреді келесі жұпқа шеңберді береді, олар ары қарай осылайша жүгіреді.

Сөз әділқазылар арқасында.

Құрамалардың ұпай сандарын 6 кезең бойынша айтып өту.

VII - кезең. Капитандар сайысы

Сурет салу гантель көтеру. Сұраққа жауап.

1. XXX жазғы олимпиада ойыны қай қалада өтті?

Лондон

2. Ең алғашқы Қазақстан қоржынына алтын медаль алып келген кім?

А. Винокуров

3. XXX жазғы олимпиада ойындарында Қазақстан қанша медаль алды?

13 медаль

VIII - кезең. Қаппен секіру.

Екі аяққа қапты киіп алып алға секіру.

IX - кезең. Арқан тартыс.

Екі құрама шығып ортадан арқан тартысады кім ұтады, келесі құрамамен шығады.

Сайыс аяқталып ұпай сандары есептеледі. Спорттық биден көрініс.

Марапаттау рәсімі.

Лагердегі атаулы күндерге сонымен қатар лагердегі «Түймелер» күні, «Таңғажайып түймелер» сайысы, «Денсаулық» күні, «Әдептілік күні» олардың қатарында «Мейірімділік», «Шынықсаң шымыр боласың», «Біз салауатты өмір салтын қалаймыз», «Мақал-мәтелдер сайысы», «Қош келдің, көңілді жаз», тақырыптық- танымдық іс-шараларын атауға болады.

Шәкірттермен бірге қалалық кітапханаларда көрмелерге, мәдениет үйінде көрсетіліп жатқан әр түрлі көрсетілімдерге бару.

Оқушылардың интеллектуалдық ойлауын қабілетін, ұлттық сана сезімін, қызығушылығын арттыру мақсатында жүргізілетін: «Көңілді эстафеталар» сайысы, «Ертегілер елінде» сайысы, «Үлкен космостық саяхат» сайыс, «Көңілді керуен» ұлттық ойындар сайыстары өте тартымды әрі қызықты.

Апта сайын үйірмеге қатысушылармен жүргізілетін шаралар: «Жас суретшілер мектебі», «Жас оқымыстылар мектебі», «Тоғызқұмалақшылар мектебі», «Тіл үйренейік», «Ұлттық ойындар үйірмесі», «Жас модельдер мектебі», «Ағылшын тілі үйренейік» үйірмелері мерекелері. Бұл үйірмелерді мамандар жүргізеді. Үйірмелердің жұмысы ұтымды болып, балалар демалысының қызықты өтуіне өз үлесін қосуы үшін көрме, концерт түрінде ұйымдастыруға болады.

Лагерьде жүргізілген шаралар оқушылардың денсаулығын нығайтуға, ойын, ойлау қабілетін артыруға, өзге балалармен тіл табыса білуге, жеке тұлға ретінде дамуға үлесін қосады.

Балалар шығармашылығын шыңдауда қабырға газеттерін шығару шаралары жүргізілуі тиіс. Мысалы, «Тапқыр достар», «Көңілді эстафета», «Мені қоршаған орта», «Астана – арман қала» тағы басқа да тақырыптар бойынша қабырға газеттері шығарылып, лагерь кабинеттеріне, алаңда ілінеді. Адамзаттың алыбы ақын Абайдың туған жеріне саяхат жасау, оның шығармалары бойынша байқаулар өткізу жұмысы да оң шешімін табары белгілі.

Лагерьдің жабылуына арналған іс-шараларда оқушылар алған әсерлерін өз өнерлері арқылы бейнелеп, ризашылықтарын білдіруі-тәлімгерлер үшін өз істеріне алған баға.

Сонымен бірге лагерьде медбикелер балалардың денсаулығын бақылап, әртүрлі емдік сауықтыру жаттығуларын жасатады.

«Ұмытылмас қызықты күндер» айдарымен танымдық-әдеби кеш табиғат аясында өткізілсе немесе лагерь алауының жанында өткізілсе өте ұтымды болады.

Демалыс лагеріндегі танымдық- спорттық жұмыстарды ұйымдастыру

Жаз уақытында демалыс кезінде балалардың дене тәрбиесі, спорт жаттығуларынан қол үзбей, жүйелі, тұрақты айналысуы қасиетсіз етілуі тиіс.

Лагерьде дене тәрбиесі жұмыстарын ұйымдастыру үшін *дене мәдениеті кеңесі* құрылады. Дене мәдениеті кеңесіне топ жиналысы ұсынған жақсы спортшылар мен ұйымдастыру қабілеті бар оқушылар сайланады. Сол белінген жұмыстары бойынша олар лагерьдің спорт нұсқаушысына көмектеседі. Олар жауап беретін жұмыстар:

- сауықтыру шараларын өткізу. Олар: таңғы бой жазу жаттығулары, дене тәрбиесі, спорт жаттықтырулары;
- лагерьдегі спорттық шараларды өткізу, топтағы өткізілетін спорт шараларына бақылау жасау;
- топтардағы спорт ұйымдастырушыларының жұмыстарын ұйымдастыру;

Экологиялық бағыттағы іс-шаралар

Экологиялық бағыттағы іс-шаралар –табиғатта балалардың ойын дамытып, сөздік қорының молаюына өзіндік ықпалы зор. Әр ертеңгілік пен мерекелік кештер– баланың дамуында басты роль атқарады. Мақсаты-туған елдің табиғатымен таныстыра отырып, оны қорғауға, бағалауға тәрбиелеу.

Үлгі жоспар: **Құстар- біздің досымыз**

Мақсаты: Балаларды жергілікті жердің құстарымен таныстырып, оны күтіп-баптауға, аялауға, оларға мейірімділікпен қарауға тәрбиелеу. Құстар туралы білімдерін толықтыру, құстарға деген сүйіспеншілік сезімге, қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Тілдерін дамыту, сөздік қорларын молайту. Балаларды табиғат арқылы адамгершілікке тәрбиелеу және экологиялық білімдерін толық ұғымға жетілдіру.

Көрнекіліктер: құстар бейнеленген атрибуттар, құстар жайлы диафильм, үнтаспа, ойындар, үш қорапша, тапсырмалар, қаз бен тауықтың қауырсындары, ақ қағаз, күнбағыс майы, су.

Барысы: Көңілді әуен ойнайды, сол кезде ортаға «Жаз» мезгілі кіреді.

Үнтаспадан жәй әуенмен «Құстар әні» орындалады, осы кезде бір топ бала бастарына құстардың суретін тағып, құсша қанаттарын қағып залға кіреді да, әр ағаштың түбіне барып қонады.

Жаз: Балалар, құстар біздің досымыз дей отырып, мен сендерге құстарға байланысты жұмбақ жасырамын.

Шарлап келіп даланы,
Үйіме, үйін салады. (*Қарлығаш*)

Су бетін сүзіп,
Ақ құман жүр жүзіп. (*Аққу*)

Түнде жортады,
Жарықтан қорқады. (*Жарқанат*)

Тақылдатып,мазаны ап,
Ағаштарды тазалап,
Ормандарды емдейді, зиянкесті тазалар. *(Тоқылдақ)*
(теледидардан құстар жайлы диафильм көрсетіледі)

Табиғат: : Балалар, сендер теледидардан не көрдіңдер? Құстардың атын атаңдаршы (қарға, сауысқан, торғай, қарлығаш, тырна, қараторғай, аққу).Осы құстардан басқа құстар туралы қызықты деректер білесіңдер ме?

Табиғат: : - Осы құстар нені зиянды жәндіктерден қорғайды?

Балалар: - Ағаштарды.

Табиғат: : - Ағаштардың пайдасы қандай?

Балалар: - оттегін шығарады.

Табиғат: - Ендеше сол таза ауамен дем алып көрейік.(Балалар тыныс алу жаттығуын жасайды)

Ал енді осы құстар туралы тақпақ, мақал-мәтел, тыйым сөздер кім айтады.

1-бала: Қарға,қарға,қарғалар,
Қар үстінде жорғалар.
Боран сокса қар болар,
Бұтаға қонар қарғалар.

2-бала: Қос қанатын иіп ап,
Жарға келіп қонады.
Қара киім киіп ап,
Балшықтан үй соғады.

3-бала: Үйге кірші торғайым
Мен аяздан қорғайын.
Жем шашамын,жегейсін
Үйшік жасап берейін.

Табиғат болжамдары:

Құс төмен ұшса жаңбыр жауады,
Жоғары ұшса күн жылы болады.
Сауысқан шикылдаса, жақсы хабар естиміз.
-Құстар-достар. Қыста құсқа жақсылық жасасаң, жазда
жақсылығыңды өтеп береді.
Құстар туралы тыйым сөздер кім айтады.
Құсқа тас лақтырма.
Құстардың жұмыртқасын жарма.
Аққуды атуға болмайды,
Досыңды сатуға болмайды.
Құстың ұясын бұзба,
Қарғысқа қаларсың.

Ғажайып сәт: «Ақ көгершін» әні орындалып тұрады. Сол сәтте аузында тістеген себеті бар көгершін ұшып келеді.

Көгершін: -Сәлеметсіңдер ме, балалар. Мен аспанда ұшып жүріп, сендерді көріп, қонаққа келдім. Мен сендерге босқа келген жоқпын сендердің білімдеріңді тексерейін деп келдім. Мына менің ауыма тістеген себеттің ішінде жұмыртқалар бар, сол жұмыртқаны жарып ашсаңдар ішінде сендерге арналған тапсырмалар бар.

1-тапсырма: Балалар сендер құстар туралы қандай ойын білесіңдер? Кәне, атаңдаршы.

Балалар: «Етек-етек», «Ұшты-ұшты», «Жүргізуші мен торғай»,
«Мысық пен торғай», «Аққу-қаздар», «Үкі мен құстар».

2-тапсырма: Мен сендерге жаңадан бір ойын алып келдім.

«Құстар-балықтар-андар» Ойын ойналады.

3-тапсырма: Менімен бірге қыздар **«Көгершін»** биін билеп берсін. (сол кезде көгершін байқаусызда бұтаққа шалынып құлап, қанатын жаралап алады)

Көгершін: - Ой-бу, балалар мен жарақаттанып қалдым, енді мен жалғыз қалай ұшып кетемін. Сендер маған көмектесіңдерші. Маған достар керек.

Табиғат: Көгершін сен ренжіме, біздің балалар саған достар тауып береді.

(балалар бірнеше қиынды бөліктерден құстарды құрастырады).

Көгершін: -Балалар сендерге көп рахмет! Өздерің ақылды бала екенсіңдер, әкелген тапсырмалардың бәрін орындадыңдар. Өзіме достар тауып алдым. Ал, енді осы достарыммен ұшып қайтам.

Сау болыңдар!

Табиғат - Құстарға қамқорлық көрсетіп, ұя жасап, жем беруіміз керек.

Тәжірибе – зерттеу жұмыстарын жасау

Табиғат: Балалар, мен сендерге осы құстардың қауырсынынан тәжірибе жасап көрсетемін. Балалар мынау қаздың және тауықтың қауырсыны, яғни қанаттары, оларды көріп, тексереді, сулайды, неліктен қаздың қауырсынында су тоқтамайды. Ақ қағазға күнбағыс майын жағып, сулайды, не болғанын тексереді.

(су қағаздан сырғанап, қағаз құрғақ болып қалады)

Ол неліктен деп ойлайсыңдар? Суда жүзетін құстардың да қанаттары осындай майланып тұрады. Арнайы ішкі майлы бездері болады, олар сол майды тұмсықтарымен жүндеріне майлайды. Сондықтан су жұқпайды екен.

Викториналық сұрақтар:

1. Басында тарағы бар, бірақ шашыңды тарай алмайсың . (Өтеш)
2. Қай кішкене құс жемін ұшып жүріп аулайды? (Қарлығаш)
3. Қай құс өзінің атын қайталайды? (көкек)
4. Қандай құс хат тасушы атанған?(көгершін)
5. Қай құста мүлде ұя болмайды? (көкек)
6. Адам қай құсты аң аулауға пайдаланады? (Бүркіт)
7. Құстың негізгі мекені? (Ұя)

(Балалардың жұмыстары, құстарға ұя жасап, ағаштың басына ілу).

Лагерде демалушы балалардың туған күндерді атап өту – өзара қарым-қатынасты нығайтудың басты құралы. Сондықтан оны ұйымдастырудың сан түрлі нысандарын пайдалануға болады. Солардың бір түрінен үлгі-жоспар:

«Бүгін бізде туған күн»

Мақсаты: Туған күнді мереке ретінде жағымды қабылдай білуге үйрету, жақсы тілек айтуға дағдысын дамыту. Балаларды адамгершілікке, достыққа тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

Әдіс-тәсілдері: Сұрақ-жауап, әңгімелесу, ойындар, тақпақтар, өлеңдер айтқызу.

Құттықтаушы: Сәлем достар! Мен құттықтаушымын. Біздің сүйікті Мерекеміз – бұл...

Балалар : Туған күн!

Құттықтаушы: Сондықтан мен сендермен бірге туған
тойлаймын.

күнді

Туған күн бұл тамаша
Би билейміз жараса

Туған күнде ән салып
Көңілденеміз шаттана

Бүгінгі туған күн иелерін ортаға шақырамыз:

1.-топтағы ең белсенді баланың бірі.Өзі сондай сыпайы, салмақты, сүйкімді ...жасқа толды.

2.- тобымыздың инабатты, ибалы, сыпайы,тартымды кішкентай аруымыз 8 жасқа толып отыр.

3.-өте ақылды,ақ көңіл мейрімді жан. ... би билегенді жақсы көреді. ...бүгін 7 жасқа толып отыр.

4.Туған күннің иесі

Қыздарымыз келесі

.....10 жасқа

..... толды міне 9 жасқа

Өнеріне бал тамған.

5.Бүгінгі туған күніміздің ең кішкентай бүлдіршініміз толды міне 7 жасқа.

Ән:«Туған күн»

Сайқымазақ: Сәлем достар. Сіздердің туған күндеріңді естіп келдім. Қане туған күнге менің құттықтауымды қабыл алыңдар. Сайқымазақ өзінің өнерін көрсетеді.

Би: Шарлар.

Құттықтаушы балалар:

Балдай тәтті баламыз

Ақылдымыз данамыз

Туған күнін достардың

Бірге қарсы аламыз -

Туған күнді тойлаймыз.

Қызықты ойын ойнаймыз.

Қолдан жасап ойыншық

Досымызға сыйлаймыз

Балалар: Туған күніңмен!!!

Құттықтаушы: Қанекей балалар қараңдаршы тағы да біздерге қонақтар келген сияқты. Буратино келеді

Би: «Буратино»

Құттықтаушы: Балалар біздің аспазшы сіздерге дәмді торт дайындап жатыр.

Аспазшы: Мен сіздерге дәмді торт дайындап жатырмын. Туған күндерің құтты болсын балақайлар.

Қарақшылар келіп қалады.

Құттықтаушы: Оу, қарақшылар сендер бұл жерде не істеп жүрсіндер. Біздер туған күн тойлаудамыз. Сендер біздің тойымыздың шырқын бұзуға құқыларың жоқ.

Қарақшы: Бізде көңіл көтеруге келдік. Біздің де өнеріміз бар, қанекей достар.

Би: «Қарақшылар»

Қарақшылар – тортты алып кетеді.

Аспазшы: Балалар, мына жерден ешкім өткен жоқпа, ешкімді көрмедіңдер ме? Мен әзірлеп жатқан тортым жоғалып кетті. Туған күнді тортсыз қалай өткіземіз. Енді не істейміз?

Құттықтаушы: Аспазшы сабыр етіңіз. Қазір бәріміз бірге іздейміз. Іздеушілерден көмек сұрайық. Сәлем іздеуші сіз бізге көмектесіңіз. Қарақшылар біздің тортымызды ұрлап кетті. Біз тортсыз туған күнді қалай өткіземіз.

Іздеушілер: Мен сіздерге көмектесемін. Қане мына жердегі іздерді іздеп көрейік. Осы іздер болар. Мына іздердің сыңарын табайық.

Ойын: «Кім тез»

Іздеушілер: Мына жерде тағыда іздер бар екен соны қарайық. Бұл сиқыршының ізі екен.

Сиқыршы: Сендерге менім көмегім керек болып жатқан сияқты.

Құттықтаушы: Сәлем сиқыршы қош келдің. Біздер туған күн тойлап жатыр едік аспазшының балаларға арнап дайындап жатқан тортын қарақшылар алып кетті.

Сиқыршы: Достар, көңілдеріңді түсірмендер. Қазір мен өз сиқырымның көмегімен көңілдеріңді көтерем.

Сиқыршы: Мен қазір қолымдағы кішкентай қоянды өз сиқырыммен сиқырлап үлкен қоян шығарам. Енді мына допты да сиқырлап үлкен доп етіп шығарам. Балалар не жегілерің келеді?

Балалар: Кәмпит

Сиқыршы: Абрака дабра» деп сиқырлайды.

Би: «Кәмпитер»

Құттықтаушы: Ой сиқыршы сіз бізге көп кәмпиттер алып келдің.

Сюрприз: Үлкен кәмпит.

Құттықтаушы: Үлкен сиқырлы кәмпиттің ішінен туған күн иелеріне сиқырлы сыйлықтар шығуда. Бүгінгі туған күн иелерін ортаға шақырамыз.

Кәмпиттер: Туған күндерің құтты болсын.

Сиқыршы: Балалар тағы да не жегілерің келеді?

Балалар: -Торт.

Сиқыршы: - Абрака дабрака
Торт шығады.

Құттықтаушы: Міне сиқыршы бізге торт сиқырлап берді. Туған күн иелерін ортаға шақырайық. Енді бәріміз майшамдарды үрлейік.

Ән: «Happy birthday»

Құттықтаушы:

Туған күнің құтты болсын балақай,

Қуаныш пен шаттық бағын аралай,

Ата- анаңның сүйікті ұл мен қызы боп,

Алдарыңнан ақ күн тусын арайлай. Деп туған күн мерекесін аяқтайды.

Лагерде ұйымдастырылатын ойындардың балалардың демалыс үшін тартымды әрі дене күш-қуаттарын шынықтыратындай, ақыл-ойын дамытатындай мақсатта болуы тиіс.

4.1. Жазғы сауықтыру лагері тәлімгерінің кәсіптік құзіреттіліктері

Балалармен жұмыс тәлімгерден жан-жақты білім мен дағдының болуын талап етеді. Ол кең ойлау шеңберін, балалар психологиясын меңгеруде, балалар ұжымы мен жеке тұлғаны дамытуды басқара алуы, тәрбиенің теориялық және әдістемелік негіздерін меңгергенде жүзеге асады. Тәлімгер - барлық істе шебер жол таба білетін, балалардың рухани қолдаушысы бола алатын, баланың мінезі мен дүниеге көзқарасын қалыптастыратын, жеке тұлға болып қалыптасуына ықпал ететін педагог.

Тәлімгердің негізгі функционалдық міндеттері

Тәлімгердің төмендегідей білімі болуы тиіс:

- Қоғамдық-саяси бағытта;

- Уақытша балалар ұжымындағы жас ерекшелік психологиясы;

- Тәрбиенің жалпы негіздері туралы білімі;
- Арнайы білімдер (мамандық саласында, педагогикалық);

Қабілеттерді меңгеруі тиіс:

- ұйымдастырушылық;
- басқарушылық;
- педагогикалық

Тәлімгердің кәсіби сапалары:

- қоғамдық-пайдалы бағыттылығы;
- моральдық;
- шығармашылыққа бейімділік;
- өзін-өзі меңгере алу;
- қарым-қатынасқа тез түсе алу;
- оптимист
- адал, объективті;
- тез шешімге келе алатын;
- адами шындалған;
- бәсекеге қабілетті;

ойлау қабілетілігі:

Логикалық, стратегиялық, кәсіби, бірізді.

Сақтауы тиіс:

Заңдар мен дәстүрлерді (Лагер заңдарын)

Орындай алуы тиіс:

Балалар ұжымымен, жеке баламен жұмыс істей білу, даму перспективасын көру және жоспарлай алу, жоспар құра алу, талдау жасай алу, балалармен қарым-қатынас орната алу.

Машықкердің әдістемелік дайындығы мен электронды портфолио жинағына қойылатын талаптар:

«Мектепке дейінгі ұжымдардың тәрбиешісі» біліктілігі үшін

Оқу практикасының түрі	Қалыптастыратын дағдылар мен іскерліктер
ОП: Жазғы сауықтыру лагерлеріндегі жұмысқа дайындық. Жазғы лагерь жұмысын ұйымдастыру. Жұмыс міндеттері және бағыттары. Тәрбие үрдісін ұйымдастыру мазмұны мен ерекшеліктері. Балалар және жеткіншектермен жұмыс формасы мен әдістері.	Іскерліктер: - балалардың жазғы бос уақытын ұйымдастыру нұсқаулығы және құралдарын пайдалану; - Балалардың сауықтыру лагеріндегі өз әрекетін бақылау және өзіндік бақылау нәтижесін пайдалану; - жазғы кезде тәрбие жұмысын жоспарлау; - тәжірибеден өту күнделігін жүргізу. Дағдылар: - ұжымдық шығармашылық істердің сценарийлерін құру; - әдістемелік жинақ қалыптастыру.
ПП: Сауықтыру лагеріндегі жазғы практика. - сауықтыру лагеріндегі ұйымдастырушы-педагогикалық жұмыс.	Іскерліктер: - сауықтыру лагерінің жағдайында тәрбие үрдісін ұйымдастыру; Дағдылар:

- сауықтыру лагеріндегі күн тәртібі. - балалар мен жеткіншектердің танымдық қызығушылықтарын дамыту аясында ұжымдық шығармашылық қызметті ұйымдастыру. - адамгершілік тәрбие аясында ұжымдық шығармашылық қызметті ұйымдастыру. - эстетикалық тәрбие аясында ұжымдық шығармашылық қызметті ұйымдастыру. - еңбек тәрбиесі аясында ұжымдық шығармашылық қызметті ұйымдастыру. - ұжымдағы өзін басқаруды ұйымдастыру. Өзін-өзі басқару және тәрбие қызметіндегі өзін-өзі басқару. - балалармен және жеткіншектермен жеке жұмыс; - балалармен және жеткіншектермен ұжымдық жұмыс - педагогикалық рефлексия.	- балалармен және жеткіншектермен жасалатын жұмыстың түрлі формалары мен әдістерін пайдалану.
---	---

«Бастауыш білім беру» және «Негізгі орта білім беру» мамандықтары үшін

ПОРТФОЛИО мазмұны:

Жазғы педагогикалық практикаға дайындық Практиканың бағдарламасымен, санитарлық – гигиеналық талаптарымен, жазғы сауықтыру топтарындағы ережелермен танысу. Мектепке дейінгі мекемелердегі жазғы жұмыстың үлгі жоспарын жоспарлау. Жазғы сауықтыру топтарындағы тәрбиешілердің жұмыс жүйесімен танысу. Балалармен ұйымдастыр ылатын спорттық ойындар, мерекелер, ертеңгіліктердің жоспарларын мен ойын – сауық сценарий ларын құру. Ата –аналармен жұмыс түрлерін ұйымдастыру. Баланың жеке тұлғасы мен ұжымды диагностикалау бойынша материалдар әзірлеу. Балалар мен ұжымды зерттеу әдістері: социометрия, балалардың белсенділіктерін, эмоцияларын, шығарма шылық деңгейлерін, қызығушылықтарын анықтау әдістері. Еңбекті қорғау, техникалық қауіпсіздік, жолда жүру және өрт қауіпсіздігі техникалары. Балалар мен бүлдіршіндер бақшасының құжаттары.	Дағдылар: - кәсіптік тәжірибенің мақсаты мен міндеттеріне сай жоспарлау; - техникалық және өрт қауіпсіздігі шараларының талаптарын орындау; - балаларды психологиялық-педагогикалық дамыту бойынша жұмыстар жоспарлау, өткізу; Іскерліктер: - мектепке дейінгі мекемелерде жазғы жұмыстарды жоспарлау; - спорттық ойындар, мерекелер, ертеңгіліктер мен ойын – сауық сценарийларын құру; - ата –аналармен жұмыс түрлерін ұйымдастыру; - жас ерекшелік топтарындағы балалармен оқу – тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру; -режимдік үрдістер мен сауықтыру шараларының жоспар конспектісін құрастыру; - дидактика мен жеке пәндер әдістемелерін зерделеу барысында алған білімдерін шығармашылықпен пайдалану; - балалардың ойын, еңбек, дене тәрбиесі іс әрекеттерін ұйымдастыру; - көрнекі құралдар мен дидактикалық материалдар дайындау; - инновациялық озық педагогикалық тәжірибелерді жұмыс барысында қолдану.
--	--

1. Титулдық беті (оқу орнының атауы, практика атауы, машықкер аты-жөні, оқу жылы)
2. Тәлімгерге арналған педагогикалық міндеттер мен әдістемелік-психологиялық кеңестер
3. Лагерь түріне қарай жоспары мен күн кестесі үлгілері
4. Атаулы күндер жоспарлары (15 немесе 20 күнге арналған ұжымдық шығармашылық істердің сценарийлері)
5. Қауіпсіздік ережелері мен алғашқы медициналық көмек беру жолдары
6. Баланың жеке тұлғасы мен ұжымды диагностикалау бойынша материалдар әзірлеу
7. Қосымша материалдар (жұмбақтар, әндер ,ойындар, тренингтер,зерттеу әдістемелері,т.б.)
8. Өндірістік практика күнделігі

«М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі»КМҚК



**Сауықтыру лагеріндегі жазғы тәжірибе
КҮНДЕЛІГІ**

Мамандығы _____
Білім алушы _____
Мамандығы _____

Тобы _____
Іс тәжірибенің колледждегі жетекшісі _____

Іс тәжірибе _____
базасы _____

Лагерь директоры _____

Іс тәжірибенің өту орнынан жетекшісі _____

ІС ТӘЖІРИБЕДЕН ӨТЕТІН МАШЫҚКЕР ҮШІН НҰСҚАУ

1. Білім алушылардың жазғы лагерьге даярлық іс тәжірибеден өтуі оқу-тәрбие үрдісінің теориялық пәндері бойынша өткен білім берудің Мемлекеттік стандарттарын орындаудың басты міндетті шарттарының бірі. Колледждің оқу жылдарындағы курсы көлеміндегі оқу жоспарын толығымен орындаған білім алушылар, машықкер ретінде әр түрлі жазғы лагерьлерде іс тәжірибеден өтуге жіберіледі.

2. Іс тәжірибеге шығардың алдында білімалушы міндетті түрде:

- а) іс тәжірибенің мақсат-міндеті, ұйымдастыру жолдары;
 - ә) жұмыс бағдарламасын;
 - б) жеке тапсырмаларды;
 - в) толтырылған жолдамалы күнделікті;
 - г) іс тәжірибенің нұсқаулық семинары өткізіліп;
 - ғ) техника қауіпсіздігі бойынша нұсқаулықтан өтіп;
- іс тәжірибе бойынша толық нұсқауды алуы керек.

3. Жеке тапсырмаларды іс тәжірибе бағдарламасы мен іс тәжірибе өтетін орынға орай колледжден тағайындалған іс тәжірибе жетекшісі құрады, тапсырмаға білімалушы, яғни іс тәжірибеден өтуші машықкер, колледждегі іс тәжірибе жетекшісі мен өндірістегі іс тәжірибе жетекшісі қол қояды.

4. Білімалушы-машықкер күнделігін өзі толтырады. Атқарылған жұмыстар мен өткізілген экскурсиялар туралы жазбалар күнделікті жазылып, іс тәжірибе жетекшісі қолын қойып отырады. Күнделік іс тәжірибе қорытындысы бойынша есеп жазуға негіз болып табылады. Іс тәжірибе аяқталған соң машықкер міндетті түрде өндірістік мінездеме алуы керек.

5. Машықкер іс тәжірибе аяқталған уақытта есепті де аяқтау мақсатында іс тәжірибе бағдарламасы мен тапсырмаларына сай есеп жасау жұмысын жүйелі түрде жүргізулері керек. Іс тәжірибе есебі машықкердің күнделігі мен порфолиосы болмаса, қорғауға жіберілмейді.

6. Тапсырманың жартысын орындамаған жағдайда машықкер қажетті құжаттарды көрсету арқылы берілген жұмысты орындамау себебін түсіндіріп, өндірістегі жетекшісімен бірге берілген жұмыс түріне тең келетін өзге де жұмыстарды орындауы қажет.

7. Қанағаттанарлықсыз баға алған жағдайда немесе есебін өткізбегенде өндірістік технологиялық іс тәжірибені өз есебінен екінші рет өтеді, ал машықкер іс тәжірибеге дұрыс қатыспай, өрескел тәртіп бұзушылық жасап, есебін қорғауға еш дайындықсыз келсе, қайталама курсқа қалтырылады немесе оқудан шығарылады.

8. Күнделікті жоғалтқан жағдайда іс тәжірибе бойынша баға қойылмайды.

Жолдама

(негіздеме)

20__ ж. «_____» _____

Білім алушы _____

аты-жөні, тегі (ол бар болған кезде)

(кәсіпорнының атауы)

_____ кәсіптік практикадан өту үшін жолданады

Практиканың басталу мерзімі 20__ ж. _____

Практиканың аяқталу мерзімі 20__ ж. _____

Оқу орнының басшысы _____

М.О. _____

(қолы)

Өндірісте толтырылады

ІС ТӘЖІРИБЕДЕН ӨТКЕНДІГІ ТУРАЛЫ АНЫҚТАМА

_____ мамандығының _____ білім
алушысы _____

20____ жылдың «_____» _____

іс тәжірибеден өту орнына келді.

Іс тәжірибе базасының директоры _____

Іс тәжірибе жетекшісі _____

Бекітілген жасақ _____

20____ жылдың «_____» _____
(қолы, мөр)
жұмысқа кірісті.

20____ жылдың «_____» _____
(қолы, мөр)
іс тәжірибесі аяқталды.

Қайтару уақыты 20____ жылдың «_____» _____
(қолы, мөр)

ЛАГЕРЬДІҢ АҚПАРАТТЫҚ КАРТАСЫ

1	Легерьдің толық атауы	
2	Лагерь жұмысының мақсаты	

3	Лагерь жұмысының міндеттері	
4	Лагерь жұмысының қысқа мазмұны	
5	Бағдарламаны ұсынған білім беру мекемесі	
6	Мекен-жайы	
7	Телефоны	
8	Жүзеге асыру орны	
9	Оқушылар саны, жас мөлшері	
10	Өткізу мерзімі, ауысым саны	
11	Тәрбие жұмысы жүйесіндегі ерекшеліктері, дәстүрлері	
12	Материалдық базасы	

13	Ерекше ақпарат және ескерту	

ЛАГЕРЬДІҢ КҮН РЕЖІМІ

Мезгілі	Уақыты	Іс шараның түрі
Таңертең		
Түстік		
Кешкі		

ЛАГЕРЬ ҰЖЫМЫНЫҢ ҚҰРАМЫ

Директоры _____

Директордың орынбасары _____

Шаруашылық бөлімінің меңгерушісі _____

Медициналық қызметкерлер _____

Аға вожатый _____

Вожатыйлар _____

Педагог-ұйымдастырушы _____

Пән мұғалімдері _____

Дене тәрбиесінің жаттықтырушылары _____

Хореограф _____

Музыка мұғалімі _____

Кітапханашы _____

Аспазшылар _____

Т.б. _____

БІЛІМ АЛУШЫ-МАШЫҚКЕРДІҢ ЛАГЕРЬДЕГІ ІС ТӘЖІРИБЕСІНЕ ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАРЫ МЕН МАТЕРИАЛДАРЫ

Лагерьдің өз ережелеріне сәйкес құжаттар мен материалдардың ең керек деген түрлеріне мыналарды енгізуге болады.

- Лагерьдің ашылуы туралы құжаттар.
- Нұсқаулықтар: техника қауіпсіздігі мен өрттен сақтандыру бойынша.
- Суға түсуге арналған нұсқаулық.
- Балаларды нұсқаулықпен таныстыруды тіркеу журналы.
- Лауазымдық міндеті.
- Лагерьдің бұйрықтары.
- Отряд бойынша балалардың тізімі (аты-жөні, туған жылы, мекен- жайы, ата-аналары туралы мәлімет).
- Ата-аналардың өтініші.

- Лагерь ауысымына арналған жұмыс жоспары.
- Қатысу табелі.
- Әдістемелік жоспар.
- Іс-шараларға арналған көрнекіліктер.
- Сызғыш , қалам, желім, скотч, кнопка.
- Жіп, ине түйреуіш.
- Жаңбырдан, күннен қорғанатын бас киім.
- Жылы жемпір, спорттық киімдер.
- Беторамал, тарақ.
- Ауыстыратын аяқ-киім.
- Кітаптар.

ТОПТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ТІЗІМІ

[illegible]

ЛАГЕРЬДІҢ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

№	Іс шараның атаулары	Сағат саны	Өтілу мерзімі

7.		
8.		
9.		
10.		
11.		
12.		
13.		

Қолы _____ (оқу орнынан
кәсіптік практиканың жетекшісі)
20__ж. «_____» _____

Кәсіптік практикадан өтуі туралы күнделік-есеп

Күн і	Кәсіптік практиканың бағдарламасына сәйкес әр күн үшін орындалған (оқып болған) жұмыстардың атауы	Өндірістен кәсіптік практика жетекшісінің қолы
		Қорытындылар мен ұсыныстар

--	--	--

ІС ШАРАЛАРДЫ ӨТКІЗУ ТАБЕЛІ

№	Іс шараның атауы	Өткен күні	Баға	Аға тәрбиеші қолы
1	Спорт және сауықтыру жұмыстары			
2	Лагерьде, жергілікті жерде, суға шомылу кезінде спорттық ойындар, эстафеталар ұйымдастыру, өткізу.			
3	Туристік және өлкетану жұмыстарын жүргізу.			
4	Балалармен танымдық, дамытушылық, музыкалық, имитациялық, іскерлік ойындар, ойын тапсырмаларды өткізу.			
5	Балалардың әлеуметтік, психологиялық ерекшеліктеріне қарай психокоррекциялық ойындар, жаттығуларды талдау және өткізу.			
6	Социометрия, қызығушылық сауалнамасы, «Тандау жасау», көңіл күйлерін, белсенділігін бағалау, зерттеу әдістемелері негізінде диагностика өткізу.			
7	Сурет салу әрекеті, қиялдау және ойлаған суретін өздігінен бағалау, баланың эстетикалық сезімін және саздық сауатын зерттеу әдістемелері негізінде диагностика өткізу.			
8	Лагерьде қызығушылықтары бойынша балалардың бос уақытын ұйымдастыру.			
9	Жазғы демалыс бойынша оқу			

	акпаратын іздеу тәсілдерін меңгеру.			
10	Еңбек және экономикалық тәрбие.			
11	Асханада, лагерьде кезекшілік, айналаны көгалдандыру, кіші балаларға көмектесу.			
12	Концерт және байқаулар, шығармашылық күндер, музыкалық, фольклорлық фестивальдар, дискотекаларды ұйымдастыру.			
13	Іс шаралар мен ұжымдық шығармашылық жұмыстарды өткізу.			
14	Вожатый портфолиосын жинақтап, қорғау.			

ТАПСЫРМАЛАРДЫҢ ОРЫНДАЛУЫ

Тапсырманың мазұны, орындалу барысы және оның нәтижелері

Лагерь директорының _____
 аты-жөні, тегі, қолы _____

Лагерьдің аға тәрбиешісі _____
 аты-жөні, тегі, қолы _____

Тәжірибе жетекшісі _____

аты-жөні, тегі, қолы _____

М.О.Әуезов атындағы Семей педагогикалық колледжінің
_____ мамандығы
_____ біліктілігі
бойынша _____ тобының _____ курс білім алушы-машықкері

(білім алушының аты-жөні)

— лагерінде 20__ жылдың «__» _____ бастап «__» _____ дейінгі аралығында өтілген іс тәжірибесі бойынша **ЕСЕБІ**.

1. Іс тәжірибе бойынша жоспарланған шараларды орындау.
2. Машықкердің өткізген іс шаралар саны. Қандай іс шаралар жақсы әсер қалдырды?
3. Іс шаралардың тақырыптары және өткен топтар.
4. Әдістері мен тәсілдері, ТОҚ, көрнекіліктерді, үлестірме материалдарды қолдану.
5. Бекітілген балалар ұжымымен қандай тәрбие жұмыстарының түрлерін жүргіздіңіз?
6. Іс тәжірибе барысында балалармен жекелей жұмыс қалай жүзеге асырылып отырды?
7. Іс тәжірибе барысында сіз қандай іскерліктер мен дағдыларды меңгердіңіз?
8. Қандай зерттеу жұмыстары жүргізілді?
9. Іс тәжірибе барысында кездескен қиыншылықтар қандай?
10. Іс тәжірибе бойынша жалпы қорытынды. Іс тәжірибенің педагогты жеке тұлға ретінде қалыптастырудағы маңызы.
11. Іс тәжірибе бойынша тұжырымдар.
 - қатысқан іс шаралар саны;
 - қатысқан мерекелік іс шаралардың түрлері, мерзімі;
 - тәжірибеден өтуші басқа да машықкерлердің іс шараларына қатыстым;
 - топ жиналысына қатыстым және өзім өткіздім;
 - тәрбиешілер жиналысына қатыстым;
 - лагерьдегі іс шараны ұйымдастыруға көмектестім;
 - лагерь жұмысы мен аға тәрбиешінің жұмыстарымен таныстым.
12. Іс тәжірибеден алған әсер.
13. Іс тәжірибені жетілдіру бойынша ұсыныстар.

Мен, _____

Толтырылған күні _____

Білімалушы-машықкердің қолы _____

Оқу орнына қайтарылады

Келу мен кету туралы белгі

Білім алушы _____

аты-жөні, тегі (ол бар болған кезде)

кәсіптік практикадан өту үшін _____

_____ (кәсіптік практиканың атауы)

Келді

Кетті

20 ____ ж. « ____ » ____ 20 ____ ж. « ____ » ____

Мөр, қолы

Мөр, қолы

ЖАЗҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРАКТИКАҒА СӘТТІЛІК!!!

Қорытынды

Мектеп жанындағы лагерь оқушыларының жазғы демалысында денсаулығын нығайтып, дене тәрбиесін шыңдап, күш жинауға, білімін толықтырып жаңа әсер алуына ықпал жасайды. Белсенді түрде демалудың бұл түрі уақытша балалар ұжымының дамып, қалыптасуына әсер етеді, олар алған тәжірибесін кез келген ұжымда қолдана отырып, соңында оқу іс-әрекетінде де қарым - қатынас жасай алады. Еркін пікір алмасуға үлкен мүмкіндік алады. Еркін, қалыпты жағдай балалардың өз еркімен әрекет жасау қабілетін дамытуға жол ашады, белсенділігін арттырып, жеке тұлғалық қасиетін тәрбиелеуге, түрлі дағды, білім алуын қалыптастырады.

Жазғы демалыс – мектеп оқушыларының жалпы физиологиялық, сана – сезімдік, дүниетанымдық тұрғыда даму, жетілу кезеңі. Бастауыш және орта буын сыныптарының балалары үшін бұл уақыт тән – тұрпаттың табиғатпен ерекше үндестік тауып, дүниетаным аясы кеңейтетін, көзқарас қалыптасып, үйренуге ықыласы артатын жылдың тамаша мезгілі. Жаз мезгіліндегі бұл уақыт балалардың негізгі сабақтан, үйреншікті тіршілік қарекетінен босап, өз қызығушылығымен айналысуына мүмкіндік береді. Сондықтан ұстаз - тәрбиешілердің оқушының бос уақытын дұрыс пайдалануға бағыттауда орны ерекше. Бос уақыт дене және ақыл-ой қызметін тынықтыратын, қарым - қуатты жетілдіретін іс-әрекетке жұмсалуды жөн. Әйтсе де тыныға жүріп, ойын барысында балалардың шынығу – шыңдалу мәселесімен қатар, түрлі бағыттағы іс-шараларға тарту арқылы тәрбиелеу маңызды.

Библиографиялық тізім

1. Азаров Ю.П. Игра и труд.-М.,1993
2. Аникеева Н.П. Искусство воспитывать.-М.,1999
3. Берн Э. Игры , в которое играют люди.-М.,1998
4. Добринская Е.Н., Соколов Э.В. Свободное время и развитие личности.-Л.,1993
5. Елжова Н.В. Лето, ах, лето! Праздники, развлечения, конкурсы при организации досуга в детских оздоровительных центрах. Ростов н/Д: Феникс,2004
6. В помощь организатору детского оздоровительного лагеря / Под ред. М.Е. Сысоевой. – М.: Московское городское педагогическое общество, 2000. – 120 с.
7. Дополнительное образование в летнем лагере: авторские программы, занятия кружков /авт.-сост. И.В. Куц. – Волгоград: Учитель, 2007. – 166 с.
8. Об основных гарантиях прав ребенка в Российской Федерации. Федеральный Закон от 3 июля 1998 года //Народное образование. – 2006.- №3 – с.245-251.
9. Фришман И. Организация летнего отдыха детей и подростков: идеи и концепции // Народное образование. – 2003. – №3. – С.33 - 41.
10. Шаповал Г.Ф. История туризма / Г.Ф. Шаповал. – Минск.: Советский спорт 1999. – 150 с.
11. Ура, каникулы! Библиотека вожатого. С.В.Титов.-М.,2003
12. Қазіргі қазақ балалар поэзиясының антологиясы» М.Әлімбаев,Қ.Баянбаев. -А.,1992
13. Минкин Е.М. От игры к знаниям.-М.,1993
14. Тұрыскелдина М.Т.Қимыл-қозғалыс ойындары. -А.,1998
15. Шмаков С.А. Культура-досуг-ребенок.,-М.,1994

Электронды ресурстар

1. <http://kzbydocs.com/docs/347/index-68590-2.html> - Балалардың сауықтыру лагері қызметін ұйымдастыру тәртібі туралы Ережелер
2. <https://infourok.ru/zhazi-sautiru-lagerin-yimdastiru-2919134.html>
3. https://mangystau.edu.kz/uploads/docfiles/_kitapsha_61c570aab70d7119ada75c447a0a1ca4.pdf
4. <https://edu.mcfr.kz/article/1162-qqq-14-m5-20-05-2014-jazy-mektep-lagern-yymdastyru>
5. <https://www.tarbie.kz/24759>
6. <https://kz.otyrar.kz/2019/07/balalardy%D2%A3-zhaz%D2%93y-demalysyn-%D2%B1jymdastyru/>
7. <http://www.myshared.ru/slide/1326772/>
8. <https://multiurok.ru/files/uiirmie-zhu-mysynyn-man-yzy-mien-mindiettieri-turl.html>
9. <https://kk.wikibooks.org/wiki/>
10. http://imugalım.kz/publ/tazh/mektepte_turizm_zh_mystaryny_formalary
11. <https://www.egfntd.kz/upload/NTD/%D0%A1%D0%9F>

ГЛОССАРИЙ

Балалар лагерлері – бұл мектептен тыс қосымша білім беретін, яғни, балалардың денсаулығын жақсартуға, жақсы демалуға, ата-аналарынсыз 5 күннен 40 күнге дейінгі даму белсенділіктерін арттыруға жан – жақты жабдықталған, материалдық базалары бар арнайы даярланған орын

Лагерь - әр түрлі жарыстарға қатысып, баланың ашылмай жүрген талантын, белгілі бір қабілетін ашатын демалыс орны

Тәлімгер - тәрбие жұмысын ұйымдастырып, балаларға қамқор, олардың қоғамдық жұмыстарға араласуына үйретуші, үйлестіруші жан.

Принцип - оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыруда ұстанатын ереже

Спорттық-сауықтыру лагерлері - дене шынықтыру, спорт және туризм негізіндегі демалыс мекемелері

Ойын бөлмесі - үстел үстінде ойналатын ойындарға арналған бөлме

ҚОСЫМША:

Жұмбақтар

Ызақор бұғып жатыр,
Сақалы шығып жатыр.

(жуа)

Қалың киім ұнатады
Шешіндірсең жылатады.

(жуа)

Бұл не деген көп киім, жетпіс қабат көп киім.
Жаңбыр одан өтпейді, қабат-қабат тоны бар, түймелеуге жетпейді.

(орамжапырақ)

Үстіне тігіп көк шатыр,
Астында қызыл дәу жатыр

(қызылша)

Сырты жасыл қатты
Іші қызыл тәтті.

(қарбыз)

Жерде жатып желіндейді,
Күз түскенше желінбейді.

(қауын)

Көк лағым көгенде жатып семіреді.

(Қарбыз)

Жасыл ала дөңгелек,
Бақшада жатыр дөңгелеп.

(қарбыз)

Әр желінің асты толған көк қоян,
Жаз болғанда көк қоянды жеп қоям.

(қияр)

Бұтағында азығы
Ортасында азығы.

(алма)

Ақ құман жүр жүзіп.
Су бетін сүзіп.

(аққу)

Бес қаруы белінде
Самғап жүреді көгімде.

(бүркіт)

Бір-ақ сөз біледі, Өз аты онысы.
Соны айтып жүреді және жоқ қонысы.

(көкек)

Талдың басында, жемі бар қасында,
Там тұр саялы, достары аялы.

(құс ұясы)

Ағайынды бәрі:
Шықса-көк, Түссе-сары.

(жапырақтар)

Шәкіртке жанашыр,
Мейірман кім, жаны асыл.

(ұстаз)

Қабат-қабат қаттама,
Ақылың болса аттама.

(кітап)

Жіп-жіңішке денесі,
Ортасында шегесі.

(қарындаш)

Жазу жазып жалықпаған,
Жаза-жаза арықтаған.

(бор)

Білімнен мол сый-асы,
Балғындардың ұясы.

(мектеп)

Қиналып көтеріп, Өзінен ауырды.
Жорғалап кетеді, Жүкшідей кәдімгі.

(құмырсқа)

Бейбітшілік құсы деп,
Атайды оны барша жұрт.

(көгершін)

Қыста киімін тастайды,
Көктемде киіне бастайды.

(ағаш)

Қолы бар, саусағы жоқ.
Мойны бар, басы жоқ.

(көйлек)

Ұшады қанатсыз,
Зырлайды аяқсыз.

(Зымыран)

Беттескен қос табақ, Ортасында бас тамақ.
Киізбен шокқа ораса, Дәм піседі тамаша.

(таба нан)

Үсті тас, асты тас,
Ортасында піскен ас.

(нан)

Жаңылтпаштар

Тұз — мұздай,
Мұз — тұздай.

Бұл, бұл — піл,
Бұл бір ірі піл.

Бар, май шайқа,
Байқа, жай шайқа.

Шаншар шаршап жатыр,
Қайсар жайша жатыр.

Талғат балға тап,
Оншақты жаңғақ шақ,
Шақсаң, сақ шақ.

Ғарышкер ұшты ғарышқа.
Ғарышқа ұшты ғарышкер.
Айтшы, ғарыш алыс па?

Арқада алты арқар бар,
Қырмада қырық арқар бар.
Қырық арқарда ақ арқар бар.
Алты арқарда марқа арқар бар.

Қызықты логикалық жұмбақтар

1. Жолаушының бір ешкісі, бір капуста, бір қасқыры бар. Ол өзеннің бір жағынан екінші жағына екі орынды қайық арқылы өтуі керек.

Жолаушы ешкіні, капуста және қасқырды өзеннен қалай өткізді?

2. Айдынның Асқардан бойы ұзын, бірақ Жанаттан кіші. Кім ұзын?

3. Термометр аяз болғасын – үш градус көрсетіп тұр. Осындай екі термометр неше градус көрсетеді?

4. Бөлмедегі әр бұрышта бір мысықтан және оған қарама-қарсы үш мысықтан отырса, бөлмеде неше мысық бар?

5. Көшеде екі әкесі, екі баласы, және атасы немересімен қыдырып жүр. Көшеде неше адам жүр?

6. Суға қай кезде қолды кесіп алуға болады?